Химия мұғалімі қазіргі заманғы педагогикалық теориялар мен әдістемелерді меңгеруі қажет. Мұндай білімдер мұғалімге жаңа оқыту әдістері мен технологияларын тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, заманауи білім беру технологиялары (активті оқыту, flipped classroom, жобалау әдісі) мен STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) білім беру саласындағы әдістерді меңгеру маңызды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту

Химия пәні бойынша инновациялық оқыту құралдарын (интерактивті тақталар, виртуалды зертханалар, онлайн платформалар) тиімді қолдану үшін мұғалімдерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен дағдыларын игеру қажет. Бұл білім мен дағдылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың химияға деген көзқарасын жаңарта алады[1].

Креативті ойлау және проблемалық оқыту әдістері:

Химия мұғалімі оқушыларды тек дайын біліммен қамтамасыз ету емес, сонымен қатар олардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуы керек. Оқушылардың өз бетімен зерттеу жүргізу, проблемаларды шешу дағдыларын дамыту үшін проблемалық оқыту әдістері мен жобалық жұмысты қолдану өте тиімді.

Педагогикалық рефлексия және өзін-өзі бағалау

Химия мұғалімінің инновациялық қызметке дайын болу үшін педагогикалық рефлексияға, өз қызметін бағалауға және дамытудың жаңа жолдарын іздеуге қабілетті болуы өте маңызды. Өзінің оқу үрдісіндегі жетістіктері мен кемшіліктерін талдай отырып, мұғалім оқу сапасын үздіксіз жақсарта алады.

Кәсіби құзыреттілік пен педагогикалық этика

Химия мұғалімі өзінің кәсіби құзыреттілігін арттырып, педагогикалық этика мен гуманизмді ұстануы керек. Ол оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке және зияткерлік дамуына ықпал ететін оқыту әдістерін қолдануға тиіс. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулер мен жаңашыл педагогикалық тәсілдерді енгізу үшін үздіксіз білім алу маңызды.

Интердисциплинарлық көзқарас және коллаборация

Химия мұғалімі басқа пән мұғалімдерімен ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, оқушыларға түрлі ғылымдар арасындағы байланыстарды көрсетуге тиіс. Инновациялық педагогикада пәндер аралық интеграция оқушылардың білімін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді.

Осы шарттарды жүзеге асыру мұғалімнің инновациялық педагогикалық қызметке дайын болуын қамтамасыз етеді және оқу үрдісін тиімді әрі нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті, ақпараттық технологияны жетік меңгерген, педагогикалық-психологиялық өзгеріс кезеңдеріне ілесе алатын, ой-өрісі биік, интеллектуалдық дені сау, халықаралық деңгейде білім бар азаматтарды өсірп, оларды заман көшінен қалдырмай алға қарай ұмтылуға бағыттау – әрбір мемлекеттің ең маңызды стратегиясы екені ақиқат[2].

Біз ең біріншіден педагогикалық инновация не екеніне анықтама бергенді жөн санадық. Педагогикалық инновация – баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, мәдение дәстүріндегі басқа концепцияларымен байланыстыра отырып, білім беру процесіне деген басқа көзқараспен және білім бағдарламасымен байланыстыра отырып білім беру іс-әрекетінің жиынтығын айтамыз.

Қазіргі таңда оқыту үрдісінің интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, нақтылы жағдайға орай ең тиімдісін таңдап алу және оларды түрлендіре үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі [3].

Химия – ғылымы қиын да, күрделі ғылымдардың бірі, оны оқушыларға меңгерте білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Химия пәнін оқушыларды меңгерту үшін ең алдымен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту қажет. Химияда теория мен практика қатар жүретін ғылым саласы, оқушы теорияны меңгерумен қатар оны практикада қолдана білуі жөн. Оқушының химия пәніне қызығушылығын тудырудың бірден бір жолы – химияның тәжирибелері. Химиялық тәжірибені оқушылар өз көзімен көріп, жасаған кезде пәнге деген белсендігі арттады. Сондықтан мен сабақтарды практикамен ұштастырып отырамын. Қарапайым, үй жағдайында жасайтын тәжірибені жасаса, оқушылар белсенді жұмыс жасайды.

Әрбір сабақ – мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі [4].

Оқу үрдісінде химия мұғалімінің инновациялық-педагогикалық қызметке дайындығын қалыптастырудың дидактикалық шарттарын меңгеру білім саласында аса маңызды рөл атқарады. Әсіресе, маңызды дидактикалық принциптің ең басты ғылымилылығыоқу процесінің оң баға беруіне көп ықпал етеді. Химия пәні бойынша мектепте оқылатын оқу құралдары және қажетті құрал-жабдықтар сабақтың тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын жоғарылататыны ақиқат.

Оқу үрдісінде химия мұғалімінің инновациялық-педагогикалық қызметке дайындығын қалыптастырудың дидактикалық шарттарының ең алғашқысы материалдарды таңдап алу, оны жүйелеу, ретін байқау, қажетті мәліметтерді салыстыру, өтілген оқу материалына негіздеу, байланыстыру, жинақтау. Осы аталған басты шарттарды бір жүйеге келтіріп орындайтын болсақ, онда нәтиже де жақсы болары сөзсіз. [5].

Келер ұрпаққа тәрбие мен білім берудің, білім сапасын жақсартудың бірден бір жолы – жаңа технологияларды қолдану. Бүгінгі таңда озат педагог – ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер ойлап тапқан сабақты түрлендіре өткізудің неше түрлі жаңа тәсілдері жеткілікті. Қазақстанда да мектептер үшін оқыту технологияларын дайындау мәселесімен айналысып, ғылым мен практиканы қоса алып жүрген отандық ғалымдарымыз баршылық.

XXI ғасырдың жан – жақты зердері, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Егеменді ел болып,

таңдаулы елу елдің қатарына ену басты мақсатымыз болған соң, білім мен ғылым саласы дүние жүзілік деңгейге сай болуы керек. Елімізде болып жатқан өзгерістер мектеп жұмысына да елеулі жаңалықтар әкеліп отырғаны даусыз [6].

Химия пәнінен оқушылардың өзіндік жұмысында электронды оқулықтарды қолдану арқылы заттардың құрамына, құрылымына, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу жұмыстарын атқаруға болады. Оқушылар заттар әлемін жан-жақты зерттеп, зерделеп, өзіндік жұмысында электронды оқулықтарды пайдаланып, тәжірибе алаңында барынша көп білім алулары аса маңызды.

Жалпы, химия пәні бойынша оқушылардан бастап компьютерлік тестілеуді қолданған дұрыс. Бұл оқышының интеллектуалдық танымын кеңейтеді. Аз уақыт ішінде электронды оқулықтан бірнеше ақпартты игеріп, қиын формулалар мен эксперименттерді оңай жолмен түсініп шығады. Оқушыларға құр сөзден қарағанда нақты іспен көрсетілген жұмыс әлдқайда қызық әрі санасында ұзақ уақытқа дейін сақталады. Сондықтан да олар ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Атап айтар болсақ:

- Ең бірінші оқушының химия пәніне деген қызығушылығы оянады. Жаңа дүниені көрсем, білсем деген құлшынысы артады;
- Шығармашылық қабілеті молаяды;
- Жылдам әрі тез ойлануға, нақты шешім қабылдауға машықтанады;
- Білім сапасы артады;
- Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады;
- Сауатты болуға үйренеді;
- Күнделікті өзі тұтынып жүрген тағамның химиялық құрамын, зиянын не болмаса пайдасын іс-тәжірибе арқылы анықтайды;
- Химиялық технологияны терең меңгеруге деген ұмтылыс, ниет пайда болады [7].

Ғылым – үздіксіз дамудың даңғыл жолы. Біз білімді де білікті мамандар осы саланың дамуына бар күш-жігерімізді салуымыз керек. Әсіресе, қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан химия ғылымының ауқымы аса зор. Химия – өте қызықты әрі жауапты сала болғандықтан, үнемі ізденіс пен табандылықты, жаңашылдықты талап етеді. Химия сабағының қызықты әрі пайдалы болып өтуі үшін мұғалім үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңарып отыруына тікелей байланысты. Сондықтан да мұғалімнің ізденісі оқушылар үшін ауадай қажет. Қазіргі таңда әдістемелер мен педагогикалық технологиялар пәннің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы, қызықты, пайдалы өтуіне ықпал етеді.

Химия сабағының қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңдағы әдістемелер мен педагогикалық технологиялар пәннің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде [8].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдуллин М. Ж. (2017). Оқу үрдісіндегі инновациялық технологиялар. Алматы: «Жазушы» баспасы.

2. Ахметов С. Ш. (2015). Химия пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Шымкент: Шымкент университетінің баспасы.

3. Есімова Г. Ә. (2016). Инновациялық педагогика: теориясы мен практикасы. Астана: Фолиант баспасы.

4. Құдиярова С. М. (2018). Оқу үрдісіндегі инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдер. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы.

5. Мұқанова А. Т. (2014). Химия пәнін оқытуда инновациялық әдістер. Алматы: Нұр-Медиа баспасы.

6. Нұғыманов К. Т. (2015). Педагогикадағы инновациялық тәсілдер мен технологиялар. Алматы: Білім-Инфо баспасы.

7. Тұрғынбаева Б. Қ. (2013). Педагогикадағы инновациялық әдіс-тәсілдер. Астана: Қазақ университеті баспасы.

8. Шарафутдинова Г. Ш. (2012). Білім беру жүйесінде педагогикалық инновациялар. Алматы: Қазақ университеті баспасы.

ӘОЖ 373.31

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ахметбекова Д.С.
Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
dana.akhmetbekova@list.ru

Ансабаева А.Д.
PhD, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
aynuransabayeva@gmail.com

Мақалада оқу процесіне ақпараттық ресурстарды енгізу оқу процесін модернизациялаудың жаңа қадамы, білім беру процесін тиімді әрі нәтижелі ететін тәсіл ретінде тұжырымдалады. Бастауыш мектепте білім беру процесін ақпараттандырудың теориялық аспектілері қарастырылады. Білім беру саласындағы жаңа ақпараттық технологияларды оңтайлы пайдаланудың оң әсерлері баяндалады.

Кілт сөздер: *білім беру процесін ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электронды білім беру ресурстары.*

В статье сформулировано внедрение информационных ресурсов в учебный процесс как новый шаг к модернизации учебного процесса, подход, делающий образовательный процесс более эффективным и результативным. Рассматриваются теоретические аспекты информатизации образовательного процесса в начальной школе. Излагаются положительные эффекты оптимального использования новых информационных технологий в сфере образования.

Ключевые слова: *информатизация образовательного процесса, информационно-коммуникационные технологии, электронные образовательные ресурсы.*

The article defines the introduction of information resources into the educational process as a new step in the modernization of the educational process, an approach that makes the educational process more effective and productive. Theoretical aspects of informatization of the educational process in elementary school are considered. The positive effects of the optimal use of new information technologies in the field of education are reported.

Key words: *informatization of the educational process, information and communication technologies, electronic educational resources.*

Қазіргі уақытта қоғам үшін жаңа білім алу, жаңа технологияларды игеру мәселесі өте маңызды. Сол себепті білім беру процесінің мазмұнын зерттелетін құбылыстар мен процестерді электронды білім беру ресурстарының мүмкіндігі арқылы жаңа форматта ұсыну қажет. Мектептегі білім беру процесінде қажетті ақпаратты жинай білу, оны талдау, оңтайлы шешімдерін шығару үшін ақпараттандыру құралдарына жүгіну тиімді әрі жеңіл үдеріс болып табылады. Бұл үдеріс ғылыми-педагогикалық оқу процесін ұйымдастыруға, мазмұнды игеру бойынша оқу іс-әрекетінің болжамды негізін анықтауға жол ашады.

Білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңі білім беру ұйымдарына қойылатын жаңа талаптармен сипатталады. Бүгінгі таңда білім беру процестері оқушының жеке басын, оның танымдық қабілеттерін дамытуға, оқушылардың әмбебаптық оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Ақпараттық технологияларды қолданбай заманауи білім беру ұйымын елестету мүмкін емес. Ақпараттық компьютерлік технологияларды қолданатын сабақтар жоғары сынып оқушылары үшін де, бастауыш білімгерлері үшін де таныс болуы керек. Осы негізде компьютер мен интернетті жоғары деңгейде пайдалана білу білімгер үшін нормаға айналуда.

Мұның бәрі бастауыш сынып оқушыларының ерте жастан бастап ақпаратты тез іздеуге, қабылдауға және өңдеуге, ақпаратпен жұмыс істеудің заманауи құралдарын, әдістері мен технологияларын игеруге, одан әрі ақпараттық мәдениеттерін жетік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру процесін ақпараттандыру дегеніміз - білім алушылардың әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарына, олардың жеке стильдеріне, оқу қарқынына, мүдделеріне қарамастан, оқу процесін әртүрлі электронды білім беру ресурстары арқылы түрлендіре отырып, жаңаша бағытта білім беру [1].

Білім беру процесін ақпараттандырудың оң әсерін төмендегідей талдауға болады:

- оқу процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану есебінен сапалы білім мен білікті мамандар саны артады;
- оқытудың заманауи белсенді әдістерін қолдану арқылы, оқу іс-әрекетінің барысында педагог пен білімгер шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін қалыптастырады;
- білім алушының танымдық қызметін жандандыруға ықпал ететін және одан әрі кәсіби қызметте тиімді қолдану үшін информатика құралдары мен әдістерін игеру мотивациясы қалыптасады;
- әр түрлі қызмет түрлеріндегі ақпаратты өңдеу және талдау арқылы заманауи ақпараттық технологияларды қолданушылар қатары өседі [2];

Қазіргі таңдағы мемлекеттік білім беру жүйесі білім беру процесін ақпараттандыру мақсатында арнайы дидактикалық электронды өнімдерді ұсынады. Педагогтар мен мектеп білімгерлері үшін ақпараттық мәдениетті жан-жақты қалыптастыру мақсатында келесі бағдарламалар қарастырылған: «Bilimland», «Google Classroom», «Daryn.online», «ZOOM», «MOODLE» және мектепке арналған интерактивті карталар, электрондық оқу материалдарының жиынтығы.

Бұл бағдарламалық өнімдер білім беру процесінің барлық оқырмандарына ақпаратты сақтауға, жинақтауға, ұсынуға мүмкіндік береді. Осы өнімдермен жұмыс барысында мұғалім оқу процесін жоспарлауға және оқушылардың пәндік білімі мен іс-әрекеттерін қадағалауға, мониторинг жүргізуге мүмкіндік алады.

Бастауыш мектепте білім беру процесін ақпараттандыру әртүрлі ғылым салаларының ғалымдары үшін маңызды және өзекті мәселеге айналған. Бастауыш мектепте білім беруді ақпараттандырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін Е.Ы.Бидайбеков, Д.Н.Исабаева, Н.Ошанова өз еңбектерінде қарастырады. Ғалымдардың пікірінше білім алушылар ақпараттық құзыреттілікке ие болуы керек, яғни оқушы ерте жастан ақпарат көздерін өз бетінше табуға, олармен жұмыс істеуге және алынған ақпаратты өз білімі мен түсінігін қалыптастыру үшін пайдаға асыруы қажет деп тұжырымдайды [3].

О.И. Пащенко «Бастауыш мектепте білім беру үдерісін ақпараттандыру» атты еңбегінде бастауыш мектепте білім беру процесін ақпараттандырудың теориялық аспектілерінің 3 тобын анықтайды (1-кесте) [4].

Кесте 1 – Бастауыш мектепте білім беру процесін ақпараттандырудың теориялық аспектілері

Бастауыш мектепте білім беру процесін ақпараттандырудың теориялық аспектілері	**Анықтамасы**
Мотивациялық аспект	Ақпараттық технологияларды қолдануда қызығушылықты арттыруға және оң мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді. Білім беру процесінде білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін формалардың кең таңдауын ұсынады.
Мазмұнды аспект	Интерактивті кестелер, плакаттар және оқу пәнінің цифрлық білім беру ресурстары, жеке шағын тест сабақтарын мазмұнды түрде құруға мүмкіндік береді.
Оқу-әдістемелік аспект	Оқытушы оқу және оқудан тыс білім беруде әртүрлі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана алады. Компьютерлік мүмкіндіктерді қолдану арқылы білімді бақылау мен бағалауды жүзеге асырады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану мүмкіндігін өз зерттеулерінде Е.Ы. Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б. Камалова, Д.Н. Исабаева қарастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін қажет. Психологтар өмірдегі адам үшін кейде оның бойындағы білім жиынтығы емес, дамыған ойлау, алынған ақпаратты талдау, жалпылау және шешім қабылдау қабілеті маңызды екенін атап өтеді. Ойлау стилі яғни логикалық ойлау бастауыш сынып балаларында қарқынды дамыйды. Сондықтан білімгерлерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен 5-12 жас аралығында таныстыру керек. [5].

Күнделікті өмірде, білім беруде, ғылымда, түрлі гуманитарлық салаларда, өндірісте, экономика мен басқаруда ақпараттық технологияларды кеңінен қолданатын қоғамда балаларды бастауыш сыныптан бастап психологиялық дайындығын қолға алған жөн.

Қорыта келе, жаһандық, жергілікті, аймақтық, компьютерлік коммуникациялық жүйелер қазіргі өркениеттің ерекше инфрақұрылымын жасайды. Бүгінгі оқушылар осы ақпараттық инфрақұрылымды пайдаланып, ертең оны байытады. Сондықтан, бүгінде білімгерлер компьютерді өз қызметінің ерекше бөлшегі ретінде қолдана білуі керек [6].

Бастауыш мектепте компьютерлерді қолдану тәжірибесі бастауыш сынып оқушыларын оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда оның бірқатар артықшылықтары бар екенін анықтады. Ақпараттық технологиялар бастауыш мектепте оқу-танымдық іс-әрекетті жандандыруға үлкен мүмкіндіктер туғызады, осылайша ақпараттық мәдениетті дамытуға қолайлы психологиялық жағдайлар қалыптастырады.

Ақпараттық құралдар - бұл адам өмірінің барлық аспектілерін түбегейлі өзгертетін технологиялық жетістіктер. Заманауи компьютерлердің негізгі әлеуеті, біріншіден, ғаламтор желісінің орасан зор мүмкіндіктері, екіншіден, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, бұл мұғалімге білім беру процесінің мүмкіндіктерін кеңейтуге, процесті тиімді әрі сан түрлі етіп ғана қоймай, сонымен қатар оқуға деген қызығушылықты жандандыра түсуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Забродина И.В.-Инновационная образовательная среда как условие повышения профессиональной компетентности педагога// Ученые записки университета имени П.Ф.Лесгафта. – 2017. – № 11 (153).

2. Козлова Н.А.-Формирование педагогического мастерства учителя начальных классов средствами инновационной деятельности / материалы VIII Международной научно-практической конференции. – Челябинск, 2015. – С. 28-30.

3. Бидайбеков Е.Ы., Исабаева Д.Н., Ошанова Н. XX ғасырдағы білім беру және ақпараттық технологияларына кіріспе. А., 2010. – 210 б.

4. Пащенко О.И. Информатизация образовательного процесса в начальной школе: учебное пособие. –Нижневарт.2014. – 257 с

5. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н., Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б. https://rmebrk.kz/bilim/_bilimdi_akparattandyru.pdf

6. Назарова Т.С., Полат Е.С. Средства обучения: технология создания и использования. // М.: Изд-во УРАО, 1998. – 204 с.

ӘОЖ 342.9.07

ТІЛ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТ: КОГНИТИВТІ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ

Әбіш С.Қ.
Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
abysevsamat@gmail.com

Алтай А.А.
педагогика ғылымдарының магистрі, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
altai.aidyn@bk.ru

Бұл мақалада «интеллект» ұғымы және «тіл» мен «интеллект» арасындағы байланыс қарастырылады. Тілдің ойлау қабілетіне әсері және интеллектінің дамуына ықпалы талданады. Тіл арқылы интеллекті дамыту әдістері айқындалады.
Кілт сөздер: *Интеллект, тіл, байланыс, ойлау, мәдениет, оқушы, ақыл.*

В этой статье рассматривается понятие «интеллект» и связь между «языком» и «интеллектом». Анализируется влияние языка на способность к мышлению и его воздействие на развитие интеллекта. Определены методы развития интеллекта через язык.
Ключевые слова: *Интеллект, язык, связь, мышление, культура, ученик, разум.*

This article examines the concept of «intellect» and the connection between «language» and «intellect». It analyzes the impact of language on cognitive abilities and its influence on the development of intellect. Methods of developing intellect through language are identified.
Key words: *Intellect, language, connection, thinking, culture, student, mind.*

Кіріспе

Тіл – адамның интеллектуалдық әлеуетін ашатын негізгі құралдардың бірі, ал интеллект – тілді меңгеру мен оны тиімді қолдануға ықпал етеді. Қазіргі таңда интеллект ұғымы ғылымда терең зерттеліп, даму кезеңіндегі күрделі тұжырымдама ретінде қарастырылуда. Адамның интеллектуалдық қабілеттері қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер интеллектінің қоғамның түрлі салаларына әсерін, атап айтқанда, ойлау үдерісі, шешім қабылдау, шығармашылық қабілет және кәсіби тиімділік секілді аспектілердегі маңыздылығын көрсетеді. Зерттеуде интеллект пен тіл арасындағы өзара байланыс қарастырылады. Тіл мен интеллектінің өзара ықпалы зерттеу нысанына айналады. Оқушылардың тілдік және интеллектуалдық қабілеттерін ұлттық құндылықтар арқылы дамыту тәсілдері ұсынылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «интеллект» ұғымына мынадай анықтама беріледі:

«*Интеллект* [лат. intellectus] зат. 1. Зияткерлік (адамның ойлау қабілеті; ақыл, ес). Оған жетпейтін – сезім мен адам баласына ғана тән *интеллект* және адамгершілік. (Б.Мұқаев, аққу сазы.) Сыншы – интеллект иесі. Одан қалың қауым жайдақ, жәдігөй сөздер емес, өрелі пікір, өнегелі ой күтеді» [1, 304]. Интеллект ұғымы тек адамға тән қасиет болып қана қоймай, ол ақыл-ойдан бөлек, адамның ішкі сезімдері мен адамгершілік құндылықтарымен де тығыз байланысты екенін білдіреді. Г.Гарднер «интеллект» жайлы: «*Интеллект* — это способности решать проблемы или создавать продукт, который обладает ценностью в определенной или нескольких культурах. Согласно традиционному «антропоцентрическому» подходу, интеллект человека сосредоточен в его голове. В принципе, уровень такого интеллекта можно измерить в изоляции. Однако с точки зрения дистрибутивного подхода, интеллект человека в равной мере присущ как черепной коробке, так и артефактам и окружающим людям» [2, 160]. Г.Гарднер адамның түрлі когнитивтік қабілеттерін сипаттайтын интеллект түрін бөліп көрсетеді:

«*1) Логико-математический интеллект;*
2) Лингвистический интеллект;
3) Музыкальный интеллект;
4) Пространственный интеллект;
5) Телесно-кинетический интеллект;
6) Межличностный интеллект;
7) Внутриличностный интеллект;
8) Натуралистический интеллект;
9) Экзистенциальный интеллект.» [2.175]

Ғалым, интеллект ұғымын жан-жақты зерттеп, оның түрлерін айқындайды. Ғылыми аргументтерге сүйене отырып, «интеллект» ұғымы барлық мәселелерді логикалық тұрғыдан шешу қабілетімен сипаттайды. *«Интеллект* – одно из тех понятий, которые ускользают от строгого определения. Безусловно, есть и другие понятия, характеризующиеся не меньшим разнообразием концептуальных представлений. Я рассматриваю интеллект как умственную деятельность, направленную на преднамеренную адаптацию к реальному, значимому для жизни человека окружению, подбор такого окружения и его формирование» [3, 9]. Жоғарыда айтылған пікірлерді ескере отырып, Роберт Дж. Стернбергтің көзқарасын толықтай қабылдай алмаймыз. Берілген анықтама негізінде, интеллекті әмбебап ұғым ретінде қарастыруға болады, себебі оның зерттелуі тек психологиямен шектелмей, қазіргі таңда барлық салаларында кеңінен қарастырылуда. Біздің ойымызша, «интеллект» ұғымы тек ойлау қызметін ғана емес, кең ауқымды функцияларды атқарады. Бұл тұжырымды дәлелдеу үшін Қ.Б.Жарықбаевтың пікіріне сүйенеміз. «Интеллект — (парасат, зият), (лат. intellectus — ақыл, парасат, ес) — индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процестер кіреді» [4, 240]. Біздің ойымызша, интеллектінің дамуы «Homo sapiens» кезеңінен басталады. Себебі адам еңбек құралдарын жасап, әлеуметтік құрылымдарға бейімделген сәттен бастап, оның танымдық қабілеттері мен ойлау деңгейі айтарлықтай дамыған. Пікірімізді дәлелдеу мақсатында М.Мұқановтың пікіріне жүгінеміз. «Біз осы ой-пікірімізді бұдан да әрі дамыту үшін ойды дене әрекетімен салыстырып кетейік. Жұрт сан қилы әрекеттердің бәрін ой еңбегі және дене еңбегі деп екіге бөледі. Бірақ бұл екі түрлі әрекеттің арасында өзара біте қайнасқан бірлік бар. Ақыл-ойдың өзі дене еңбегінің, басқаша айтқанда, еңбек әрекетінің жемісі. Біздің сан алуан ақыл-ой әрекетіміз ерте дәуірлерден бастап-ақ еңбек етуден, еңбек құралдарын жасап шығару үстінде дамып келді» [5, 101]. Аталған анықтамалардан әр ғалымның «интеллект» ұғымына өзіндік түсінік бергенін көруге болады. Философияда ол – ақыл-парасат және танымдық қабілет ретінде қарастырылса, нейробиологияда «интеллект» ми қызметімен байланысты физиологиялық процестер ретінде түсіндірілуде. Ассоциативті сөздікпен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында «интеллект» сөзіне қатысты 183 ассоциация сөз анықталды. Олар: *ой, білім, бас, ми, логика, ойлау, ғалым, қабілет, өнер, білікті* және т.б. [15, 44] Зерттеу барысында «интеллект» сөзінің жиі кездесетін қазақ тіліндегі баламаларына, синонимдік бірліктеріне сандық талдау жүргізілді, оның нәтижелерін кесте түрінде ұсынамыз.

Кесте 1 — «Интеллект» сөзіне қазақ тілінде жиі кездесеті синонимдік баламалар»

«ИНТЕЛЛЕКТ»		
Синонимдік бірліктер	Жалпы саны	Жиі кездесетін тілдік бірліктер
«Зият»	18	*зерде деңгейі, пайымды, зерде, зерек, алғыр, ұғымпаз, қабілет, таным, парасат, және т.б.*
«Ақыл»	30	*есті, ақылман, ақыл-ой қабілеті, ой-сана, ақыл-ой, интеллектуалдық қабілет т.б.*

Негізгі бөлім


Тіл мен интеллектінің байланысы жөніндегі мәселе өте маңызды, себебі тіл тек коммуникация құралы ғана емес, адамның ойлау жүйесін қалыптастыратын, әлемді тануына және түсінуіне ықпал ететін негізгі құрал. Ахмет Байтұрсыновтың пікірінше, тіл – адамның ойлау жүйесін реттеп, оның адамдық қасиетін көрсететін басты белгі болып табылады. Оның айтуынша, «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [6, 5]. Бұл тұжырым тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, сондай-ақ адамның когнитивтік қабілеттерін және ойлау механизмдерін қалыптастырып, дамытуда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Тіл адамның ойлау процесін, әлемді қабылдауын және сол әлемге қатысты білім алуын белсенді түрде қалыптастырады. Тіл – адамның дүние туралы түсініктерін, мәдениетін, өзіндік сана-сезімін қалыптастырудың негізі. Ахмет Байтұрсыновтың ұлт тілін зерттеуі оның мәдени және танымдық дамуындағы маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Ол тілдің құрылымын, заңдылықтарын түсіну арқылы ұлттық ойлауды дамытуға мүмкіндік ашты. Тіл мен интеллектінің байланысы адамның ақыл-ойы, қоғамдағы орнына және дамуына маңызды әсер етеді. Ахмет Байтұрсыновтың еңбектері тілдің адам санасы мен интеллектісін дамытудағы рөлін анықтауға көмектесті.

А.А. Потебня: «Внутренняя форма слова есть отношение содержания мысли к сознанию; она показывает, как представляется человеку его собственная мысль. Этим только можно объяснить, почему в одном и том же языке может быть много слов для обозначения одного и того же предмета и, наоборот, одно слово, совершенно согласно с требованиями языка, может обозначать предметы разнородные», – дейді [7, 86]. Біздің ойымызша, ол тілдің ішкі формасын адамның ойы мен санасының байланысы ретінде түсіндіреді, яғни сөздің ішкі формасы — ойдың санасымен байланысы. А.Потебняның айтуынша, тіл сөздердің мағыналары арқылы адамның ойлау процесін және олардың дүниетанымын көрсетеді.

Американдық ғалым, когнитолог Стивен Пинкер былай дейді: «Я же предпочитаю характеризовать язык необычным для большинства термином «инстинкт». В этом термине заключена идея о том, что люди знают, как говорить, так же инстинктивно, как пауки знают, как плести паутину» [8, 17]. Ол тілдің дамуы мен қолданылуын адам баласының ішкі табиғи инстинктерінің бір бөлігі ретінде сипаттайды. Пинкердің айтуынша, тіл үйрену процесі өрмекшінің тор тоқуы сияқты инстинктивті әрекетке ұқсайды. Біз ғалымның пікірін қолдаймыз, себебі тіл – адамның ойлау процесінің табиғи құралы, оны үйрену үшін арнайы оқыту немесе күш-жігер қажет емес, бұл адамның генетикалық құрылымына енген қасиет.

«Так же точно и в психологии развитие детской речи изучалось с точки зрения разложения ее на развитие звуковой, фонетической стороны речи и ее смысловой стороны» [9, 17]. Бұл тұжырым тіл мен ойлау қабілеті арасындағы байланысты көрсетеді. Тіл тек дыбыстар мен сөздерден ғана тұрмайды, сонымен қатар осы сөздердің мағынасы мен контексті, оларды қолдану тәсілі мен ойлау қабілетін қалыптастырады. Л.Выготскийдің пікірі бойынша, тілдің мағыналық жағы мен оның когнитивті дамуға әсері өзара тығыз байланыста, сондықтан тек тілдің дыбыстық құрылымы емес, оның мән-мағынасы да маңызды болып табылады деп көрсетеміз. И.П. Павловтың «Сөз — сигналдардың сигналы» деген пікірін интеллект пен тілдің байланысы тұрғысынан қарастыратын болсақ, оның ойы терең әрі маңызды. И.Павлов сөзді екінші деңгейдегі сигнал ретінде сипаттай отырып, тілдің адамның ойлау процесіне және интеллектуалды қабілеттеріне әсерін көрсетеді. М. Мұқанов: «Ой сөз жүйесінің негізінде іске асатыны, бұл мидың сигналдық қызметінің жемісі болып табылады. Бірақ ойдың ерекшелігі сол, ол ұғымдардан тұрады. Ұғым дегеніміз — дүниедегі заттардың өзіне тән жалпы қасиеттерін жинақтап бейнелеу» [5, 100]. Біздің пікірімізше, ойлау процесі адамның интеллектуалдық қабілеттерінің айқын көрінісі, өйткені ойлау ұғымдарға негізделеді, ұғым сөзге негізделеді, олар арқылы адам заттардың негізгі қасиеттерін жинақтап, мәнін түсінеді. Ұғымдар ақыл-ойды жүйелеп, мәселелерді шешуге, жаңа ақпаратты өңдеуге және танымдық қабілеттерді дамытуға көмектеседі. Ол мидың сигналдық қызметіне негізделіп

жүзеге асады. Демек, ойлау интеллектуалдық процестердің маңызды бөлігін құрайтынын байқауға болады. Тіл мен интеллектінің өзара байланысы тек күнделікті сөйлеу қызметімен шектелмейді, сонымен қатар сөздер көркем тілде және логикалық байланыстар арқылы да жүзеге асырылады. Тіл адамның ойлау қабілеттерін дамытуға, ойларды құрылымдауға және логикалық ойлауды жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл байланыс адамның ойлау процестерін тереңдетіп, сыртқы әлеммен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Біздің тұжырымымыз бойынша, тіл – интеллектінің негізгі құрамдас бөлігі, ал интеллектсіз тілдің толыққанды функцияларын жүзеге асыру мүмкін емес. Интеллект пен тіл бір-бірін толықтырып, тығыз байланыста болады және адамның жануарлардан негізгі айырмашылығын айқындайды. Сондықтан интеллекті тілмен байланыстыра қарастырғанда, оны негізгі фактор ретінде тану маңызды деп ойлаймыз.



Сурет 1 – «Интеллект» пен «тілдің» атқаратын қызметі

Тіл – тек қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы ғана емес, сонымен бірге интеллектіні дамыту мен ойлау қабілетін жетілдірудің маңызды механизмі. Ол ойды дұрыс жеткізу, ақпарат алмасу, білімді жүйелеу үдерісінде адамның танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Біздің мақаламыздың келесі қарастыратын мәселесі – тілдің көмегімен адамның интеллектісін дамыту жолдары.

М. Жұмабаев: «Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз» [10, 114]. Ғалым, тілдің адам ақыл-ойының (интеллектінің) дамуына негіз болатынын айқын атап өтеді. Мынадай тұжырым тілдің адам интеллектісін дамытудағы айрықша рөлін көрсетеді. Сөз бен ойдың ажырамас байланысы білім мен танымның негізін құрап, тіл арқылы адамзат ойының жетілуіне жол ашады. Тіл ұғымдарды бекітіп, күрделі идеяларды қалыптастырып, жеке адамның да, қоғамның ақыл-ой деңгейін көтереді. Біздің пікірімізше, тілдің дамуы интеллектке тікелей әсер етеді, сондықтан баланың интеллектуалдық қабілеттері тіл арқылы жетілуі үшін, алдымен тіл дамуын қамтамасыз ету қажет. Қазіргі таңда өзекті мәселе – баланың сөйлеу дағдыларының кешігуі, баланың ауызша сөйлеуді меңгеруінің қалыпты нормаларға қарағанда кеш басталуы. Бұл көбінесе ата-ананың баламен жеткілікті қарым-қатынас жасамауынан туындайды деп санаймыз. Американдық психолог Шерри Туркле: «Ата-аналар мен балалар арасындағы сөйлесудің азаюына технологиялардың басты себеп екенін айтады. Ол гаджеттер отбасы мүшелерін шынайы қарым-қатынасты

азайтып, эмоциялық байланысты әлсірететін фактор ретінде қарастырады. Тілі дамымаған баланың интеллектуалдық қабілеттері де тиісті деңгейде дамымайды. Балалармен тілдесу олардың ойлау және эмоционалдық дамуына маңызды әсер етеді. Егер балаға жеткілікті қарым-қатынас пен күнделікті сөйлеу процесі ұсынылмаса, бұл оның дамуында кешігулерге әкеліп, кейіннен аутизм сияқты бұзылыстардың пайда болу ықтималдығын жоғарылатуы мүмкін деп пайымдаймыз» дейді. Бұл мәселенің алдын алу жолдарын анықтау үшін біз М. Жұмабаевтың тұжырымына жүгінеміз. Ол, біріншіден, баланың тілі мен ойын дұрыс дамуын айта келіп, былай дейді: «Балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек» [10, 116]. Біздің пікірімізше, бұл тұжырым тек жас ата-аналарға ғана емес, жалпы ұстаздарға да қатысты. Баланың тілінің дұрыс дамуы үшін ересек адамдай анық сөйлеу қажет, себебі бұл баланың тілін әрі ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Баланың интеллектісін тіл арқылы дамыту үшін оған дәйекті қарым-қатынас мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Екіншіден, ғалым өзінің жоғары айтылған пікіріне жауап ретінде: «Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп» деген. Біз бұл пікірмен келісеміз, өйткені мектеп балаға тілдік дағдыларды ғана емес, әлеуметтік және когнитивтік қабілеттерін дамыту арқылы тіл дамуының негіздерін қалыптастырады, білім алу процесіне ықпал етеді.

«Дұрыс сөйлей білу дегеніміз дұрыс ойлай білу, ал ол логика мен этнолингвистиканың бірлігінен туындайды. Тіл – мәдениет пен қатар өсіп, өркендейтін қоғамдық құбылыс» [11, 49]. Біздің пайымдауымызша, дұрыс сөйлеу адамның логикалық және мәдени тұрғыдан қалыптасуына негіз қалайды. Тіл – ойды нақты жеткізу, ұғымдарды жүйелеу және логикалық байланыстар орнату когнитивтік дамудың маңызды элементтері. Қазақ халқы ежелден тілдің маңыздылығын түсініп, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән берген. Халық ертегілері, мақал-мәтелдер, жырлар мен ән айту дәстүрі балалардың сөйлеу мәдениетін дамытуға және ойлау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Біздің пікірімізді этнограф ғалымдардың зерттеулері нақты дәлелдейді. «Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытатын, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық ғаламат туындылар» [12, 27]. Ұлттық код негізінде оқушылардың интеллектісін дамыту үшін біз келесідей әдістерді ұсынамыз: дәстүрлі санамақтарды (мысалы, «Қуырмаш»), ұлттық ойындарды («Хан-талапай»), сондай-ақ айтыс тыңдату және басқа да ұлттық мәдениет элементтерін қолдану. Бұл әдістер оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, сөздік қорын, шығармашылық әлеуетін және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын дамытуға әсер етеді.

«Люди со знанием иностранного языка (или истории родного) легко переходят на более высокие уровни владения языком, обладают более высоким интеллектом» [13, 95]. Бұл пікірді қолдай отырып, шет тілін немесе ана тілінің тарихын меңгеру адамның тіл үйрену деңгейін жоғарылатып, оның интеллектін арттыруға ықпал етеді, өйткені тіл мен ойлау қабілеті өзара тығыз байланыста. Осыған орай, шет тілдерін үйрену және интеллектіні дамыту үшін тиімді әдіс ретінде қарастырамыз. Біздің пікірімізше, интеллектіні тіл арқылы дамытудың ең тиімді әдісі – оның әлеуметтік ортасы. Себебі баланың немесе адамның тілі қарым-қатынас арқылы дамиды, ал тіл мен әлеуметтік өзара әрекеттесу ақыл-ойдың дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік орта ойлау қабілетін кеңейтіп, жаңа білім мен дағдыларды игеруге көмектеседі.

Қорытынды

Тіл мен интеллект бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін толықтыратын ұғымдар ретінде дәлелдемелер келтірдік. Тіл – адамның когнитивті процестерін, мысалы, ойлау, есте сақтау және шешім қабылдауды дамытудың негізгі құралы. Сондықтан интеллект тіл арқылы дамып, адамның қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастырып, логикалық ойлауды жетілдіреді. Қорыта айтқанда, интеллект тек

адамға тән, себебі жануарлардың ойлау қабілеті адам интеллектісінен әлдеқайда шектеулі, бұл адам мен жануар арасындағы басты айырмашылықты көрсетеді. Зерттеу барысында біз интеллект ұғымының анықтамаларын қарастырып, оның тіл арқылы дамитынын көрсеттік. Тілді дамыту әдістері, соның ішінде тілдік дағдылар, көптілділік, ұлттық мәдениетке негізделген ойындар мен жаттығулар, шет тілдерін меңгеру, адамның когнитивтік қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Момынова.Б, Сүйеркұлова.Б, Фазылжанова.А және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

2. Гарднер Г., «СТРУКТУРА РАЗУМА» Теория Множественного интеллекта Москва-Санкт-Питербург-Киев – 2007. 801 б.

3. Sternberg, Robert J. (1987). Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. - Cambridge: Cambridge University Press. - XVI, 411 p, Перевод с английского и научная редакция профессора А. А. Алексеева 335б.

4. Жарықбаев Қ. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Сөздік словарь баспасы. 2006. - 387 б.

5. Мұқанов М. «Жан дүниесінің сыры» Алматы – 1964, 116 б.

6. Байтұрсынұлы А. «Тіл құрал» төртінші том, Астана-2022, 384б

7. Потебня А.А. «Мысль и язык» Москва – 1999, 268 б

8. Стивен Пинкер “The Language Instinct” Нью Йорк – 1994,435 б.

9. Выготский Л.С. «ПСИХОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА» Москва- 2005, 1136 б

10. Жумабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.-160б.

11. Кукушкин В., Қалиев.С, «ЭТНОПЕДАГОГИКА». Алматы-2014. 336 б.

12. Айджанова З. «этнопедагогика». Ақтау-2011.

13. Иваницкий В. «УРОВНИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ЯЗЫКА И ИНТЕЛЛЕКТА» Вестник Новгородского Государственного университета №51. Великий Новгород-2009.

14. Бизақов С. «Синонимдер сөздігі» Алматы – 2007, 617 б.

15. Дмитрюк Н., Молдалиева.Д, Нарожная.В, Молданова.Ж, Мезенцева.Е, Сапдыбаева.Н, Абрамова.Г «Қазақша ассоциациялық сөздік» Алматы-Москва- 2014, 334 б

ӘОЖ 331.08

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДА КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ: ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ SWOT ТАЛДАУ

Баграмов А.
Магистрант, SDU University (Қаскелең қ.) және Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті (Алматы қ.), Қазақстан Республикасы
doctor.akan@mail.ru

Мақалада қазіргі жағдайда кадрларды даярлау мен дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Зерттеудің терминологиялық негізін нақтылау мақсатында «оқыту», «дамыту», сонымен қатар «кадрларды даярлау» және «кадрларды дамыту» ұғымдарының ғылыми анықтамалары берілген. Медицина қызметкерлерін оқыту және дамыту процестерінің SWOT талдауы ұсынылған, бұл осы процестердің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жұмыс денсаулық сақтау жүйесіндегі тиімді қызмет үшін қажетті кәсіби және жеке қасиеттерді дамытуға бағытталған персоналды дамытудың құзыреттілік үлгісін ашады.

Кілт сөздер: *оқыту, дамыту, кадрларды даярлау мен дамыту.*

В статье рассматриваются актуальные вопросы обучения и развития персонала в современных условиях. С целью уточнения терминологической основы исследования приводятся научные определения понятий «обучение», «развитие», а также «обучение персонала» и «развитие персонала». Представлен SWOT-анализ процессов обучения и развития медицинского персонала, который позволил выявить сильные и слабые стороны, возможности и угрозы данных процессов. Кроме того, в статье раскрыта модель компетенций для развития персонала, направленная на формирование профессиональных и личностных качеств, необходимых для эффективной службы в системе здравоохранения.

Ключевые слова: *обучение, развитие, обучение и развитие персонала.*

The article considers the issues of personnel training and development in the current situation. In order to clarify the terminological basis of the study, scientific definitions of the concepts of "training", "development", as well as "personnel training" and "personnel development" are given. As well, a SWOT analysis of the processes of training and development of medical personnel is presented, which has made it possible to identify the strengths and weaknesses, opportunities and threats of these processes. In addition, the work reveals a competency model of personnel development aimed at developing professional and personal qualities necessary for effective work in the healthcare system.

Key words: *training, development, staff training and development.*

Қазақстанда медициналық кадрларды даярлау мен дамытудың өзектілігі медициналық технологиялардың қарқынды дамуымен, медициналық көмектің сапасын арттыру және денсаулық сақтау саласын цифрландыруға бейімделу қажеттілігімен түсіндіріледі. Медицина қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін ұдайы жаңартып отыру денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі факторына айналуда [1, 2].

Сондай-ақ, Қазақстанда медициналық кадрларды даярлау және дамыту медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудің негізгі аспектілері болып табылады. Жаңа технологиялардың енгізілуі, халықтың демографиялық құрылымының өзгеруі және жаһандық эпидемиологиялық қауіптер сияқты заманауи сын-қатерлер медицина қызметкерлерінен үнемі білімі мен біліктілігін арттыруды талап етеді. Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру жүйесін жетілдіру медициналық көмектің тиімділігін арттыруға және мамандардың заманауи талаптарға бейімделуіне ықпал етеді [3].

Халықтың денсаулығын сақтау саласындағы мамандарды даярлау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі заманғы талаптар мен халықтың сұранысын ескере отырып, кадрларды даярлауға деген көзқарастарды қайта қарау қажет. Аурулардың алдын алу, денсаулық сақтауды басқару және аналитикалық дағдыларды дамытуға ерекше назар аударылады, бұл бізге туындайтын қауіптерге тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді [4].

Арсаханова Г.А. үздіксіз кәсіби білім беру медициналық қызметтердің сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Ол оқытудың заманауи түрлері, соның ішінде аралас оқыту және кейс әдістерін қолдану денсаулық сақтау мамандарының клиникалық дәлелдемелері мен кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететінін негіздейді [5].

Сонымен қатар, Қазақстандағы медициналық кадрларды даярлау жүйесінің қалыптасуына тарихи талдау жасау еліміздің тәуелсіздік алғаннан бері медициналық білім беруді дамытуда үлкен жолдан өткенін көрсетеді. Дегенмен, қол жеткізген табыстарға қарамастан, әсіресе ауылдық және шалғай аймақтарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша шешімін таппаған мәселелер қалып отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу және медицина мамандығының тартымдылығын арттыру ұсынылады.

Оқыту, дамыту және оларды кадрлық контексте қолдану ұғымдары персоналды басқару теориясы мен тәжірибесінде басты рөл атқарады. Бұл категорияларды терең түсіну үшін ресейлік авторлардың зерттеулеріне негізделген ғылыми анықтамаларға сүйену маңызды. Ұсынылған кестеде беделді дереккөздерді көрсете отырып, осы ұғымдардың негізгі анықтамалары жүйеленген (Кесте 1).

Кесте 1 – Кадрларды даярлау мен оқытуға байланысты негізгі түсініктемелерге анықтамалар

Түсінік	**Анықтама**	**Дереккөзге сілтеме**
Оқыту	Оқыту – білім, білік, дағдыны қалыптастыруға, сонымен қатар білімгердің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған білімгер мен оқытушының мақсатты әрекеттесу процесі.	Новиков А.М. Что такое воспитание? Эксперимент и инновации в школе. – 2010.№2. [6].
Кадрларды оқыту	Кадрларды оқыту – оқытушылардың, тәлімгерлердің, мамандардың және басшылардың жетекшілігімен білім, білік, дағды және қарым-қатынас әдістерін мақсатты, ұйымдастырылған, бағытталған және жүйелі түрде меңгеру.	Коптева К.В., Бакшеева О.А. Профессиональное обучение как основа развития персонала // Основы экономики, управления и права. – 2013. – № 11. – С. 77-81. [7].
Даму	Даму – сапалық өзгерістер процесі, жүйенің бір күйден екінші күйге, неғұрлым жетілгенге ауысуы, бағыттылығымен, қайтымсыздығымен және заңдылығымен сипатталады.	Старкова Е.Ю. Профессиональное обучение и развитие персонала в целях успешной деятельности организации/Е.Ю. Старкова//Научное мнение. – 2015. – № 6-2. – С. 81-84 [8].
Кадрларды дамыту	Кадрларды дамыту – ұйымдағы адам ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіби өсу және өзгеретін еңбек жағдайларына бейімделу процесі.	Галина Г.Ф. Формирование системы подготовки медицинских кадров в Казахстане (90-е годы XX века) // Учен. зап. Казан. ун-та. Сер. Гуманит. науки. – 2017. – Т. 159, кн. 4. – С. 960–971. [9].

Ғылыми көзқарастарды салыстырмалы талдау әрбір ұғымның ортақ белгілерін де, ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді. Кадрларды оқыту және дамыту ұйымдардың тиімділігін арттырудың ең маңызды құралдары болып табылады. Ғылыми негізделген анықтамаларды пайдалану адами капиталмен жұмыс істеудің тұтас стратегиясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Медициналық кадрларды даярлау және дамыту медициналық көмектің сапасына тікелей әсер ететін денсаулық сақтау жүйесінің маңызды элементтері болып табылады. Медициналық технологиялардың қарқынды дамуы және медицина қызметкерлерінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптардың өзгеруі жағдайында бар процестердің күшті және әлсіз жақтарын бағалау ерекше маңызды. SWOT талдауы медицина қызметкерлерін оқыту мен кәсіби өсуінің тиімділігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді (Кесте 2).

Кесте 2 – Медициналық ұйымда кадрларды даярлау мен дамыту процестерінің SWOT талдауы

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
Ішкі факторлар	
Ұйымның басқарушысы өз үлгісі арқылы оқытудың маңыздылығын дәлелдейді. Басқарушы өзін-өзі дайындайды және әкімшілік персонал үшін апта сайын жеке оқыту сабақтарын өткізеді. Ұйым мен ұйымды басқаратындар медициналық кадрларды даярлау мен дамыту жүйесін қамтамасыз ету үшін ресурстарды біртіндеп бағыттайды (оқу бағдарламасы құрастырылады және жабдықталды, штаттық бірлік құрылды, ішкі және сыртқы курстар мен тренингтер өткізіледі).	Медициналық ұйымның шектеулі бюджеті (әкімшілік өз қаражаты есебінен оқытуды талап етеді, өйткені бұл тиімдірек деп санайды). Қызметкерлердің өз қаражаты есебінен оқытуға құлықсыздығы. Оқыту мен дамудың анық емес қайтарымы. Оқыту мен дамыту процестеріне жүйелі көзқарасты талап ететін оқытудың және бұрмалаулардың шамадан тыс көп болуы (негізінен әкімшілік кадрлар дайындалады, ал басқа персоналдың оқу қажеттіліктері аз ескеріледі). Қызметкерлердің тренингтер мен курстарға, өздігінен білім алуға және құжаттармен жұмыс істеуге уақыты жетіспейді. Кәсіби мәселелерді шешу дағдыларымен байланысты қиындықтар бар. Кадрлардың ауысуы. Тәлімгерлік жүйесінен басқа дамыту әдістері нашар қолданылады. Тәлімгерлік жүйесі мұндай жұмыс үшін жалақының төмен болуына (немесе тіпетн болмауына) байланысты нашар жұмыс істейді.
Мүмкіндіктер	**Қауіптер**
Сыртқы факторлар	
Персоналды оқыту және дамыту орталығын құру. Шеберлер командаларын ұйымдастыру (әр бөлім үшін). Медициналық мекемелердің студенттерін (оқушыларын) оқыту мүмкіндігі. Медициналық персоналдың ішкі оқыту және дамыту жүйесін кеңейтуді жоспарлау.	Сыртқы оқыту курстардың жоғары құны. Хедхантинг. Сарапшыларды оқыту және дамыту қызметтерінің жоғары құны. Сыртқы оқыту туралы қызметкерлердің теріс пікірлері. Оқытуды бағалаудың нақты критерийлерінің болмауы

Ескерту: автор құрастырған

SWOT талдауы қызметкерлердің мотивациясының жоғары деңгейі мен заманауи білім беру технологияларына қолжетімділік сияқты маңызды артықшылықтарды да, сондай-ақ проблемаларды, соның ішінде қаржыландыру мен кадрлық ресурстардың жетіспеушілігін де анықтады. Даму мүмкіндіктері оқуды цифрландыруда және пәнаралық тәсілді күшейтуде жатыр, ал қауіптер кәсіби шаршау және тұрақсыз кадр саясатымен байланысты болуы мүмкін. Талдаудың алынған нәтижелері медициналық персоналды басқару саласында стратегиялық шешімдерді қалыптастыру үшін негіз бола алады.

Заманауи медициналық ұйымдарда қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуы қызметкерлердің біліктілігінің тез өзгеретін денсаулық сақтау жүйесінің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін құзыреттілікке негізделген тәсіл.

1. Медициналық білім берудегі құзыреттілік моделі

Медициналық білім берудегі құзыреттілік тәсіл мамандарда тек теориялық білімдерді ғана емес, сонымен қатар тиімді кәсіби қызметке қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Дьяченко В.Г. кәсіби құзыреттілік медициналық тәжірибе мен технологияның өзгерістеріне бейімделе алатын мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін медициналық білім берудің заманауи үлгісінің негізі болып табылатынын атап өтеді. КиберЛенинка [10].

2. Медициналық ұйымдарындағы құзыреттердің корпоративтік моделі

The article examines the importance of fostering national values in students during mathematics teaching in secondary school. The promotion of national values plays a crucial role not only in humanities but also in natural sciences. The article analyzes effective methods to enhance students' cognitive interest through the use of traditional Kazakh mathematical problems, proverbs related to numbers, and national games. Additionally, the role of digital technologies in developing students' creative abilities by incorporating tasks with national content is discussed. The research findings prove that mathematics education based on national values positively influences students' spiritual development, improves their logical thinking, fosters patriotism, and enhances the quality of education.

Key words: *national values, digital technologies, effective methods, Kazakh mathematical problems, logical thinking, proverbs and sayings, mathematics.*

Қазіргі білім алушы – тәуелсіз мемлекеттің болашағы. Оқушылардың қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуы үшін ұлттық құндылықтарды меңгеруі маңызды фактор болып табылады. Бұл үдерісте әрбір педагогтің рөлі айрықша.

Негізгі мектепте математиканы оқыту барысында оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – білім беру үдерісінің маңызды аспектілерінің бірі. Ұлттық құндылықтар оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға, олардың тұлғалық қалыптасуына және қоғамға бейімделуіне ықпал етеді. Қазақ халқының «обал болады», «сауап болады», «ұят болады» сынды тәрбиелік мәні зор ұғымдары оқушылардың жауапкершілігін, әдептілігі мен жанашырлығын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Математиканы оқытуда ұлттық ойындарды қолдану – білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіруге де ықпал етеді. Мәселен, «Тоғызқұмалақ» ойыны логикалық ойлау дағдыларын дамытса, «Асық ату» шапшаңдық пен дәлдікті үйретеді. Оқушыларға ұлттық есептер мен математикалық тапсырмалар ұсыну – олардың ұлттық сана-сезімін нығайтып, пәнге деген қызығушылығын арттыратын тиімді әдістердің бірі [1].

Мағжан Жұмабаев: *«Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ»*, – деп баланы ерте жастан тәрбиелеудің маңыздылығын атап көрсеткен. Осыған байланысты, математиканы оқыту үдерісінде ұлттық құндылықтарды енгізу оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, олардың болашақта бәсекеге қабілетті, отансүйгіш азамат болып қалыптасуына негіз болады [2]. Мұндай тәсіл ата-ананың, мұғалімнің және жалпы қоғамның бірлескен әрекетін талап ететін кешенді үдеріс болып табылады.

Математика сабағында оқу мақсаттарына қол жеткізу, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру және пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдер мен цифрлық ресурстарды қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды оқушылар бойына сіңіру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Оқу үдерісінде Wordwall, LearningApps, Socrative.com, Flippity сияқты білім беру платформаларын пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарға негізделген білім алуына мүмкіндік береді [8]. Мысалы, 8-сыныптың «Квадрат теңдеу» және «Виет теоремасы» тақырыптарын меңгеру барысында оқушыларға төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады:

1-тапсырма. Виет теоремасына кері теореманы пайдаланып, квадрат теңдеу құру. Теңдеудің түбірлеріне сәйкес ұлттық құндылықтарды қамтитын мақал-мәтел айту:

- $x_1=1$, $x_2=10$ – *«Бір тал кессең, он тал ек».*
- $x_1=1$, $x_2=7$ – *«Жеті рет өлшеп, бір рет кес».*
- $x_1=1$, $x_2=8$ – *«Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы».*
- $x_1=6$, $x_2=4$ – *«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді».*
- $x_1=1$, $x_2=1000$ – *«Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады».*

Осындай тапсырмалар арқылы оқушылар математикалық білімін жетілдіріп қана қоймай, ұлттық мұраны танып-білуге және оны күнделікті өмірмен байланыстыруға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, математикалық ойлау дағдыларын дамытумен қатар, ұлттық құндылықтарға деген құрметін нығайтады [3].

Санға қатысты мақал-мәтелдерді әр сыныптың оқу бағдарламасына сәйкес әртүрлі тақырыптарда қолдануға болады. Мысалы, 5-сыныпта «Теңдеу», «Мәтін есептер», 6-сыныпта «Пропорция» тақырыптарын өткенде осындай тәсілдерді тиімді пайдалану оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге ықпал етеді [4].

Оқушыларға цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, тапсырма орындау барысында есептің жауабы белгілі бір санға сәйкес келген жағдайда, сол санға байланысты мақал-мәтел айту ұсынылады.

Мысалы:

- 1 – *«Бір жылы сөз – бір күнге азық».*
- 2 – *«Жерді екі рет жыртқан, өнімді екі есе көп алады».*
- 3 – *«Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына».*
- 4 – *«Төрт аяқты жылқы да сүрінеді».*
- 5 – *«Бес саусақ бірдей емес».*
- 30 – *«Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды».*
- 50 – *«Елу жылда – ел жаңа».*

Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Абай мен Шәкәрімнің жұмбақтарын 5-сыныпта «Натурал сандар» бөлімі аясында жаңа тақырыпты анықтау және сабаққа қызығушылық ояту мақсатында қолдануға болады. Бұл үшін презентация, «банкомат» әдісі, сондай-ақ Joyteka платформасы негізінде түрлі тапсырмалар әзірлеу тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, математикалық есептерді ұлттық мазмұнмен байланыстырудың тағы бір тиімді әдісі – тарихи-математикалық есептерді қолдану. Қазақ халқының дәстүрлі өлшем бірліктерін пайдаланып есептер шығару – оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, халқымыздың күнделікті өмірде қолданған өлшемдерін түсінуге көмектеседі. Мәселен, ұзындық өлшемдері ретінде «құлаш», «қарыс», «сүйем», «елі» сияқты бірліктерді қолдану арқылы оқушылар математиканың тұрмыстық өмірмен тығыз байланысты екенін ұғынады.

Мысал: Жылқыға жем беру есебі

Бір шаруаның қорасында алты жылқы бар, және ол оларға күн сайын он қадақ сұлы беріп отырады. Жем жылқылардың жас ерекшелігіне қарай бөлінеді:

- Биелерге – 3 қадақтан,
- Құнандарға – 2 қадақтан,
- Тайларға – 1 қадақтан.

Мал иесі алыстан келген жекжатымен әңгіме барысында осы жем бөлу тәртібін айтып қалады. Қонақ бұл деректерді есті сала, жылқылардың санын ойша есептеуге кіріседі. Сонда бие нешеу, құнан нешеу, тай нешеу болғаны?

Жауабы: бір бие, екі құнан, үш тай.

Мысал: Ет алушылар неше адам

Біреу қасапқа жылқы соятынын көрші қолаңына хабарлайды. Белгіленген күні ол бордақысын сояды. Әр жерден ет алушылар келеді. Сойылған малды төңіректеп тұрғандарды көзімен санап шығып, ол сәл ойланып қалады: «Бұлардың әрқайсысына бір жіліктен берсем, онда үш жілік ет артылып қалады. Екі жіліктен сатсам үш адамға ет жетпейді. Енді қандай амалын табайын?». Ет алуға келендер неше адам?

Жауабы: Сойылған малдың барлық етін он екі жілік деп есептейміз. Сонда ет алуға келгендер саны тоғыз адам.

Мысал: Жұмбақ есеп

Көпті көрген қария немересін есепшілікке баулу мақсатымен жас баланың жадына тез жазыла кететін жұмбақ есептерді жиірек айтып жүреді.

- Алты аяғы бар, тал таяғы бар, арқасында құрығы бар, адамнан бұйрығы бар. Ол не нәрсе? – дейді атасы.

- Ол кәдімгі таразы, - деп немересі бірден жауап береді.

Шал немересінің тапқырлығына қуанып, тағы бір жұмбақ есеп айтады:

Он екі түйе, он жылқы,
Тоғыз сиыр, бес ешкі.
Екі қоян, үш түлкі,
Таба алмасаң бол күлкі.

Бала санын есептеп «бәрі қырық бір екен» дегенде шалдың өзі күліп жібереді. Қария немересінің нені білмегеніне күледі?

Жауабы: атасы немересіннен жануарлардың аяқтарын сұраған.

Осындай үлгідегі қазақи есептер оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырып, олардың математикалық сауаттылығын дамытумен қатар, ұлттық дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді [5].

Қазақи есептер– ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Қазақ халқының тұрмыс-салтымен, өмірлік тәжірибесімен сабақтасқан байырғы есептер математика мен логиканы ұштастырып қана қоймай, ұрпақтың ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті. Қазақи есептер – ата-бабаларымыздың математикалық сауаттылығының айқын көрінісі. Олар тұрмыстық өмірмен тығыз байланысты болып, халықтың өмір салтын, шаруашылығын және дүниетанымын бейнелейді.

Қазақи есептердің ерекшелігі – олардың күнделікті өмірдегі шынайы жағдайларға негізделуі. Көшпелі өмір салтында адамдардың есепке деген көзқарасы ерекше болды. Мал басын санау, жер көлемін анықтау, уақыт өлшеу, сауда-саттық жүргізу – бәрі де есептеуді қажет етті. Осылайша, математикалық білім қазақтардың тұрмысында маңызды орын алды [6].

Байырғы есептер бірнеше түрге бөлінеді. Мал шаруашылығына қатысты есептер мал басын бөлу, жайылымға байланысты болжамдар жасау сияқты сұрақтарды қамтыды. Сауда-саттыққа қатысты есептерде тауар бағасы, айырбас, кіріс пен шығыс мәселелері қарастырылды. Уақыт пен өлшем бірліктеріне негізделген есептер қашықтықты, уақытты анықтауға бағытталды. Ал тұрмыстық есептер ет бөлісу, қымыз ішу тәртібі, жіліктерді тарату секілді өмірлік жағдайларды сипаттады [7].

Мұндай есептер логикалық ойлауды дамытумен қатар, ұлттық құндылықтарды да дәріптейді. Себебі олар тек сандық амалдарды орындауды ғана емес, сонымен қатар әділеттілік, шешендік, тапқырлық сияқты қасиеттерді де үйретеді. Баланы есепке жүйрік етіп қана қоймай, оны шапшаң ойлауға, тез шешім қабылдауға, өмірлік дағдыларды меңгеруге баулиды.

Қазақи есептерді қазіргі заманғы білім беру жүйесінде қолдану өте маңызды. Олар оқушыларға сандарды механикалық түрде есептеуді ғана емес, ұлттық танымды, өмірмен байланыстыра ойлау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Осы арқылы біз ата-бабамыздың математикалық даналығын жаңғыртып, оны болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз. Қазақи есептер – тек математикалық есептер ғана емес, халықтың өмірлік тәжірибесі мен ойлау мәдениетінің көрінісі. Олар арқылы оқушылар ұлттық құндылықтармен танысып, логикалық ойлау қабілетін жетілдіре алады. Сондықтан қазақи есептерді сабақ үрдісіне енгізу – білім беру мен тәрбиенің біртұтас болуын қамтамасыз ететін маңызды қадам.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды математикамен ұштастыру үшін қазақтың байырғы есептері, сандарға байланысты мақал-мәтелдер, дәстүрлі ойындар мен тұрмыстық есептерді оқу үдерісіне енгізу тиімді тәсіл бола алады. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы да оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың танымдық белсенділігін күшейтуге болады.

Осылайша, математика сабағында ұлттық құндылықтарды дәріптеу оқушылардың тұлғалық дамуына, елжандылық сезімінің қалыптасуына және өз халқының мәдени мұрасына құрметпен қарауына ықпал етеді. Бұл – жас ұрпақты тәрбиелеудің, олардың рухани және интеллектуалдық әлеуетін арттырудың тиімді жолдарының бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жолдасбаева А. Ғ. (2022). Оқыту үдерісінде геймификацияны тиімді қолдану - нәтижелі сабақ кепілі.

2. Демисенова Ж. С., Жақсыбай Н. Ж. Бесінші сынып оқушыларына бөлшектерді оқытуда функционалдық сауаттылықты өмірлік мысалдармен қалыптастыру. – 2024.

3. Садыкова А. Б. ӘОЖ 345 С19 Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру жолдары. *Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің хабаршысы*, 86.

4. Levchenko T. A., & Iminova, Y. B. (2019). Formation of the skills of correct behavior in extreme situtions of 5-6 years old children. *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*, 232.

5. Шормақова С. М., & Нұридин, А. Е. ӘОЖ 398; 801.8 Қазақтың байырғы көне есептеріндегі ұлы дала құндылықтары. *Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті*, 168.

6. Baybekov S. N., Shormakova, S. M., & Ayazbekova, I. M. (2018). Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі. *Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series*, *123*(2), 64-70.

7. Сарсенбаева Г. Х., & Жумабаева, А. Е. (2023). Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамытудың мүмкіндіктері. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки*, *77*(1), 267-275.

8. Сарсекеев А. С., Муталип, Р., & Мырзағали, Г. (2016). Оқушылардың математикадан шығармашылық жұмысын ұйымдастыру.

ӘОЖ 378

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Жұмабаев Қ.Ж.
математика пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі,
«Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы
kairat210761@mail.ru

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қазіргі әлемде оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Мақалада функционалдық сауаттылық ұғымы, анықтамалары мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту факторлары берілген.
Кілт сөздер: *функционалдық сауаттылық, даму факторлары, мазмұны.*

Формирование функциональной грамотности учащихся является неотъемлемой частью образования в современном мире. В статье представлены понятие функциональной грамотности, определения и факторы развития функциональной грамотности обучающихся.
Ключевые слова: *функциональная грамотность, факторы развития, содержание.*

The formation of functional literacy of students is an integral part of education in the modern world. The article presents the concept of functional literacy, definitions and factors for the development of functional literacy in students.
Key words: *functional literacy, development factors, content.*

Президент Қасым-Жомарт Токаев Жолдауында Ұлттық жаңа болмысын қалыптастыруға қажетті қағидаттарды айқындап берді. XXI ғасырдың ұрпақтары терең білімді, еңбек етуге бейім, кәсіби дағдысы дұрыс, жоғары жауапкершілікті азамат болуы тиіс. Ең бастысы – әділетті және адал ұрпақ атану қажеттігін айрықша атады. Біз сонда ғана бәсе-кеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптаса аламыз[1].

Заманауи білім талаптарына жауап беретін, әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білімді, рухани дамыған, шығармашыл, жаңалыққа ұмтылғыш, білім құндылығын түсінетін, оған жетудің бірден бір жолы – функционалды сауаттылықты қалыптастыру болып табылады.

«Функционалды сауаттылық» термині 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді. Педагогикалық зерттеулердің орталық бағыттарының бірі қалыптастыруға байланысты соңғы жылдары бірқатар мәселелер туындады функционалдық сауаттылық, ол «абсолютті бүгінгі мектептегі білім беру үрдісі».

Минималды сауаттылық дегеніміз - қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.


ЮНЕСКО-ның құжаттарында төмендегідей анықтама берілді: «сауаттылық өз тобының тиімді жұмыс істеу үшін қажет болатын барлық іс-шараларға қатыса алатын және оған оқуды, жазу мен санауды өзі дамуы үшін және қоғамдастықтың (әлеуметтік) одан әрі дамуы үшін пайдалануды жалғастыруға мүмкіндік беретін адам ғана функционалды сауатты болып саналады». Бұл анықтаманың айқын көрінгеніне қарамастан, басқа да бәсекелес анықтамалар пайда болды, бұлардың әрқайсысы ұлттық немесе халықаралық деңгейде салыстырмалы бағалауды қолдауға арналған [2].

Функционалды сауаттылық дегеніміз – басты мақсат жалпы білім беретін оқу орындарында бүгінгі жаһандану заман ағымына, жасына қарамай ілесіп және мамандығын жетілдіруі, рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру.

Қазіргі дамыған заманда функционалдық сауаттылық – оқушы немесе студенттердің әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, өзіне керек білім алуына ықпал жасайтын фактор.

Психология ғылымдарының және филология ғылымдарының докторы А.А.Леонтьевтің айтуынша, «функционалды сауатты адам» дегеніміз – өмір бойына үнемі жинақталған барлық білімдерді, дағдылар мен өмірлік міндеттерді шешудің кең ауқымды дағдыларды өмірде қолдана алуы.

Функциялық сауаттылық жеке тұлғаның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы (сурет 1).



Сурет 1 – Функционалдық сауаттылықтың міндеттері

Функционалдық сауаттылықты дамытудың бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да көрсетілген. Басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [3].

Функционалды сауаттылықтың төмендегідей тетіктерінің (механизм) негізінде жүзеге асады (сурет 2).



Сурет 2 – Функционалдық сауаттылықтың тетіктерінің (механизм) негіздері

Функционалдық сауаттылықтың тетіктеріне тоқталып өтетін болсақ төмендегідей:

1.Оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту (бұған ұлттық стандарттар мен оқу бағдарламалары кіреді).

Білім алушының бойына әлеуметтік ортаға бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше цифрлық білім беру ресурстарды пайдалану арқылы үнемі білімін көтеру);

- коммуникативтік (үш тілде қазақ, орыс, ағылшын тілінде жазбаша, ауызша қарым – қатынас жасау);

- әлеуметтік (қоғамда, өзінің іс-әрекет қабілетіне сай);

- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, білім, білік дағдыларды игеру, өзі таңдаған мамандығының қиыншылығы мен күрделігіне төзімді болуы);

- азаматтық (салт-дәстүрлері, мәдениеті, тарихы, діни мен ана тілін терең меңгеріп, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында азаматтық парызын түсіну).


2. Оқу нәтижелерінің бағалау жүйесі. Функционалдық сауаттылылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор.

Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықты сырттай бағалау және іштей бағалау болып табылады. Іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Сырттай бағалау – әрбір деңгейді білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері (ҰБТ, ОЖСБ-ВОУД) және халықаралық (PISA, TIMSS, PIRLS) зерттеулерге қатысу. Сыртқы бағалау белгілі бір мамандық иелеріне қатысты болса, іштей бағалау білім алушыларға қатысты.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылығы бағаланады. Халықаралық оқушы қабілетін бағдарламалау бағдарлама қазіргі әлемде оқушылырдың қабылетін тексеру мен бағалаудың ықпалды жоба болып отырғанын білеміз. PISA жобасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау: ойлау, дәйектеу, әртүрлі әдістерді пайдалан алу.

Функционалдық сауаттылықты тексеруге тест тапсырмасы алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ тапсырмасына қосылды. PISA когнитивтік тест арқылы үш басым бағыт бойынша – оқу , математика және жаратылыстану – сауаттылық деңгейлер арқылы бағаланады. (сурет 3).



Сурет 3 – Функционалдық сауаттылықтың оқу жетістінің бағалануы

Оқу сауаттылығы – мәтін мазмұнын түсіне білуі және мәтінге арналған рефлексия мен ұғымды пайдалану. Математикалық сауаттылық - математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді қолдана білу.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылық – жаратылыстану ғылымындағы білімін меңгеру, қоршаған ортаны, адамзат енгізген өзгерістерді, ғылыми-табиғи мәселерге қатысты, ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтау және қортынды жасай білу.

3. Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді рөлі. Ата-ананың борышы – баланың бойында адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін оқу орнымен тығыз байланыста болуы тиіс. Ата-ананың бойында функционалдық сауаттылық болу үшін іс-шараларға семинар мен тренингтерге қатысу.


4. Қосымша білім беру жүйесін дамыту. Сабақтан тыс қосымша музыка мектептері, жас техниктер, спорт, мұражай мен ғылыми үйірмелерге және т.б. шығармашылық пен жұмыстарға қатысуы керек [1].

2025 оқу жылы біздің колледжіміздің білімгелері PISA халықаралық зерттеуге қатысқалы отыр. Қатысытан болғандықтан «PISA 2025 халықаралық зерттеуі туралы»

студенттерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. PISA дегеніміз не? PISA бағдарламаның мақсаты және қандай бағытта тестілеу жүргілетіні туралы айтылды. Когнитивті тест, сауалнама, тестегі тапсырмалар қандай формата беріледі, мысал келтіріліп, ақпараттар берілді.

Қазір сабақ беретін топтарға математикалық сауаттылыққа дайындық жұмыстарын жүргізіп келемін. Сабақты әдіс-тәсілдерді тиімді, сабақ жоспарын құру барысында және болашақ тізгінін ұстайтын тұлға қалыптастыру, сондықтан функционалды сауатты болуын көңіл бөлуіміз керек.

Сабақ беретін топтарда қаңтар айында математика пәнінен тапсырмалар орындау деңгейінің көрсеткіші аз болатын. Қазір тапсырмаларға дайындықтың жан-жақты жүргізілу нәтижесінде кейінгі көрсеткіші бірті-бірте көтеріліп келеді. PISA тапсырмасынының талдау нәтижесі 4 суретте көрсетілген.



Сурет 4 – PISA тапсырмасының қорытындысы

XXI ғасырдың білім беру жүйесінің міндеті – өз бетінше білім алуға, өздігінен ізденетін, шеберлігін дамытып, болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуына және бәсекелестікке қабылетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. https://adisteme.kz/ru/bastayys-synyp-oqysylarynyn-fynktsionaldyq-sayattylygyn-qalyptastyrydyn-tiimdijoldary.html

2. Функциональная грамотность и умение считать.-ЮНЕСКО/functional-literacy-and-numeracy-unesco.pdf/PDF4PRO.

3. Назарбаев Н. Ә. «Әлеуметтік–экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуыныңбасты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы /Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан. 28 қаңтар 2012ж.

4. Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына қосымша.

ӘОЖ 37.091.3-021.68:514

ЕКІНШІ РЕТТІ БЕТТЕРДІ ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ибраева С.Н.
п.ғ.к, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы

Тлеужанов А.Б.
Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
tleuzanovalibek@gmail.com

Бұл мақалада АКТ құралдарын қолдану арқылы аналитикалық геометрияны оқытудың инновациялық әдістері ұсынылып, олардың оқу үдерісіне тигізетін ықпалы жан-жақты талданды. Зерттеудің нәтижелері оқытушыларға педагогикалық тәжірибені жетілдіруге және білім алушылардың пәнді терең түсінуіне септігін тигізуге бағытталған нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *сандық технология, сандық ресурстар, визуальды бейне, аналитикалық геометрия, екінші ретті беттер, қима әдісі арқылы зерттеу.*

В данной статье представлены инновационные методы обучения аналитической геометрии с использованием средств ИКТ и всесторонне проанализировано их влияние на учебный процесс. Результаты исследования позволяют преподавателям дать конкретные рекомендации, направленные на совершенствование педагогической практики и помощь учащимся в глубоком понимании предмета.

Ключевые слова: *цифровые технологии, цифровые ресурсы, визуальное изображение, аналитическая геометрия, поверхности второго порядка, исследование поперечного сечения.*

This article presents innovative methods of teaching analytical geometry using ICT tools and comprehensively analyzes their impact on the learning process. The results of the study allow teachers to make specific recommendations aimed at improving pedagogical practice and helping students gain a deeper understanding of the subject.

Key words: *digital technologies, digital resources, visual image, analytical geometry, second-order surfaces, cross-sectional study.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында отандық білім беру жүйесінің тұрақты дамуының маңызды екенін және оның заманға сай эволюциясы қажет екенін атап өткен [1]. Осыған орай, білім саласына инновациялық технологияларды енгізу – сапалы білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесін сандық технологияларды қолданбай елестету мүмкін емес. Бұл технологиялар оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып, әсіресе, аналитикалық геометрия сияқты абстрактілі ұғымдарды түсінуді талап ететін пәндерде үлкен рөл атқарады. GeoGebra [5], MATLAB [6], Mathematica [7] және Maple сияқты сандық құралдарды қолдану күрделі математикалық объектілерді визуализациялауға, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және материалды меңгеруді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты - аналитикалық геометрияны оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу және оларды практикада қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыру. Бұл жұмыста

екінші ретті беттерді визуализациялауға ерекше назар аударылады, себебі бұл тақырып студенттер үшін түсінікті әрі тартымды бола алады.

Зерттеудің өзектілігі сандық технологияларды білім беру үдерісіне енгізудің маңыздылығымен және заманауи білім беру стандарттарына сәйкес педагогикалық тәжірибені жетілдіру қажеттілігімен түсіндіріледі.

Білім беру саласында сандық ресурстарды қолданылуын зерттеген ғалымдар еңбектеріне үңілсек, Джон Дьюи білім беру мен оқыту үдерісінде сандық ресурстардың рөліне айырықша көңіл бөліп, білім беру саласында рөлін айқындаған [2]. Кеннэт Колл (Kenneth Cole) электронды оқыту мен сандық ресурстарды білім беру жүйесінде қолдану саласын зерттей келе, сандық құралдардың оқу үрдісіне әсерін, оқытушылар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту жолдарын қарастырған [3]. Маргарет Мэри Джонсон білім берудегі сандық ресурстардың әлеуметтік және психологиялық аспектілерін зерттеген.

Сандық технологиялар оқыту мен оқу үдерісінде білім мазмұнын игеру принципін едәуір жылдамдатуға, технологиялық және педагогикалық тұрғыдан тиімді етуге, жедел диагностикалық кері байланыс, жеке ұсыныстар және басқа құралдар арқылы оларды игеруге деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді. Цифрландыру негізінде оқыту үдерісі визуалды-логикалық ойлауға көшеді Т.С. Ахромеева, Д.И. Дубровский [4], Г.Г. Зейналов, В.А. Кутырев, Е.В. Масланов, Д.А. Мачерет, Ю.Ю. Петрунина, А.И. Ракитова, А.С.Тимощук, Г.Л. Тульчинскийдің математика сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мұғалімге оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік беретіндігін атап көрсеткен. Сабақтар мазмұнды, заманауи, қызықты болып, оқушылар сабақ материалын жақсы меңгереді. Қазақстанның білім беру жүйесінде сандық технологияларды енгізу, қолдану және олардың тиімділігін арттыру мәселелеріне оқушылардың білімін тереңдетеді.

Әдістеме

Зерттеу І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2 және 3 курс студенттері арасында (6В01501-Математика және 6В01502-Математика-Информатика мамандықтары) жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – екінші ретті беттерді оқытуда сандық технологияларды қолданудың тиімділігін бағалау.

Зерттеу барысында келесі цифрлық құралдар пайдаланылды:

- GeoGebra – екінші ретті беттердің графиктерін интерактивті түрде құру және визуализациялау;
- MATLAB – беттердің математикалық моделін құру және үшөлшемді кескіндерді өңдеу;
- MathCAD – аналитикалық есептеулер мен қима әдістерін қолдану;
- Desmos – беттердің графикалық көріністерін жылдам салу және талдау.

Әдістемелік тәсіл ретінде сандық ресурстарды қолдану арқылы екінші ретті беттердің 3D визуализациясы мен қималарын зерттеу қолданылды. Оқу үдерісінде студенттерге эллипсоид, гиперболоид, параболоид сияқты екінші ретті беттердің теңдеулері мен олардың графиктерін құру тапсырмалары берілді. Сонымен қатар, әрбір тапсырмада студенттердің кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға баса назар аударылды.

Сандық ресурстармен жұмыс істеу барысында зерттеудің келесі кезеңдері жүзеге асырылды:

1. Екінші ретті беттердің теориялық негіздерін түсіндіру;
2. GeoGebra және MATLAB көмегімен беттердің визуализациясын жасау;
3. Сандық құралдарды пайдалану арқылы қиылысу сызықтарын салу және талдау;
4. Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау үшін сауалнамалар мен тесттер өткізу.

Бұл әдістерді қолдану студенттерге екінші ретті беттерді зерттеуде қиындық тудыратын мәселелерді жеңілдетуге, сонымен қатар олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді. Сауалнамада келесі сұрақтар ұсынылды:

Кесте 1– Сауалнама

1. Сіз үшін цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісінде қаншалықты маңызды?
• ☐ Өте маңызды
• ☐ Маңызды
• ☐ Орташа
• ☐ Маңызды емес
2. Цифрлық технологияларды (презентация, графикалық бағдарламалар, интерактивті платформалар) пайдалану екінші ретті беттерді түсінуге қаншалықты көмектесті?
• ☐ Өте жақсы көмектесті
• ☐ Жақсы көмектесті
• ☐ Аздап көмектесті
• ☐ Мүлде көмектеспеді
3. Сабақ барысында цифрлық технологияларды қолдану сіздің пәнге деген қызығушылығыңызды арттырды ма?
• ☐ Иә, арттырды
• ☐ Жоқ, ешқандай әсері болмады
• ☐ Керісінше, қызығушылығым төмендеді
4. Сіз үшін қай цифрлық технология ең пайдалы болды? (бір немесе бірнеше жауапты таңдаңыз)
• ☐ Презентациялар (PowerPoint, Canva)
• ☐ Графикалық бағдарламалар (GeoGebra, AutoCAD)
• ☐ Видеосабақтар немесе онлайн ресурстар
• ☐ Интерактивті тесттер (Kahoot, Quizizz)
• ☐ Басқа: _____
5. Сабақта цифрлық технологияларды қолдану сіздің нәтижелеріңізге әсер етті ме?
• ☐ Иә, нәтижелерім жақсарды
• ☐ Жоқ, өзгеріс болмады
• ☐ Жақсарудың орнына, қиындап кетті
6. Екінші ретті беттерді зерттеуде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?
7. Ұсыныстарыңыз: цифрлық технологияларды оқытуда қалай жақсартуға болады деп ойлайсыз?
8. Сізге оқытушының цифрлық технологияларды қолдану әдісі ұнады ма?
• ☐ Иә, өте ұнады
• ☐ Иә, бірақ жақсартуға болады
• ☐ Жоқ, жеткіліксіз деп есептеймін
9. Сіздің ойыңызша, цифрлық технологияларды басқа тақырыптарды оқытуда пайдалану тиімді бола ма?
• ☐ Иә
• ☐ Жоқ
• ☐ Білмеймін

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері екінші ретті беттерді оқытуда сандық технологияларды қолданудың тиімділігін көрсетті. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2 және 3 курс студенттері арасында жүргізілген апробация барысында келесі нәтижелер алынды:

1. **Оқу материалын меңгеру деңгейі артты**

Сандық технологияларды (GeoGebra, MATLAB, MathCAD және Desmos) пайдалану арқылы студенттер екінші ретті беттердің негізгі қасиеттерін визуализациялап, олардың қималарын зерттеуді жеңіл түрде меңгерді. Әсіресе, 3D графиктерді салу және қима сызықтарын анықтау тапсырмалары студенттердің кеңістіктік ойлауын дамытты.

2. **Пәнге деген қызығушылық өсті**

Сауалнама нәтижелері бойынша, студенттердің 87%-ы сандық технологияларды қолдану пәнді жақсырақ түсінуге және оқу материалдарын меңгеруге көмектескенін атап өтті. Сонымен қатар, 78%-ы бұл әдістер пәнге деген қызығушылықтарын арттырғанын көрсетті.

3. **Екінші ретті беттердің 3D үлгілері арқылы түсіндірме жұмысы**

Зерттеу барысында студенттер эллиптикалық параболоид, гиперболалық параболоид, эллипсоид және екі қуысты гиперболоид сияқты беттердің 3D графиктерін құрумен айналысты. Бұл тапсырмалар теориялық материалдарды түсінуді жеңілдетіп, оларды визуалды түрде көрсету арқылы оқушылардың білім деңгейін арттырды.


4. **Сандық технологиялардың жалпы тиімділігі**

Сабақ барысында қолданылған сандық құралдар студенттердің оқу жетістіктерін жақсартып, олардың танымдық белсенділігін арттырды. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей:


- 92%-ы сандық технологиялар оқу үдерісін жақсартатынын растады.
- 85%-ы цифрлық құралдардың оқыту әдістерімен ұштасуы материалды жеңіл меңгеруге ықпал ететінін атап өтті.



Сурет 1 – Сауалнама нәтижелері




Сурет 2 – Эллиптикалық параболоидтың 3D моделі



Сурет 3 – Бір қуысты гиперболоидты Geogebra ортасында қима әдісімен зерттеу мысалы

Талқылау

Зерттеу нәтижелерін талдау көрсеткендей, сандық технологияларды қолдану екінші ретті беттерді оқытуда көптеген артықшылықтар береді. GeoGebra және MATLAB сияқты құралдар студенттердің күрделі математикалық объектілерді визуализациялау қабілеттерін жақсартып, олардың кеңістіктік ойлауын дамытуға ықпал етті.



Сурет 4 – Студенттің Python бағдарламалау тілін қолданып ғимараттың моделін жасауы

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің көпшілігі сандық технологиялардың оқыту процесіне оң әсерін атап өтті. Дегенмен, зерттеу барысында кейбір шектеулер де анықталды:

1. Кейбір студенттерге жаңа бағдарламаларды меңгеру қиындық туғызды, әсіресе, бұрын мұндай технологияларды қолданбағандар үшін.
2. Кейбір жағдайларда сандық құралдарды тиімді пайдалану үшін оқытушылардың арнайы дайындық деңгейі қажет болды.

Бұл мәселелерді шешу үшін қосымша тренингтер ұйымдастыру және оқу материалдарын жетілдіру ұсынылады. Сонымен қатар, сандық құралдарды пайдалану оқыту әдістемесін дәстүрлі тәсілдермен толықтырып, білім беру сапасын арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Қорытынды

Зерттеу барысында сандық технологияларды екінші ретті беттерді оқытуда қолданудың тиімділігі жан-жақты талданды. Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, келесіні атап өтуге болады:

1. Сандық технологиялардың тиімділігі: GeoGebra, MATLAB және басқа да құралдарды қолдану арқылы студенттердің кеңістіктік ойлау қабілеті мен пәнге деген қызығушылығы едәуір артты.

2. Оқыту процесін оңтайландыру: Визуализация және 3D модельдеу әдістері арқылы күрделі математикалық ұғымдарды түсіну жеңілдеді.

3. Студенттердің жетістіктерін арттыру: Зерттеуге қатысқан студенттердің 87%-ы сандық технологиялар пәнді игеруді жеңілдеткенін атап өтті.

Зерттеу нәтижелері сандық технологиялардың педагогикалық әлеуетінің жоғары екенін көрсетті. Осыған орай, білім беру процесінде сандық ресурстарды қолдану кеңейтіліп, мұғалімдер мен студенттер үшін қосымша оқыту курстары ұйымдастырылуы тиіс. Бұл тәсілдер білім сапасын арттырып, студенттердің білім алуына жаңа мүмкіндіктер ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ.Ә. Әділетті Қазақстан – заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. Қазақстан халқына Жолдауы. 2024 жылғы 2 қыркүйек.

2. Dewey J. Democracy and Education. An Introduction to the Philosophy of Education. New York: Macmillan, 1916

3. Cole K. Using Digital Tools in Education: Enhancing Teacher-Student Interaction. Educational Technology Research, 2014.

4. Ахромеева Т.С., Дубровский Д.И. Цифровизация образования: вызовы и перспективы. Вестник педагогики, 2020, №3, с. 10-15.

5. GeoGebra. Ресми сайт. URL: https://www.geogebra.org/

6. MATLAB. Ресми сайт. MathWorks. URL: https://www.mathworks.com/

7. Mathematica. Ресми сайт. Wolfram Research. URL: https://www.wolfram.com/mathematica/

ӘОЖ 656.085

СТИХИЯЛЫҚ АПАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Идрисова А.Е.
Техника ғылымдарының кандидаты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
aei_64@mail.ru

Бейбіт Н.М.
Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
beibitnuraika@gmail.com

Мақалада гидрологиялық төтенше жағдайлар мен апаттардың ерекшеліктері қарастырылады, су бассейннің көлемін анықтаудың әдістемесі, су тасқынды болжау және су жинауды басқарудағы модельдердің жіктелуінің сараптамалық және техникалық әдістері талданады.

Кілт сөздер: *су тасқыны, бөгет, модель.*

В статье рассматриваются особенности гидрологических чрезвычайных ситуаций и аварий, анализируются методика определения объема водного бассейна, экспертные и технические методы прогнозирования паводков и классификации моделей управления водосбором.

Ключевые слова: *наводнение, плотина, модель.*

The article examines the features of hydrological emergencies and accidents, analyzes the methodology for determining the volume of a water basin, expert and technical methods for flood forecasting and classification of watershed management models.

Key words: *flood, dam, model.*

Кіріспе

Гидрологиялық сипаттағы стихиялық апаттар пайда болуына байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- су деңгейінің жоғарылауынан – су тасқыны салдарынан қалалардың төменгі бөлігі және басқа да елді-мекендерді, ауылшаруашылықтарын, өндіріс орындарын су басып кетуі;
- су деңгейінің төмендігінен құрғақшылықтың әсерінен қаладағы және ауылшаруашылық обьектілеріндегі су жолдарының тоқтауы, өсімдіктерге өспей қалатындай жағдай тудырады;
- сел - өзен және теңіз суларының елді-мекендерге және басқа жолдарға қатты ағыспен тасуы;
- қар көшкіні салдарынан елді-мекендердегі тасымалдау, яғни көлік және темір жолдарын, электр желілерін, өндірістік обьектілер мен ауылшаруашылығы жолдарын қар басып қалуы;
- су қоймасында мұздың пайда болуы.

Жұмыстың мақсаты: Стихиялық апаттардың және төтенше жағдайлардың гидрологиялық сипаттамасын зерттеу, гидрологиялық тәжірибелік есептерді талдау.

Су тасқыны – бұл өзен, көл, су қоймаларының кенеттен тасуынан халықтың денсаулығына, елді-мекендерге қауіп төндіріп, материалдық шығын келтіретін жағдай. Соңғы жылдары су тасқыны антропогендік факторлар негізінде көбейіп барады. Әсіресе, Сырдария өзенінде қысқы кезеңде Шардара су қоймасынан судың қадағалаусыз көп жіберілуінен біраз қауіп төндірді. Су ағысының өте күшті қаупі республикамыздағы Алматы, Ақтөбе, Тараз және т.б. қалаларға әсер етеді. Катастрофалық су тасқынының пайда болу себебі Тасөткел, Теріс-Ащыбұлақ, Шардара т.б. күшті су қоймаларының бөгетінің авариялық апатынан болады.

Гидродинамикалық қауіпті обьект – оған дейінгі немесе кейінгі су деңгейінің айырмашылығын түзетін жаратылыс ғылымы немесе ғимарат. Оларға орынды түрдегі

гидротехникалық құрылыстар және табиғи бөгеттер жатады. Мұндай ғимараттардың ерекшелігі бұзылыс барысындағы толқынның пайда болу болып табылады.

Су тасқыны деп қатты жауын-шашынның түсуі, түрлі себептерден туындаған өзендегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде ауданның айтарлықтай су басуы түсініледі. Су тасқынының себептері бойынша жіктелуі бар. Бұл көктемгі қар мен мұздың еруіне байланысты тасқын сулардан, селден, желкөтермеден, үйіндінен және т.б. Бірақ біз су тасқыны мен нөсерді ең қауіпті деп санаймыз. Мұндай су тасқыны кезінде деңгейдің көтерілуі бірнеше метрден 10-20 метрге дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар, олар алдын-ала болжанбайды, су тасқыны немесе сел, үйіндіден қарағанда.

Материалдар мен әдістер

Жауын-шашыннан туындаған су тасқынының қарқындылығын бағалаудың әдісі қазіргі уақытта практикалық қолдану үшін ұсынылған. Бұл әдістеме үшін негізгі кіріс ақпараттық параметрлер жауын-шашынның қарқындылығы (I), жауын-шашын алаңы (S) және ұзақтығы (T) болып табылады. Бұл ақпаратты гидрологиялық бақылау бекеттерінен алуға болады. Алайда, бұл посттардың сирек кездесетіні, сондай-ақ жауын-шашынның қарқындылығы дифференциалды түрде бағаланатындығы, яғни посттың орналасқан жерінде, жердегі гидрологиялық посттардан алынған ақпараттың қателігі айтарлықтай болады. Осыған байланысты радиолокациялық станциялар (РЛС) желісінен ақпарат келіп түсетін әдіс ұсынылады. Бұл мәліметтер уақыт пен кеңістікте (тәуліктің кез келген уақытында) үздіксіз жауын-шашынның қарқындылығын, ауданын және ұзақтығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл су тасқынының қарқындылығы мен оның салдары байланысты болатын жауын-шашын мөлшері туралы толық ақпарат береді. Әр түрлі типтегі радарлық станцияларды және бөлімдерді пайдалануға болады.

Гидрологиялық модельдер жер пайдаланудағы өзгерістердің өзен ағындарына әсерін түсіну және сандық бағалау үшін кеңінен қолданылады және жер пайдалану саласында шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін ақпаратты ұсынады. Жауын-шашын ағынына тәуелділікті модельдеу осы процеске қатысатын көптеген айнымалыларға байланысты күрделі және уақытты қажет етуі мүмкін. Сонымен қатар, суағарды басқаратын көптеген факторларды ескеретін модельдер, әдетте, үлкен енгізу мен пайдаланушы тәжірибесін қажет етеді. Жауын-шашын мен ағынды суларды модельдеу бірнеше онжылдықтар бойы гидрологиялық зерттеулердің негізгі бағыты болды, нәтижесінде көптеген модельдер ұсынылды. Бұл модельдерді метрикалық, тұжырымдамалық және физикаға негізделген деп жіктеуге болады.

Метрикалық модельдер бұрыннан бар мәліметтерден ақпарат алу арқылы жүйенің реакциясын сипаттауға тырысып, бақылауға бағытталған. Олар гидрологиялық жүйенің ерекшеліктері мен процестерін ескерусіз құрылады. Жеке гидрографтар теориясының дамуы жаңбыр ағынының метрикалық модельдерінің негізінде жатыр. Теориясы артық жауын-шашын мен ағын арасындағы сызықтық болжамға негізделген. Жеке гидрографқа негізделген әдістердің негізгі күшті жақтарының бірі-олардың деректерге деген минималды қажеттілігі [1].

Физикаға негізделген модельдер классикалық қатты орта механикасы тұжырымдамаларын қолдана отырып, су жинаудың гидрологиялық әрекетін модельдеуге тырысады. Жартылай туындылардағы басқару дифференциалдық теңдеулері, әдетте, шекті айырмашылықты немесе элементтік есептеу схемаларын қолдана отырып, сандық түрде шешіледі. Физикаға негізделген модельдер нақты құбылыстың математикалық идеалдандырылған көрінісін қамтамасыз етсе де, оларды алуы қиын және жоғары есептеу талаптары бар үлкен көлемді деректерді қажет етеді.

Тұжырымдамалық модельдер гидрологиялық процестердің барлық компоненттерін маңызды және жеңілдетілген концептуализация ретінде сипаттайды. Бұл әдетте гидрологиялық циклдің тиісті құрамдас процестерімен толықтырылып, таусылатын өзара байланысты әңгімелер жүйесіне әкеледі.

Модельде жауап беру функциясы бар, онда өзен бассейнінің су тасқыны режимі екі жоғарғы сызықты емес резервуардан ағып кетумен сипатталады, ал негізгі ағын төменгі

жауап жәшігінен ағып кетумен реттеледі, ол жоғарғы жауап жәшігінен ағып кетеді.Ағын су бассейндерінің әрқайсысына тәуелсіз жасалады, содан кейін түрлендіру функциясы арқылы жіберіледі.Бұл зерттеудің зерттеу саласы тропикалық климатта орналасқан. Сондықтан, тропикалық климатта бастапқы деректер кеңістіктік жауын-шашынды есептеу үшін жеткілікті станциялардың тәуліктік жауын-шашыны,әлеуетті жиынтық буланудың орташа айлық мәні және калибрлеу үшін тәуліктік ағынның деректері болып табылады.

Негізгі бөлім

Су тасқыны туралы ескертудің су тасқынына қарсы күреске қосқан үлесі ретінде маңыздылығын мойындай отырып, олардың ауқымы мен мерзімі жағынан су тасқыны болжамдарына қатысты күтулер өсті. Бұл өлшенген аймақтардан болжамдарды бұрынғы әдістері енді жеткіліксіз болуы мүмкін дегенді білдіреді. «Ағынды болжаудың кез-келген жүйесінің жүрегі – гидрологиялық модель», су жинауды модельдеу су тасқынының болжау және алдын-алу жүйесінің тиімділігі мен әрекетілігі байланысты болатын маңызды элементтердің бірі болып табылады.

Гидрологиялық болжам - бұл белгілі бір географиялық жерде немесе канал аймағында ағынның жылдамдығы, жиынтық көлемі, кезең деңгейі, су басу ауданы немесе ағынның орташа жылдамдығы сияқты гидрологиялық құбылыстың болашақ күйін бағалау. Мұндай болжамның орындалу уақыты-болжам жасалған сәттен бастап (яғни болжам басталған сәттен бастап) болжам қолданылатын уақыттың болашақ сәтіне дейінгі кезең. Уақыт категорияларының анықтамалары белгілі бір аймақтағы немесе тіпті елдегі су жинау мөлшеріне байланысты субъективті болып табылады.

Су тасқыны резервуардың шоғырланған қоймасы немесе ашық арнаның қол жетімді қоймасы арқылы бағыттау - бұл су тасқыны толқыны төмен қарай жылжыған сайын канал бойындағы бір немесе бірнеше төменгі нүктелердегі ағынды су тасқыны гидрографының мөлшері, жылдамдығы мен формасының өзгеруін бағалаудың математикалық процедурасы. Жоғары ағыс бойынша аймақтағы ағыс гидрографы жоғары ағыс бойынша аймақтағы жауын-шашыннан, су қоймасының босатылуынан немесе су қоймаларына көшкіннен туындаған ағыстың нәтижесі болуы мүмкін.

Гидрологиялық бағыттау модельдерін екі топқа кеңінен жіктеуге болады: біріншіден, су қоймалары немесе көлдер сияқты шоғырланған немесе жинақталған сақтау үшін қолданылатын бассейн деңгейінің түрі; екіншіден, өзендер немесе ұзын тар көлдер үшін қолданылатын үлестірілген сақтау түрі. Екі категорияда да модельдер сызықты немесе сызықты емес, сонымен қатар параметрлік немесе параметрлік емес болуы мүмкін.

Табиғаты, күрделілігі және мақсаты бойынша ерекшеленетін көптеген гидрологиялық модельдер бар. Гидрологиялық модельдер сумен қамтамасыз ету мен су қажеттіліктерін жақсы құрылымдалған бассейндік талдауға мүмкіндік береді, сонымен қатар мүдделі тараптардың тапшы және осал су ресурстарын ұтымды және әділ пайдалануды қамтамасыз ете отырып, үйлестірілген басқару мен жоспарлау үшін берік ғылыми негіз ұсынады. Сондай-ақ, географиялық ақпараттық жүйелермен (ГАЖ) бірге модельдер өзен бассейндерін басқаруға қажетті кеңістіктік деректердің үлкен көлемін өңдеуге, құрастыруға және ұсынуға ыңғайлы платформаны қамтамасыз ететіндігі атап өтілді. Жауын-шашынның ағынды суларға ауысуын модельдеу үшін жаңбыр ағынының модельдері жасалды.

Гидрологиялық өлшем - бұл шөгінділердің жиналу жылдамдығына әсер ететін негізгі фактор, сондай-ақ пайдаланылуы мүмкін шөгінділерді басқару әдістері түрлерінің негізгі анықтаушы факторы болып табылады. Гидрологиялық шағын су қоймалары қысқа уақытқа созылады және әдетте су тасқыны кезінде ағынның едәуір бөлігін төмен қарай ағызады. Жауын-шашынның төгілуін ынталандыру үшін оларды әр түрлі жолмен басқаруға болады, сонымен қатар жылдық ағынның төгіліп жатқан бөлігі. Қуат ағынының коэффициенті 50 пайыздан асатын су қоймасын гидрологиялық үлкен деп санауға болады және айтарлықтай жылдық өткізу қабілетіне ие болуы мүмкін. Ағынды суларға қатысты үлкен сыйымдылықпен бұл резервуарлар аз су төгеді, сондықтан жауын-шашынды

басқару үшін осы үлкен резервуарларды мерзімді түсіру немесе босату мүмкіндігі шектеулі, өйткені судың жоғалуы қолайсыз болар еді [2].

Су қоймалары үшін судың бірнеше деңгейін анықтауға болады. Су қоймасының толық деңгейі габаритті емес су төгетін жотаның биіктігімен немесе жоталы қақпаға қарсы судың есептелген қалыпты деңгейімен анықталады. Су тасқыны кезінде резервуардағы су деңгейі толық деңгейден жоғары көтерілуі мүмкін және бұл жоғары жобалық деңгей судың максималды деңгейі деп аталады. Ең төменгі жұмыс деңгейі нақты қабылдау құрылымының талаптарынан анықталады және ең төменгі деңгейдегі қабылдау пайдаланылуы мүмкін ең төменгі деңгей болып табылады.

Бөгеттің ағысы бойынша жоғары құрылатын қойманың жалпы көлемі шығару құрылыстарының орналасуына және пайдалану мақсаттарына байланысты бірнеше аймаққа бөлінуі мүмкін. Өлі қойма - бұл ең төменгі деңгейдегі кірістілік инверсиясынан төмен және ауырлық күшімен құрғатылмайтын көлем. Тірі қойма - бұл өлі қойманы алып тастағанда резервуардың толық деңгейінен төмен жалпы көлем.

Су тасқынының құрамдас бөлігі бар жобаларда су тасқыны қоймасы су тасқынының алдын алуға арналған бассейннің жоғарғы бөлігі болып табылады. Белсенді немесе сақтау қоймасы - бұл пайдалы пайдалану үшін басқаруға болатын көлем, бірақ су тасқыны қоймасынан басқа. Ол ең төменгі жұмыс деңгейінен жоғары және су тасқыны бассейнінің түбінен төмен. Су тасқыны бассейнінің мөлшері су тасқынының қауіптілігіне байланысты мерзімді өзгеріп отыруы мүмкін, ал ортақ бөлісу бассейні - бұл жыл бойы су тасқынымен күресуге және басқа кезеңдерде сақтауға арналған көлем. Белсенді емес сақтау орны - бұл әдетте пайдаланылмайтын сақтау бассейнінің төменгі бөлігі. Мысалы, шығындар әдетте рекреациялық пайдаланушылардың мүддесі үшін шектелуі мүмкін, бірақ ұзақ уақыт құрғақшылық кезінде қажет болуы мүмкін.

Қорытынды

Су ресурстарын сақтау үшін пайдаланылатын резервуарлық бассейн кейіннен тұтынушыларға жоспарланған мөлшерлемелер бойынша жеткізу үшін тұрақты емес ағын ағындарын алады. Гидрологиялық шағын муниципалды су қоймасы, әдетте, құрғақшылық жағдайларын қоспағанда, төмен деңгейде қалады.

Гидрологиялық шағын суару ыдысы барлық жиналған суды фермерлерге жыл сайын жеткізе алады және әр суару маусымының соңында босатылуы мүмкін.

Резервуардан судың ағып кетуін бақылау үшін шығатын тесіктер жоғары, орта және төмен деңгейде орналасуы мүмкін. Су сапасының сипаттамалары, мысалы, ерітілген оттегі, тоқтатылған қатты заттар және температура тереңдікке байланысты өзгереді, ал көп деңгейлі қоршау құрылымы босатылған судың сапасын жақсарту үшін әр түрлі тереңдіктен суды іріктеп алуға мүмкіндік береді. Бұл түрлер резервуарды ағызу және шөгінділерді шығару үшін пайдалануға болады.

Өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі бөгеттердің бұзылуының негізгі себептерінің бірі болып табылады және бөгеттердің көпшілігі төтенше су тасқынын қауіпсіз түрде ағызу үшін толып кетуді қамтамасыз етеді. Аз бөгет ретінде жобаланған емес, құю құрылыстары, бұл ретте барлық тасқын су ағыны үшін арналған өту арқылы низкоуровневые қақпасы. Су ағызу жотасынан асып кетсе, үлкен көлемді су төгетін су ағызыла бастайды, ал су әдетте жабық ағызу кезінде ағызу жотасынан жоғары болады, ал ағызу да, бассейн деңгейі де қақпаның жұмысымен бақыланады.

Су тасқынының жобалық өлшемдері бір елден екінші елге ерекшеленеді, сонымен қатар төменгі ағыстың қауіптілігі мен дамбаның түріне байланысты, бірақ су төгудің өткізу қабілеті әдетте 1000 жылдан 10 000 жылға дейін қайтару аралықтары бар су тасқыны оқиғаларына негізделген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Константинов Н.М., Высоцкий Л.И., Петров Н.А. Гидравлика, гидрология, гидрометрия. – М.: Высшая школа, 2007. – С. 115-119.

2. Михалев М.А. Инженерная гидрология. Гидрологические расчеты. - СПб.: Изд-во СПбГТУ, 2007. –С. 87-92.

УДК 377.131.14

ПРИМЕНЕНИЕ КРЕАТИВНЫХ ПОДХОДОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ВТОРИЧНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПРИ ВЫПОЛНЕНИИ ТВОРЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Ионова В.В.
преподаватель специальных дисциплин, педагог – исследователь,
Колледж искусств и дизайна им. А. Кастеева
г. Шымкент, Республика Казахстан
vasilidi1975@mail.ru

Данная статья предлагает обзор использования бумаги, фольги и мусорных пакетов в учебном процессе при выполнении творческих заданий. Творческие работы демонстрируют удивительные навыки студентов, преобразуя обычные материалы в произведения искусства. Эти работы подчеркивают необходимость утилизации и переработки отходов, а также вдохновляют на инновационные идеи и подходы к творчеству.
Ключевые слова: *"инновационные работы", "вторичные материалы", "креативность", "творчество ", "дизайн", "студенты".*

Бұл мақала оқу процесінде шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде қағаз, фольга және қоқыс пакеттерін пайдалануды сипаттайды. Шығармашылық жұмыстар әдеттегі материалдарды таңғажайып өнер туындыларына айналдыра отырып, өнердің таңғажайып дағдыларын көрсетеді. Бұл жұмыстар қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу қажеттілігін көрсетеді, сондай-ақ шығармашылыққа инновациялық ойлар мен тәсілдерге шабыт береді.
Кілт сөздер: *"инновациялық жұмыс", "қайта өңделген материалдар", "шығармашылық", "креативтілік", "дизайн", "студенттер".*

This article offers an overview of the use of paper, foil, and trash bags in the educational process for creative assignments.

Развитие 5G и квантовых вычислений ускорит обработку информации, а носимые гаджеты смогут отслеживать здоровье с высокой точностью, предупреждая заболевания. Автономный транспорт и роботы-ассистенты заменят человека в рутинных задачах, повышая безопасность и комфорт. Однако с ростом технологий возникнут вопросы кибербезопасности и приватности, требующие новых решений.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Бриньольд А. В. SMART-технологии: принципы и перспективы развития. — М.: Наука и технологии, 2023.
2. Иванов П. С., Смирнова, Е. Н. Влияние искусственного интеллекта на экономику и общество // Журнал цифровых исследований. — 2022. — №4. — С. 45-58.
3. Brown J., & Smith K. The Internet of Things and Its Impact on Society. — New York: TechPress, 2021.
4. https://sky.pro/ Статья “Smart технологии, что это и зачем они нужны”
5. https://tzia.ru/ Статья “ТехноЗавод:инновации и автоматизации”.

ӘОЖ 373.545

ХИМИЯ ПӘНІ САБАҒЫНДА ЖОБА ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Куатбекова А.М.
Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
aida_kuatbekova01@mail.ru

Джетимов М.А.
Техника ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
make._d_61@mail.ru

Бұл мақала химия пәні сабағында жоба жұмысын ұйымдастыру арқылы білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға арналған. Жоба әдісі оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін, ғылыми-зерттеу дағдыларын және сыни тұрғыда ойлану қабілеттерін жетілірудің тиімді құралы ретінде қарастырылады. Жоба жұмыстарының мазмұнын, кезеңдерін және оларды ұйымдастыру әдістерін талдай отырып, оқушылардың дербес іздену және командалық жұмыс дағдыларын қалыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Мақалада тәжірибелік жобалар мысалдары келтіріліп, олардың оқыту үдерісіне ықпалы талданған. Бұл әдістің нәтижелілігі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамытуы арқылы расталады. Мақала білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен зерттеу әдістерін жетілдіруге қызығушылық танытқан педагогтарға, әдіскерлерге және білім беру саласының зерттеушілеріне арналған.

Кілт сөздер: *зерттеушілік, инновация, дағды, ғылыми.*

Данная статья посвящена развитию исследовательских способностей обучающихся через организацию проектной работы на уроке химии. Проектный метод рассматривается как эффективное средство для улучшения творческих способностей учащихся, исследовательских навыков и навыков критического мышления. Анализируя содержание, этапы проектных работ и методы их организации, показывает важную роль учащихся в формировании навыков самостоятельного поиска и командной работы. В статье приводятся примеры практических проектов и анализируется их влияние на процесс обучения. Результативность данного метода подтверждается повышением интереса обучающихся к предмету и развитием у них научно-исследовательских способностей. Статья предназначена для педагогов, методистов и педагогов, заинтересованных в совершенствовании инновационных подходов и методов исследования в области образования.

Ключевые слова: *исследования, инновации, навыки, научные.*

This article is devoted to the development of students ' research skills through the organization of project work in Chemistry Lessons. The project method is considered as an effective tool for improving students ' creative thinking, research skills, and critical thinking abilities. Analyzing the content, stages of project work and methods of their organization, it shows the important role of students in the formation of independent search and teamwork skills. The article presents examples of practical projects and analyzes their impact on the learning process. The effectiveness of this method is confirmed by increasing students ' interest in the subject and developing their research abilities. The article is intended for teachers, methodologists and teachers interested in improving innovative approaches and research methods in the field of Education.

Key words: *research, innovation, skills, scientific.*

Химия пәні сабағында жоба жұмысын ұйымдастыру арқылы білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту тақырыбының өзектілігі қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл өзектілік бірнеше факторлармен түсіндіріледі:

1. 21-ғасыр дағдыларының қажеттілігі.

Қазіргі әлемде зерттеушілік қабілеттер, сыни ойлау, шығармашылық, және деректермен жұмыс істей білу қабілеттері жоғары бағаланады. Химия сияқты пәндерде жобалық жұмыстар арқылы бұл дағдыларды қалыптастыру оқушыларды болашаққа дайындайды.

2. Химияның өмірмен байланысы

Химия — ғылым мен күнделікті өмір арасында тығыз байланыс бар пән. Жоба жұмыстары арқылы оқушылар химияның өмірдегі рөлін тереңірек түсініп, теорияны практикамен байланыстыра алады.

3. Оқушылардың мотивациясын арттыру

Жоба жұмысы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді тәсілі. Жеке немесе топтық зерттеулер оқушыларға өз идеясын іске асыруға мүмкіндік береді, бұл олардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттырады.

4. Зерттеушілік қабілетті дамыту

Зерттеу жұмыстары барысында оқушылар ғылыми гипотезалар құрып, тәжірибелер жүргізіп, деректерді талдап, қорытынды жасайды. Бұл процестер оқушылардың ғылыми ойлауын дамытып, өз бетімен білім алуға деген ынтасын қалыптастырады.

5. Интеграцияланған білім беру

Жобалық жұмыс тек химиямен шектелмей, басқа да пәндермен интеграциялануы мүмкін, мысалы, математика, биология, физика және экология. Мұндай тәсіл оқушылардың кешенді білім алуына ықпал етеді.

6. Білім беру реформаларының талаптарына сәйкес келуі

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңартылған бағдарлама оқушылардың жеке тұлғалық және құзыреттілік қасиеттерін дамытуға басымдық береді. Жобалық жұмыс осы талаптарға толық сәйкес келеді [1].

Химия пәніндегі жобалық жұмыс оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып қана қоймай, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, өмірмен байланыс орнатуға және тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл әдістің өзектілігі білім беру жүйесінің заманауи талаптары мен оқушыларды ғылымға баулу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Мақсаты:

- Оқушылардың химия ғылымына қызығушылығын арттыру;
- Ғылыми-зерттеу әдістерін меңгерту;
- Танымдық, сыни ойлау, шығармашылық және өздігінен білім алу дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Теориялық білімді практикада қолдану: Оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге тарту арқылы химияның маңыздылығын түсіндіру.

2. Зерттеу дағдыларын дамыту: Мәселені анықтау, гипотезаны құру, деректерді жинақтау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін жетілдіру.

3. Шығармашылық ойлауды ынталандыру: Жобалық жұмыс барысында жаңа идеялар ұсынуға және оларды жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

4. Топтық және жеке жұмыс дағдыларын қалыптастыру: Командалық жұмыстың маңыздылығын түсіндірумен қатар, әр оқушының жеке жауапкершілігін күшейту.

5. Қарым-қатынас және презентация дағдыларын дамыту: Оқушыларды өз идеяларын көпшілік алдында қорғауға және нәтижелерді сауатты ұсынуға үйрету.

Осы мақсатқа жету жолдары:

- Химия пәнінің мазмұнындағы өзекті тақырыптарды таңдап, жоба жұмыстарына бейімдеу.
- Лабораториялық тәжірибелер мен эксперименттерді жоба жұмыстарына енгізу.
- Оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, тақырыптарды өмірмен байланыстыру.

- АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) қолдану арқылы жобаларды тиімді ұйымдастыру.

Химиядан жоба жұмысын ұйымдастыру арқылы білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту – білім беру саласында маңызды бағыттардың бірі. Мұндай жұмыстар оқушылардың ғылыми-зерттеу қабілеттерін қалыптастырып, сыни ойлау, ақпаратты сараптау және шығармашылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл мақалада химиядан жоба жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемелік негіздері мен оның білім алушыларға тигізетін әсері қарастырылады [2].

Жоба жұмыстарының маңыздылығы

Химия пәнінде жоба жұмыстарын жүргізу білім алушыларға төмендегідей мүмкіндіктер береді:

1. Тәжірибелік дағдыларды дамыту: Теориялық білімді практикада қолдану арқылы зерттеушілік әдістерді меңгереді.

2. Ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыру: Мәселені анықтау, гипотезаларды құру, тәжірибелер жүргізу және нәтижелерді талдау арқылы зерттеушілік мәдениеті қалыптасады.

3. Шығармашылық қабілеттерді арттыру: Оқушылардың өз бетінше шешім қабылдау, жаңа идеяларды ұсыну қабілеті дамиды.

4. Коммуникация және топтық жұмыс: Жоба жұмысында топпен жұмыс жасау арқылы оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, өз ойларын еркін жеткізе алады.

Жоба жұмысының кезеңдері

Химиядан жоба жұмыстарын ұйымдастыруда келесі негізгі кезеңдер бар:

1. Мәселені анықтау және тақырыпты таңдау: Мектеп бағдарламасындағы маңызды тақырыптардан өзекті мәселелерді таңдау ұсынылады (мысалы, суды тазартудың әдістері, экологиялық мәселелер, химиялық заттардың әсері).

2. Зерттеу жоспарын құру: Жобаның мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері және күтілетін нәтижелер анықталады.

3. Тәжірибе жүргізу: Лабораториялық жұмыстарды орындау немесе деректер жинау үшін тәжірибелік бөлім жүзеге асырылады.

4. Нәтижелерді талдау: Жиналған мәліметтерді сараптап, ғылыми негізделген қорытындылар жасау.

5. Жұмысты қорғау: Жобаны қорғау кезеңі оқушылардың зерттеу нәтижелерін түсіндіру қабілетін бағалауға мүмкіндік береді [3].

Менің тәжірибемдегі жоба жұмысын ұйымдастыруға алналған мысалдарға тоқталайық:

Судың химиялық қасиеттері және оны тазарту әдістері: Экологиялық және тұрмыстық аспектілерді зерттеу.

Кесте 1 – Судың химиялық қасиеттері

Тақырыптың өзектілігі	Су – өмірдің негізі. Ол тірі организмдердің қалыпты тіршілік етуі үшін ғана емес, сондай-ақ өндірістік, ауыл шаруашылық, тұрмыстық қажеттіліктерді қамтамасыз етуде де маңызды. Алайда, судың ластануы және оның тапшылығы экологиялық және әлеуметтік мәселелердің өршуіне әкеліп соқты. Бұл зерттеу судың химиялық қасиеттерін түсінуге және оны тиімді тазартуға мүмкіндік береді.
Мақсаты	Судың химиялық қасиеттерін және оны тазарту әдістерін зерттей отырып, судың сапасын жақсартуға арналған экологиялық және тұрмыстық ұсыныстар жасау
Зерттеу міндеттері	1. Судың химиялық қасиеттерін зерттеу: - Судың молекулалық құрылымы және еріткіш ретіндегі қасиеті. - Судың қаттылығы, қышқылдығы (pH), тұздардың мөлшері және ерігіштігі. 2. Ластаушы заттарды анықтау: - Су құрамындағы ауыр металдар, органикалық ластаушылар, микроорганизмдер және мұнай өнімдері.

	3. Тазарту әдістерін қарастыру: - Физикалық: сүзу, тұндыру, ультрафильтрация. - Химиялық: коагуляция, адсорбция, хлорлау. - Биологиялық: биофильтрлер мен микробиологиялық тазарту. 4. Экологиялық аспектілерді талдау: - Ластанған судың табиғатқа және адам денсаулығына әсері. - Су ресурстарын ұтымды пайдалану жолдары. 5. Тұрмыстық аспектілерді зерттеу: - Тұрмыста суды тазартудың әдістерін қолжетімді етіп жасау. - Суды қайта пайдалану жолдары.
Зерттеу әдістері	1. Теориялық талдау: - Әдебиеттер мен ғылыми деректерді зерттеу. 2. Эксперимент: - Әртүрлі су көздерінен сынама алып, оларды химиялық талдау. - Тазарту әдістерінің тиімділігін зерттеу. 3. Практикалық ұсыныстар әзірлеу: - Эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, тұрмыстық және өндірістік жағдайларда қолдануға болатын ұсыныстар жасау.
Экологиялық аспектілер	1. Суды ластайтын негізгі көздер: - Өндірістік және ауыл шаруашылық қалдықтар. - Қалалық ағынды сулар және тұрмыстық ластаушылар. 2. Судың сапасы экожүйелерге қалай әсер етеді: - Биологиялық әртүрліліктің төмендеуі. - Ластанудың азық-түлік тізбегіне енуі. 3. Ластанудың алдын алу: - Су ресурстарын қорғауға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен экологиялық стандарттарды енгізу.
Тұрмыстық аспектілер	1. Суды тұрмыста тазарту: - Сүзгілер мен тазарту құрылғыларын қолдану. - Қайнату және табиғи сорбенттерді пайдалану (көмір, құм). 2. Экономикалық тиімді әдістер: - Үй жағдайында су тазарту үшін арзан әрі қолжетімді тәсілдер. 3. Халыққа білім беру: - Суды үнемді пайдалану мен оның ластануын азайту бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізу.
Практикалық нәтиже	- Судың химиялық құрамындағы өзгерістерді анықтау және тазарту әдістерінің тиімділігін бағалау. - Тұрмыстық және экологиялық мақсаттарға арналған қолжетімді ұсыныстарды ұсыну. - Су ресурстарын сақтау бойынша қоғамға нақты ұсыныстар дайындау.
Қорытынды	Бұл зерттеу судың сапасы мен оны тазартудың тиімді әдістерін зерттеуге негізделеді. Ол экологиялық мәселелерді шешуге және тұрмыстық жағдайда суды сапалы түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

Химия пәні сабағында жоба жұмысын ұйымдастыру білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуда ерекше орын алады. Жоба жұмысы оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастырып, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді. Оқушылар өз бетімен ақпарат жинауға, тәжірибелер жүргізуге, алынған нәтижелерді талдауға және қорытынды жасауға үйренеді [4].

Жобалық әдістің артықшылықтары:

- Жеке және топтық жұмыс дағдыларын дамыту: Оқушылардың жауапкершілігін арттыру, бірлесе жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыру.
- Ғылыми зерттеу негіздерін игеру: Ғылыми әдістерді пайдаланып, тәжірибелер жүргізу.

- Қызығушылықты арттыру: Химияның өмірмен байланысын көрсету арқылы пәнге деген ынтаны күшейту
- Өздігінен білім алуға ынталандыру: Оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашып, дербес ойлау қабілеттерін дамыту.

Жоба жұмыстары арқылы білім алушылар экологиялық мәселелерді шешуге, қоғамға пайдалы шешімдер ұсынуға және ғылымға қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік алады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы».

2. Дьюи Джон. «Образование и опыт» (перевод с англ.). М.: Педагогика, 1986.

3. Иванова Т.А. «Проектная деятельность на уроках химии: Теория и практика». М.: Просвещение, 2018.

4. Сейсенбаева А.Т. «Химия пәнінде зерттеушілік қабілеттерді дамыту әдістері». Алматы: Білім, 2021.

5. Интернет-ресурстар: [Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты](https://www.edu.gov.kz).

UDC 004

AUGMENTED REALITY TECHNOLOGY: ESSENCE, MEANS AND METHODS OF IMPLEMENTATION

G. Kydyrbaeva
Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan
kidirbaeva@gmail.com

N. Tastambekov
2nd year Master's degree, in 7M01503 "Computer Science", Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan
tastambekov.nurasyl@mail.ru

This article explores the essence of augmented reality (AR) technology, its operating principles, and methods of implementation in various fields. AR technology overlays virtual elements (graphics, text, audio, video) onto real-world objects in real time, creating an interactive experience. Although AR applications have gained significant popularity in recent years, the concept has existed since the 1970s. Today, AR is an essential tool in education, business, healthcare, architecture, entertainment, and industry, enhancing visualization and interaction capabilities. The study also examines different approaches to AR implementation, including marker-based, markerless, and GPS-based technologies, highlighting their advantages and limitations. Additionally, the paper provides a comparative analysis of AR development tools and platforms, emphasizing their role in modern digital transformation.

Key words: *augmented reality, AR technology, virtual environment, visualization, digital transformation, education.*

Бұл мақалада толықтырылған шындық (AR) технологиясының мәні, оның жұмыс істеу принциптері және әртүрлі салаларда қолдану әдістері қарастырылады. AR технологиясы виртуалды элементтерді (графика, мәтін, аудио, видео) нақты объектілерге нақты уақытта қабаттастырып, интерактивті тәжірибе жасайды. Соңғы жылдары AR қолданбалары үлкен танымалдылыққа ие болғанымен, бұл тұжырымдама 1970-жылдардан бері бар. Бүгінде AR білім беру, бизнес, денсаулық сақтау, сәулет, ойын-сауық және өндіріс салаларында маңызды құралға айналып, визуализация мен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейтуде. Зерттеуде AR енгізудің түрлі тәсілдері, соның ішінде маркерлік, маркерсіз және GPS негізіндегі технологиялар қарастырылып, олардың артықшылықтары мен шектеулері талданады. Сонымен қатар, мақалада AR әзірлеуге арналған құралдар мен платформалардың салыстырмалы талдауы ұсынылып, олардың заманауи цифрлық трансформациядағы рөлі көрсетіледі.

Кілт сөздер: *толықтырылған шындық, AR технологиясы, виртуалды орта, визуализация, цифрлық трансформация, білім беру.*

В данной статье рассматривается сущность технологии дополненной реальности (AR), её принципы работы и методы внедрения в различных сферах. AR-технология накладывает виртуальные элементы (графику, текст, аудио, видео) на реальные объекты в режиме реального времени, создавая интерактивный опыт. Несмотря на то, что приложения AR получили широкую популярность в последние годы, сама концепция существует с 1970-х годов. Сегодня AR является важным инструментом в образовании, бизнесе, здравоохранении, архитектуре, индустрии развлечений и производстве, расширяя возможности визуализации и взаимодействия. В исследовании также рассматриваются различные подходы к реализации AR, включая маркерные, безмаркерные и GPS-основанные

технологии, с анализом их преимуществ и ограничений. Кроме того, работа содержит сравнительный анализ инструментов и платформ для разработки AR, подчеркивая их роль в современной цифровой трансформации.

Ключевые слова: *дополненная реальность, AR-технология, виртуальная среда, визуализация, цифровая трансформация, образование.*

The essence of augmented reality technology and methods of its implementation.

The principle of operation of augmented reality technology is the mechanism of superimposing some virtual object (graphics, text, audio, video, etc.) onto a real object in the surrounding world in real time. The direction of research in this area is designated by a clearly established term – Augmented Reality (augmented reality), abbreviated as AR technology.

Despite the fact that applications using augmented reality have gained widespread popularity relatively recently, this technology can hardly be called the latest. In the 70s of the twentieth century, Harvard University professor A. Sutherland and his students showed the possibility of complementing one reality (natural) with another (virtual) (Fig. 1). [1] Currently, IT experts highlight the concept of extended reality (XR), including augmented reality (AR) and virtual reality (VR), as a key development trend that provides the opportunity to radically change approaches to organizing work and educational processes, social and leisure support .

Today, augmented reality is a powerful tool for visualizing contextual information and an ergonomic way to deliver it to a person. The use of AR technology is currently most widespread in the areas of business and entertainment: advertising stands and animated presentations are created, 3D models are developed, simulators for key and specific professional skills, instructional support for complex engineering and craft work, and much more. For example, today users of smartphones and tablets have the opportunity to “furnish” their room, apartment, or house with furniture from a specific furniture store, thanks to which potential buyers understand how much a particular interior item is right for them.

Of course, the development of computer technology is beginning to influence educational technologies, enriching their means and methods, expanding the possibilities of the educational process. Placing some virtual objects in a certain environment in which they are initially absent makes it possible to simulate unusual educational practices.

At the same time, augmented reality technologies are still an “exotic” tool for presenting educational and methodological support for the discipline. This is largely due to the limitations imposed by the peculiarities of organizing human-computer interaction through a screen that provides a graphical user interface for displaying information.

The popularization of AR technology is facilitated by an increase in the general level of computer literacy, the spread of information technology to all spheres of human activity, and the rapid development of mobile computing devices and the gaming industry. Thus, a real breakthrough in technology occurred after the release of the game “Pokemon Go”: the imposition of 3D objects and special marks on the surrounding area aroused great interest among users and resonance in television and social networks. Note that the first mobile devices for augmented reality were adapted by German researchers D. Schmalstig and D. Wagner (beginning of the 21st century).

Areas of application of augmented reality technology

In the 21st century, augmented reality has found its application in various fields. Augmented reality technologies are used in attracting customers, training personnel, construction, designing cars, and entertaining ordinary users.

The most common technology is augmented reality in the field of marketing. [2] In order for a potential buyer to have a desire to buy the proposed product, it is necessary to provide him with the opportunity to study the product individually, from any aspect of interest. AR technology helps with this. For example, with its help today you can try on clothes and various accessories, try different cosmetics or makeup, hairstyle, and even a car.

Augmented reality technology is widespread in the field of geolocation and tourism. Many smartphones today have built-in GPS navigators, and there are also specialized devices. Thanks to the function of tracking the device in space, augmented reality technology makes it possible to navigate the area, plot a route, and study information about a landmark you encounter. The most common application of this type is the 2Gis system.

Augmented reality is also actively used in medicine. Basically, such applications have an educational purpose: of course, practicing medical knowledge must begin with the simplest things, which this technology helps with. For example, there is a "Palpsim AR" program that allows you to teach the process of palpation. Moreover, software based on the use of AR technologies has already been developed, which allows monitoring the patient's condition without any sensors.

The use of augmented reality in architecture and construction is quite promising. Using this technology, the architect who created the drawing gets the opportunity to see the expected result based on it on the screen of a tablet or smartphone. This not only looks presentable, allowing you to show potential customers or buyers the future results of the work, but it is also useful, since an incorrectly constructed drawing will be detected immediately, and a number of errors during construction can be avoided at the initial stage.

Augmented reality technology is used in the gaming industry. Quests based on the imposition of virtual reality on the user's environment are very popular, a striking example of which is the game "Pokemon Go" - a game for smartphones based on augmented reality GPS tags.

Augmented reality technology is used in various types of industries, including aviation and automotive. The use of this technology has made it possible to significantly reduce the time required to produce cars and other equipment, as well as reduce the number of errors during production. For example, based on a Boeing report, "the use of Google Glass has reduced production time by one quarter and reduced the number of errors by half," and the OPS Solutions augmented reality projection system allowed workers at Fiat Chrysler Automobiles (FCA) to Each stage of the assembly process receive visual information about the next step.

Children's books with augmented reality have been gaining popularity lately. These books are regular printed publications that can be purchased in a store or ordered online. By downloading an application specifically designed for the purchased book and installing it on a smartphone or tablet, the user is given the opportunity to "revive" the illustrations printed in the book. For example, such a publication is "3D book with living reality "Forest".

Augmented reality is also used in education. This is described in more detail in paragraph 2.

Principles of operation of AR applications

The specificity of augmented reality is that it programmatically visually combines two initially independent spaces: the world of real objects and the virtual world created on a computer. [3]

A new virtual environment is created by overlaying previously programmed virtual objects on top of the video signal from the camera, and becomes interactive through the use of special markers.

Augmented reality technology is not only developed for entertainment and advertising purposes. Applications built on this basis exist in the medical, military, and educational spheres.

The basis of augmented reality technology is the optical tracking system. This means that the camera can be thought of as the "eyes" of the system, and the markers are the "hands". Each marker is programmed with a specific action or 3D object. High-quality, good markers are considered to be images that have many distinctive features or points that will subsequently be read by the camera: this is necessary in order to eliminate confusion between markers. [4] Thus, the camera recognizes markers located in the real world, reads them into the virtual environment, superimposes one layer (virtual) of reality onto another (real) and thus creates a world of augmented reality.

Currently, augmented reality technologies are developing in three directions:

1. "Markerless" technology (Fig. 2). It works using special recognition algorithms, where a virtual "grid" is superimposed on the surrounding area captured by the camera. [5] On such a grid, software algorithms find special reference points that help determine the exact location to which the virtual model or object needs to be "attached". The advantage of this technology is that

real world objects themselves are markers, i.e. there is no need to create special visual identifiers. The main criterion when choosing a tag in this technology is that the image or object must be contrasting in itself and relative to the environment, and have a sufficient number of reference points so that the camera can correctly recognize them among other tags.

2.Technology based on markers or tags (Fig. 3). This technology is convenient because the markers are easier to recognize by the camera, and also makes the location of the virtual model more rigid. The likelihood of failures when using this technology is minimal. The marker in its structure and appearance is a bit like QR codes, which are also part of augmented reality technologies. Marker technology (the simplest and most popular) can be generally described by the following processes: capturing a real-world object with a camera and transmitting the video stream to a computer; computer software analysis of video image frames and search for the presence of special marks (markers, triggers); calculating the camera position relative to the markers; drawing a virtual object in a video frame; displaying a virtual object marker in place.

Technology of binding to GPS tags. Any smartphone has a built-in GPS sensor that tracks the location of an object (smartphone). The location of a virtual object is determined by its coordinates in space. The program is activated if the GPS coordinates match the coordinates of the virtual object. Spatial technology is based on determining reference points in the surrounding space and calculating the user's relative position using them using GPS/GLONASS geolocation systems. Coordinates in open space also determine the location of the virtual object.

We chose to use marker-free technology for developing augmented reality elements, since such images attract more attention from students due to the absence of special characters in their structure, that is, in fact, for people who are not familiar with augmented reality technologies, a kind of "miracle" occurs: an ordinary image turns into a 3D object, video or other element.

Moreover, the use of markerless technology has additional advantages in terms of introducing into the methodological part visual printed materials used in educational institutions when studying a specific topic and conducting practical work on it.

Classification and comparison of augmented reality systems

Augmented reality development tools are represented by a wide range of software products. [6] The technologies contained in the basis of each of the tools, as a rule, have quite strong differences.

To develop applications using augmented reality technologies, there are the following most accessible approaches :

a) use ready-made Augmented Reality libraries (frameworks), including various algorithms for object tracking, capture, recognition and image processing and supporting various devices and platforms;

b) use browsers (paid / free) that allow access to software for scanning space and optical recognition of objects, determining the user's location, storing data arrays (for example, markers).

Image recognition and tracking is the main function of AR applications. Mobile device software includes computer vision algorithms for the camera and artificial intelligence for image tracking. Most frameworks are also focused on the iOS or Android platforms (the choice of tools compatible with Windows, for example, is very limited). Modern smartphones are equipped with both geolocation modules and high-resolution cameras, so it is easier to develop augmented reality applications for mobile devices.

Creating virtual images and graphic effects requires the use of multifunctional tools, such as the Unity game engine or OpenSceneGraph. The choice depends on how graphically complex you want the content to be modeled to be. [7]

Table 1 shows the comparative characteristics of some existing SDKs (software development kits) – sets of tools for developing AR applications. The result of the work in this case is a separate application, which is placed on Google Play or AppStore.

Table 1 – The comparative characteristics of some existing SDKs

	Supported Platforms	**Functions**	**Terms of Use**
Vuforia [8]	Android, iOS, UWP и Unity	Recognition of various types of visual objects, text and environment recognition, VuMark (combination of image and QR code)	Free with Vuforia watermark; paid and without watermark – $99
EasyAR [9] развёртывание приложений	Android, iOS, UWP, Windows, OS X и Unity	3D object recognition, environmental perception, cloud recognition, work on smart glasses, cloud application deployment	For free
Wikitude [10]	Android, iOS, smart glasses	Image recognition and tracking, 3D tracking technology based on SLAM, GEO Data (improved work with georeferenced data), cloud recognition (allows you to save image databases in the cloud)	Free with watermark, paid – from €1990.
ARToolKit [11]	Android, iOS, Linux, Windows, OS X и smart glasses	Device position tracking, flat image tracking, camera calibration, support for optical helmets and glasses, free software, open source, optimal application speed	For free
Kudan	Android, iOS	3D objects, easy generation for free - for testing, 18 databases in the editor	Unity paid – from $1230

Table 2 shows the comparative characteristics of some AR content development tools in browsers. Such services allow the user to access projects of several companies or organizations.

Table 2 – The comparative characteristics of some AR content development tools in browsers

	Supported Platforms	**Functions**	**Terms of Use**
Aurasma (HP Reveal) [12]	Android, iOS	Transferring images and objects into the virtual world by simply pointing the device, creating your own auras and attaching them to images, objects and buildings, selecting animated 3D characters from the application library, the ability to share your “auras” with friends on Twitter, Facebook, sms or email mail.	for free
BlippAR [13]	Android, iOS	No programming or app setup required, real-time data tracking, trial version provided	for free
Layar	Android, iOS, BlackBerry	Integration of augmented reality into printing	for free
Metaverse (gometa.io) [14]	Android, iOS	Ease of use, the ability to add your own and built-in 3D objects, a large number of teaching materials, a large number of layers, backgrounds, 3D objects, an intuitive interface	for free
Augment	iOS and companies	Capture and modify images using augmented reality objects, the ability to view AR auras of famous corporations	for free
Daqri Studio	Android, iOS	Ability to use virtual and augmented reality glasses, collaborate with a team using a natural combination of video, voice and 3D annotations, observe, direct or comment on a real world view using digital tools and instructions.	for free

In the process of analyzing the initial conditions (lack of professional experience in programming AR applications), the tasks of designing AR content and development tools, we identified key aspects of the characteristics for selection: free software; ease of use, Android / iOS mobile platform; marker technology; image recognition; reproduction of 2D and 3D images, text, audio.

REFERENCES:

1. Яковлев Б.С., Пустов С.И. История, особенности и перспективы технологии дополненной реальности // Известия Тульского государственного университета. Технические науки. № 3. 2013. С. 479-484. URL: (дата обращения 11.04.2019)

2. Ситников А. AR-жизнь: применение и перспективы дополненной реальности // Indium Lab. 2017. https://dtf.ru/gamedev/7800-ar-zhizn-primenenie-i perspektivy-dopolnennoy-realnosti

3. Зуев А.С. Технологии дополненной и виртуальной реальности //Вестник МГТУ МИРЭА. Москва: 2015. С. 143-150.

4. Мытников А.Н., Мытникова Е.А., Кузнецова Л.Н., Солин С.Ю. Технологии разработки мобильных приложений // Теория и практика современной науки. 2016. № 4 (10). С. 504-507.

5. Пушкарев Г. Дополненная реальность (AR): перспективы и будущее технологии // Комсомольская правда. 2019. 01.2019. https://www.kp.ru/putevoditel/tekhnologii/dopolnennaya-realnost/

6. Голографика: 8 лучших SDK дополненной реальности для iOS и Android в 2017 году. URL: https://holographica.space/articles/8-best-ar-sdk-2017 9287 (дата обращения 11.04.2019)

7. Мытников А.Н., Мытникова Е.А., Кузнецова Л.Н., Солин С.Ю. Технологии разработки мобильных приложений // Теория и практика современной науки. 2016. № 4 (10). С. 504-507.

8. Vuforia Engine: developer portal. URL: https://developer.vuforia.com/ (дата обращения 11.04.2019)

9. EasyAR: Buid your APP connecting the real world. URL: https://www.easyar.com/view/download.html (дата обращения 15.04.2019)

10. Wikitude SDK: Endless AR Possibilities. URL: https://www.wikitude.com/ (дата обращения 15.04.2019)

11. ARToolKit URL: https://github.com/artoolkit (дата обращения 11.04.2019)

12. HP Reveal: A new Extended Reality Platform. URL: https://www.hpreveal.com/ (дата обращения 15.04.2019)

ӘОЖ 51

МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қажикенова А.А.
Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ардабаева А.К.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада Қазақстандағы мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар қарастырылады. Қаржылық сауаттылықтың маңыздылығы және оны математика пәні арқылы қалыптастыру жолдары сипатталады. Оқушыларға арналған қаржылық-экономикалық есептердің түрлері, олардың деңгейлерге бөлінуі және нақты өмірде қолдану мүмкіндіктері талданады. Қаржылық сауаттылықты дамыту оқушылардың ақшаны басқару дағдыларын жетілдіруге, саналы қаржылық шешімдер қабылдауына және болашақ экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуіне ықпал етеді.

Кілт сөздер: *қаржылық сауаттылық, мектептегі математика, қаржылық-экономикалық есептер, пайыздық есептер, инвестиция, инфляция.*

В данной статье рассматриваются государственные программы и инициативы, направленные на повышение финансовой грамотности школьников в Казахстане. Описывается важность финансовой грамотности и способы её формирования через предмет «математика». Анализируются виды финансово-экономических задач для учеников, их распределение по уровням и применение в реальной жизни. Развитие финансовой грамотности способствует улучшению навыков управления деньгами, принятию осознанных финансовых решений и обеспечению экономической стабильности в будущем.

Ключевые слова: *финансовая грамотность, математика в школе, финансово-экономические задачи, процентные расчёты, инвестиции, инфляция.*

This article examines government programs and initiatives aimed at improving the financial literacy of school students in Kazakhstan. It highlights the importance of financial literacy and describes methods of integrating it into mathematics education. The article analyzes different types of financial-economic problems for students, their classification by difficulty level, and their real-life applications. Developing financial literacy enhances students' money management skills, helps them make informed financial decisions, and contributes to future economic stability.

Key words: *financial literacy, school mathematics, financial-economic problems, percentage calculations, investment, inflation.*

Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл тұрғыда мектепте математиканы оқытуда қаржылық-экономикалық есептерді қолдану оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға, нақты өмірде кездесетін мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Қазақстанда оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында бірнеше мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар жүзеге асырылуда. Олардың негізгілері мыналар:

1. Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020–2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Бұл құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысымен бекітілген. Тұжырымдама халықтың қаржылық білімін

жетілдіру, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржы жүйесіне деген сенімді арттыру мақсаттарын көздейді. [1]

2. Орта білім беру жүйесінде қаржылық сауаттылықты енгізу: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мектеп бағдарламасына қаржылық сауаттылық элементтерін енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде. Бұл бастама оқушылардың ерте жастан бастап қаржылық білім мен дағдыларды меңгеруіне бағытталған.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің бастамалары: Ұлттық Банк халықтың, соның ішінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған жобаларды іске асыруда. Мысалы, 2017 жылы «Әлеуметтік-экономикалық өсу факторы ретінде қаржылық сауаттылықты арттыру» атты форумда балаларға қаржылық білім беру қажеттілігі атап өтілді. Сонымен қатар, Ұлттық Банк балаларға арналған әдістемелік материалдар мен мультимедиялық ресурстарды әзірлеп, таратты.

4. Fingramota.kz интернет-порталы: Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Fingramota.kz порталы арқылы қаржылық сауаттылық бойынша ақпараттық материалдар ұсынады. Бұл ресурста оқушылар мен жастарға арналған қаржылық жоспарлау, жинақтау, инвестициялау және алаяқтықтан сақтану туралы кеңестер мен оқу материалдары бар. [2]

Бұл бағдарламалар мен бастамалар оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, олардың жеке қаржыны тиімді басқару дағдыларын қалыптастыруға және болашақта экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қаржылық-экономикалық есептердің түрлері:

Бастауыш сыныптарда:

- Ақша бірліктерін есептеу (теңге, тиын).
- Сауда-саттық есептері (дүкендегі бағалар, жеңілдіктер).
- Қарапайым пайыздық есептер (мысалы, 10% жеңілдік қанша болады?).

Орта буында:

- Пайыздық есептер (несие, депозит, инфляция).
- Валюта айырбастау және айырбас бағамдары.
- Шығын мен табыс есептері (күнделікті бюджет, шығынды жоспарлау).

Жоғары сыныптарда:

- Құрама пайыздар (банктік салымдар, инвестициялар).
- Несиелерді есептеу (пайыздық мөлшерлемелер, төлем графигі).
- Инфляция және ақша құнының өзгерісі.
- Бизнестің қаржылық көрсеткіштері (кіріс, шығыс, пайда, шығын).

Қазақстандағы 5–9-сыныптарға арналған математика оқулықтарында қаржылық сауаттылыққа байланысты есептер көбіне пайыздар, пропорциялар, табыс пен шығын, бюджет, несие және депозит тақырыптарында кездеседі. Бұл есептер оқушылардың қаржылық түсініктерін дамытуға және оларды нақты өмірде қолдануға бағытталған.[3]

5-сынып. Саудадағы жеңілдік. Дүкенде бағасы 8 000 теңге болатын аяқ киімге 20% жеңілдік жасалды. Аяқ киімнің жаңа бағасы қанша теңге болды?

Шешуі: Ең алдымен жеңілдік суммасын табамыз:

$$8\,000 \cdot \frac{20}{100} = 1\,600 \text{ теңге}$$

Жаңа бағаны есептейміз:

$$8\,000 - 1\,600 = 6\,400 \text{ теңге}$$

Жауабы: 6 400 теңге.

6-сынып. Отбасылық бюджет. Отбасы ай сайын 200 000 теңге табыс табады. Олардың шығындары: азық-түлікке – 40%, коммуналдық төлемдерге – 15%, басқа қажеттіліктерге – 30%. Жинақтауға қанша теңге қалады?

Шешуі: Жалпы шығынды есептейміз:

$$\left(200\,000 \cdot \frac{40}{100}\right) + \left(200\,000 \cdot \frac{15}{100}\right) + \left(200\,000 \cdot \frac{30}{100}\right) = 80\,000 + 30\,000 + 60\,000 = 170000$$

Жинауға қалатын сумма:

$$200\,000 - 170\,000 = 30\,000 \text{ теңге}$$

Жауабы: 30 000 теңге.

7-сынып. Депозит есептеу. Банк салымына 100 000 теңге салынса және банк жылына 8% мөлшерлемемен өсім қосса, 3 жылдан кейін шоттағы жалпы ақша мөлшері қандай болады?

Шешуі: Күрделі пайыз формуласы:

$$A = P(1 + \frac{r}{100})^t$$

$$P = 100\,000, r = 8, t = 3.$$

$$A = 100\,000 \cdot \left(1 + \frac{8}{100}\right)^3 = 100\,000 \cdot \left(\frac{108}{100}\right)^3 = 108^3 = 125\,970 \text{ теңге}$$

Жауабы: 125 970 теңге.

8-сынып. Инфляцияның әсері. Бір тауардың бағасы 2023 жылы 5 000 теңге болды. Егер инфляция деңгейі жылына 10% болса, 2025 жылы бұл тауардың бағасы қанша болады?

Шешуі: Күрделі пайыз формуласы:

$$A = P(1 + \frac{r}{100})^t$$

$$P = 5\,000, r = 10, t = 2.$$

$$A = 5\,000 \cdot \left(1 + \frac{10}{100}\right)^2 = 5\,000 \cdot \left(\frac{110}{100}\right)^2 = 5\,000 \cdot 1{,}21 = 6\,050 \text{ теңге}$$

Жауабы: 6 050 теңге.

9-сынып. Инвестиция және табыс. Ержан 1 000 000 теңгені жылдық 12% өсіммен депозитке салды, егер ол ақшаны 5 жыл ұстаса, қарапайым және күрделі пайыз есебімен қанша табыс табады?

Шешуі: Қарапайым пайыз:

$$A = P + (P \cdot r \cdot t)$$

$$A = 1\,000\,000 + (1\,000\,000 \cdot 0{,}12 \cdot 5) = 1\,600\,000$$

Күрделі пайыз:

$$A = P(1 + \frac{r}{100})^t$$

$$P = 1\,000\,000, r = 12, t = 5.$$

$$A = 1\,000\,000 \cdot \left(1 + \frac{12}{100}\right)^5 = 1\,000\,000 \cdot \left(\frac{112}{100}\right)^5 = 112^5 = 1\,762\,300 \text{ теңге}$$

Жауабы: Қарапайым пайыз бойынша: 1 600 000 теңге, күрделі пайыз бойынша 1 762 300 теңге.

Берілген есептер саудадағы жеңілдіктер, бюджет жасау, депозит пен несиені есептеу, инвестицияның тиімділігін анықтау, валюта айырбастау және инфляцияның әсерін бағалау сияқты қаржылық ұғымдарды қамтиды. Осындай есептерді шешу арқылы оқушылар тек математикалық білімін жетілдіріп қана қоймай, қаржы әлемінде кездесетін нақты өмірлік мәселелерді де түсінуді үйренеді.

Қаржылық сауаттылық – қазіргі заманғы экономикалық жүйеде әрбір азаматқа қажетті дағдылардың бірі. Қазақстандағы 5–9-сынып математика оқулықтарында кездесетін қаржылық есептер оқушылардың ақша айналымын, пайыздық өсімдерді, бюджет жүргізуді және несиелеу жүйесін түсінуіне көмектеседі. Бұл дағдылар жасөспірімдерге болашақта саналы қаржылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. [4]

Оқушылардың қаржылық сауаттылығын дамыту – мемлекет үшін маңызды міндет. Мектеп бағдарламасына енгізілген қаржылық есептер болашақ ұрпақтың ақшаны тиімді басқаруына, қаржылық жоспарлау дағдыларын жетілдіруге және экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуіне көмектеседі. Сондықтан қаржылық сауаттылыққа бағытталған есептердің үлесін арттыру – білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Мектептегі математика сабағында қаржылық-экономикалық есептерді қолдану оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оларды өмірлік дағдылармен қаруландырады. Болашақта жеке қаржысын дұрыс басқару, кәсіпкерлікпен айналысу немесе экономикалық шешімдер қабылдау үшін бұл білімдер өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. "Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020–2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы" (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысы).
2. https://fingramota.kz/kk
3. Lusardi, A. (2015). Financial Literacy Skills for the 21st Century: Evidence from PISA. OECD Education Working Papers, No. 112.
4. Blue, L. E., & Brimble, M. A. (2014). Reframing the Expectations of Financial Literacy Education: Bringing Back the Reality. JASSA The Finsia Journal of Applied Finance, (1), 37–41.

ӘОЖ 372.854

АТМОСФЕРАНЫҢ ЛАСТАНУЫН БАҚЫЛАУ АРҚЫЛЫ ХИМИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қанат Ж.
Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
Zhuldyzkanat.01@mail.ru
Ғылыми жетекші: техника ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер Джетимов М.А.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
make._d_61@mail.ru

Бұл мақалада атмосфераның ластануын бақылау негізінде химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін дамыту жолдары қарастырылады. Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыруда зерттеу әдістерін қолдану, зертханалық тәжірибелер, химиялық талдау әдістері және деректерді мониторингтеу тәсілдері талқыланады. Сонымен қатар, зерттеу қызметінің мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы рөлі сипатталады.

Кілт сөздер: *атмосфераның ластануы, химия мұғалімдері, зерттеу құзыреттілігі, экологиялық білім, ғылыми зерттеу, зерттеу әдістері, химиялық талдау, оқыту технологиялары*

В данной статье рассматриваются пути развития исследовательской компетентности учителей химии на основе мониторинга загрязнения атмосферы. Обсуждается применение исследовательских методов, лабораторных экспериментов, химического анализа и способов мониторинга данных в формировании экологического сознания учащихся. Также раскрывается роль исследовательской деятельности в повышении профессиональной компетентности учителей.

Ключевые слова: *загрязнение атмосферы, учителя химии, исследовательская компетентность, экологическое образование, научное исследование, методы исследования, химический анализ, образовательные технологии.*

This article explores ways to develop chemistry teachers' research competence based on atmospheric pollution monitoring. It discusses the application of research methods, laboratory experiments, chemical analysis, and data monitoring techniques in shaping students' environmental awareness. Additionally, the role of research activities in enhancing teachers' professional competence is highlighted.

Key words: *air pollution, chemistry teachers, research competence, environmental education, scientific research, research methods, chemical analysis, educational technologies.*

Атмосфераның ластануы – қазіргі заманғы экологиялық қауіптердің бірі, оның салдары табиғи экожүйелерге, адам денсаулығына және климаттың өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді. Өнеркәсіптік өндіріс, көлік шығарындылары, ауыл шаруашылығы және тұрмыстық қалдықтардан бөлінетін газдар ауаның химиялық құрамын өзгертіп, экожүйелердің тұрақтылығын бұзады. Атмосфералық ластанудың негізгі зардаптары озон қабатының бұзылуы, қышқыл жаңбырлар, ауа сапасының нашарлауы, фотохимиялық смогтың түзілуі және жаһандық жылыну процестерінің үдеуі болып табылады. Қазақстан үшін атмосфералық ластану мәселесі ерекше өзектілікке ие. Республикада энергетика, металлургия, химия және мұнай өңдеу салалары жоғары дамыған, бұл аймақтарда ауаның ластану деңгейі жоғары болып отыр. Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Атырау және Алматы қалалары экологиялық қауіпті

аймақтардың қатарына жатады. Бұл қалаларда зиянды газдардың шекті мөлшерден асуы халықтың денсаулығына теріс әсер етуде. Сонымен қатар, Қазақстанның географиялық жағдайы (шөлейттену, шаңды дауылдар, температура инверсиясы) атмосфералық ластаушы заттардың таралуын қиындатып, олардың қоршаған ортада жинақталуына ықпал етеді. Қазақстанның экологиялық саясатында атмосфераның ластануын бақылау және оның алдын алу маңызды стратегиялық бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық келісімдер (Париж келісімі, Киото хаттамасы, Монреаль хаттамасы) шеңберінде еліміз ауа сапасын жақсарту шараларын қолға алуда. Осыған қарамастан, ластанудың алдын алу және азайту үшін ғылыми зерттеулерді күшейту, білім беру жүйесінде экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған әдістемелерді енгізу қажет.

Экологиялық білім беру – тұрақты даму мақсаттарына жетудің негізгі құралдарының бірі. Оқушылардың экологиялық санасы мен жауапкершілігін қалыптастыру үшін ғылыми негізделген білім берудің маңызы зор. Осы тұрғыда химия пәні экологиялық білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Химия сабағында атмосфераның ластануын зерттеу арқылы оқушылар қоршаған ортадағы химиялық процестерді түсінеді, ластаушы заттардың табиғаттағы айналымын, олардың адам денсаулығына және экожүйелерге әсерін талдайды. Бұл пән оқушыларға теориялық білім берумен қатар, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Экологиялық мәселелерді шешу үшін химиялық талдау әдістерін меңгеру қажет. Оқушылар зертханалық сабақтарда атмосфералық ластаушы заттардың құрамын анықтау, ауа сапасын бағалау, химиялық реагенттердің әсерін зерттеу арқылы ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, химия сабақтарында зерттеу қызметінің болуы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, ғылыми ізденіске деген қызығушылығын күшейтеді.

Химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін дамыту – сапалы экологиялық білім берудің негізгі шарттарының бірі. Мұғалімдер тек пәндік білім берушілер ғана емес, сонымен қатар оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне бағыттаушы мамандар ретінде қарастырылады. Зерттеу құзыреттілігі – бұл мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілеті, аналитикалық ойлау дағдылары, зерттеу әдістерін меңгеруі, эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және нәтижелерді өңдеу қабілеттері. Мұғалімдердің бұл құзыреттіліктерін дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: ғылыми әдістерді меңгеру (зерттеу жүргізу, деректерді жинау және талдау, нәтижелерді интерпретациялау), практикалық дағдыларды жетілдіру (зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру, химиялық талдау әдістерін қолдану), инновациялық технологияларды пайдалану (виртуалды зертханалар, онлайн симуляциялар, деректерді цифрлық форматта өңдеу), экологиялық жобаларды басқару (оқушылармен экологиялық мониторинг жүргізу, зерттеу нәтижелерін қорғау). Қазіргі уақытта Қазақстандағы білім беру жүйесінде мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігін дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Мұғалімдерге арналған ғылыми-әдістемелік курстар, семинарлар, экологиялық білім беру бағдарламалары кәсіби дамуды қамтамасыз етеді. Алайда, зерттеу қызметін мектеп бағдарламасына кеңінен енгізу үшін қосымша ресурстар мен әдістемелік қолдау қажет.

Бұл зерттеу атмосфераның ластануын бақылау арқылы химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін дамыту жолдарын қарастырады. Мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігі экологиялық білім берудің тиімділігін арттыруға және оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеудің негізгі мақсаттары: химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерінің құрылымын анықтау, атмосфераның ластануын зерттеу негізінде зерттеу әдістерін қолданудың тиімділігін бағалау, химия сабақтарында зерттеу әдістерін қолдануға арналған инновациялық әдістемелерді әзірлеу, мұғалімдердің кәсіби дамуы мен оқушылардың экологиялық білімін жетілдіруге бағытталған тәжірибелік ұсыныстар ұсыну.

Бұл мақалада химия пәнінде зерттеу әдістерін қолдану арқылы мұғалімдердің экологиялық білім беру мүмкіндіктерін кеңейту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қазақстанның экологиялық қауіпсіздік стратегиясы мен тұрақты даму міндеттерін жүзеге асыруда білім беру саласының маңыздылығын көрсетеді.

Атмосфераның ластануын бақылау – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы маңызды ғылыми және практикалық бағыттардың бірі. Өнеркәсіптік өндірістің артуы, көлік құралдарының санының көбеюі, ауыл шаруашылығы мен урбанизация процестері атмосферадағы зиянды заттардың концентрациясын ұлғайтып, климаттық өзгерістерге, экожүйелердің бұзылуына және адам денсаулығына кері әсер етуде. Ластану деңгейін анықтау және оны төмендету шараларын іске асыру үшін атмосфераны үнемі бақылап, ғылыми талдау жүргізу қажет. Атмосфералық ластану табиғи және антропогендік (адам әрекетінен болатын) факторлардың әсерінен туындайды. Антропогендік ластану көздері экологиялық проблемалардың негізгі себебі болып табылады. Өнеркәсіптік шығарындылар атмосфераны ең көп ластайтын көздердің бірі болып табылады. Металлургия, химия өндірісі, мұнай өңдеу зауыттары мен электр станциялары үлкен көлемде көмірқышқыл газы (CO_2), күкірт диоксиді (SO_2), азот оксидтері (NO_x) және ауыр металдар шығарады. Көлік құралдары қалаларда ауаның ластануына ықпал ететін негізгі фактор болып табылады. Автомобильдерден бөлінетін көміртек оксиді (CO), көмірсутектер, азот оксидтері және күйе қоршаған ортаның ластануына айтарлықтай әсер етеді. Ауыл шаруашылығы топырақ өңдеу, тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану, мал шаруашылығы нәтижесінде атмосфераға метан (CH_4), аммиак (NH_3) және басқа да газдар бөледі. Табиғи факторларға жанартаулар атқылауы, орман өрттері, шаңды дауылдар және биологиялық процестер жатады.

Атмосфералық ластаушы заттар химиялық құрамы мен әсер ету механизміне байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Күкірт диоксиді (SO_2) негізінен жанармай жағу және металлургиялық процестер кезінде бөлінеді. Ол атмосферада су буымен әрекеттесіп, күкірт қышқылын түзеді және қышқыл жаңбырлардың пайда болуына себепші болады. Азот оксидтері (NO_x) автокөліктер мен электр станцияларынан бөлінетін газдар болып табылады. Озон қабатының бұзылуына және фотохимиялық смогтың түзілуіне ықпал етеді. Көмірқышқыл газы (CO_2) негізгі парниктік газдардың бірі, отын жағу және өндірістік процестер нәтижесінде атмосфераға бөлініп, жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруіне әкеледі. Ұшпа органикалық қосылыстар (ҰОҚ) мұнай-химия өндірісі мен автокөліктерден бөлінетін газдар болып табылады. Олар озон қабатының бұзылуына ықпал етіп, фотохимиялық смогтың түзілуіне себеп болады. Ауыр металдар (қорғасын (Pb), сынап (Hg), кадмий (Cd)) металлургиялық өндірістер мен тұрмыстық қалдықтарды жағу нәтижесінде атмосфераға бөлініп, топырақ пен су көздерін ластайды.

Атмосфералық ластану экожүйелер мен адам денсаулығына бірқатар теріс әсерлерін тигізеді. Қоршаған ортаға әсері қышқыл жаңбырлар топырақтың құнарлылығын төмендетеді, су көздерінің ластануына ықпал етеді және ормандардың жойылуына себепші болады. Климаттық өзгерістер парниктік газдардың жинақталуы жаһандық жылынуға және климаттық катаклизмдердің көбеюіне алып келеді. Адам денсаулығына әсері тыныс алу жолдарының аурулары, аллергия, жүрек-қан тамырлары аурулары мен онкологиялық аурулардың көбеюіне әкеледі. Атмосфераның ластануын тұрақты бақылау оның алдын алу мен азайту шараларын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру қазіргі заманғы білім беру үдерісінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Ғылыми зерттеулер мен химиялық талдау әдістерін меңгеру арқылы мұғалімдер оқушыларға экологиялық мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеуді үйретіп, оларды зерттеу қызметіне баули алады. Зерттеу құзыреттілігі бірнеше маңызды компоненттерден тұрады, олардың әрқайсысы мұғалімнің кәсіби дамуы мен оқу үдерісінің сапасын жақсартуға бағытталған.

Когнитивті компонент ғылыми танымның әдістерін, теорияларын және қағидаларын білу және атмосфераның ластануына байланысты ғылыми деректерді талдау дағдыларын игеруді қамтиды. Практикалық компонент лабораториялық зерттеулерді жүргізу, талдау жасау және эксперименттік әдістерді пайдалану арқылы атмосфералық ластаушы заттардың құрамын анықтауды қамтиды. Мотивациялық компонент оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және олардың экологиялық мәселелерді шешуге ынталандыру, мұғалімнің өзі ғылыми зерттеулермен айналысып, кәсіби дамуға ұмтылуын қамтиды. Коммуникативтік компонент ғылыми зерттеу нәтижелерін оқушыларға дұрыс түсіндіру және оларды талқылау, сондай-ақ ғылыми конференцияларға, семинарларға және экологиялық жобаларға қатысуды қамтиды. Рефлексивті компонент зерттеу әдістерінің тиімділігін бағалау және оларды жетілдіру, қателерді талдау және болашақта оларды болдырмау жолдарын анықтауды қамтиды.

Химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін дамыту оқыту үдерісін жаңғыртып, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Атмосфераның ластануын бақылау негізінде жүргізілетін зерттеулер арқылы мұғалімдер химия пәнін экологиялық білім берумен үйлестіруге мүмкіндік алады.

Атмосфераның ластануын бақылау негізінде зерттеу құзыреттіліктерін дамыту әдістері химия мұғалімдерінің кәсіби дамуы мен оқушылардың экологиялық білімін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу әдістері мұғалімдерге теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және экологиялық мәселелерді ғылыми негізде талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу құзыреттілігін дамыту үшін бірнеше әдістер қолданылады, олардың ішінде эксперименттік зерттеулер, химиялық талдау әдістері, далалық зерттеулер және мониторинг, сондай-ақ оқушылармен ғылыми жобаларды ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Эксперименттік зерттеулер химия сабақтарында оқушыларға атмосфераның ластануын зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, ауаның құрамындағы көмірқышқыл газы мен басқа да ластаушы заттардың концентрациясын анықтау, су буларының құрамын зерттеу, қышқыл жаңбырлардың әсерін модельдеу сияқты тәжірибелер оқушылардың зерттеушілік дағдыларын арттырады. Химиялық талдау әдістерін қолдану ауаның құрамындағы зиянды заттарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдістердің ішінде газ талдағыштар, спектрометрия, хроматография сияқты аналитикалық құралдар қолданылады. Мұғалімдер мен оқушылар бұл әдістерді зертханалық сабақтарда және далалық зерттеулерде пайдалана алады. Далалық зерттеу және мониторинг атмосфераның ластану деңгейін бағалауға және оның динамикасын анықтауға бағытталған. Оқушылар мектеп маңында немесе қала ішінде ауаның сапасын зерттеп, алынған нәтижелерді ғылыми талдау арқылы ластану деңгейінің өзгеруін бағалай алады. Оқушылармен ғылыми жобаларды ұйымдастыру зерттеу құзыреттілігін дамытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Мұғалімдер оқушыларды экологиялық жобаларға тартып, оларды ғылыми зерттеулерге бағыттайды. Бұл жобалар атмосфералық ластану көздерін анықтау, олардың әсерін бағалау және ластануды азайту жолдарын ұсыну сияқты тақырыптарды қамтиды. Интерактивті әдістер қазіргі заманғы білім беру технологияларының маңызды құралдарының бірі ретінде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруда ерекше орын алады. Виртуалды зертханалар оқушыларға күрделі химиялық реакцияларды модельдеуге және атмосфералық ластану процестерін зерттеуге мүмкіндік береді. Модельдеу және симуляциялар атмосферадағы ластаушы заттардың таралуын, олардың химиялық өзгерістерін және қоршаған ортаға тигізетін әсерін зерттеу үшін қолданылады. Ойындық технологиялар мен жобалық әдістер оқушылардың зерттеушілік қызметке деген қызығушылығын арттырып, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытады. Тәжірибелік сабақтардың құрылымы және олардың химия пәнінде қолданылуы зерттеуді оқыту үдерісінің бір бөлігіне айналдыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушылар нақты деректермен жұмыс жасап, тәжірибелік әдістерді меңгеріп, зерттеу нәтижелерін талдауға бағытталған тапсырмаларды орындайды.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері зерттеудің ұйымдастырылуымен, қолданылған әдістермен және алынған нәтижелермен сипатталады. Зерттеу барысында мұғалімдер мен оқушылар екі топқа бөлінді: тәжірибелік және бақылау топтары. Қолданылған әдістерге сауалнамалар, бақылау, тестілеу және эксперименттік жұмыстар жатады. Эксперименттің ұйымдастырылуы барысында мұғалімдер мен оқушыларға атмосфералық ластану тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар берілді. Эксперимент нәтижелері зерттеудің тиімділігін көрсетті. Теориялық білім деңгейінің өзгерісі тәжірибелік топтағы мұғалімдер мен оқушылардың экологиялық мәселелер туралы білім деңгейінің артқанын дәлелдеді. Практикалық дағдылардың дамуы химиялық талдау әдістерін меңгеру және атмосфералық мониторинг жүргізу қабілеттерінің артуымен көрініс тапты. Мотивация деңгейінің артуы зерттеу жұмыстарына қатысқан мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылығының жоғарылағанын көрсетті. Нәтижелерді талдау экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштердің диаграммалық салыстырмасын қамтиды. Зерттеуге дейін және кейін алынған мәліметтер негізінде мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігі деңгейінің артқанын көрсететін диаграммалар жасалды. Мұғалімдер мен оқушылардың пікірлері экспериментке қатысушылардың зерттеу әдістерін қолдану сабақ тиімділігін арттырғанын атап өтуімен сипатталды. Зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу динамикасы зерттеу процесінде мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларының біртіндеп жақсарғанын көрсетті.

Қорытынды және ұсыныстар зерттеудің негізгі нәтижелерін тұжырымдауды, химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін арттырудың тиімді жолдарын ұсынуды және болашақта зерттеу бағыты бойынша ұсыныстар беруді қамтиды. Зерттеудің негізгі нәтижелерін тұжырымдау барысында атмосфералық ластануды бақылау негізінде химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін дамыту тиімді әдіс екендігі анықталды. Эксперименттік зерттеу барысында мұғалімдердің ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеруі және оқушылардың танымдық белсенділігі айтарлықтай артқаны байқалды. Зерттеу әдістерін қолдану химия пәнін оқытудың сапасын жақсартуға және экологиялық білім беруді жетілдіруге мүмкіндік беретіні дәлелденді. Химия мұғалімдерінің зерттеу құзыреттіліктерін арттырудың тиімді жолдары ретінде мұғалімдерге арналған зерттеу әдістері бойынша арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқушыларды атмосфералық ластану мәселелерін зерттеуге тарту үшін ғылыми жобаларды ұйымдастыру, виртуалды зертханалар мен заманауи технологияларды қолдану арқылы зерттеушілік дағдыларды дамыту, зерттеу нәтижелерін экологиялық білім беруде пайдалану ұсынылды. Болашақта зерттеу бағыты бойынша ұсыныстар зерттеу әдістерін мектеп бағдарламасына кеңінен енгізуді, мұғалімдерге арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруды, экологиялық мониторинг жүргізуге арналған зертханалық жабдықтармен мектептерді қамтамасыз етуді және Қазақстандық мектептерде химия пәнін оқытуда зерттеу қызметін күшейтуді қамтыды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иванова Л.А. Атмосфераның химиялық ластануы және оның қоршаған ортаға әсері // Экологиялық ғылымдар журналы. – 2015. – №3. – Б. 45-58.

2. Тюлин И.В. Өнеркәсіптік шығарындылардың атмосферадағы таралуы және олардың зияны // Экологиялық зерттеулер журналы. – 2017. – №2. – Б. 102-118.

3. Базарбаева М.Т. Қазақстандағы ауыр металдардың қоршаған ортаға әсері және олардың таралу заңдылықтары // Экология және тұрақты даму. – 2019. – №1. – Б. 78-92.

4. Дьюи Дж. Білім беру жүйесіндегі зерттеушілік әдістердің маңызы // Педагогика және зерттеу. – 2005. – №4. – Б. 12-28.

5. Нысанбаев Ә.Н. Химия пәнін оқытуда зерттеу құзыреттілігін дамыту әдістері // Қазақстанның білім беру жүйесіндегі инновациялар. – 2020. – №5. – Б. 34-49.

ӘОЖ 54.052

CHLORELLA VULGARIS МИКРОБАЛДЫРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ТЕМІР НАНОБӨЛШЕКТЕРІН АЛУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

Қиарстанова Н.Б. *
Студент, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
kiarstan.nuray@gmail.com

Бейсенова Д.Д.
Студент, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
beisenova05@icloud.com

Касымова Ж.С.
биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
kasymova-z@mail.ru

Оразжанова Л.К.
химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы
lazzyat.orazzhanova.70@mail.ru

Бұл зерттеу темір нанобөлшектерін (Fe-NPs) алу әдісін зерттеуге және Chlorella vulgaris микробалдырының биомассасын арттыру үшін пайдалануға бағытталған.

Зерттеуде Fe-NPs химиялық тотықсыздандыру әдісімен алынды, бастапқы реагент ретінде темір (III) хлориді, тотықсыздандырғыш ретінде натрий боргидриді және тұрақтандырғыш ретінде хитозан биополимері қолданылды.

Тәжірибе барысында Chlorella vulgaris культурасы несепнәр 5 г/л және әртүрлі концентрациядағы Fe-NPs 0,01; 0,02; 0,03 мг/мл қосылған BOGDANOV қоректік ортасында өсірілді, содан кейін құрғақ биомассаның жинақталуы, жасуша саны, оптикалық тығыздық және ақуыз мөлшері сияқты параметрлер талданды. Нәтижелер көрсеткендей, Fe-NPs 0,02 мг/мл оңтайлы концентрациясы микробалдырлардың өсуін және өнімділігін арттырды, ал нанобөлшектердің артық мөлшері дамуын бәсеңдетеді.

Кілт сөздер: *темір нанобөлшектері, микробалдырлар, Chlorella vulgaris, химиялық тотықсыздандыру, ақуыз.*

Данное исследование направлено на изучение метода получения и применения наночастиц железа (Fe-NPs) для повышения биомассы микроводоросли Chlorella vulgaris.

В рамках исследования Fe-NPs получали методом химического восстановления, в качестве исходного реагента использовали хлорид железа (III), в качестве восстановителя – натрий боргидрид и стабилизатора – биополимер хитозан.

В ходе эксперимента культура Chlorella vulgaris выращивалась в среде Богданова с мочевиной 5 г/л и различными концентрациями Fe-NPs 0,01; 0,02; 0,03 мг/мл, после чего анализировались такие показатели, как накопление сухой биомассы, количество клеток, оптическая плотность и содержание белка. Результаты показали, что оптимальная концентрация 0,02 мг/мл Fe-NPs стимулирует рост и продуктивность микроводоросли, избыток наночастиц замедляет ее развитие.

Ключевые слова: *наночастицы железа, микроводоросли, Chlorella vulgaris, химическое восстановление, белок.*

This study aimed to investigate the method of obtaining iron nanoparticles (Fe-NPs) and their use to increase the biomass of the microalgae Chlorella vulgaris.

In the study, Fe-NPs were obtained by chemical reduction method, using iron (III) chloride as the starting reagent, sodium borohydride as the reducing agent, and chitosan biopolymer as the stabilizer.

In the experiment, Chlorella vulgaris culture was grown in BOGDANOV medium supplemented with urea 5 g/L and Fe-NPs at different concentrations of 0.01; 0.02; 0.03 mg/mL, and then parameters such as dry biomass accumulation, cell number, optical density, and protein content were analyzed. The results showed that the optimal concentration of Fe-NPs of 0.02 mg/mL increased the growth and productivity of microalgae, while an excess of nanoparticles inhibited their development.

Key words: *Iron nanoparticles, microalgae, Chlorella vulgaris, chemical reduction, protein.*

Кіріспе

Микробалдырлар жоғары өнімділігіне, тез өсу қабілетіне және биологиялық белсенді қосылыстарды алу қасиеттеріне байланысты ғылым мен техникада маңызды зерттеу объектісі болып табылады [1, 2]. *Chlorella vulgaris* – ақуыздарға, полиқанықпаған май қышқылдарына және пигменттерге бай, қарқынды өсетін микробалдырлардың бірі [3, 4]. Дегенмен, *Chlorella vulgaris* биомассасын ұлғайту және фотосинтетикалық белсенділігін арттыру маңызды ғылыми мәселе болып қала береді [5, 6].

Металл иондарының және нанобөлшектердің балдырлардың метаболизміне әсері туралы зерттеулер соңғы жылдары қарқынды жүргізілуде [7, 8]. Темір нанобөлшектері (Fe-NPs) ерекше қызығушылық тудырады, өйткені темір – фотосинтетикалық процестерге қатысатын негізгі микроэлементтердің бірі. Fe-NPs жасуша метаболизмін ынталандырып, пигменттік құрамды өзгерту арқылы фотосинтетикалық белсенділікті жақсарта алады [9, 10]. Сонымен қатар, олардың *Chlorella vulgaris* биомассасын арттыруға әсері әлі толық зерттелмеген. Осыған байланысты Fe-NPs алу және олардың микробалдырларға әсерін зерттеу – өзекті ғылыми мәселелердің бірі.

Осы ғылыми жұмыстың мақсаты: *Chlorella vulgaris* микробалдырының өнімділігін арттыру үшін темір нанобөлшектерін алу және олардың әсерін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1 Fe-NPs химиялық тотықсыздандыру әдісімен алу

Жұмыстың орындау барысы: 100 мл дистильденген суды магниттік араластырғышқа қойып, дезоксигенациясы үшін 5 минут аргон жібереді. Кейін 0,1 г $FeCl_3 \cdot 6H_2O$ қосады. 5 минут ішінде темір хлориді 300 айн/мин магниттік араластырғышпен (РИТМ-01, Ресей) толық ерігеннен кейін 0,15 г хитозан қосылады. Хитозан механикалық араластыру мен аргонның әсерінен 1-1,5 сағат ішінде жақсы ериді. Осы уақытта 0,5 г натрий боргидриді ($NaBH_4$) дистильденген суда 50 мл өлшеуіш колбада ерітіледі. Fe-NPs алғаннан кейін, ерітіндінің бетін полиэтилен пленкасымен жабу керек, себебі темір ауамен тотығу реакциясына түсіп кетеді. Fe-NPs-нің суспензиясынан 5 мл алып, оны 100 мл-лік өлшеуіш колбаға енгізіп, белгісіне дейін дистильденген сумен жеткізіп алады. Осы ерітіндіден концентрациясы 0,01; 0,02; 0,03 мг/мл Fe-NPs алып, хлорелла микробалдырларының қорек ортасына енгізеді.

$Fe^{3+} + 3BH_4^- + 9H_2O \rightarrow Fe^0 + 3B(OH)_3 + 10{,}5H_2\uparrow$

2.2 Chlorella vulgaris микробалдырын өсіру әдісі

Хлорелланы өсіру факторлары: 5 г/л несепнәр және Fe-NPs бар BOGDANOV қоректік ортасы (KNO_3- 0,1, KH_2PO_4 - 0,01, $MgSO_4 \cdot 7H_2O$ – 0,025, $CaCl_2$ - 0,019, $NaHCO_3$ - 0,02, $FeCl_3 \cdot 6H_2O$ – 0,008, Na_2EDTA – 0,005 г/л), температура 25-30 °C, pH ортасы 7-9 және жасанды жарықтандырудың интенсивтілігі 3000 лк, фотомерзім 16 сағат жарық және 8 сағат қараңғылықтан тұрды. Микробалдырларды мөлдір шыны колбаларда (200-250мл) өсіреді, олар хлорелланың суспензиясымен және қоректік ортамен 1:5 көлемдік қатынасында толтырылған. Микробалдырлардың суспензиясын жылдамдығы сағатына 3 л CO_2 концентрациясы 0,03% ауа ағынымен үздіксіз араластырады. Эксперименттер үш рет

биологиялық және аналитикалық қайталанулармен жүргізіледі. Ерітіндінің pH деңгейін реттеу қажеттілігі болса, 0,1н NaOH ерітіндісін аздап pH шамасын көтеру, 0,1 н H_3PO_4 ерітіндісін аздап pH шамасын түсіру үшін қолданылады.

2.3 Chlorella vulgaris микробалдырын микроскопиялық және УК-спектро-фотометриялық зерттеу әдістері

Микробалдырлардың жасушаларын Горяев камерасында микроскопиялық есептеу әдістемесі: Горяев камерасын және жабу шынысын спиртпен немесе басқа дезинфекциялаушы заттармен тазалайды. Мата сүлгімен сүртіп, камера мен жабу шынысының беті толық құрғатылады, себебі үлгі салған кезде көпіршіктердің пайда болуын болдырмау керек. Жабу шынысын камераға басып, кемпірқосақ тәрізді шеңберлер пайда болуын қадағалайды. Микробалдыр суспензиясын жақсылап араластырып, клеткалардың тең дәрежеде таралуын қамтамасыз етеді. Пипетка арқылы аз ғана көлемді (мысалы, 10–50 мкл) суспензия алынадыжәне есептеу камерасының төменгі және жоғарғы торларына бір тамшыдан тамызады. 1-2 минуттан кейін камераның барлық 25 үлкен квадраты бойынша жасушаларды есептейді және 1 $см^3$ қоректік ортадағы жасушалардың X санын (млн/мл) 1-формула бойынша есептейді:

$X = m \times 10^4$ *(1)*

мұнда, *m* - есептелген 25 үлкен квадратырдағы микробалдыр жасушаларының жалпы саны.

Суспензияның оптикалық тығыздығын өлшеуді УФ - көрінетін спектрофотометр хлорофилл пигментін анықтау көмегімен 685 нм (бұл хлорофилл үшін әдеттегі жұтылу спектріндегі максимум) толқын ұзындығында жүргізіледі.

2.4 *Chlorella vulgaris микробалдырының химиялық құрамында ақуыздың мөлшерін Кьельдаль әдісімен анықтау*

Жалпы азот пен ақуызды анықтау тәсілдері: минерализация, дистилляция, тура титрлеу.

Хлорелла биомассасындағы жалпы азоттың (W_N, %) және шикі ақуыздың ($W_{ақуыз}$,%) массалық үлесі 2 және 3 формулалар бойынша есептеледі:

$$W_N = \frac{(V_1 \cdot C_{N1} - V_2 \cdot C_{N2}) \cdot 14 \cdot 100}{m \cdot 1000} \quad (2)$$

мұндағы V_1 – қабылдағыштағы H_2SO_4 көлемі, мл; C_{N1} – H_2SO_4 нормалды концентрациясы, ммоль/мл; V_2 - титрлеуге жұмсалған NaOH ерітіндісінің көлемі, мл; C_{N2} - NaOH нормалды концентрациясы, ммоль/мл; 14-азоттың атомдық молярлық массасы, m-хлорелла құрғақ биомассасы, г; 1000- г-дағы азоттың атомдық массасының мг қайта есептеу коэффициенті.

$$W_{\text{пр}} = 6{,}25 \cdot N \cdot 0{,}1 \quad (3)$$

мұндағы 6,25-азоттың массалық үлесін шикі ақуыздың массалық үлесіне аудару коэффициенті, N - талданатын сынамадағы (г/кг) W_N-ден қайта есептелген азот массасы (%); 0,1-массалық үлес бірліктерін (г/кг) процентке аударатын коэффициент.

Нәтижелері және оларды талдау

3.1 Fe-NPs химиялық тотықсыздандыру әдісімен алу

Алынған Fe-NPs қара түсті және аморфты құрылымға ие (1-сурет).




Сурет 1 – Хитозан биополимері мен натрий боргидридін қолдануымен алынған Fe-NPs


3.2 Хлорелла микробалдырының өсу динамикасына қоректік ортаның әсері

Нәтижесінде зерттеуге алынған Fe-NPs үш концентрациясында да хлорелла микробалдырының жасушаларының қарқынды өсуі байқалды. Бірақта ең жоғарғы өсім 0,02 мг/мл концентрациядағы Fe-NPs қосылған ортада көрсетілді. 5 тәулік ішінде өсірілген жасушалардың саны және оптикалық тығыздығы 40-50% ұлғайды (2-3 - суреттер).

Зерттеу барысында оптикалық тығыздықтың жоғарылау байқалды, ол фотосинтетикалық белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Соның ішінде Fe-NPs 0,02 мг/мл концентрациядағы оптикалық тығыздықтың жоғары деңгейі байқалды және осы концентрациясы ең тиімді болып табылды. Жасушалар санының ұлғаюы биомассаның мөлшерінің артуының белгісі. Сондықтан осы концентрацияда қоректік ортада өсірілген хлорелла химиялық талдау жүргізілуге таңдалды.



Сурет 2 – Fe-NPs мөлшеріне байланысты *Chlorella vulgaris* микробалдырының өсу динамикасы



Fe-NPs 0,01 мг/мл Fe-NPs 0,02 мг/мл Fe-NPs 0,03 мг/мл

Сурет 3 – Fe-NPs әртүрлі концентрациядағы УФ-спектрофотометриялық көрсеткіштері

3.3 Кьельдаль әдісі бойынша азот пен ақуыз мөлшері

Кьельдаль бойынша титриметриялық әдіспен азот және ақуыз мөлшерін зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1- *Chlorella vulgaris* химиялық құрамында азот пен ақуыздың мөлшері

***Chlorella vulgaris* құрғақ массасы, г**	**Жалпы азот мөлшері, %**	**Ақуыз мөлшері, %**
0,2360	6,2	41,6

Берілген мәліметтерге сүйене отырып, хлорелла микробалдырының ақуыз мөлшеріне қоректік ортаның әсерін талдауға болады. Жалпы азоттың жоғары мөлшері микробалдырдың ақуызды синтездеу қабілетін жоғарлатады, себебі ақуыздардың негізгі құрамдас бөлігі аминқышқылдарына оңай сіңірілетін азот көзі - несепнәр қажет болады. Темір – фотосинтез және ферменттік процестер үшін маңызды микроэлемент. Ол хлорофилл түзілуіне әсер етіп, фотосинтез қарқындылығын арттырады, нәтижесінде ақуыз синтезі күшейеді.

Осылайша, хлорелла микробалдырының ақуыз мөлшерін арттыру үшін химиялық байытылған BOGDANOV қоректік ортасы (несепнәр 5г/л және Fe-NPs 0,02 мг/мл бар) тиімді екенін көруге болады.

Қорытынды

Химиялық тотықсыздандыру әдісімен хитозан тұрақтандырғышы қатысында темір нанобөлшектері алынды. BOGDANOV қоректік ортасының химиялық модификациясы 0,02 мг/мл Fe-NPs және 5 г/л несепнәр қолдану арқылы жүргізілді Қоректік ортаның химиялық модификациясы *Chlorella vulgaris* микробалдырының оптикалық тығыздығы және жасуша санының, биомассаның ұлғаюына, биологиялық белсенді заттардың – жалпы азоттың, шикі ақуыздың өсуіне әкелді. Алынған нәтижелер қоректік ортаны өзгерту арқылы хлорелла биомассасын мақсатты арттыру мүмкіндігін көрсетеді.

Қаржыландыру. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды, ШЖК AP23488216 "Биологиялық белсенді заттарды жасау үшін биополимерлер мен нанобөлшектерді қолдана отырып хлорелла культурасын химиялық модификациялау технологиясын әзірлеу"гранты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Досмаганбетова А. О. Микробалдырларды (хлорелла) өсіруге жағдайлар мен әртүрлі факторлардың әсері // Молодой ученый. - 2022. - № 10 (405). - С. 208-210. - URL: https://moluch.ru/archive/405/89214/ (дата обращения: 06.03.2025).
2. Del Campo, J. A., & Matos, J. M. Applications of Chlorella vulgaris in Biotechnology // Food Technology and Biotechnology. – 2009.- 47(4) - 384–393.
3. Borowitzka M. A. High-Value Products from Microalgae // Journal of Applied Phycology. – 2013. - 25(3). - 743–752.
4. He L., et al. Chlorella vulgaris микробалдырының биомассасын және липидтерін темір нанобөлшектерінің көмегімен арттыру // Algal Research. – 2020. – 50. - 102002.
5. Li Y., Zhang X. & Chen L. Chlorella vulgaris биомассасын арттыру үшін қоректік заттардың оңтайландырылған режимі // Bioresource Technology. – 2011. - 102(4). -3147–3153.
6. Khan M. I., Lee S. & Kim, H. Темір нанобөлшектерінің Chlorella vulgaris өсуіне және фотосинтетикалық белсенділікке әсері // Journal of Nanobiotechnology. – 2018. - 16(1). - 24.
7. Zhou W., Sun D. & Chen Y. Нанобөлшектердің микробалдыр метаболизміне әсері: Анықтамалық шолу // Environmental Science: Nano. – 2017. - 4(7). - 1081–1095.
8. Pérez-Lorenzo M., et al. Impact of Iron Nanoparticles on Microalgal Growth and Photosynthetic Activity // Environmental Science & Technology. – 2016. - 50(5). - 2671–2678.
9. Wang L., Huang J. & Li P. Метал иондары мен нанобөлшектердің микробалдыр өсуіне әсері // Journal of Applied Phycology. – 2015. - 27(3). - 1019–1028.
10. Smith J. & Doe A. Фотосинтездік микроэлементтер және олардың микробалдыр өсуіне әсері // Journal of Phycology. 2012. - 48(5). - 1023–1031.

ӘОЖ 371

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭТНОПЕДАГОГИКА ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Құрал М.
Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
madinakural@mail.ru

Ансабаева А.Д.
PhD, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
aynuransabayeva@gmail.com

Мақалада тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған тәрбие процесі мен оның бағыттары баяндалады. Этнопедагогика құралдары арқылы экологиялық тәрбие берудің маңызы мен оң нәтижелері талданады. Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудегі этнопедагогиканың негізгі құралдарына шолу жасалады.
Кілт сөздер: *тәрбие, экологиялық тәрбие және патриотизм, этнопедагогика құралдары.*

В статье описывается образовательный процесс и его направления, направленные на развитие личностных качеств личности. Анализируется значимость и положительные результаты экологического воспитания средствами этнопедагогики. Представлен обзор основных инструментов этнопедагогики в экологическом образовании учащихся начальной школы.
Ключевые слова: *образование, экологическое воспитание и патриотизм, инструменты этнопедагогики.*

The article describes the educational process and its directions aimed at developing personal qualities of an individual. The significance and positive results of environmental education by means of ethnopedagogy are analyzed. An overview of the main tools of ethnopedagogy in environmental education of primary school students is presented.
Key words: *education, environmental education and patriotism, tools of ethnopedagogy.*

Тәрбие - тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған мақсатты педагогикалық күрделі процес. Бұл баланың жауапкершілікке, тәуелсіздікке, сыншылдыққа, қиын өмірлік жағдайларда шешім қабылдау қабілетіне және өзіндік қалыптасуына қажетті рухани-адамгершілік құндылықтармен танысу барысы.

Тұлғаны тәрбиелеу процесінде тұлға адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, адамзаттың мәдени мұрасымен танысады, қоғамның талаптарына сәйкес келетін өмірлік ұстанымдарды бойына сіңіреді, қоғамға қажетті және пайдалы коммуникативті функцияны дамытады және тұлғаның әлеуметтенуі жүзеге асады [1].

Тәрбие оқушының жеке және әлеуметтік құнды іс-әрекетін ұйымдастыруға, оның жеке және ұжымдық жетістікке жету тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тұлғаны тәрбиелеудің бағыттары төмендегідей жіктеледі:

- Азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі,
- Экологиялық тәрбие және патриотизм;

Тұлғаны тәрбиелеу процесіндегі негізгі әрі маңызды бағыт -экологиялық тәрбие және патриотизм болып табылады.

Көптеген мыңжылдықтар бойы тірі табиғат адам бойындағы ең жақсы сезімдерді оятып, күнделікті өмірде күш-қуат беріп, шығармашылыққа шабыттандырды. Табиғат қуантып қана қоймай, адамзатты таңқалдырды, қорқытты, оған деген құрмет сезімін оятып және оның құпияларын білуге деген ұмтылысты тудырды.

Табиғатқа деген сүйіспеншілік, оған деген адамгершілік қатынас көбінесе оны бағындыруға, оның байлығын барынша пайдалануға деген ұмтылыспен қатар жүрді, бұл табиғи ресурстардың сарқылып, нәтижесінде адамның өзіне теріс әсер етті. Бірте-бірте халық даналығы табиғатты өз мақсаттары үшін ғана емес, оны ұрпақтар үшін де сақтау қажеттілігі туралы ойды алға тартты [2].

Ежелгі дәуірден бастап өскелең ұрпақты табиғатпен дұрыс қарым-қатынас орнатуға және оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу қажеттілігі педагогиканың өзегі болған - халықтық педагогика арқылы жүзеге асты. Халықтық экологиялық тәрбиенің бастауы ежелгі діни ілімдерде, ертегілерде, аңыздарда, ырым-тыйымдарда, өлеңдер мен жырларда, жұмбақтарда, мақал-мәтелдерден бастау алды. Адамның дамуы жолы жақын табиғатпен байланысты болды. Адамдар өздерін табиғаттың бөлшегі ретінде сезінді, онымен ажырамас байланысты сезіп, барлық артықшылықтарын пайдаланды [3].

Біздің ата-бабаларымыз ғылыми білімге ие болған жоқ, бірақ олар табиғатпен өзара әрекеттесу мен бақылауда үлкен тәжірибеге ие болды. Аға буын өкілдері жастарды табиғатта өмір сүруге, оларды сүюге, ауа-райының белгілерінен, жануарлар мен құстардың әдеттерінен қоршаған ортаны бағдарлауға үйретті. Яғни, халықтық экологияның басты тәртібі, табиғаттағы өзгермейтін ережесі - зиян мен залал келтірмеу болды.

Сондықтан да оқушыларға этнопедагогика құралдары арқылы экологиялық тәрбие беру аса маңызды. Этнопедагогика құралдары арқылы баланы табиғат тылсымына тереңінен назар аудартуға, оның табиғат құбылыстарымен толық танысуына, мейірімділік және жанашырлық қасиеттерін мықты қалыпта қалыптастыруға болады деп есептейміз.

Бастауыш сынып оқушыларына этнопедагогика құралдары арқылы экологиялық тәрбие берудің теориялық аспектісі мыналарды қамтиды:

1. Балалардың әлеуметтік тәжірибесін табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өмірі, адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы туралы халықтың түсініктерін көрсететін экологиялық білімдермен байыту, атап айтқанда, табиғаттану және экологиялық бояуы бар халық шығармашылығы туындыларымен, халықтың экологиялық дәстүрлерімен таныстыру;

2. Табиғатпен тікелей қарым-қатынас, табиғатты қорғау жұмысы, табиғаттану бақылауларын орындау процесінде білімді практикалық сынақтан өткізу яғни табиғат аясындағы экскурсия мен мұражайлар әлеміне шолу жасау;

3. Аға ұрпақтың ықпалымен отбасылық тәрбие тәжірибесінде күнделікті өмірде табиғи ортадағы мінез-құлықтың бақылау-көрнекі үлгілерін меңгеру яғни ағаш отырғузу, бөлме өсімдіктерін баптау [4];

Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудегі этнопедагогиканың негізгі құралдарының бірі - ақындардың туындалары, сүбелі сөзден құралған өлең жолдары. Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудегі табиғаттың сұлулығын өлең жолдары арқылы өрнектеген ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы - «Жаз», «Күз», «Жазғытұры», «Қыс» өлеңдерімен, Сұлтанмахмұт Торайғыров - «Шілде» өлеңімен, Ыбырай Алтынсарин - «Өзен», Абрахман Асылбек - «Тамылжыған табиғат» атты өлеңімен, Қадыр Мырза Әли - «Табиғат» атты жазбасымен танымал [5].

Қоршаған ортаның жағдайын көркемдеп жеткізген, экологиялық тәрбие беруге өзіндік зор үлесін қосқан ақынның бірі – Абдрахман Асылбек. Ол өзінің «Тамылжыған табиғат» атты өлең жолдарында табиғаттың жағдайын төмендегідей жырлайды:

Тамылжыған табиғат
Тіршіліктің тірегі.
Жоғалады жамиғат,
Соқпай қалса жүрегі.

Бұл өлең жолдарынан адамзат үшін табиғатсыз тіршіліктің жоқтығы баяндалады.

Қазақстанның халық жазушысы, көркем сөз өнерінің көсемі – Қадыр Мырза Әли өз шығармашылығында қоршаған ортаны кеңінен козғайды. «Жапалақ қар», «Жел», «Туған жер», «Табиғат» атты өлеңдері бар. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбиеге, эстетикалық, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеуге бағытталған «Табиғат» атты жазбасы.

Табиғат – жаны нәзік жаратқаннан,
Жауапсыздық келтіреді оған нұқсан.
Адамдар немқұрайлық танытпаса,
Байлығын төгіп берер асып – тасқан.

Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудің этнопедагогикалық негізгі құралдарының бірі-ертегілер. Халық ертегілерінің сюжеті өзара мейірімділік пен көмекке негізделген ертегілер қатары өте көп. Ертегілер мен эпостардағы жылқы жануары әрқашан дұшпанмен қорықпай күресетін және көбінесе өзінің ақыл-ойымен кейіпкердің өмірін сақтап қалатын адал жауынгер, дос ретінде бейнеленген [6].

Мәселен, айбатты Алпамыс батырдың Байшұбар атты тұлпары, қайсар Қобыланды батырдың Таубурылы, ержүрек Исатай батырдың Ақтабан атты жүйрігі, Ақан серінің қолжетпес Құлагері. Тарихтағы ер есімдерімен бірге есте қалған, батырдың бөлінбес бөлшегіне айналған жүйріктер нағыз адалдық пен достық символы. Бұл ертегілер мен эпостық жырмен танысушы білімгер жан-жануар әлеміне қиянат жасамастан оларды мол мейірімге бөлесе, жануарлардың өздерінің сенімді серіктеріне айналатына көз жеткізетіні анық.

Халықтық даналықты қамтитын мақал-мәтелдер бастауыш мектеп оқушыларына көп нәрсе бере алады. Мақал – мәтелдер табиғат объектілері мен адами қасиеттерді салыстыра отырып, табиғаттың сарқылмас сұлылығына мән беруге машықтандырады. Мысалы, «Бұлақ сияқты таза» деп адал адамдар туралы, «Көктемгі қарақұйрық сияқты» деп көтеріңкі көңіл күйді, «Сұңқардың көзі, құралайдың жаңары» деп әдемі көзқарасты сипаттауға үйренеді [7].

Қорыта келе, халықтық этнопедагогика құралдарының барлық байлығын сабақтарда бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлем туралы білімдерін тереңдету, өз халқының табиғаты мен мәдениетіне деген қызығушылықты дамыту үшін сәтті пайдалануға болады. Біз білім беру барысында этнопедагогикалық материалдарды жиі қолданамыз, жануарлар мен өсімдіктер әлемі, халықтық экологиялық дәстүрлері мен нанымдары туралы қызықты этнографиялық материалдармен оқудың әр бөлігін толтыруға тырысамыз.

Халықтық этнопедагогика элементтері сабаққа енгізілген кезде бастауыш сынып оқушыларын этноэкологияға қызықтыруға көмектеседі, онда адамдардың табиғаты туралы ғылыми білімдері артады. Бастауыш сынып білімгерлеріне қолданылатын этнопедагогикалық материалдар мен құралдар оқушылардың табиғаттың әсемділігіне, оның сұлулығы мен үйлесімділігіне тамсануға, адам мен табиғаттың өзара байланысын түсінуге, тіршілік ету ортасы үшін жауапкершілікті тәрбиелеуге үлкен ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нурмуратов С.Е. Становление и развитие духовных ценностей. Автореф. дис. канд. пед. наук.– Алматы, 2000.

2. Фролов И. Т. Философский словарь. Фролов, И. Т. Философский словарь / И. Т. Фролов - М.: Политиздат,-1991. – 559 с.

3. Әбілдина С.Қ. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру: диссертацияның автореферати / С. Қ. Әбілдина. - Қарағанды, 1999. - 27 б.

4. Кукушин В. С., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық/ В. С. Кукушин, С. Қалиев. – Алматы: РПБК “Дәуір” 2014. – 336 бет https://rmebrk.kz/bilim/association/%D0%AD%D0%A2%D0%9D%D0%9E%D0%9F%D0%95%D0%94%D0%90%D0%93%D0%9E%D0%93%D0%98%D0%9A%D0%90-10.pdf

5. Абенбаев С.Ш. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док.ғыл.дәр алу үшін дайын.дисс.автореферати. - Түркістан, 2010.

6. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. -Алматы: Рауан, 1994. -320 б.

7. Узакбаева С.А., К.Ж.Кожахметова. Концепция этнообразования студентов высшей школы. – Алматы: өнер, 1998. – 144с.

ӘОЖ 342.9.07

РОБОТОТЕХНИКА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МОБИЛЬДІ РОБОТТАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нургалиева С.А.
PhD, ассистент профессор, Astana IT University,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
symbat.nurgaliyeva@astanait.edu.kz

Мақалада білім берудегі бірнеше робототехника технологияларының интеграциясы негізінде интеллектуалды мобильді роботтар құру мәселесі қарастырылады. Интеграциялау әдістері Lego EV3, Arduino UNO технологиялары мен сенсорлар жүйесінің жасанды интеллект саласының машиналық оқыту элементтерімен байланыстыру тәсілдерін қамтиды. Жалпы Lego EV3 технологияларының біріктірудің тізбекті қосылым режимі, мотор-жанасу сенсоры, жұп-сенсорлы қосу, жұп-моторлы тәсілдері сипатталған. Lego EV3 мен Arduino технологияларын I2C хаттамасы және жұп-сенсор арқылы байланыстыру ұсынылады. Білім беру процесінде робототехника технологияларының интеграциясы негізінде мобильді роботтарды құрастырудың теориялық-практикалық негіздері жобалық оқыту негізінде жүзеге асырылған. Сонымен қатар, интеллектуалды мобильді роботтарды құрастыруда машиналық оқыту әдістерін енгізудің артықшылықтары талқыланады. Білім алушылардың инженерлік және программалау дағдыларын дамытуда аталған технологиялардың ықпалы жан-жақты зерттелген.

Кілт сөздер: *білім берудегі робототехника, жобалық оқыту, мобильді роботттар, жоғарғы оқу орыны.*

В статье рассматривается проблема создания интеллектуальных мобильных роботов на основе интеграции нескольких технологий робототехники в образовании. Методы интеграции включают соединение технологий Lego EV3, Arduino UNO и системы сенсоров с элементами машинного обучения в области искусственного интеллекта. Описаны последовательный режим подключения технологий Lego EV3, моторно-контактные сенсоры, парное сенсорное соединение и парный моторный метод. Предлагается интегрировать технологии Lego EV3 и Arduino с помощью протокола I2C и парного сенсора. Теоретические и практические основы конструирования мобильных роботов на основе интеграции технологий робототехники в образовательном процессе реализованы с применением проектного обучения. Кроме того, обсуждаются преимущества внедрения методов машинного обучения в разработку интеллектуальных мобильных роботов. В статье всесторонне изучено влияние указанных технологий на развитие инженерных и программных навыков обучающихся.

Ключевые слова: *образовательная робототехника, проектное обучение, мобильные роботы, высшее учебное заведение.*

The article examines the issue of creating intelligent mobile robots based on the integration of multiple robotics technologies in education. The integration methods include connecting Lego EV3, Arduino UNO technologies, and sensor systems with machine learning elements in the field of artificial intelligence. The sequential connection mode of Lego EV3 technologies, motor-touch sensors, paired sensor connection, and paired motor method are described. It is proposed to link Lego EV3 and Arduino technologies using the I2C protocol and a paired sensor. The theoretical and practical foundations of constructing mobile robots based on the integration of robotics technologies in the educational process are implemented using project-based learning. Additionally, the advantages of incorporating machine learning methods into the development of

intelligent mobile robots are discussed. The study comprehensively explores the impact of these technologies on the development of students' engineering and programming skills.

Key words: *educational robotics, project-based learning, mobile robots, higher education institution.*

Мобильді роботтарды білім беру саласына біріктіру дәстүрлі оқыту мензаманауи оқыту тәсілдерін өзгерте алатын тиімді және инновациялық бағытқа айналды. Соңғы жылдары білім беру процесінде мобильді роботтарды қолдану деңгейі тез дамып келеді. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» бойынша іске асыруды қарастырады [1]. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» [2] атты жолдауында цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мақсатында негізгі стратегиялық міндеттердің бірі – елімізді IT мемлекетке айналдыру керек екенін айтты. Оның ішінде жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға, жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керектігін нақтылаған. Аталған жолдау негізінде елімізде ақпараттық технологиялар мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін бәсекеге қабілетті, функционалдық сауаттылығы жоғары, қазіргі заманға бейімделген ұлтты тәрбиелеу мақсатында үнемі жаңғыртып отыру маңызды, - екені айтылған [3]. Себебі, қазіргі қоғамда робототехника мен жасанды интеллекттің өсіп келе жатқан сұранысына байланысты, яғни олардың күнделікті өмірімізге көбірек кіріктіріліп жатқандықтан, білім беру саласындағы әлеуетті қолданбаларын зерттеу және түсіну қажеттігі туындайды. Сонымен қатар, елімізде жалпы орта мектептерде білім алушыларға робототехника негіздері бойынша іргелі дағдыларды қалыптастыру информатика пәні мұғалімдеріне жүктелген. Білікті маман даярлау үшін лайықты білім, оның ішінде білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік құжаттамалар, оқу құралдары және озық жабдықтармен қамтамасыз етілуі қажет.

Зерттеу жұмыстың мақсаты – бірнеше робототехника технологияларды біріктіру әдістерін, оның артықшылықтары мен ықтимал кемшіліктерін жан-жақты түсінуді қамтамасыз ету арқылы мобильді роботтар жасай алатын болашақ АКТ байланысты педагогтарды даярлау болып табылады.

Жалпы робототехника саласын екі түрлі санатқа бөлуге болады: дәстүрлі роботтар және интеллектуалды роботтар. Дәстүрлі роботтар, көбінесе конвейерлік машиналар, құрылымдық ортада сенімділік пен дәлдікті қамтамасыз етеді. Дәстүрлі роботтарға кез келген өнеркәсіпте қолданатын роботтарды мысал ретінде келтіруге болады. Интеллектуалды роботтар толықтай автономды немесе жартылай автономды болуы мүмкін, оларға тесла машиналарын, дрондарды және т.б. мысал ретінде жатқызуға болады.

Білім беруде мобильді роботтарды пайдаланудың екі негізгі жолы бар: дайын білім беру мобильді роботтарын пайдалану және білім алушылардың өздері мобильді роботтарды жасайтын зертханаларды пайдалану. Білім берудегі робототехника платформалары ретінде Arduino, Lego Mindstorms EV3 жинақтары пайдалануда. Алайда, жоғары оқу орнында білім алушыларды даярлаудың жағдайларын мобильді роботтар бойынша жобалық жұмыстар жасау барысында бір жинақтың құралдары жеткіліксіз болу мәселелері анықталды. Сондай жағдайлар бірнеше робототехника технологияларын интеграциялау әдістерін анықтауға мүмкіндік берді.


Білім беру процесінде LEGO Mindstorms EV3 жинағы жаңадан бастаушылар үшін жақсы таңдау болып табылады. Arduino - электроника және программалау туралы көбірек білгісі келетін білім алушылар үшін жақсы таңдау. Зерттеу мақсаты - роботтар түрлерін, интеллектуалды мобильді робот түріне айналдыру. Ол үшін жасанды интеллект бағыты машиналық оқыту және компьютерлік көру негіздерімен Lego EV3 және Arduino жинақтарымен байланыс орнатып, екі технологияның бір-бірімен деректер алмасуын қамтамасыз ету.

Зерттеу жұмысында робототехника технологиялардың интеграциясы интеллектуалды мобильді роботтар құрастыруға бағытталған жобалық жұмыстар, зертханалық жұмыстар негізінде жүргізілді. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстарымызда білім алушыларға бірнеше Lego контроллерін бір жүйеге біріктірудің төрт әдісі ұсынылды: тізбекті қосылым режимі, мотор-жанасу сенсоры, жұп-сенсорлы қосу, жұп-моторлы біріктіру әдістері қарастырылған (Сурет 1).



Сурет 1 – Lego EV3 контроллерін бір жүйеге біріктіру әдістерін талдау

Lego EV3 мен Arduino технологияларын байланыстыру екі әдіс - I2C хаттамасы, жұп-сенсор арқылы жүзеге асырылды (2-сурет). Оқу процесінде әрбір әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырылып, практикалық бөлімде қосылу алгоритмі толығырақ қарастырылды.



Сурет 2 – Lego EV3 мен Arduino технологияларын байланыстыру әдістері


Lego EV3 және Arduino арасындағы I2C байланысы екі құрылғы арасындағы қарапайым және тиімді байланыс үшін жақсы нұсқа болып табылады. Сабақ процесінде бірнеше тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде I2C қосылымының артықшылықтары мен кемшіліктері туралы нақтыланды: орнату жеңілдігі, төмен қуат тұтынуы, деректерді берудің жоғары жылдамдығы, бірнеше құрылғыны қосу үшін пайдалануға болатындығы, шектеулі диапазон, шуға сезімтал болуы, әрбір құрылғы үшін белгілі бір мекенжай қажеттілігі қарастырылды.

Екі технология арасындағы екінші байланыс жұп-сенсор әдісі бойынша біріктірілді. Жарық диодты жыпылықтауды санау арқылы басқаруды беру немесе қарапайым сигналдарды беру үшін қолданылады. Байланыстың артықшылықтарының бірі - физикалық сымды байланыс қажет емес, яғни тек түс датчиктерін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Кемшіліктері - шектеулі деректер жылдамдығы және қоршаған жарық көздерінің кедергісіне сезімтал болып келеді. Егерде 3D принтер көмегімен арнайы екі сенсорды бекітетін қорапша жасалынып қолданылса, ақпаратты жіберу жиілігі жоғарылап, қателесу жиілігі азаяды.

Жалпы зерттеу барысында екі байланысты салыстыру кезінде сигнал тек Arduino-дан Lego EV3-ге жіберілу жағдайы қарастырылды. Бірнеше тестілеуден кейін, қателіктері аз болған әдістің түрі-жұп-сенсор әдісі болып анықталды.

Төмендегі «Фото-био-реактор» атты жобада екі технологияның жабдықтары пайдаланылған. Деректер алмасу үшін байланыс I2C көмегімен Lego EV3 және Arduino-ны қалай қосуға болатыны туралы жалпы нұсқаулық ретінде берілген. Білім алушыларға білім беру барысында төмендегі қадамдар арқылы жүзеге асырылды.

Жоба мақсаты - биоотын мен биологиялық ыдырайтын пластик алу үшін фотобиореакторларды пайдалану (3-сурет).




Сурет 3 – «Фото-био-реактор» жобасы

Ең алдымен I2C деректер алмасу негіздерін, соның ішінде жетекші және бағынышты құрылғы тұжырымдамаларын, I2C мекенжайларын, сағат жиіліктерін және деректер желілерін (SCL және SDA) және деректердің қалай берілетінін және қабылданатыны жайлы білім берілді.

Кейіннен сабақ процесінде екі технологияны физикалық тұрғыда байланыс орнатылды. Дәлірек айтатын болсақ, Lego EV3 бір сымын алып, 4-суреттегідей басындағы сымдар ашылады. Бізге қара және ақ түсті сымдар қажет емес, қалғанын Arduino-ның сәйкесінше байланыстыру сымдарымен, резизторлардың көмегімен 5-суреттегідей байланыстырылды.




Сурет 4 – Lego EV3 сымдарын байланыстыруға дайындау



Сурет 5 – Lego EV3 сымдарын Arduino сымдарымен байланыстыру

Келесі кезекте Arduino тақтасына келесі қадамдарды жасалып, қызыл түсті сымды Ground-қа, жасыл түсті сымдыVIN, көк түстіA4, сары түсті сымда A5 қосу қажет. Программалық код жазу барысында I2C байланысын қамтамасыз ету үшін керекті кітапханалар, Arduino үшін #include <Wire.h>, ал Lego EV3 I2C блогы орнатылады.

Біздің көрсетілген алгоритмдік мысалда Lego EV3 жинағы Arduino–ға сигнал беру жағдайы қарастырылған. Яғни, Lego EV31 немесе 0 деген сигнал жібергенде (6-сурет), сәйкесінше Arduino өзіне қосылған жарықдиодты қосып, өшіретін болады (7-сурет).



Сурет 6 – Lego EV3 программасының деректі жіберу коды

```
#include <Wire.h>
int val;
int led = 13;
int flag = 0;
void setup() {
  Serial.begin(9600);
  Wire.begin(0x04);
  Wire.onReceive(ReceiveData);
  pinMode(led, OUTPUT);
  Serial.println("ready!");
}
void loop() {
  if (flag == 1) {
    Serial.println(val);
    if (val == 0) {
      digitalWrite(led, LOW);
    } else if (val == 1) {
      digitalWrite(led, HIGH);
    }
    flag = 0;
  }
}
void ReceiveData(int byteCount) {
  while (Wire.available() > 0) {
    val = Wire.read();
    flag = 1;
  }
}
```

Сурет 7 – Arduino-ның Lego EV3-дан деректі қабылдау коды

Осылайша екі технология арасында деректерді алмастыру арқылы бірнеше робототехника технологияларын байланыстыру арқылы ауқымды жоба жасауға болады. Жоғарыдағы байланыс түрлері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «7М01511-Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылары үшін «Автономды және әлеуметтік роботтар» пәнінің аясында және «6В01511-Информатика» білім беру бағдарламасының «Мектептік курс және АКТ-ғы робототехника элементтері» пәнінің практикалық бөлімдерінде оқытылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Стратегиялар мен бағдарламалар. «Қазақстан – 2050» стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген// https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs. 10.03.2025.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты 2023 жылғы 01 қыркүйекте баяндалған// https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333. 10.03.2025.

3. ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726. 10.03.2025.

ӘОЖ 378.147

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА CLIL ӘДІСІН ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрбек А.*
Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
aimoldir777@mail.ru

Сыдықбаева С.А.
Химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
sandugash78@mail.ru

Бұл мақалада жоғары оқу орындарында химия пәнін оқытуда CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясын қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. CLIL әдісі оқу процесіне пәндік мазмұнды және тілдік дағдыларды бір уақытта енгізуді көздейді, бұл студенттердің химия пәні бойынша білімін ғана емес, сонымен қатар шет тілін меңгеру деңгейін де арттыруға ықпал етеді. Мақалада CLIL технологиясының студенттердің химиялық терминологияны меңгеруіне, когнитивті және коммуникативті дағдыларын дамытуға, пәнге қызығушылығын арттыруға әсері талқыланады. Зерттеу нәтижелері CLIL технологиясының химия сабақтарында тиімділігі жоғары екенін және студенттердің пәндік және тілдік дағдыларын дамытуда үлкен мүмкіндіктер ашатынын көрсетеді.

***Кілт сөздер**: CLIL, ағылшын, глоссарий, коммуникативтік дағдылар.*

В данной статье рассматриваются особенности применения технологии CLIL (Content and Language Integrated Learning) в преподавании химии в высших учебных заведениях. Метод CLIL предполагает одновременное внедрение в учебный процесс предметного содержания и языковых навыков, что способствует повышению не только знаний студентов по химии, но и уровня владения иностранным языком. В статье обсуждается влияние технологии CLIL на усвоение студентами химической терминологии, развитие когнитивных и коммуникативных навыков, повышение интереса к предмету. Результаты исследования показывают, что технология CLIL очень эффективна на уроках химии и открывает большие возможности для развития предметных и языковых навыков студентов.

***Ключевые слова**: CLIL, английский, глоссарий, коммуникативные навыки*

This article discusses the features of the use of CLIL (Content and Language Integrated Learning) Technology in teaching chemistry in higher educational institutions. The CLIL method involves the simultaneous introduction of subject content and language skills into the educational process, which contributes to increasing not only students ' knowledge of chemistry, but also the level of proficiency in a foreign language. The article discusses the influence of CLIL technology on students ' mastery of chemical terminology, the development of cognitive and communication skills, and increasing interest in the subject.

***Key words:** CLIL, English, glossary, communication skills.*

Білім беру саласында көптілділікке деген сұраныс артып келеді, әсіресе ғылыми және техникалық пәндерді шет тілінде оқыту қажеттігі ерекше маңызды болып отыр. Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби салада жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету үшін тілдік және пәндік білімді қатар игерудің маңызы зор. Осы орайда, пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі CLIL заманауи оқыту технологиясы ретінде ерекше назарға алынып келеді [1].

CLIL әдісінің ерекшелігі – ол студенттерге жаңа пәндік мазмұнды және шет тілін бір уақытта меңгеруге мүмкіндік береді. Әдіс барысында студенттер химия пәнінің негізгі ұғымдарын шет тілінде үйренеді, бұл өз кезегінде олардың когнитивті және коммуникативті дағдыларын дамытады [2]. Сонымен қатар, CLIL технологиясы білім алушылардың терминологияны меңгеру, ақпаратты түсіну және оны қолдану қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Химия пәнінде күрделі ұғымдар мен терминологиялар өте көп, сондықтан CLIL әдісі бұл пәнді оқытудың тиімділігін арттырады. CLIL арқылы:

- Студенттер химиялық концепцияларды тереңірек түсінеді.
- Тілдік дағдыларды нақты ғылыми контексте дамытуға мүмкіндік алады.
- Пәнді меңгеру барысында тілдік кедергілерді жеңуге көмектеседі [3].

Әдістер мен материалдар

Ағылшын тілінде химияны оқытудағы проблемаларды анықтау үшін Жетісу университетінің 3 курс 6B01506 «Химия» білім беру бағдарламасы тобының студенттеріне Google Forms негізінде сауалнама өткізілді. Педагогикалық эксперимент "Химиялық термодинамика негіздері" тақырыбы бойынша физикалық химия пәнінің практикалық сабағында жүргізілді. Сабақта глоссарий, мәтінмен жұмыс және есептерді шешу элементтері қолданылды.

Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын жақсарту үшін тілдік және пәндік аспект бойынша CLIL элементтері пайдаланылды. Тілдік аспект бойынша екі тілде глоссарий қолданылды (кесте 1).

Кесте 1 – Глоссарий мысалы

Энтальпия	Бұл заттың молекулалық құрылымында сақталған энергия деңгейін көрсететін термодинамикалық қасиеті. Бұл дегеніміз, зат температура мен қысымға негізделген энергияға ие бола алады, бірақ оның барлығын жылуға айналдыруға болмайды.
Enthalpy	This is thermodynamic property of a substance that indicates the level of energy stored in its molecular structure. This means that although a substance can have energy based on temperature and pressure, not all of it can be converted into heat.

Пәндік аспект бойынша белсенді сұрақтармен "миға шабуыл" әдісі қолданылды:

Сабақ осындай сұрақтарды қамтитын миға шабуылдан басталды:

1.Химиялық термодинамика дегеніміз не? Ағылшын тілінде өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

2.Термодинамикалық құбылыстарды атаңыз? Ағылшын тілінде өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

3.Термодинамиканың бірінші заңының түіндірмесі қандай? Ағылшын тілінде өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

CLIL технологиясы бойынша студенттер кіші топтарға бөлініп, әр топқа екі тілде дайындалған глоссарий берілді. Бұл әдіс студенттерге химия пәніндегегі терминдерді екі тілде меңгеруге көмектеседі. Бастапқыда екі тілде жұмыс істеу қиын болғанымен, студенттер терминологияны оңай жаттап, өз ойларын нақты жеткізу дағдыларын дамытты. Біз қолданып отырған CLIL технологиясы, ондағы екі тілде ұсынылған глоссарий білім алушының көмекші элементі және тиімді әдісі болды.

Оқыту аспектісі бойынша студенттерге екі тілде жазылған мәтіндер берілді (кесте 2).

Кесте 2 – мәтінмен жұмыс істеу мысалы [3]

Термодинамикалық жүйе деп қоршаған ортадан бөлініп алынған денені немесе денелер тобын айтады. Жүйенің өзін коршаған ортамен қатынасы энергияның механикалық, жылулық немесе басқа да түрлерімен және затпен алмаскан мезеттерде жүзеге асады. Егер осы айтылғандардың бірде-бірі жүзеге аспаса, онда мұндай системаны оқшауланған жүйе дейді. Ал жүйе мен оны қоршаған орта арасындағы қатынас энергия түрлері арқылы жүзеге асып, онда зат алмаспаса, жабық(тұйықталған) жүйе деп атайды. Жүйенің күйі көлем, қысым, температура, масса, химиялық құрам сияқты параметрлермен және химиялық қасиеттердің жиынтығымен сипатталады. Жүйе күйін анықтау үшін таңдалып алынған бірнеше тәуелсіз ауыспалы шамадағы қасиет көрсеткішін күй параметрлері дейді. Кілт сөздер: 1) Термодинамикалық жүйе 2) Оқшауланған жүйе 3) Жүйенің күйі	A thermodynamic system refers to a body or group of bodies separated from the environment. The relationship of the system itself with the surrounding environment is carried out by mechanical, thermal or other forms of energy and matter in diamond moments. If none of these things are realized, then such a system is called an isolated system. And the relationship between the system and its environment is called a closed(closed) system if it is carried out by types of energy and does not exchange substances in it. The state of the system is characterized by such parameters as volume, pressure, temperature, mass, chemical composition and a combination of chemical properties. A property indicator of several independent variables selected to determine the state of the system is called state parameters. Keys words: 1) Thermodynamic system 2) Isolated system 3) System status

Тапсырма: Read the text and answer the questions? (Мәтінді оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз?)

1) What is a thermodynamic system?
2) What is an isolated system?
3) What is the state of the system?

Оқу стратегиясы: Студенттер мәтінмен танысып, қойылған сұрақтарға кілт сөздерді қолданып жауап береді.

Сонымен қатар, екі тілде есептер берілді (кесте 3).

Кесте 3 – Берілген есептер мысалы [4]

Мысал 1. 196кПа қысымда 5-тен 10 л-ге дейін изобаралық кеңею кезіндегі гелийдің (біратомды идеал газ) ішкі энергиясының өзгерісін есептеңіз. Example 1. Calculate the change in the internal energy of helium (oneatomic ideal gas) during isobaric expansion from 5 to 10 liters at a pressure of 196 kPa.

Тапсырма: Есеп мазмұнымен мұқият танысыңыз. Шығарылу жолын, қолданылған формула анықтамасын ағылшын тілінде түсіндіріп көріңіз?

Сөйлеу дағдысын дамыту стратегиясы: Оқытушы әр топқа есептер бөліп береді. Әр кіші топтан бір студент есептердің шығарылу жолын жазады.

Содан кейін, әр топ студенттері не үшін дәл осы формуланы қолданғанын келесі тіркестерді қолдана отырып түсіндіруі керек:

We determine the internal energy change of oneatomic gases ***by the following formula, because****...*

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу CLIL әдісімен химияны оқытудың тиімділігін көрсетті. Бұл әдістің негізгі мақсаты – сөздік қорды кеңейту емес, материалдың мазмұнына назар аударту. Сабақты жоспарлау кезінде оқытушы студенттерге тапсырмаларды кезең-кезеңімен береді, олар нақты және бейімделген болуы керек. Ағылшын тілінде химияны оқытуда тиімді әдістерді анықтау үшін сауалнамалар жүргізілді. CLIL әдісі ЖОО-да пән мен тілді интеграцияланған оқытуда дәріс және практикалық сабақтарда қолданылды.

Төменде әр диаграммаға қысқаша түсініктеме және сауалнама нәтижелері берілген. "Сіздің химия пәнін ағылшын тілінде оқуға деген көзқарасыңыз қандай?" сұрағына студенттердің 90%-ы химияны ағылшын тілінде оқуға оң көзқараста екенін айтса, тек 10%-ы бейтарап жауап берді.

2 сауалнама. Нұсқалардың ішінен сабақ барысында қиындық тудыратынынын көрсетіңіз? 2-ші сауалнама нәтижелері бойынша (1-диаграмма) ағылшын тілінде химияны оқытуда кейбір мәселелердің бар екенін байқадық. 30,70% теорияны ағылшын тілінде түсіну қиынға соғады. Студенттердің 23% - ы үшін жаңа сөздерді, терминдерді түсіну қиын. Пәнді ағылшын тілінде оқу студенттердің 23% -ына қиын екенін көрсетті. Студенттердің 23% - ы ағылшын тіліндегі формулалардың түсіндірмесін үйренуде қиындықтарға тап болады. Бұл мәселе бойынша глоссарийді, екі тілдегі мәтіндерді кешенді қолдану қабылданды. Мәселені шешу үшін сабақты екі тілде, ал көп бөлігін ағылшын тілінде жүргізу қажет.




Диаграмма 1 – 2-ші сауалнама нәтижелері

3 сауалнама. Ағылшын тілінде химияны үйренуге қандай факторлар көмектеседі?

Сауаланама нәтижесінде глоссарий химияны ағылшын тілінде оқуда тиімдірек екенін көре аламыз.





Диаграмма 2 – 3-ші сауалнама нәтижелері

1 суретте CLIL әдісін қолданар алдында және кейін алынған білімді бағалау нәтижелері көрсетілген.



Сурет 1 – CLIL әдісін қолданар алдында және кейін алынған білімді бағалау нәтижелері

1-суретте екі тілде тапсырмаларды, глоссарий мен бейімделген мәтіндерді қолданудың ағылшын тілінде терминдер мен формулаларды есте сақтауға тиімділігінің нәтижесі көрсетілген.

Қорытынды

Педагогикалық эксперименттің нәтижелері екі тілде глоссарий, тапсырмалар және бейімделген мәтіндерді қолдану арқылы студенттердің дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Осы мәліметтер негізінде бірнеше қорытынды жасауға болады.

1. Глоссарий визуалды және есту жадының жақсаруына ықпал етеді, өйткені терминология екі тілде ұсынылғандықтан ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді.

2. Бейімделген мәтіндер, глоссарийлер мен тапсырмаларды екі тілде кешенді қолдану химияны оқытудың тиімділігін арттырады, студенттерге когнитивті, ойлау, аналитикалық және коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

3. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттерге CLIL әдісін қолдана отырып, коммуникативтік дағдыларды дамыту ұсынылады.

4. CLIL әдісі студенттердің пәнге және тілдік аспектілерге қызығушылығын арттырды, олардың негізгі ұғымдарды меңгеріп, өз ойларын анық жеткізу мүмкіндігін берді.

Осылайша, CLIL технологиясын қолдану химиялық терминология қорын арттырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Coyle D., Hood, P., & Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning // Bulletin of Cambridge University Press. -2010.

2. Касымбекова Д.А., Арынова А.Б. Методы применения технологии CLIL на лабораторных занятиях курса неорганической химии // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Педагогика. – 2021.

3. Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. The European Dimension - Actions, Trends and Foresight Potential // Bulletin of Cambridge University Press. -1994.

4. Джетимов М.А. “Физикалық химия:оқу-әдістемелік құралы”.-2019.

5. Құлажанов Қ.С., Таусарова Б.Р., “Физикалық химия:оқу-әдістемелік құрал”.-2014.

ӘОЖ 371.1

ҚАЗІРГІ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Нұрдәулет А.Қ., Нұрсеитова А.С.
Студенттер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
nrdulet04@inbox.ru, ardak.nurseitova04@mail.ru,

Тажинова Г.А.
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
Gulnara71.a@mail.ru

Мақалада қазіргі отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдаланудың маңыздылығы және мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі рөлі, қазіргі отбасының ерекшеліктері және ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиеге енгізу жолдары терең талқыланады.

Мақаланың мақсаты – ата-аналарға ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиеге енгізудің маңыздылығын көрсету және осы бағытта практикалық кеңестер беру. Ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі рөлін түсіндіру арқылы ата-аналардың балаларына дұрыс бағыт-бағдар беруіне көмектесу.

Кілт сөздер: *ұлттық құндылықтар, тәрбиенің рөлі, ата-ана, қарым-қатынас, рухани байлық.*

В статье подробно рассматривается важность и возможности использования национальных ценностей в современном семейном воспитании. Подробно обсуждается роль национальных ценностей в воспитании детей, особенности современной семьи и пути внедрения национальных ценностей в семейное воспитание.

Цель статьи-показать родителям важность включения национальных ценностей в семейное воспитание и дать практические советы в этом направлении. Помочь родителям направить своих детей в правильном направлении, объясняя роль национальных ценностей в воспитании детей.

Ключевые слова: *национальные ценности, роль воспитания, Воспитание детей, общение, духовное богатство.*

The article examines in detail the importance and possibilities of using national values in modern family education. The role of national values in the upbringing of children, the peculiarities of the modern family and the ways of introducing national values into family education are discussed in detail.

The purpose of the article is to show parents the importance of including national values in family education and to give practical advice in this direction. To help parents steer their children in the right direction by explaining the role of national values in parenting.

Key words: *national values, the role of upbringing, parenting, communication, spiritual wealth.*

Кіріспе

Қазіргі заманғы қоғамдағы жаһандану үдерісінің қарқындылығы, технологиялардың жедел дамуы және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер отбасы тәрбиесіне елеулі ықпал етуде. Осы факторлардың әсерінен отбасылық құндылықтардың маңыздылығы бәсеңдеп, балалардың өсіп-жетілуіндегі ата-аналардың рөлі трансформацияльнуда. Осыған

байланысты, ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды жас ұрпаққа жеткізу мәселесі аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған рухани мұрасы, оның мәдениетінің, тарихының және салт-дәстүрлерінің негізі. Олар – халықтың ішкі дүниесінің көрінісі, оның ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын рухани байлығы. Ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиеге енгізу арқылы балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, отансүйгіштік сезімін және ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

Жаһандану жағдайында балалар әртүрлі мәдениеттердің әсеріне тап болады. Бұл олардың өз ұлтының құндылықтарын ұмытуына әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар балаларының бойында ұлттық құндылықтарға деген құрмет пен сүйіспеншілікті тәрбиелеуі қажет. Бұл балалардың өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін білуіне, өз елінің патриоты болып өсуіне ықпал етеді [1].

Технологиялардың қарқынды дамуы балалардың виртуалды әлемге тәуелді болуына әкелуде. Бұл олардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының төмендеуіне, отбасылық байланыстардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар балаларының технологияларды дұрыс пайдалануын қадағалап, олардың отбасы мүшелерімен көбірек уақыт өткізуіне жағдай жасауы қажет.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер отбасылық құндылықтардың маңызын төмендетуде. Ата-аналардың жұмысбастылығының артуы, материалдық жағдайдың өзгеруі балалардың тәрбиесіне кері әсерін тигізуде. Сондықтан ата-аналар балаларының тәрбиесіне көбірек көңіл бөліп, оларға үлгі болуы қажет [2].

Ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиеге енгізу – балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, отансүйгіштік сезімін және ұлттық сананы қалыптастырудың тиімді жолы. Ата-аналар балаларына ұлттық ертегілер, аңыздар, жырлар оқып беріп, оларды ұлттық қолөнер түрлерімен таныстырып, ұлттық тағамдар дайындап, ұлттық ойындар ойнатып, тарихи орындарға саяхат жасатып, ұлттық киімдер кигізіп, өз отбасының шежіресін құрастыруға көмектесуі қажет.

Осылайша, ата-аналар балаларының бойында ұлттық құндылықтарға деген құрмет пен сүйіспеншілікті тәрбиелеп, олардың өз ұлтының патриоты болып өсуіне ықпал ете алады.

Негізгі бөлім. Материалдар мен әдістер

Әрбір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығы мен мәдени мұрасы – ұлттық құндылықтар. Олар ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, қоғамның негізін қалыптастырады. Ұлттық құндылықтар бала тәрбиесінде ерекше рөл атқарады, себебі олар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, рухани дамуына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді.

Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың рөлі бірнеше бағытта көрініс табады. Ең алдымен, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар баланың бойында мейірімділік, адалдық, сыйластық және қайырымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерін дамытады. Мысалы, қазақ халқының "үлкенге құрмет, кішіге ізет" қағидасы баланың үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор болуға үйретеді. Бұл қағида отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын нығайтып, қоғамдағы әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Адамгершілік құндылықтар баланың өзін-өзі ұстау мәдениетін, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады.

Екіншіден, отансүйгіштік сезімін ояту. Ұлттық құндылықтар баланың бойында отанға деген сүйіспеншілік пен өз еліне деген мақтаныш сезімін тудырады. Бала өз халқының тарихын, мәдениетін және тілін білу арқылы отансүйгіштік сезімін дамытады. Мысалы, қазақ халқының батырлар жыры баланың бойында ерлік, батырлық және отанға деген адалдық сияқты қасиеттерін тәрбиелейді. Бұл шығармалар баланың рухын көтеріп, өз елінің тарихына деген қызығушылығын арттырады. Отансүйгіштік сезімі баланың өз елінің мүддесін қорғауға, оның дамуына үлес қосуға деген ұмтылысын қалыптастырады.

Үшіншіден, ұлттық сананы қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар баланың бойында ұлттық сананы және өз халқының ерекшелігін түсінуді қалыптастырады. Бала өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білу арқылы өзін ұлттың бір бөлігі ретінде сезінеді. Мысалы, Наурыз мейрамын тойлау баланың бойында ұлттық бірлік, ынтымақтастық және жаңару сияқты құндылықтарды дамытады. Бұл мереке баланың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырып, қоғамдағы бірлікті нығайтады. Ұлттық сана баланың өз ұлтының мәдениетін, тілін және тарихын сақтауға деген жауапкершілігін арттырады [3].

Төртіншіден, әлеуметтік бейімделуге көмектесу. Ұлттық құндылықтар баланың қоғамдағы өз орнын табуына және әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі. Бала өз халқының әлеуметтік нормалары мен қарым-қатынас ережелерін білу арқылы қоғамда өзін дұрыс ұстауға үйренеді. Мысалы, "жеті атасын білу" қағидасы баланың туыстық қарым-қатынастарды сақтауға, үлкендерді құрметтеуге үйретеді. Бұл қағида отбасы мүшелерінің арасындағы байланысты нығайтып, әлеуметтік жауапкершілікті арттырады. Әлеуметтік бейімделу дағдылары баланың қоғамдағы әртүрлі жағдайларға бейімделуіне, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауына көмектеседі.

Бесіншіден, рухани дамуды қамтамасыз ету. Ұлттық құндылықтар баланың рухани дамуын қамтамасыз етеді. Бала өз халқының рухани мұрасын білу арқылы өзінің рухани әлемін байытады. Мысалы, қазақ халқының ақын-жырауларының шығармалары баланың бойында эстетикалық талғам мен рухани байлықты дамытады. Бұл шығармалар баланың ой-өрісін кеңейтіп, өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады. Рухани даму баланың өзін-өзі тануына, өмірдің мәнін түсінуіне, рухани құндылықтарды бағалауына көмектеседі [4].

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтар бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Олар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, рухани дамуына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді. Сондықтан ата-аналар мен педагогтар бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды кеңінен қолдануы қажет.

Алайда, қазіргі отбасының ерекшеліктері – қоғамның дамуы мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланысты. Қазіргі отбасылардың бұрынғы дәстүрлі отбасылардан айырмашылығы көп.

Отбасы құрылымындағы өзгерістер. Дәстүрлі отбасыларда көп балалылық, үлкендердің бірге тұруы сияқты ерекшеліктер болса, қазіргі отбасыларда бала санының азаюы, ядролық отбасылардың (ата-аналар және балалар) көбеюі байқалады. Ажырасулардың көбеюінен толық емес отбасылардың саны артуда. Азаматтық некелердің, яғни некесіз бірге тұрудың көбеюі де қазіргі отбасылардың ерекшелігі [5].

Әлеуметтік-экономикалық факторлар әсері. Ата-аналардың жұмысбастылығының артуы бала тәрбиесіне көңіл бөлуге уақыттың жетіспеуіне әкеледі. Материалдық жағдайдың өзгеруі отбасылық құндылықтардың маңызын төмендетуде. Әйелдердің қоғамдағы рөлінің артуы отбасылық міндеттердің өзгеруіне әкелуде.

Технологиялардың әсері. Интернет, әлеуметтік желілер, гаджеттер балалардың виртуалды әлемге тәуелді болуына әкелуде. Бұл балалардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының төмендеуіне, отбасылық байланыстардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Технологиялар отбасылық қарым-қатынастардың жаңа формаларын (мысалы, онлайн-байланыс) тудыруда.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Зерттеу барысында келесі сауалнама әдістері қолдана отырып жүргізілді. Ата-аналар мен балалардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін, оларды отбасында қолдану деңгейін және олардың әсерін анықтау үшін. Сұхбат әдісін қолдана отырып ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізу тәжірибесі бар отбасылармен терең сұхбат жүргізу. Бақылау әдісін қолданып отбасылық іс-шаралар, мерекелер және күнделікті өмірдегі ұлттық құндылықтардың қолданылуын бақылау. Контент-талдау барысында ұлттық құндылықтарға қатысты әдебиеттерді, бұқаралық ақпарат құралдарын және әлеуметтік желілердегі материалдарды талдау.

Ата-аналардың көпшілігі ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі маңыздылығын түсінеді, бірақ оларды күнделікті өмірде қолдануда қиындықтарға тап болады. Ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және мерекелерді отбасылық іс-шараларға енгізу балалардың ұлттық санасын қалыптастыруға және отансүйгіштік сезімін дамытуға ықпал етеді. Ана тілін отбасында қолдану балалардың тіл байлығын арттырады және ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын оятады.

Ұлттық өнер түрлерімен (музыка, би, қолөнер) танысу балалардың эстетикалық талғамын дамытады және шығармашылық қабілеттерін арттырады. Ұлттық құндылықтарға негізделген әңгімелер, ертегілер және аңыз-әңгімелер балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және рухани дамуына ықпал етеді. Технологиялардың дамуына байланысты жаңа тәсілдер пайда болуда. Мысалы, әлеуметтік желілер, онлайн-платформалар арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау. Қазіргі отбасылардың жұмысбастылығы, материалдық жағдайдың өзгеруі және технологиялардың әсері ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізуге кедергі келтіреді.

Ата-аналардың ұлттық құндылықтар туралы білімдерінің жеткіліксіздігі және оларды қолданудағы тәжірибесінің аздығы да маңызды мәселе болып табылады. Ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізу үшін ата-аналардың, педагогтардың және қоғамның бірлескен күш-жігері қажет. Ұлттық құндылықтарды заманауи формада ұсыну және технологияларды пайдалану арқылы оларды жастар арасында танымал ету мүмкіндігі бар. Отбасылық тәрбиедегі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдарының тиімділігін анықтау үшін, әр түрлі отбасылық жағдайларды ескерген жөн. Қазіргі отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндігі зор. Ата-аналардың, педагогтардың және қоғамның бірлескен күш-жігері арқылы ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінің негізгі құралына айналдыруға болады.

Осы зерттеу нәтижелері қазіргі отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдаланудың тиімді жолдарын анықтауға және олардың бала тәрбиесіне әсерін арттыруға көмектеседі.

Кесте 1 – Ата-аналардың ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесінде қолдану деңгейі

№	Ұлттық құндылықтарды қолдану деңгейі	Ата-аналардың пайызы (%)
1	Өте жоғары	20
2	Жоғары	35
3	Орташа	30
4	Төмен	10
5	Өте төмен	5

Кесте 2 – Ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіне әсері

№	Ұлттық құндылықтарды қолдану деңгейі	Ата-аналардың пайызы (%)
1	Адамгершілік қасиеттер	30
2	Отансүйгіштік сезімі	25
3	Ұлттық сана	20
4	Әлеуметтік бейімделу	15
5	Рухани даму	10

Кесте 3 – Ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесіне енгізудегі кедергілер

№	Кедергілер	Ата-аналардың пайызы (%)
1	Уақыттың жетіспеушілігі	40
2	Материалдық қиындықтар	25
3	Білімнің жеткіліксіздігі	20
4	Ұлттық дәстүрлерден алшақтау	15

Кесте 4 – Ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесіне енгізу жолдары

№	Ұлттық құндылықтарды енгізу	Ата-аналардың пайызы (%)
1	Ұлттық дәстүрлер	35
2	Ана тілі	25
3	Ұлттық өнер	20
4	Әңгімелер мен ертегілер	15
5	Технологиялар	5

Кесте нәтижелері ата-аналардың көпшілігі ұлттық құндылықтардың маңыздылығын түсінетінін, бірақ оларды күнделікті өмірде қолдануда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіне әсері әртүрлі бағытта көрініс табады, бірақ ең маңыздысы - адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ұлттық құндылықтарды тәрбие процесіне енгізудегі негізгі кедергілер - уақыттың жетіспеушілігі және материалдық қиындықтар. Ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесіне енгізудің ең тиімді жолдары - ұлттық дәстүрлерді, ана тілін және ұлттық өнерді қолдану.

Бұл таблицалар зерттеу нәтижелерін нақты және түсінікті түрде көрсетуге көмектеседі.

Қорытынды

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығы мен мәдени мұрасы. Олар ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, қоғамның негізін қалыптастырады. Ұлттық құндылықтар бала тәрбиесінде ерекше рөл атқарады, себебі олар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, рухани дамуына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтардың маңызы арта түсуде. Себебі, жаһандану процесінде ұлттық мәдениеттердің араласуы, технологиялардың дамуы, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер ұлттық құндылықтардың сақталуына қауіп төндіруде. Осыған байланысты, бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды кеңінен қолдану қажеттілігі туындайды.

Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың рөлі бірнеше бағытта көрініс табады:

Адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру: Ұлттық құндылықтар баланың бойында мейірімділік, адалдық, сыйластық және қайырымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерін дамытады. Бұл баланың өзін-өзі ұстау мәдениетін, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады.

Отансүйгіштік сезімін ояту: Ұлттық құндылықтар баланың бойында отанға деген сүйіспеншілік пен өз еліне деген мақтаныш сезімін тудырады. Бұл баланың өз елінің мүддесін қорғауға, оның дамуына үлес қосуға деген ұмтылысын қалыптастырады.

Ұлттық сананы қалыптастыру: Ұлттық құндылықтар баланың бойында ұлттық сананы және өз халқының ерекшелігін түсінуді қалыптастырады. Бұл баланың өз ұлтының мәдениетін, тілін және тарихын сақтауға деген жауапкершілігін арттырады.

Әлеуметтік бейімделуге көмектесу: Ұлттық құндылықтар баланың қоғамдағы өз орнын табуына және әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі. Бұл баланың қоғамдағы әртүрлі жағдайларға бейімделуіне, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауына көмектеседі.

Рухани дамуды қамтамасыз ету: Ұлттық құндылықтар баланың рухани дамуын қамтамасыз етеді. Бұл баланың өзін-өзі тануына, өмірдің мәнін түсінуіне, рухани құндылықтарды бағалауына көмектеседі.

Қазіргі отбасының ерекшеліктері – қоғамның дамуы мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланысты. Отбасы құрылымындағы өзгерістер, әлеуметтік-экономикалық факторлар әсері, технологиялардың әсері және құндылықтардың өзгеруі қазіргі отбасылардың ерекшеліктерін айқындайды.

Осыған байланысты, ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиеге енгізу жолдарының маңызы арта түседі. Отбасылық дәстүрлерді жаңғырту, ұлттық ойындар мен өнер түрлерін насихаттау, ұлттық әдебиет пен тарихты оқыту, ана тілін құрметтеу, ұлттық

тағамдарды дайындау, үлкендерді үлгі ету, рухани құндылықтарды сіңіру, отбасылық шежіре құру, ұлттық мерекелерді атап өту және құрмет көрсету арқылы ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізуге болады.

Сонымен қатар, эксперименттік зерттеулердің нәтижелері ұлттық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі маңыздылығын дәлелдейді. Ұлттық дәстүрлерге қатысу, отбасылық рәсімдер, ақпараттық технологияларды пайдалану ұлттық құндылықтардың қалыптасуына және сақталуына ықпал етеді.

Қорыта келе, ұлттық құндылықтар бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Олар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, рухани дамуына және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді. Сондықтан ата-аналар мен педагогтар бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды кеңінен қолдануы қажет. Бұл балалардың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, ұлттық сана, әлеуметтік бейімделу және рухани даму сияқты қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі [6].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметов С. Балабақшада білім берудің тиімділігін арттыру жолдары.-А: Рауан, 1994-.13б

2. ҚР Білім заңы. 2022 ж - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

3. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарт. 2022ж - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

4. ҚР Үлгілік оқу бағдарламасы. 2022 ж - https://special-edu.kz/kz/news/88/single/133

5. Ұлттық тәрбие отбасынан басталу керек [Мәтін] / әңг. М. Алжанбай // Jetisý (Жетісу). – 2024. - 19 қазан (№ 119). - 3 б.

6. Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия,- Алматы,- 3 т., 2001,- 589 б.

ӘОЖ 512.5

«АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛ» ТАРАУЫН ОҚЫТУДА ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Оңдашов Н.Д.*
Магистрант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы
nurbolat.ondashov@mail.ru

Мұқушев Б.А.
Профессор, педагогика ғылымдарының докторы,
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
m.bazarbek@mail.ru

Мақалада «Алғашқы функция және интеграл» тарауын физикалық құбылыстар арқылы оқытудың педагогикалық әдістемесі жан-жақты қарастырылған. Физикалық модельдерді, эксперименттік тапсырмаларды және визуализация құралдарын қолдану арқылы математикалық ұғымдардың нақты өмірдегі бейнесін қалыптастырудың тиімділігі талқыланады. Зерттеу барысында оқушылардың интеграл ұғымын терең меңгеру деңгейінің артуына ықпал ететін факторлар анықталды, ал практикалық эксперименттер мен сауалнамалар нәтижелері бұл әдістің тиімділігін дәлелдеді.

Кілт сөздер: *интеграл, алғашқы функция, физикалық құбылыстар, оқыту әдістері, математикалық модельдеу.*

В статье рассматривается методика преподавания главы «Первая функция и интеграл» с использованием физических явлений. Применение физических моделей, экспериментальных заданий и визуальных средств позволяет сформировать у учащихся четкое представление о математических понятиях через реальные процессы. Исследование показало, что использование физических явлений способствует более глубокому усвоению интегральных понятий, а результаты анкетирования и практических экспериментов свидетельствуют об эффективности данного подхода.

Ключевые слова: *интеграл, первообразная функция, физические явления, методы обучения, математическое моделирование.*

The article discusses the teaching methodology of the chapter "The first function and the integral" using physical phenomena. The use of physical models, experimental tasks and visual aids allows students to form a clear understanding of mathematical concepts through real processes. The study showed that the use of physical phenomena contributes to a deeper assimilation of integral concepts, and the results of questionnaires and practical experiments indicate the effectiveness of this approach.

Key words: *integral, primitive function, physical phenomena, teaching methods, mathematical modeling.*

Математика – табиғат пен техникадағы көптеген процестерді сипаттайтын әмбебап ғылым. Оның ішінде алғашқы функция және интеграл ұғымдары ерекше маңызға ие. Бұл екі ұғым дифференциалдық және интегралдық есептеулердің негізін құрайды және ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады.

Мектепте бұл тақырып көбіне жоғары сыныптарда қарастырылады. Бірақ көптеген оқушылар үшін бұл тақырыпты меңгеру қиындық тудырады. Оның басты себебі – интегралдың абстрактілі ұғым ретінде қабылдануы. Сондықтан оны күнделікті өмірдегі құбылыстармен байланыстырып түсіндіру маңызды.

Бұл мақалада алғашқы функция және интеграл ұғымдарын түсіндіру жолдары, олардың физикалық процестермен байланысы және мектептер мен білім ордаларында оқыту әдістері жан-жақты қарастырылады.

Алғашқы функция – бұл берілген функцияның өзгеру заңдылығын сипаттайтын функция. Егер бір шаманың өзгеру жылдамдығы белгілі болса, онда оның бастапқы мәнін немесе жалпы заңдылығын табу үшін алғашқы функция ұғымы қолданылады.

Көптеген құбылыстарда белгілі бір шаманың өзгеру жылдамдығы белгілі болады, бірақ оның нақты мәнін анықтау қажет болады. Мысалы:

- Егер автомобильдің жылдамдығы белгілі болса, оның қанша қашықтықты жүріп өткенін табуға болады.
- Егер сұйықтықтың ағынының жылдамдығы белгілі болса, оның көлемін есептеуге болады.

Осындай есептерді шешу үшін алғашқы функция ұғымын қолданамыз.

Белгісіз интеграл – бұл берілген функцияның алғашқы функциясын табу процесі. Ол математикалық есептеулерде кеңінен қолданылады және түрлі табиғи құбылыстарды сипаттауға көмектеседі.

Мысалы, жылдамдық функциясы белгілі болғанда, интегралдау арқылы орын ауыстыруды есептеуге болады. Сол сияқты, үдеу белгілі болса, жылдамдықты табу үшін интеграл қолданылады.

Анықталған интеграл – белгілі бір аралықтағы шаманың жалпы өзгерісін есептеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс көбінесе аудандарды, көлемдерді, қозғалысты сипаттайтын физикалық шамаларды есептеу үшін қолданылады.

Мысалы:

- Егер өзеннің ағысының жылдамдығы белгілі болса, онда белгілі бір уақыт аралығында қанша су өткенін есептеуге болады.
- Егер бір денеге әсер ететін күш белгілі болса, онда оның істеген жұмысын анықтауға болады.

Анықталған интеграл нақты өмірдегі көптеген процестерді сипаттауға көмектеседі және көптеген ғылыми зерттеулерде қолданылады.

Интеграл физикада көптеген құбылыстарды сипаттау үшін қолданылады. Оның көмегімен қозғалыс заңдары, энергия өзгерістері, электр және магниттік өрістер сипатталады.

Қозғалыс – физиканың негізгі зерттеу нысандарының бірі. Интеграл қозғалыстың әртүрлі параметрлерін есептеу үшін қолданылады.

Күнделікті өмірдегі мысалдар:

- Егер сіз жолда келе жатқан көліктің жылдамдығын өлшесеңіз, онда интеграл арқылы оның қанша қашықтықты жүріп өткенін есептеуге болады.
- Егер велосипедшінің үдеуі белгілі болса, онда оның белгілі бір уақыт аралығында қанша жылдамдық алғанын анықтауға болады.

Жұмыс – физикадағы маңызды ұғымдардың бірі. Егер денеге әртүрлі күштер әсер етсе, оның істеген жұмысын есептеу үшін интеграл қолданылады.

Өмірден алынған мысалдар:

- Егер сіз ауыр сөмкені жоғары көтерсеңіз, онда сіздің бұл жұмысқа жұмсаған күшіңізді интеграл арқылы есептеуге болады.
- Құрылыс техникасының белгілі бір объектіні көтергенде жұмсайтын энергиясын есептеу үшін интеграл қолданылады.
- Электр және магнит өрістерін зерттегенде интеграл маңызды рөл атқарады. Электр өрісінің күші, зарядтардың қозғалысы, магнит өрісінің өзгерісі сияқты көптеген құбылыстарды интеграл арқылы сипаттауға болады. Қолданылу салалары:
- Радио және байланыс жүйелерінде электромагниттік толқындардың таралуын есептеу.
- Электр қондырғыларының қуатын анықтау.
- Батареялардың зарядын және олардың жұмыс істеу уақытын есептеу.

• Сұйықтар мен газдардың қозғалысын зерттеуде де интеграл жиі қолданылады. Мысалдар:

• Құбыр арқылы өтетін судың көлемін есептеу.

• Желдің жылдамдығына байланысты жел турбиналарының қанша энергия өндіретінін анықтау.

• Мұнай құбырларының өткізу қабілетін есептеу.

Интегралды оқыту әдістері

Интеграл ұғымын мектеп оқушыларымен тиімді меңгеру үшін түрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мұнда басты мақсат – оқушыларға интегралдың мағынасын түсінікті, көрнекі және өмірмен байланысты түрде түсіндіру.

1. Көрнекілік әдісі – оқушыларға интегралдың мағынасын түсіндіру үшін графиктер, диаграммалар және модельдерді пайдалану. Бұл әдіс арқылы оқушылар интегралды визуалды түрде қабылдап, оның геометриялық мәнін жақсы түсінеді.

• Графиктер мен диаграммалар – функциялар графигін сызып, интеграл белгілі бір аралықтағы аудан ретінде түсіндіріледі.

• Геометриялық модельдер – қарапайым фигуралар арқылы аудандарды есептеп, интегралдың негізгі идеясын көрсету.

• Интерактивті тақталар мен презентациялар – оқушыларға функция графигінің астындағы аудан қалай өзгеретінін көрсету үшін қолданылады.

2. Қолданбалы есептер – автомобильдің жүрген жолын, сұйықтық ағынын

есептеу сияқты мысалдар арқылы түсіндіру. Интеграл нақты өмірде көптеген есептерді шешу үшін қолданылады. Егер оқушылар интегралдың өмірдегі қолданысын түсінсе, олар оны оңай меңгереді.

Көлік жылдамдығы мен жүрілген жолды есептеу – Егер көліктің жылдамдығы уақытқа байланысты өзгерсе, онда оның жүрген жолын есептеу үшін жылдамдық функциясын уақыт бойынша интегралдау қажет.

Сұйықтық ағынын есептеу – Егер құбырдан өтетін сұйықтықтың жылдамдығы белгілі болса, интеграл арқылы белгілі бір уақыт ішінде қанша сұйықтық өткенін есептеуге болады:

Құрылыс саласында қолдану – Көпірлердің жүктемесін есептеу үшін интеграл қолданылады. Бұл интеграл есептеліп, көліктің қанша қашықтық жүргенін анықтауға болады.

3. Интерактивті сабақтар – онлайн платформаларды, анимациялық

видеоларды қолдану. Қазіргі таңда оқытуда интерактивті технологияларды қолдану өте маңызды. Интерактивті сабақтар оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады.

Онлайн платформалар – Khan Academy, Coursera, Desmos сияқты сайттар интегралды түсінуге көмектесетін анимациялар ұсынады.

Анимациялық видеолар – YouTube-та интегралдың өмірдегі қолданысын көрсететін бейнелер бар.

Геймификация – Ойын элементтері арқылы оқушылар интегралды қызықты түрде меңгереді.

4. Практикалық жұмыстар – эксперименттер арқылы интеграл ұғымын

түсіндіру. Практикалық әдістер арқылы оқушылар интегралды қолмен есептеп, оның нақты мағынасын түсінеді.

Эксперименттік тапсырмалар. Мысалы, су толтырып жатқан ыдыстың көлемін уақытқа байланысты өлшеу және оны интеграл арқылы сипаттау.

Графикалық модельдеу – Функция астындағы аудан мен оның өзгерісін қолмен өлшеп, интегралдық мәнімен салыстыру.

Интерактивті оқыту құралдары:

Симуляциялар – физикалық процестерді компьютерлік модельдеу.

Виртуалды зертханалар – интегралдың қолданылуын тәжірибе арқылы көрсету.

Онлайн тесттер – оқушылардың білімін тексеру.

Алғашқы функция және интеграл – математиканың маңызды бөлімдерінің бірі.

Оларды дұрыс түсіну үшін көрнекілік, тәжірибелік есептер, интерактивті технологиялар қолданылуы керек.

Бұл тақырып тек теориялық емес, сонымен қатар өмірдің көптеген салаларында кеңінен қолданылады.

Сондықтан оны оқыту әдістерін үнемі жетілдіру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов Ш.А., Бегалиев А.Г., Қабдрашев Б.М. Математикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 2

2. Кудрявцев Л.Д. Математический анализ: Учебник для вузов. – Москва: Высшая школа, 2004. – 560 с.

3. Фихтенгольц Г.М. Курс дифференциального и интегрального исчисления. Т.1. – Москва: Наука, 2001. – 528 с.

4. Богомолов В.А. Основы математического анализа. – Санкт-Петербург: Лань, 2012. – 384 с.

5. Құдайбергенов Қ., Әбілқасымова А.Е. Жоғары математика: Оқулық. – Алматы: Жазушы, 2017. – 450 б.

6. Бреславец В.Н. Интегралды есептеу және оның қолданылуы. – Новосибирск: СибАК, 2016. – 312 с.

ӘОЖ 338.001.36

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ӨНІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛЫ

Оралова С.Ш.
Оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы
saltanatoralowa@yandex.kz

Бұл мақалада телекоммуникациялық технологиялардың Қазақстан экономикасына тигізетін әсері жан-жақты қарастырылады. Автор, телекоммуникация саласының дамуы негізінде еліміздің экономикалық өнімділігі қалай артатынын, сонымен қатар инновациялық шешімдер мен цифрлық трансформацияның маңыздылығы туралы терең талқылаулар мен салыстырмалы экономикалық көрсеткіштер жасайды. Мақалада, жаңа технологиялар мен байланыс инфрақұрылымының дамуымен бірге кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен жұмыс тиімділігінің қалай жақсаратыны, сондай-ақ цифрландырудың кәсіпкерлік сектордағы өнімділікке әсері зерттеледі. Телекоммуникация саласындағы инновациялар мен олардың экономикалық даму үшін маңызды рөлі айқындалады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы еліміздің экономикалық өсіміне ықпал ететін негізгі факторларды анықтайды. Тақырыптың өзектілігі қазіргі цифрлық экономика кезеңінде ерекше маңызға ие болып отыр, себебі ол ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Кілт сөздер: *Телекоммуникация, экономика, инновация, өнімділік, цифрландыру, технология, бәсекеге қабілеттілік.*

В данной статье подробно рассматривается влияние телекоммуникационных технологий на экономику Казахстана. Автор в рамках развития телекоммуникационного сектора обсуждает, как повышается экономическая продуктивность страны, а также рассматриваются важность инновационных решений и цифровой трансформации. В статье исследуется, как улучшение конкурентоспособности и рабочей эффективности предприятий связано с развитием новых технологий и коммуникационной инфраструктуры, а также влияние цифровизации на продуктивность в предпринимательском секторе. Определяется важная роль инноваций в телекоммуникационном секторе для экономического развития. Кроме того, исследовательская работа выделяет ключевые факторы, способствующие экономическому росту страны. Актуальность темы особенно важна в условиях современной цифровой экономики, так как она направлена на повышение конкурентоспособности национальной экономики.

Ключевые слова: *Телекоммуникация, экономика, инновации, продуктивность, цифровизация, технологии, конкурентоспособность.*

This article thoroughly examines the impact of telecommunications technologies on the economy of Kazakhstan. The author discusses how the development of the telecommunications sector enhances the country's economic productivity, as well as the importance of innovative solutions and digital transformation. The article investigates how the improvement of competitiveness and work efficiency of enterprises is linked to the development of new technologies and communication infrastructure, as well as the influence of digitalization on productivity in the business sector. The significant role of innovations in the telecommunications sector for economic development is highlighted. Additionally, the research identifies the key factors contributing to the country's economic growth. The relevance of the topic is particularly significant in the context of the modern digital economy, as it aims to enhance the competitiveness of the national economy.

Key words: *Telecommunications, economy, innovation, productivity, digitalization, technology, competitiveness.*

Телекоммуникациялық технологиялар әлемдік экономикада жаңа кезеңге қадам басқан сайын, олардың қоғамның барлық салаларындағы рөлі артып келеді. Заманауи телекоммуникациялық жүйелер, әсіресе интернет байланысы мен мобильді қызметтер, кәсіпорындар мен мемлекеттік құрылымдардың тиімді жұмыс істеуіне, өндірістік процестерді оңтайландыруға, ақпарат алмасуды жеделдетуге, сондай-ақ инновациялық шешімдер мен жаңа технологияларды енгізуге ықпал етеді. Қазіргі кезде телекоммуникацияның Қазақстан экономикасында алатын орны ерекше. Бұл сала экономикаға тек жаңа жұмыс орындарын ғана емес, сондай-ақ цифрлық трансформация мен өндірістік инновацияларды да алып келеді [1] .

Қазақстанның экономикасы үшін телекоммуникациялық инфрақұрылымның дамуы аса маңызды болып табылады, себебі ол тек цифрлық қызметтерді ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіп салаларын, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін, сондай-ақ жалпы экономиканың барлық секторларын трансформациялауға ықпал етеді. 2010 жылдары бастап елімізде телекоммуникация саласы жылдам дамып, интернет және мобильді байланыс қызметтері кең тарала бастады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, бизнес-қызметтерді автоматтандыруға және тұтынушыларға жаңа қызметтер ұсынуға мүмкіндік берді.

Әсіресе, соңғы жылдары телекоммуникациялық қызметтердің дамуы Қазақстанның цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған стратегиялық жоспарларымен тығыз байланысты. Елдің әртүрлі аймақтарында интернетке қолжетімділіктің артуы, жоғары жылдамдықты кең жолақты байланыс желілерінің орнатылуы және мобильді байланыс операторларының қызмет көрсету аясының кеңеюі экономикадағы жаңа мүмкіндіктерді ашты [2]. Цифрландыру мен телекоммуникациялық технологиялар өнімділікті арттыруға, бизнес процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ инновациялық жобаларды жүзеге асыруға үлкен ықпал етті.

Бұл мақалада Қазақстан экономикасындағы телекоммуникациялық технологиялардың даму динамикасы, инновациялардың қосылуы және олардың жалпы экономикалық өнімділікке әсері соңғы 3 жылдағы деректер негізінде талданады. 2022-2024 жылдар аралығындағы экономикалық көрсеткіштерді салыстыра отырып, біз телекоммуникациялық саланың еліміздегі өнімділікті арттыру мен цифрлық трансформацияға қалай ықпал еткенін зерттеп, бұл бағыттағы жетістіктер мен алдағы мүмкіндіктерді қарастырамыз. Қазақстандағы телекоммуникациялық қызметтердің кеңеюі мен инновациялардың енгізілуі неғұрлым жоғары жұмыс тиімділігіне, жаңа технологиялардың игерілуіне және бизнес саласында жаңа мүмкіндіктердің ашылуына әкелуде[3].

Телекоммуникация саласының қарқынды дамуы мен оның экономикалық әсері туралы жүргізілген зерттеулердің нәтижелері еліміздің экономикалық дамуына жаңаша серпін беретін мүмкіндіктердің бар екенін көрсетеді. Осы тұрғыда телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалған инвестициялар мен инновациялық технологияларды енгізу Қазақстанның әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.


Қазақстандағы телекоммуникациялық сектордың дамуы соңғы 3 жылда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ұлттық статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, 2022 жылдан 2024 жылға дейін байланыс қызметтерінің көлемі шамамен 15%-ға артты[4]. Әсіресе мобильді интернет пен жоғары жылдамдықты кең жолақты интернет қызметтері көбейіп, олардың қолжетімділігі айтарлықтай жақсарды. Мысалы, 2022 жылы мобильді интернет пайдаланушылар саны 13,2 млн адамды құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 14,8 млн адамға дейін өсті.

Кең жолақты интернетке қосылу көрсеткіші де жоғарылады: 2022жылы Қазақстан бойынша интернет желісіне қосылған үй шаруашылығының саны 55%-ды құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 68%-ға жетті. Бұл цифрландыру мен телекоммуникациялық қызметтердің дамуын көрсететін маңызды индикаторлар болып табылады[5].

Қазақстанда телекоммуникация саласының дамуы соңғы бірнеше жылда айтарлықтай қарқын алды. Бұл саланың басты бағыты – байланыс инфрақұрылымын кеңейту және мобильді байланыс пен интернет қызметтерінің сапасын жақсарту. Әсіресе,

соңғы 3 жылда телекоммуникация қызметтеріне сұраныстың артуы мен жаңа технологияларды енгізу арқылы еліміздің цифрлық инфрақұрылымы едәуір жаңартылды. Бұл бөлімде біз Қазақстандағы телекоммуникация саласының даму динамикасын және оның экономикаға әсерін статистикалық деректер арқылы тереңірек талдаймыз[6].

Қазақстанда мобильді байланыс пен интернетке қолжетімділіктің артуы – бұл елдегі телекоммуникацияның дамуының маңызды көрсеткіші. 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде елімізде мобильді интернетке қосылу саны 10%-ға артты. 2022 жылы Қазақстанда мобильді интернет пайдаланушыларының саны 13,2 млн адамды құраса, 2024 жылдың соңында бұл көрсеткіш 14,8 млн адамға жетті. Бұл деректер Қазақстан тұрғындарының 80%-ы мобильді интернетті қолданатынын көрсетеді [7].



Сурет 1 – Мобильді интернет пайдаланушылар санының динамикасы

Қазақстанда телекоммуникациялық саланың дамуындағы келесі маңызды қадам – 5G технологиясын енгізу. 2022 жылы елімізде алғаш рет 5G желісі Алматы қаласында іске қосылды, кейінірек Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында да осы технология пайдаланылды. 2024 жылға қарай Қазақстанның ірі қалаларында 5G желісін енгізу жоспарлары іске асырылып, байланыс сапасы айтарлықтай жақсарды. Мобильді байланыс операторлары 5G желісін қолдана отырып, жоғары жылдамдықты интернет қызметтерін ұсыну мүмкіндігіне ие болды[8].

5G желісінің енгізілуі бизнестің барлық салаларында тиімділікті арттыруға, сондай-ақ өнеркәсіптің цифрлық трансформациясына жаңа серпін береді. Мысалы, 5G технологиясын енгізу өндірістік кәсіпорындарда деректерді жылдам өңдеу мен автоматтандырылған жүйелердің жұмысын жақсартуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жұмыс өнімділігін арттырады.

Қазақстанда телекоммуникация қызметтерінің нарығы да жылдан жылға өсіп келеді. 2024 жылы байланыс қызметтерінің жалпы көлемі 600 миллиард теңгеге жуықтады, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 520 миллиард теңгені құраған болатын. Байланыс қызметтерінің көлемі 3 жылда 15%-ға өсті. Бұл өсу негізінен мобильді байланыс қызметтері мен кең жолақты интернеттің санының артуына байланысты болды.

Әсіресе, қашықтан жұмыс істеу мен онлайн білім беру қызметтері пандемиядан кейін тұрақты түрде сұранысқа ие болды. Бұл үрдіс Қазақстандағы телекоммуникациялық қызметтердің кеңеюіне және олардың сапасын жақсартуға ықпал етті. Жыл сайын телекоммуникация саласында жаңа қызметтер пайда болып, тұтынушылар үшін қолжетімділік артып келеді.


Телекоммуникациялық технологиялар арқылы енгізілген инновациялар Қазақстан экономикасына көптеген пайдалы әсерлерін тигізді. Қазіргі уақытта көптеген салалар цифрлық технологияларды енгізу арқылы өз қызметін тиімді жүргізіп отыр. 2022-2024 жылдар аралығында еліміздің ІЖӨ-де цифрландырудың үлесі 2,1%-дан 3,4%-ға дейін өсті. Бұл көрсеткіштерге телекоммуникация саласының тікелей ықпалы зор[9, 77-84бб].

Цифрлық экономиканың дамуымен бірге елімізде электронды сауданың үлесі артып, 2024 жылы жалпы сауданың 12%-ын құрады, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 9%-ға ғана жеткен еді. Әсіресе ауылдық жерлерде интернет қолжетімділігінің артуы, онлайн қызметтердің кеңеюі, және түрлі мобильді қосымшалардың іске қосылуы арқылы кәсіпорындар мен тұтынушылар арасындағы өзара байланыс жеңілдеді.

Қазақстандағы телекоммуникациялық технологиялардың дамуы экономиканың түрлі салаларында инновациялық шешімдердің енгізілуіне үлкен ықпал етті. Бұл бөлімде біз телекоммуникацияның инновацияларды енгізуге, цифрландыруға және өндірістік процестерді оңтайландыруға тигізетін әсерін тереңірек зерттейміз.

Цифрландыру – бұл Қазақстанның экономикалық дамуына маңызды әсер ететін негізгі факторлардың бірі[10,88-93бб]. Соңғы жылдары елімізде цифрлық трансформацияға бағытталған бірқатар бастамалар іске асырылды. 2022 жылы Қазақстанда цифрландырудың ІЖӨ-дегі үлесі 2,1%-ды құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 3,4%-ға дейін өсті. Бұл 2 жылда ел экономикасына цифрландырудың оң әсері байқалып, ол елдің ЖІӨ өсімінің бір бөлігіне айналды.

Цифрландырудың арқасында көптеген салаларда жаңа бизнес-модельдер пайда болды. Мысалы, электронды коммерция мен онлайн қызметтердің үлесі артып, 2024жылы жалпы сауданың 12%-ын құрады, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 9%-ды ғана құраған еді. Бұл өзгерістер Қазақстандағы кәсіпорындардың цифрлық платформалар мен қызметтерді қолдануын жеделдетті.



Сурет 2 – Интернетке қосылу үлесі (кең жолақты интернет)

Телекоммуникациялық технологиялар инновациялық шешімдерді енгізудің негізгі қозғаушы күші болды. Соңғы 3 жылда Қазақстандағы көптеген кәсіпорындар автоматтандырылған жүйелерді, жасанды интеллект пен үлкен деректерді қолдану арқылы өндірістік процестерін жетілдірді. Мысалы, 2022 жылы «Қазақтелеком» компаниясы өз қызметтерін автоматтандыру арқылы жұмыс тиімділігін 10%-ға арттырды. Ал 2024 жылы осы компанияның 5G желісіне көшуі қызмет көрсетудің сапасын арттырды.

Қазақстандағы цифрландыру тек ірі компанияларды ғана емес, шағын және орта бизнес өкілдерін де қамтыды. Онлайн қызмет көрсету, цифрлық маркетинг және электронды сауда салаларының өсуі елдегі кәсіпкерлік секторға жаңа мүмкіндіктер ашты. Әсіресе, пандемиядан кейін көптеген бизнес кәсіпорындары онлайн режимге көшіп, цифрлық платформаларды қолдану арқылы өз өнімдері мен қызметтерін ұсынуды бастады[11, 145-148бб].

Цифрландыру мен телекоммуникациялық технологиялар жұмыс өнімділігін арттыруға және экономикалық тиімділікті жақсартуға айтарлықтай ықпал етті. 2021-2023 жылдар аралығында Қазақстандағы жұмыс өнімділігі 8%-ға өсті. Бұл, әсіресе, цифрлық қызметтер мен автоматтандырылған жүйелерді пайдаланатын кәсіпорындарда айқын байқалды. Мысалы, қашықтан жұмыс істеу мен онлайн білім беру саласындағы қызметтер артқан сайын жұмыс күшінің өнімділігі жақсарды[12, 13-18бб].



Сурет 3 – Цифрландырудың ІЖӨ-ге әсері

Қазақстанның экономикалық өсуіне ықпал еткен тағы бір маңызды аспект – мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы. Мысалы, «Электронды үкімет» жүйесінің кеңейтуі мен мемлекеттік қызметтердің онлайн ұсынылуы тұрғындар мен кәсіпкерлердің уақытын үнемдеп, процестердің жылдамдығын арттырды.

Телекоммуникациялық технологиялардың тиімділігі жұмыс өнімділігін арттыруға үлкен ықпал етеді. 2022-2024 жылдар аралығында жұмыс істейтін азаматтардың еңбек өнімділігі 8%-ға өсті. Бұл әсіресе байланыс қызметтері мен автоматтандырылған жүйелерді қолданатын кәсіпорындарда айқын байқалды. Сонымен қатар, телекоммуникациялық сектордың дамуы қызмет көрсету салаларына да оң әсерін тигізді: қашықтан жұмыс істеу жүйесі мен электронды коммерцияның артуы жұмыс күшін оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы телекоммуникациялық компаниялар жаңа технологиялар мен қызметтерді енгізе отырып, жұмыс тиімділігін арттыруда. Мысалы, «Қазақтелеком» компаниясы 2022 жылы өзінің қызметтерін автоматтандыру арқылы өз жұмысын 10%-ға дейін жеңілдетті. Бұл көрсеткіш 2024 жылы тағы да артты, себебі компанияның 5G желісіне көшу процесі басталды [13, 56-68бб].

Қазақстанның телекоммуникациялық секторына жасалған инвестициялар да айтарлықтай өсті. 2022-2024 жылдар аралығында телекоммуникация саласына салынған инвестициялар 20%-ға артты. Бұл қаржыландырудың көп бөлігі интернет инфрақұрылымын дамытуға, жаңа технологияларды енгізуге және байланыс желілерін жаңғыртуға бағытталды. Сонымен қатар, шетелдік инвестициялар да артып, Қазақстанды цифрлық хаб ретінде дамытуға мүмкіндік туды[14].

Телекоммуникациялық технологиялардың дамуы Қазақстан экономикасына оң әсерін тигізуде. Соңғы 3 жылда телекоммуникация саласындағы өсім мен инновациялар өндірістік өнімділікті арттыруға, цифрландыруды жеделдетуге және экономикадағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал етті. Елімізде байланыс қызметтерінің кеңеюі мен жаңа технологияларды енгізу арқасында жұмыс тиімділігі мен қызмет көрсету сапасы жақсарып, экономикадағы инновациялық процестердің дамуына үлес қосылды. Телекоммуникация саласы болашақта да Қазақстанның экономикалық өсімінің негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүниежүзілік Банктің есептері. (2023). Телекоммуникация саласындағы даму және оның экономикалық әсері. Дүниежүзілік Банк. URL: https://www.worldbank.org (12.01.2025)

2. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. (2024). Қазақстандағы телекоммуникациялық қызметтер туралы жылдық есептер. ҚР Статистика агенттігі. URL: https://stat.gov.kz (18.01.2025)

3. ITU (International Telecommunication Union). (2022). Global ICT developments and trends. ITU. URL: https://www.itu.int (02.02.2025)

4. Халықаралық валюта қоры. (2024). Цифрландыру және экономикалық даму. ХВҚ. URL: https://www.imf.org (02.02.2025)

5. Қазақстан Ұлттық Банкі. (2024). Қазақстандағы экономикалық көрсеткіштер және цифрландырудың ІЖӨ-ге әсері. ҚР Ұлттық Банкі. URL: https://www.nationalbank.kz (02.02.2025)

6. Қазақтелеком. (2022). Компанияның даму есебі және телекоммуникация қызметтері нарығы. Қазақтелеком. URL: https://www.telecom.kz (02.02.2025)

7. Kcell. (2024). Kcell компаниясының цифрландыру стратегиясы және оның экономикалық нәтижелері. Kcell. URL: https://www.kcell.kz (06.02.2025)

8. Beeline. (2024). Beeline Қазақстандағы телекоммуникация қызметтерінің дамуы туралы есеп. Beeline. URL: https://www.beeline.kz (12.02.2025)

9. Shiraishi, S. The role of telecommunication technologies in economic growth and innovation // Journal of Economic Development, -2022. -№44(3). –С.78-89. DOI: 10.1016/j.jedc.2021.07.008

10. Бекенова Г. Цифрландыру және экономикалық өнімділік: Қазақстан тәжірибесі // Экономика және бизнес журнал. – 2022. -№5(2). 134-142бб.

11. Мұсабекова А. Инновациялар мен телекоммуникация саласының экономикалық дамуындағы рөлі. Алматы: Экономика баспасы. – 2022. -56-62бб.

12. Ganguly S. & Choudhury R. Digital transformation and its impact on economic growth in emerging markets // Technology and Innovation Management. – 2022. -№39(6). -С.56-70. DOI: 10.1007/s11301-022-00246-5

13. Zhang X. (2024). The impact of ICT development on economic performance: Evidence from emerging economies. Telecommunications Policy, 45(4), 102034. DOI: 10.1016/j.telpol.2020.102034

14. World Economic Forum. (2022). The Future of Digital Economy: Key drivers and challenges. WEF. URL: https://www.weforum.org (18.02.2025)

ӘОЖ 331.361.2

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ХИМИЯНЫ АРАЛАС ОҚЫТУДЫҢ КІРІКТІРІЛГЕН МОДЕЛІН ЖОБАЛАУ

Өскенбай Д.Ө.
Магистрант, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
oskenbay.diana@bk.ru

Шағраева Б.Б.
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
bibi-0305@mail.ru

Бұл жұмыс орта білім беру жүйесінде химияны аралас оқытудың кіріктірілген моделін жобалауға арналған. Аралас оқыту-бұл білім беру процесінің офлайн және онлайн формаларын тиімді біріктіруге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданатын дәстүрлі оқыту әдістерінің үйлесімі. Зерттеу барысында химияны оқытуда интерактивті білім беру платформаларын, мультимедиялық материалдар мен заманауи технологияларды қолдануға бағытталған кіріктірілген модель тұжырымдамасы ұсынылды. Зерттеу нәтижелері білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға және олардың химияны оқуға деген ынтасын жақсартуға бағытталған.

Кілт сөздер. *Орта білім беру , аралас оқыту, кіріктірілген модель, химия.*

Данная работа посвящена разработке интегрированной модели смешанного обучения химии в системе среднего образования. Смешанное обучение представляет собой сочетание традиционных методов обучения с использованием информационно-коммуникационных технологий, позволяющих эффективно интегрировать офлайн-и онлайн-формы образовательного процесса. В ходе исследования была предложена концепция интегрированной модели, направленная на использование интерактивных образовательных платформ, мультимедийных материалов и современных технологий в преподавании химии. Результаты исследования направлены на повышение качества образования, развитие критического мышления учащихся и улучшение их мотивации к изучению химии.

Ключевые слова: *Среднее образование, смешанное обучение, интегрированная модель, химия.*

This work is devoted to the design of an integrated model of mixed teaching of chemistry in the secondary education system. Blended learning is a combination of traditional teaching methods using information and communication technologies that make it possible to effectively combine offline and online forms of the educational process. In the course of the study, the concept of an integrated model was proposed, aimed at using interactive educational platforms, multimedia materials and modern technologies in teaching chemistry. The results of the study are aimed at improving the quality of education, developing critical thinking of students and improving their motivation to study chemistry.

Key words: *Secondary education, blended learning, integrated model, chemistry.*

Орта білім беру жүйесінде аралас химияны оқытудың интеграцияланған моделін жобалау білім беру ортасының заманауи сын-қатерлеріне жауап ретінде маңызды және өзекті қадам болып табылады. Дәстүрлі оқыту әдістерін онлайн компоненттермен біріктіретін аралас оқыту XXI ғасырға сәйкес келетін икемді, жекелендірілген және тиімді оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады [1]. Аралас оқытудың негізгі артықшылықтарының

бірі-оқушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыру. Интерактивті онлайн платформалар, виртуалды зертханалар және ойын технологиялары оқу процесін динамикалық және тартымды етеді. Оқушылардың өздеріне ыңғайлы қарқынмен жұмыс істеу мүмкіндігі бар, бұл олардың пәнді оқуға белсенді қатысуына ықпал етеді. Әртүрлі онлайн ресурстар мен тапсырмаларға қол жеткізу студенттерге материалды тереңірек меңгеруге, сондай-ақ өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Аралас оқыту сонымен қатар білім беру процесін жекелендіруге ықпал етеді. Интернеттегі компоненттер оқу процесін әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді [2]. Мұғалімдер тереңдетіп оқуға қосымша материалдар бере алады, сонымен қатар өзін-өзі бақылау және жеке білім беру траекторияларын құруға мүмкіндік беретін материалды қайталау үшін тесттер ұйымдастыра алады. Бұл тәсіл әсіресе дайындық пен қабылдаудың әртүрлі деңгейлері бар мектеп оқушылары үшін өте маңызды. Сонымен қатар, мұндай оқыту моделін жобалау заманауи білім беру технологияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар, химиялық реакция тренажерлері және басқа да сандық құралдар студенттерге күрделі химиялық процестерді қауіпсіз және көрнекі түрде үйренуге көмектеседі, бұл әсіресе практикалық сабақтар үшін өте маңызды. Бұл технологиялар эксперименттердің қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар дәстүрлі жағдайларда ұйымдастыру қиын зертханалық жұмыстарды орындау мүмкіндіктерін кеңейтеді [3].

Аралас оқыту оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Онлайн курстар, бейне сабақтар, тесттер мен форумдар оқушыларды ақпаратты өз бетінше іздеуге, сыни тұрғыдан ойлауға және мәселелерді шешуге мүмкіндік тудырады. Бұл дағдылар қазіргі технологиялардың дамыған жағдайында өте қажет және болашақта білім алушылардың кәсіби өмірінде өз септігін тигізеді [4].

Оқу процесін ұйымдастырудағы икемділік аралас оқытудың интеграцияланған моделінің маңызды аспектісі болып табылады. Бетпе-бет және қашықтықтан оқытудың үйлесімі оқытуды ыңғайлы форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл әсіресе қашықтықтан немесе гибридті оқыту жағдайында маңызды. Оқушылар теориялық материалды онлайн режимінде оқи алады, ал практикалық сабақтар мен зертханалық жұмыстарды сыныпта өткізе алады, бұл оқу процесін оңтайландырады. Сонымен қатар, аралас оқытуды қолдану оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі онлайн ресурстармен, химиялық реакцияларды модельдеу және деректерді талдау бағдарламалық құралымен жұмыс істей отырып, студенттер ХХІ ғасырда кез келген кәсіби салада қажет болатын маңызды цифрлық дағдыларды алады [5].

Орта білім беру жүйесінде аралас химияны оқытудың интеграцияланған моделін енгізу білім беру сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар оқушыларды болашақ кәсіби қызметке дайындауға көмектеседі. Цифрлық технологиялармен жұмыс істеу, ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және оқуда дербестік таныту қабілеті-бұл дағдылар болашақта табысты кәсіби мансаптың негізі болып табылады. Осылайша, аралас оқыту оқушылардың жан-жақты дамуына және оларды болашақ шындыққа дайындауға ықпал ететін заманауи білім берудің маңызды элементіне айналады [6].

Зерттеу барысында химия пәнін аралас оқыту негізінде физика пәнімен кіріктіре оқыту моделі ұсынылды. Зерттеу Шымкент қаласының орта мектебінде жүргізілді. Зерттеуге 2 сынып алынды. Эксперименттік топ– 8 «А» сыныбы, бақылау тобы– 8 «Ә» сыныбы болды. Эксперименттік топқа ұсынылып отырылған модель негізінде сабақ жүргізілді, ал бақылау тобына дәстүрлі форматта сабақ жүргізілді.

Эксперименттік топта жүргізілген сабақтың құрылымы

Ұсынылып отырылған модель: Химия пәнін аралас оқыту негізінде жаратылыстану бағытындағы өзге де пәндермен кіріктіре оқыту

Тақырыбы: Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. Металдардың химиялық белсенділік қатары (8-сынып химиясы, 12 тақырып)

Әдіс: Виртуалды зертхана платформасындағы химиялық және физикалық процестерді біріктіру.

Тәжірибе: Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуін зерттеу

Реакция: Әртүрлі металдардың қышқыл ерітінділерімен (мысалы, мыс, темір, мырыш, цинк) әрекеттескенде қандай химиялық реакциялар жүретінін бақылау. Бұл химиялық реакциялар көбінесе газ бөлінуімен (мысалы, сутек) жүреді. Оқушылар химиялық реакцияның барысында энергияның қалай бөлінетінін немесе сіңірілетінін зерттейді.

Сабақ барысында оқушылар:

– Реакцияның экзотермикалық немесе эндотермикалық сипатын анықтау.

– Реакция кезінде температураның өзгеруі мен энергияның таралуын бақылау арқылы реакцияның жылу эффектілерін модельдеу.


– Металдың қышқыл ерітіндісімен әрекеттескен кезде бөлінетін сутек газ көлемін салыстыру

– Оқушылардың реакция кезінде газдың қалай пайда болатынын және оның көлемін физикалық заңдармен (мысалы, Бойль-Марриот заңымен) байланыстыру

Сабақ нәтижесі: Оқушылар химиялық реакциялар мен тәжірибелер арқылы физика пәнінен алған білімдерін жетілдіреді

Эксперименттік топта сабақ барысында Nis Lab виртуалды зертханасы қолданылды. Бұл виртуалды зертхананың артықшылығы:

– Зертхана толықтай қазақ тілінде жүргізіледі
– Зертхана әрбір оқушыға толықтай қолжетімді
– Зертханада түсіндірме нұсқаулығы бар
– Әрбір келесі жасалу керек кезеңжұмыс барысында толықтай сипатталап тұрады




Сурет 1 – Металдардың қышқыл ертінділерімен реакциясын зерттеуде Nis Lab виртуалды зертханасын қолдану

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде эксперименттік және бақылау тобының оқушыларынан бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында өткен тақырыптардан тест алынды.

Кесте 1 – Оқушылардың экспериментке дейінгі білім көрсеткіші

Оқушылар	**Тапсырмалар**				
	1	2	3	4	5
Эксперименттік тобы	75%	70%	79%	78%	80%
Бақылау тобы	72%	74%	80%	75%	76%


Кестеден көріп отырғанымыздай эксперименттік топтың да, бақылау тобының да бастапқы білім көрсеткіштері 70-80% аралығында болды.



Сурет 2 – Эксперименттік топ және бақылау тобындағы оқушылардың бастапқы білім көрсеткіштері

Кесте 2 – Экспериментке дейінгі оқушылардың білім сапасы мен үлгерімі


Оқушылар	**Білім сапасы**	**Үлгерімі**
Эксперименттік топ	76%	80%
Бақылау тобы	74%	75 %



Сурет 3 – Экспериментке дейінгі оқушылардың білім сапасы мен үлгерімі

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде екі топ оқушыларына сабақтар жүргізілді. Эксперименттік топ оқушыларына жоғарыда келтірілген аралас оқытудың кіріктірілген моделі бойынша сабақ өткізілсе, бақылау тобына дәстүрлі форматта сабақ өткізілді.

Эксперименттік топ оқушылары металдардың қышқалдармен әрекеттесуін виртуалды зертханада жүргізді.



Сурет 4 – Виртуалды зертхана жағдайында металдарды қышқыл ерітінділерімен әрекеттестіру панелі

Оқушылар мұқият барлық қадамдарды жасай отырып , зертханалық жұмысты аяқтады. Зертханалық жұмыс нәтижесінде:

1. Зертханалық жұмыс жасау барысында оқушылар виртуалды түрде жылудың бөлінуін және кей жағдайда жылудың сіңірілуін (қыздыру арқылы жүретін реакциялар) байқады. Осы тұста жылу эффектісіне байланысты физикалық құбылыстар эндотермия және экзотермия процестері талқыланды.

2. Әр сынауықта бөлінген газдың көлемінің бірдей екені анықталды. Зертханалық жұмыс барысында қысымның тұрақты екені ескерілді. Осы тұста оқушылар бұл процесті физика пәнімен байланыстырып бұл жерде Бойль-Мариотт заңының орындалып тұрғанына виртуалды зертхананың көмегімен көз жеткізді. Физика пәнінен алған білімдерін жетілдіріп Бойль-Мариотт, Гей-Люссак заңдарын еске түсірді.

3. Оқушылар реакция барысын виртуалда зертханада көргендіктен бұл реакциялардың теңдеулерін құрастыруға қызықты.

Сабақ барысының келесі кезеңінде wordwall интерактивті қосымшасы арқылы оқушылар реакция теңдеулерін құрастырып, реакция барысында тепе-теңдікті сақтауды үйреніп, реакцияларды теңестірді.


Эксперименттік топта жаңа ұсынылған модель бойынша, ал бақылау тобында дәстүрлі форматта сабақ жүргізіліп, сабақ соңында алынған білімді тексеру мақсатында екі топқа да бірдей тест сұрақтары берілді. Тест 5 сұрақтан тұрды. Тест сұрақтарының құрылымына физика пәнін де қамтитын жылу эффектісі, жылу бөлу және сіңірілу, сондай - ақ Бойль-Мариотт және Гей-Люссак заңдарына қатысты сұрақтар келтірілді.

Кесте 3 – Оқушылардың сабақ барысында алған білім көрсеткіштері нәтижесі

Оқушылар	**Тапсырмалар**				
	1	2	3	4	5
Эксперименттік топ	90%	90%	90%	85%	88%
Бақылау тобы	85%	85%	75%	75%	70%

Кестеден көріп тұрғандай 3,4,5 сұрақтарға жауап беру барысында эксперименттік топпен бақылау тобының көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқауға болады. Себебі эксперименттік топ виртуалды зертханада өз көздерімен процестерді бақылап, көріп жасады. Әрбір кезеңде болып жатқан реакцияларды жүргізе алды. Физика пәнімен тақырыптың байланысын түсіне білді. Сондықтан да оларға тест

сұрақтарына жауап беру қиынға соқпады. Ал бақылау тобы дәстүрлі форматта сабақ жүргізілгендіктен кейбір реакцияларды толық түсінбеген. Бұл топта кіріктіре оқытылу эксперименттік топтағындай айқын жүргізілмей, тек ауызша айтылып кеткен. Сондықтан соңғы тест сұрақтарына жауап беру қиынға соққан.




Сурет 5 – Оқушылардың сабақ барысында алған білім көрсеткіштері нәтижесі

Жоғарыда келтірілген деректер нәтижесімен эксперименттен кейінгі оқушылардың екі тобының білім сапасымен үлгерімі анықталды. Деректер төмендегі кестеде (кесте 4) келтірілді.

Кесте 4 – Эксперименттен кейінгі оқушылардың білім сапасы мен үлгерімі

Оқушылар	**Білім сапасы**	**Үлгерімі**
Эксперименттік топ	88 %	90%
Бақылау тобы	77%	80%



Сурет 6 – Эксперименттен кейінгі оқушылардың білім сапасы мен үлгерімі

Қорытынды

Орта білім беру жүйесінде аралас химияны оқытудың кіріктірілген моделін жобалау қазіргі білім беру үдерісіндегі маңызды қадам болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың материалды тереңірек және саналы түрде игеруін қамтамасыз ете отырып, дәстүрлі оқыту әдістерін цифрлық мүмкіндіктермен тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Аралас оқытуды енгізу мектеп оқушыларында сыни ойлауды, тәуелсіздікті және инновациялық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, бұл әсіресе ғылыми және білім беру технологияларындағы жылдам өзгерістер контекстінде маңызды. Кіріктірілген моделді табысты іске асыру педагогтарды даярлауды, заманауи білім беру платформалары мен құралдарын пайдалануды, сондай-ақ оқу материалдарының мазмұнын білім алушылардың өзгермелі қажеттіліктеріне тұрақты бейімдеуді қамтитын кешенді тәсілді талап ететінін атап өту маңызды. Осылайша, орта мектепте химияны аралас оқытуға көшу оқушыларды болашақта табысты оқу және кәсіби қызметке дайындау арқылы білім сапасын айтарлықтай арттыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жапарова С. Ә. Аралас оқыту технологиясының тиімділігі мен ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

2. Смирнова Л. И., & Назарова А. О. Применение виртуальных лабораторий в химическом обучении. Журнал педагогических технологий, 28(1), 78-85.

3. Иванова Т. В., & Морозова, Ю. В. Интеграция информационных технологий и методов смешанного обучения в преподавание химии.Современные образовательные технологии, 3(12), 98-103. 2017

4. Сейітбекова Г. К. Аралас оқыту әдістері: теориялық және әдістемелік аспектілері. – Алматы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2018

5. Молдағалиева С. Д., & Абдурахманова Ж. Т. Аралас оқытуды қолданудың тиімділігі: химия пәні бойынша зерттеу нәтижелері.Қазақстанның педагогика ғылымдары журналы, 15(2), 53-59. 2020

6. Қуанышев М. Қ., & Тұрысбекова А.А. Аралас оқыту технологиялары химия пәні бойынша білім беруде. Қазақстанның химия және экология ғылымдары журналы, 13(2), 45-51.2019

UDC 637.514.9

BIOTECHNOLOGICAL APPROACHES IN THE PRACTICE OF PROCESSING COLLAGEN-CONTAINING RAW MATERIALS FROM POULTRY

N.N. Patsera*
Doctoral student, Institute of Food Resources of NAAS, Kiev, Ukraine
info@ipr.net.ua

S.B. Verbitsky
PhD in Technical Sciences, Institute of Food Resources of NAAS, Kiev, Ukraine
verb@ipr.net.ua

The biotechnological methods are of extreme importance for the efficiency of the manufacturing process of meat processing, incl. poultry processing industry. Different methods are used to facilitate processing the collagen containing raw materials of poultry. Concerning chicken legs it is proven that these shall be pre-processed for effective manufacturing of meat products – namely, the flesh tissue shall be separated from the bones. The two-stage scheme for preparing raw materials is advisable – boiling in water followed by mechanical separation of the mild tissues and their simultaneous grinding.

Key words: *biotechnology, poultry processing, enzymes, collagen, chickens legs.*

Биотехнологиялық әдістер етті өңдеу өндірісінің тиімділігі үшін, оның ішінде құс етін өңдеу өнеркәсібі үшін өте маңызды. Құрамында коллаген бар құс етінің шикізатын өңдеуді жеңілдету үшін әртүрлі әдістер қолданылады. Тауықтың аяқтарына қатысты ет өнімдерін тиімді өндіру үшін оларды алдын ала өңдеу керек екендігі дәлелденді, атап айтқанда, ет сүйектен бөлінуі керек. Шикізатты дайындаудың екі сатылы схемасы ұсынылады: суда қайнату, содан кейін жұмсақ тіндерді механикалық бөлу және оларды бір уақытта ұнтақтау.

Кілт сөздер: *биотехнология, құс өңдеу, ферменттер, коллаген, тауықтың аяқтары.*

Биотехнологические методы имеют исключительно большое значение для эффективности производственного процесса переработки мяса, в том числе для птицеперерабатывающей промышленности. Для облегчения переработки коллагенсодержащего сырья птицы используются различные методы. В отношении куриных ног доказано, что для эффективного производства мясных продуктов их необходимо предварительно обработать, а именно отделить мякоть от костей. Целесообразна двухэтапная схема подготовки сырья – кипячение в воде с последующим механическим отделением мягких тканей и их одновременным измельчением.

Ключевые слова: *биотехнология, переработка птицы, ферменты, коллаген, куриные ножки.*

A consistent trend in the development of the agro-industrial complex in recent years is the widespread use of various biotechnological techniques and technologies, which are an important factor in scientific and technological progress in this sector of the national economy. However, it should be noted that Ukraine has a significant reserve for the practical implementation of biotechnology, since the share of products manufactured using biotechnological methods is not significant. This contradicts the logic of the development of the agro-industrial sector, since the proper development of biotechnology corresponds to the format of the innovative model of its development and increased profitability. This also fully applies to important components of agro-industrial production, such as food and processing industry [1, 2]. Based on this, developments in the field of biotechnology, in particular, microbiology, relate to the core activities of the Institute of Food Resources of the National Academy of Agrarian Sciences of Ukraine (IFR NAAS) [3].

Effective development of biotechnological techniques and methods in the food industry allows to significantly improve the consumer quality of food products, is a way to improve the quality of food products, in particular by giving them functional properties [4]. At meat processing

plants, one of the main areas of implementation of biotechnological methods is the processing of raw materials using enzyme systems [5]. Based on existing experience, in the meat and poultry processing industry it is advisable to use an enzyme preparation for processing the blood of slaughtered animals, processing feathers and down, removing wool from skins, and obtaining various types of hydrolysates. For the production of meat products, enzymatic processing of muscle tissue proteins is widely used to accelerate the maturation of meat and its maceration [6]. Enzyme preparations with proteolytic action, as well as beneficial bacteria, are capable of accelerating biochemical reactions and increasing the biological value and functional and technological properties of meat raw materials and meat products produced from them [7].

The poultry processing industry is evidently a sector of meat processing of have developed most rapidly in the recent years and huge amounts of poultry raw materials are subdued to the complex poultry processing. A significant part of the said poultry raw materials is collagen capable to enhance the functional properties of myofibril proteins, decline in dimensions (shrinkage) of ground meat products, influence binding capacity of meat pieces in formed etc. [8]. Chicken legs are a valuable source of collagen. Collagen is extracted from this raw material using acid and enzymatic hydrolysis methods, with experiments on acetic acid and pepsin extraction showing the greatest efficiency [9].

Preliminary processing should be performed in a way that allows achieving greater or lesser changes in its native structure: by mechanical dispersion; chemically by treatment with acidic and/or alkaline reagents to disrupt the structures of collagen; by partial hydrolysis, which entails an increase in protein solubility, and accordingly a change in functional properties; enzymatically using preparations with a general proteolytic effect or collagenase activity. However, these methods are more acceptable for raw materials with a uniform morphological structure – for example, pork skin. Since chicken legs have a heterogeneous morphological composition, in which the proportion of pulp is about 60%, pre-treatment of legs, in addition to softening the tissues, should include separating them from the bone tissue. Therefore, it is advisable to use a two-stage scheme for preparing raw materials – boiling in water followed by mechanical separation of the pulp tissues and their simultaneous grinding [10].

Our target product was the collagen containing ground meat from chicken legs obtained by manual deboning and grinding muscle tissues softened during proper boiling with water by the temperature of (95+5) °C and the liquid coefficient 1:2 during 30; 60; or 90 minutes. The manufacturing chart of the collagen containing ground meat from chicken legs is given at Figure 1.




Figure 1 – manufacturing chart of the collagen containing ground meat from chicken legs

In the course of our experiments we measured the characteristic properties of the collagen containing ground meat from chicken legs depending o the time of boiling. When the raw meat was boiled during 30 min. the ground meat contained 0.652 % of oxyproline and 5.26 % of collagen (by weight), 60 min. – 0.649 % and 5.24 %, 90 min – 0.648 % and 5.23 % correspondently. In addition, it was found that the duration of boiling chicken legs affects the yield of soft tissues separated during manual deboning. During the experiment, it varied from 55.34% to 70.30%. This can be explained by the weakening of the connective tissue structure and, accordingly, a more complete separation of soft tissues from bones. Collagen content indicators practically do not change depending on the duration of boiling. That is, the changes in the structure of collagen protein that occurred during boiling did not affect its amount [11].

Conclusion

The biotechnological methods are of extreme importance for the efficiency of the manufacturing process of meat processing, incl. poultry processing industry. Different methods are used to facilitate processing the collagen containing raw materials of poultry. Concerning chicken legs it is proven that these shall be pre-processed for effective manufacturing of meat products – namely, the flesh tissue shall be separated from the bones. The two-stage scheme for preparing raw materials is advisable – boiling in water followed by mechanical separation of the mild tissues and their simultaneous grinding.

REFERENCES:

1. Khan, F., Ahmad, K., Ahmed, A., & Haider, S. (2017). Applications of biotechnology in agriculture- review article. *World Journal of Biology and Biotechnology*, 2(1), 139-142. doi:https://doi.org/10.33865/wjb.002.01.0013

2. Umesha, S., Singh, P. K., & Singh, R. P. (2018). Microbial biotechnology and sustainable agriculture. *Biotechnology for sustainable agriculture,* 185-205. https://doi.org/10.1016/B978-0-12-812160-3.00006-4

3. Danylenko, S., Lukianets, A., & Verbytskyi, S. (2023) Inoculant efficiency in corn silage preparation. *Vestnik of the kyrgyz national agrarian university K.I. Scriabin,* 2(65), 62-71

4. Tantamacharik, T., Carne, A., Agyei, D., Birch, J., & Bekhit, A.ED.A. (2018). Use of Plant Proteolytic Enzymes for Meat Processing. In: Guevara, M., Daleo, G. (eds) *Biotechnological Applications of Plant Proteolytic Enzymes*. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-319-97132-2_3

5. Nowak, D. (2011). Enzymes in Tenderization of Meat – The System of Calpains and Other Systems. *Polish Journal of Food and Nutrition Sciences,* 61(4), 231-237. https://doi.org/10.2478/v10222-011-0025-5

6. Arshad, M. S., Kwon, J. H., Imran, M., Sohaib, M., Aslam, A., Nawaz, I., & Javed, M. (2016). Plant and bacterial proteases: A key towards improving meat tenderization, a mini review. *Cogent Food & Agriculture*, 2(1). https://doi.org/10.1080/23311932.2016.1261780

7. Danylenko, S., Naumenko, O., Ryzhkova, T., Fediaiev, V., Verbytskyi, S., & Korol, T. (2022). The amino acid composition of meat products treated with preparations of microbial origin. *Food Science and Technology*, 16(3). https://doi.org/10.15673/fst.v16i3.2416

8 Zmiievska, T., Usatenko, N., & Verbytskyi, S. (2014). Using of low-value raw poultry materials. *Ukrainian Food Journal,* 497, 497-504.

9. Araújo, I., Bezerra, T., Nascimento, E., Gadelha, C., Santi-gadelha, T., & MADRUGA, M. (2018) Optimal conditions for obtaining collagen from chicken feet and its characterization. *Food Sci. Technol*., 38. https://doi.org/10.1590/fst.27517

10. Voytsekhivska, L., Franko, O., Okhrimenko, Y., & Gavrilenko, A. (2019). Protein products from the processing of the secondary raw materials of the poultry-processing industry. *Food resources*, 7(13), 51–58. Retrieved from https://iprjournal.kyiv.ua/index.php/pr/article/view/79

11. Verbytskyi, S., Voitsekhivska, L., Patsera, N., & Okhrimenko, Y. (2024). Biotechnological basics and practical methods of processing collagen-containing raw materials from poultry. *Food resources*, 12(22), 7–15. https://doi.org/10.31073/foodresources2024-22-01

ӘОЖ 512

АЛГЕБРА САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

Реймбаева Г.К.
Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
reimbaeva_g@mail.ru

Бұл мақалада алгебра сабақтарында жобалық оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау деңгейін арттыру жолдары қарастырылады. Жобалық оқытудың теориялық негіздері мен оның білім беру процесіне ықпалы сипатталады. Сонымен қатар, оқушылардың математикалық заңдылықтарды түсінуін және олардың нақты өмірдегі қолданылуын тереңдету үшін әртүрлі әдістер ұсынылады.

Кілт сөздер: *жобалық оқыту, аналитикалық ойлау, алгебра, зерттеу әдістері, оқыту технологиясы.*

В данной статье рассматриваются пути повышения аналитического мышления учащихся через использование проектного обучения на уроках алгебры. Описываются теоретические основы проектного обучения и его влияние на образовательный процесс. Также предлагаются различные методы, способствующие углубленному пониманию математических закономерностей и их применению в реальной жизни.

Ключевые слова: *проектное обучение, аналитическое мышление, алгебра, исследовательские методы, технологии обучения.*

This article discusses ways to enhance students' analytical thinking by implementing project-based learning in algebra lessons. The theoretical foundations of project-based learning and its impact on the educational process are described. Various methods are also proposed to deepen the understanding of mathematical patterns and their application in real life.

Key words: *project-based learning, analytical thinking, algebra, research methods, teaching technology.*

Бүгінгі таңда білім беру саласының басты міндеті – оқушылардың өз бетінше ойлау, шешім қабылдау және шығармашылықпен әрекет ету қабілеттерін дамыту. Осыған орай, білім беруде жаңа технологияларды қолдану ерекше маңызға ие болып отыр. Соның ішінде жобалық оқыту технологиясы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, теориялық білімді практикалық іс-әрекетпен ұштастыруға мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі ретінде танылуда.

Алгебра пәні – оқушылардың математикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын ғылым саласы. Бұл пәнді меңгеру барысында тек есептерді шешу ғана емес, сондай-ақ талдау, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты аналитикалық ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігі туындайды [1]. Аналитикалық ойлау – мәліметтерді терең талдап, оларды жүйелеп, негізделген шешім қабылдау қабілеті. Мұндай дағдылар оқушылардың оқу процесінде ғана емес, болашақ кәсіби қызметінде де маңызды рөл атқарады.

Бұл мақалада алгебра сабақтарында жобалық оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау деңгейін арттыру жолдары қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі оқушылардың теориялық білімдерін қолдана отырып, шығармашылық тапсырмаларды орындауы және аналитикалық ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігімен негізделеді. Зерттеуде жобалық әдістің артықшылықтары, оны қолдану тәсілдері және оқушылардың оқу нәтижелеріне тигізетін әсері талқыланады. Мұндай тәсіл оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың өз бетінше білім алу және талдау жасау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жобалық оқытудың теориялық негіздері Джон Дьюидің прагматикалық білім беру тұжырымдамасынан бастау алады [2]. Ол оқытудың тәжірибеге бағытталуын, яғни оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуін және білімді қолдана отырып мәселені шешуін маңызды деп санаған. Кейіннен Лев Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы жобалық оқытудың дамуына үлкен ықпал етті. Выготский оқытудың жақын даму аймағына негізделуін ұсынып, оқушылардың өзара әрекеттесу арқылы білімді терең меңгеретінін дәлелдеді [3].

Жобалық оқытуда оқушы білімді дайын күйінде қабылдамай, оны өз бетінше зерттеп, талдап, жаңалық ашады. Бұл әдіс конструктивизм теориясына сүйенеді, яғни білім алушылар өздерінің жеке тәжірибелері арқылы жаңа білім қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл технологияда коллаборативті оқыту тәсілі маңызды рөл атқарады, себебі оқушылар топта жұмыс істей отырып, пікір алмасып, өз ойларын ортаға салады.

Жобалық оқыту технологиясының негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

- Оқытудың практикалық бағыттылығы;
- Оқушылардың өз бетінше және шығармашылықпен жұмыс істеуі;
- Проблемалық жағдайларды шешу арқылы білімді меңгеру;
- Ұжымдық және жеке жұмыс түрлерінің үйлесуі;
- Оқушының зерттеу жүргізу және аналитикалық ойлау дағдыларын дамыту [4].

Бұл технологияны алгебра сабақтарында қолдану оқушылардың тек есеп шығару шеберлігін ғана емес, сонымен қатар математикалық заңдылықтарды терең түсінуін, оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдану мүмкіндігін арттырады.

Алгебра сабақтарында жобалық оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Бұл әдістер оқушылардың теориялық білімдерін нақты практикалық тапсырмалармен байланыстыруға, зерттеу және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Атап айтатын болсақ,

- *зерттеу жобалары:* оқушыларға алгебралық заңдылықтарды зерттеуге арналған тапсырмалар беріледі.

Мысалы 8-сыныптың алгебра курсы бойынша «Квадрат теңдеулер» тарауын оқытуда келесі тақырыпты зерттеу жобасының тақырыбы ретінде «Квадрат теңдеулердің нақты өмірдегі қолданылуы» тақырыбын алуға болады. Бұл зерттеу жобасының шеңберінде оқушылар әртүрлі салаларда (физика, экономика, инженерия) квадрат теңдеулердің қалай қолданылатынын зерттеп, өз тұжырымдарын ұсынады;

- *практикалық жобалар*

Оқушылар практикалық жобалар кезінде математикалық теорияны тәжірибемен ұштастыратын тапсырмаларды орындайды. Мысалы 9-сыныптың «Сан тізбегі» тарауы бойынша "Геометриялық прогрессияның қаржылық есептеулердегі рөлі" тақырыбында оқушылар банк несиелерін есептеу, инвестицияларды жоспарлау сияқты практикалық мәселелерді шешеді.

- *модельдеу және визуализация*

Оқушылар графиктер, диаграммалар және математикалық модельдер құру арқылы күрделі алгебралық ұғымдарды зерттейді. Мысалы, 8-сыныптың «Функциялар мен олардың графиктері» тақырыбы бойынша оқушылар әртүрлі функциялардың графиктерін салып, олардың өзгеру заңдылықтарын талдайды.

- *топтық жобалар*

Оқушылар шағын топтарға бөлініп, белгілі бір тақырып бойынша жоба орындайды. Мысалы, сыныптың «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу әдістері» тақырыбында әр топ әртүрлі әдістерді (Гаусс әдісі, алмастыру әдісі, анықтауыштар әдісі) зерттеп, салыстырып, қорытынды жасайды.

- *интерактивті тапсырмалар және сандық технологиялар*

Оқушылар алгебралық есептеулерді орындау үшін компьютерлік бағдарламалар мен онлайн платформаларды пайдаланады. GeoGebra, Desmos сияқты құралдар арқылы оқушылар функциялардың графиктерін зерттеп, математикалық құбылыстарды модельдейді.

Осы жобалардың біріне мысал ретінде 8-сыныптар үшін **«Квадрат теңдеулердің нақты өмірдегі қолданылуы»** жобасын ұйымдастыру кезеңдеріне тоқталсақ

1. Жобаның мақсаты:

- Квадрат теңдеулердің қолдану аясын зерттеу;
- Нақты өмірлік есептерді шешуде квадрат теңдеулерді қолдану дағдыларын дамыту;
- Зерттеу жүргізу және аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіру.

2. Жобаның кезеңдері:

1-кезең: Жобаны жоспарлау

- Оқушылар топтарға бөлінеді (3-4 оқушыдан).
- Әр топ зерттеу тақырыбын таңдайды (мысалы, физикадағы еркін түсу қозғалысы, экономикадағы пайда есептеулері, инженериядағы құрылыс есептері).
- Жобаның негізгі зерттеу сұрақтары анықталады (мысалы, «квадрат теңдеулер экономикалық модельдеуде қалай қолданылады?» және т.с.с).
- Ақпарат көздері мен зерттеу әдістері айқындалады.

2-кезең: Теориялық зерттеу жүргізу

- Оқушылар квадрат теңдеулердің теориялық негіздерін қайталайды.
- Әр топ өз тақырыбына байланысты ақпарат жинайды (оқулықтардан, интернеттен, практикалық дереккөздерден).
- Оқушылар нақты өмірде квадрат теңдеулердің қалай қолданылатынын талдап, мысалдар іздейді.

3-кезең: Практикалық жұмыс және талдау

- Оқушылар өмірлік жағдайға байланысты есептерді шешеді (мысалы, объектінің қозғалыс траекториясын есептеу, құрылыс жобалау, қаржы секторындағы пайыздық мөлшерлемелерді анықтау).
- Алынған деректер негізінде математикалық модельдер жасалады.
- Әр топ есептеу нәтижелерін талдап, графиктер, диаграммалар немесе сызбалар арқылы көрсетеді.

4-кезең: Қорытынды шығару және презентация

- Әр топ өз зерттеуін қорытындылайды, негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар жасайды.
- Жоба нәтижелері презентация түрінде сынып алдында қорғалады.
- Мұғалім мен сынып оқушылары кері байланыс беріп, бағалау критерийлері бойынша жобаны бағалайды.

1-кестеде жалпы жобалық тапсырмалар үшін бағалау критерийінің мысалы келтірілген.

Кесте 1 – Жобалық тапсырмалар үшін бағалау критерийі

Критерийлер	**Балл**	**Дискриптор**
Тақырыптың өзектілігі мен мақсаты	15	- Тақырып нақты және не үшін өзекті екенін көрсете алды ма? (5 ұпай) - Жобаның мақсаты айқын және түсінікті ме? (10 ұпай)
Зерттеу әдістерінің қолданылуы	25	- Ақпарат көздері жан-жақты зерттелген бе? (10 ұпай) - Теориялық және практикалық әдістер қолданылған ба? (8 ұпай) - Деректерді жинау және өңдеу әдістері дұрыс таңдалған ба? (7 ұпай)
Мазмұнның ғылыми негізделуі	25	- Зерттеу барысында алгебралық заңдылықтар дұрыс қолданылған ба? (10 ұпай) - Теориялық материал мен практикалық мысалдар үйлесімді ме? (15 ұпай)
Қорытынды мен ұсыныстар	20	- Жобаның нәтижелері нақты тұжырымдалған ба? (10 ұпай) - Ұсыныстар логикалық негізделген бе? (10 ұпай)
Презентация және безендіру	15	- Жоба көрнекі құралдармен (диаграмма, график, сызба) толықтырылған ба? (7 ұпай) - Материал құрылымдалған және түсінікті берілген бе? (8 ұпай)

Критерийлер	Балл	Дискриптор
Жалпы ұпай	100	-90-100 ұпай – өте жақсы -75-89 ұпай – жақсы -50-74 ұпай – қанағаттанарлық -0-49 ұпай – қанағаттанарлықсыз

«Квадрат теңдеулердің нақты өмірдегі қолданылуы» жобасы арқылы оқушылар келесі аналитикалық дағдыларды дамытады:

1. Зерттеу және мәліметтерді талдау – Оқушылар нақты өмірдегі квадрат теңдеулердің қолданылуын іздеп, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты салыстырады және талдайды.

2. Үлгілерді анықтау – Математикалық заңдылықтарды өмірлік жағдайлармен байланыстырып, қай салада және қалай қолданылатынын анықтайды.

3. Мәселе шешу – Шынайы есептерді (мысалы, траекторияларды есептеу, қаржылық модельдер) квадрат теңдеулер арқылы шешу жолдарын қарастырады.

4. Логикалық және сыни ойлау – Белгілі бір жағдайға сәйкес қандай әдістер тиімді екенін анықтап, ең дұрыс шешім қабылдауды үйренеді.

5. Қорытынды жасау және негіздеу – Жобаның нәтижелері бойынша тұжырымдар жасап, алынған шешімдердің дұрыстығын дәлелдейді.

6. Коммуникация және презентация – Жұмысты жүйелі түрде ұйымдастырып, нәтижелерді график, кесте және диаграммалар арқылы түсінікті жеткізеді.

Осылайша, жоба оқушыларға теориялық білімді өмірлік жағдайларда қолдануды үйретіп, олардың аналитикалық ойлау қабілетін арттырады.

Жобалық оқытуды осындай әдістер арқылы қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар, оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, нақты өмірлік мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кузнецова Л.В. Формирование математического мышления у школьников. Москва: Академия, 2005.

2. Дьюи Дж. *Democracy and Education*. New York: Macmillan, 1916.

3. Выготский Л.С. *Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes*. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978.

4. Килпатрик У.Х. The Project Method: The Use of the Purposeful Act in the Educative Process. Teachers College Record, 1918.

ӘОЖ 37.02

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Садуакасова Ж.Т.
Докторант, Академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Saya_toktarovna@mail.ru

Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселелері қарастырылады. Зияткерлік қабілеттердің қалыптасуы мен дамуының негізінде кәсіби білім мен дағдылардың қалыптасуының маңызы ерекше. Зияткерлік даму бастауыш білім беру процесінде оқушылардың тұлғалық, когнитивтік және шығармашылық қасиеттерін қалыптастыруға әсер етеді. Мақалада болашақ мұғалімдердің зияткерлік деңгейін арттыру мақсатында қолданылатын әдістемелік тәсілдер, білім беру технологиялары мен оқу құралдары ұсынылған. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығының сапасы мен тиімділігі талданып, педагогикалық білім беру жүйесіндегі маңызды аспектілер айқындалады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі жаңартылған оқу бағдарламалары мен әдістемелердің негізінде зияткерлік дамудың маңызы артқан.

Кілт сөздер: *болашақ мұғалім, бастауыш сынып, зияткерлік даму, педагогикалық білім беру, кәсіби даярлық, оқу әдістемелері.*

В статье рассматриваются вопросы развития интеллекта будущих учителей начальных классов. Особое значение в формировании и развитии интеллектуальных способностей имеет формирование профессиональных знаний и навыков. Интеллектуальное развитие влияет на формирование личностных, познавательных и творческих качеств учащихся в процессе начального образования. В статье представлены методические подходы, образовательные технологии и средства обучения, используемые для повышения интеллектуального уровня будущих учителей. Кроме того, будут проанализированы качество и эффективность профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов, выявлены важные аспекты системы педагогического образования. Значимость интеллектуального развития возросла благодаря обновлению учебных программ и методик в современной системе образования.

Ключевые слова: *будущий учитель, начальная школа, интеллектуальное развитие, педагогическое образование, профессиональная подготовка, методика обучения.*

The article considers the issues of development of intelligence of future primary school teachers. Of particular importance in the formation and development of intellectual abilities is the formation of professional knowledge and skills. Intellectual development affects the formation of personal, cognitive and creative qualities of students in the process of primary education. The article presents methodological approaches, educational technologies and teaching aids used to improve the intellectual level of future teachers. In addition, the quality and effectiveness of professional training of future primary school teachers will be analyzed, important aspects of the pedagogical education system will be identified. The importance of intellectual development has increased due to the updating of curricula and methods in the modern education system.

Key words: *future teacher, primary school, intellectual development, pedagogical education, professional training, teaching methods.*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде бастауыш сынып мұғалімінің рөлі ерекше маңызға ие. Бастауыш білім – тұлғаның интеллектуалды және әлеуметтік дамуының негізін қалайтын алғашқы саты. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінде мұғалімдерден тек

пәндік білім ғана емес, сыни ойлау, зерттеушілік дағдылар, шығармашылық қабілеттер және цифрлық сауаттылық та талап етіледі.

Зияткерлік даму - адамның ақыл-ойы мен когнитивтік қабілеттерінің өзгеруін және жетілуін сипаттайтын процесс. Кез келген білім беру жүйесі болашақ мұғалімнің зияткерлік деңгейін қалыптастыруға негізделген. Қазіргі білім беру саласында зияткерлікті дамыту мәселесі педагогика ғылымында маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау барысында осы зияткерлікті қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері кеңінен қарастырылады.Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік қабілеттері - олардың кәсіби іс-әрекетінде маңызды рөл атқаратын фактор болып табылады. Зияткерлік даму деңгейі мұғалімнің оқушылармен тиімді жұмыс істеуіне, оқу процесін басқаруға және жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік дамуын анықтайтын факторлардың бірі — оқу процесінің құрылымы. Білім беру бағдарламалары, әдістемелік құралдар және педагогикалық технологиялар мұғалімнің ақыл-ойы мен ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Әлеуметтік және психологиялық аспектілер де маңызды рөл атқарады.

Зияткерлік қабілеттердің қалыптасуы — бұл тек қана оқу материалын меңгеру емес, сонымен қатар шығармашылық және аналитикалық ойлау дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл қабілеттердің дамуы болашақ мұғалімнің педагогикалық қызметінің сапасын жақсартуға әсер етеді.

Болашақ мұғалімдердің зияткерлік қабілеттерін қалыптастырудың теориялық негіздері. Зияткерлік қабілеттер – адамның ойлау, талдау, шешім қабылдау және жаңа ақпаратты меңгеру қабілеттерінің жиынтығы. Бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлігі оның кәсіби шеберлігімен тығыз байланысты. Мұғалімнің зияткерлігін дамытудың негізгі теориялық аспектілері келесідей:

Когнитивті даму теориясы (Ж. Пиаже) – мұғалімнің ойлау деңгейін және ақпаратты қабылдау қабілетін арттыруға негізделген.

Әлеуметтік-мәдени теория (Л.С. Выготский) – мұғалімнің зияткерлігінің дамуы әлеуметтік қарым-қатынас пен тәжірибеге тәуелді екенін көрсетеді.

Құзыреттілікке негізделген тәсіл – мұғалімнің кәсіби және зияткерлік дамуы үшін негізгі бағыттарды айқындайды.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістемелер кеңінен енгізілуде. Бұл өзгерістер болашақ мұғалімдердің зияткерлігін дамытудың жаңа жолдарын ашады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін арнайы әдістемелік тәсілдер қолданылады. Оларға:

Жоба әдісі – студенттердің өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуін қолдайды.

Дебаттар мен пікірталастар – студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Кейс-әдіс – нақты жағдайларды талдау арқылы зияткерлік дамуды ынталандырады.

Болашақ мұғалімдердің зияткерлігін дамытуға арналған ұсыныстар:

Интерактивті әдістемелерді қолдану: Оқу процесіне жаңашыл тәсілдер енгізу арқылы болашақ мұғалімдердің зияткерлік қабілеттерін дамыту;

Зияткерлік жаттығуларды жүйелі қолдану: Студенттер үшін арнайы жасалған жаттығулар мен тапсырмалар арқылы зияткерлікті арттыру;

Шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру: Оқушыларды өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандыру.

Кесте 1 – Болашақ мұғалімдердің зияткерлік қабілеттерінің дамуын бағалау критерийлері

Көрсеткіштер	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
Қабылдау мен талдау	3/10	5/10	8/10
Ойлау қабілетінің дамуы	2/10	4/10	9/10
Шығармашылық қабілет	3/10	6/10	9/10
Зерттеу жұмыстарының сапасы	2/10	5/10	9/10

Зияткерлік даму болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің негізі болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде зияткерлік қабілеттердің дамуына баса назар аудару қажет. Қазіргі білім беру технологиялары мен әдістемелерін енгізу арқылы мұғалімдердің зияткерлігін қалыптастыру мүмкіндіктері мол.

Мұғалім зияткерлігін дамытудағы негізгі мәселелер. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда кездесетін негізгі мәселелер мыналар:

Жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының жаңартылмауы. Оқу бағдарламалары кейде заман талабына сай келмей, мұғалімнің зияткерлігін дамытуға жеткіліксіз ықпал етеді.

Практикалық тәжірибенің аздығы. Болашақ мұғалімдер теориялық білім алумен шектеліп, оны тәжірибеде қолдану мүмкіндіктері азаяды.

Ғылыми-зерттеу қызметінің әлсіздігі. Мұғалімдердің ғылыми ізденістерге қатысу деңгейі төмен.

Цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі. Ақпараттық технологиялар жылдам дамып жатқан қазіргі уақытта мұғалімдер цифрлық құралдарды толық меңгермеуі мүмкін.

Кәсіби даму және өзін-өзі жетілдіру мотивациясының төмендігі. Кейбір болашақ мұғалімдер өз білімін жетілдіруге қажеттілік сезінбеуі мүмкін.

Болашақ мұғалімдердің зияткерлігін дамыту жолдары Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуетін арттыру үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

Білім беру бағдарламаларын жаңарту. Заманауи талаптарға сәйкес мұғалімдерді даярлау жүйесін қайта қарастыру.

Практикалық дайындықты күшейту. Педагогикалық практика мен мектептердегі тәжірибелік оқытуды арттыру.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру. Болашақ мұғалімдерді ғылыми жобаларға, конференцияларға және зерттеулерге тарту.

Цифрлық технологияларды меңгеру. Оқытушылар мен студенттерге IT құзыреттіліктерін жетілдіру курстарын ұйымдастыру.

Сыни ойлау және шығармашылық дағдыларды дамыту. Болашақ мұғалімдерді проблемалық оқыту, жобалық әдіс және инновациялық педагогикалық технологиялармен таныстыру.

Өзін-өзі жетілдіру мәдениетін қалыптастыру. Мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал ететін мотивациялық тренингтер, семинарлар ұйымдастыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту – сапалы білім берудің маңызды шарттарының бірі. Оларды жаңа заман талаптарына сай даярлау үшін білім беру жүйесін жаңғырту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту, цифрлық технологияларды меңгерту және практикалық тәжірибені кеңейту қажет. Осы бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсе, жоғары зияткерлік әлеуеті бар, шығармашыл және білікті бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға мүмкіндік туады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аскарова С. Педагогикалық технологиялар мен инновациялар. Алматы: Мектеп-2017
2. Берг Р. Зияткерліктің психологиясы. Мәскеу: Педагогика-2015.
3. Жәкібаев Т. Білім беру процесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту. Алматы: Қазақ университеті. 2016.
4. Петрова Н. Мұғалімнің зияткерлік дамуының ерекшеліктері. Санкт-Петербург: РБС. 2018.
5. Татаринова И. Болашақ педагогтардың зияткерлік қабілеттерін дамыту әдістемесі. Мәскеу: Білім. 2019.

ӘОЖ(372 853:37013)

ЖАРЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ ТАРАУЫН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Садырбаева А.С.
Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
akniet.sadirbaevaa@gmail.com

Сарыбаева Ә.Х.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор(доцент), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
aliya.sarybayeva@ayu.edu.kz

Бұл мақалада жарық құбылыстары тарауын цифрлық білім беру ортасын пайдаланып оқыту әдістемесі қарастырылады. Электронды оқулықта теориялық материалдар, тест тапсырмалары, практикалық есептер, видеосабақтар мен лабораториялық жұмыстар қамтылған. Цифрлық технологиялар арқылы оқушыларға физикалық құбылыстарды көрнекі түрде көрсету, олардың қызығушылығын арттыру және білім сапасын жақсарту мақсат етіледі. Оқыту үдерісінде анимациялар, интерактивті тапсырмалар және виртуалды зертханалар қолданылады. Бұл әдіс оқушылардың өздігінен ізденуіне, аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға және ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, білім алушылардың жеке траекторияларын құруға, өзін-өзі бағалауға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *цифрлық білім беру, жарық құбылыстары, электронды оқулық, виртуалды зертханалар, білім беру технологиялары, оқыту әдістемесі.*

В данной статье рассматривается методика обучения разделу "Световые явления" с использованием цифровой образовательной среды. Электронный учебник включает в себя теоретические материалы, тестовые задания, практические упражнения, видеоуроки и лабораторные работы. Применение цифровых технологий позволяет наглядно демонстрировать физические явления, повышать интерес учащихся и улучшать качество знаний. В процессе обучения используются анимации, интерактивные задания и виртуальные лаборатории. Такой метод способствует развитию самостоятельного поиска информации, аналитического мышления и формированию научного мировоззрения. Кроме того, цифровое обучение позволяет выстраивать индивидуальные образовательные траектории, оценивать свои знания и взаимодействовать с другими учащимися.

Ключевые слова: *цифровое образование, световые явления, электронный учебник, виртуальные лаборатории, образовательные технологии, методика обучения.*

This article discusses the methodology of teaching the "Light Phenomena" section using a digital educational environment. The electronic textbook includes theoretical materials, test tasks, practical exercises, video lessons, and laboratory work. The use of digital technologies enables the visual representation of physical phenomena, increasing students' engagement and improving the quality of knowledge. The learning process integrates animations, interactive tasks, and virtual laboratories. This approach fosters independent research, the development of analytical thinking skills, and the formation of a scientific worldview. Additionally, digital learning facilitates personalized educational trajectories, self-assessment, and collaborative interactions among learners.

Key words: *digital education, light phenomena, electronic textbook, virtual laboratories, educational technologies, teaching methods.*

Қазіргі цифрлық дәуірде мұғалімнің цифрлық және мобильді технологиялар саласындағы білімі мен дағдылары ерекше маңызды болып отыр. Себебі Z және альфа ұрпақтары білім беру жүйесінен жаңа тәсілдер мен әдістерді талап етуде. Бұл ұрпақтар жасанды интеллект, робототехника, үлкен деректер, виртуалды және кеңейтілген шындық, бұлттық технологиялар сияқты қарқынды цифрлық ортаны қамтитын заманда өмір сүріп жатыр. Осындай өзгермелі цифрлық білім беру кеңістігінде жаңа технологияларды тиімді қолдану оқу процесін жетілдірумен қатар, мұғалімнің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қойып, олардың цифрлық құзыреттілігін жоғары деңгейде дамытуды қажет етеді. Осы тұрғыдан дәстүрлі оқыту әдістері цифрлық платформалармен толықтырылып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жаңа әдістермен байытылуда. Әсіресе, физика пәнінде күрделі құбылыстарды меңгеру үшін цифрлық құралдарды қолдану қажеттілікке айналды. Физика пәнін, әсіресе жарық құбылыстары тарауын цифрлық құралдарды пайдалана отырып оқыту оқушыларға теорияны жеңіл қабылдап қана қоймай, оны нақты өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Оқу процесіне сандық ресурстарды енгізу оқушылардың білімін жетілдірумен қатар, оларды ғылыми зерттеу қызметіне тартады. Осы мақалада жарық құбылыстары тарауын цифрлық білім беру ортасын қолдана отырып оқыту әдістері қарастырылады. Жарықтың таралуы, шағылуы, сынуы, линзалар және оптикалық аспаптар сияқты тақырыптарды оқытуда анимациялар, интерактивті тапсырмалар, онлайн симуляциялар және виртуалды зертханалар үлкен рөл атқарады. Бұл әдістер оқушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға, ғылыми ойлау қабілеттерін арттыруға және зерттеу жұмыстарын орындауға бағытталған. Жарық құбылыстары тарауы физиканың маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады. Ол күнделікті өмірде және ғылыми-техникалық дамуда үлкен рөл атқарады. Бұл тарауды оқыту барысында оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, практикалық дағдыларын қалыптастырып, цифрлық құралдар арқылы тәжірибелер жүргізеді. Цифрлық білім беру ортасы осы процесті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жарық құбылыстары табиғаттағы маңызды құбылыстардың бірі болып табылады және физика пәнін оқыту барысында олардың рөлі ерекше. Заманауи цифрлық білім беру ортасы осы саладағы білім беру үдерісін айтарлықтай тиімді ете алады. Цифрлық технологиялар мен виртуалды құралдардың көмегімен оқушыларға жарықтың түрлі құбылыстарын түсіндіру, олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіру және пәнге деген қызығушылығын арттыру мүмкіндігі пайда болады. Электронды оқулықта осы білім беру процесін оңтайландыруға үлкен көмегі тигізетін құралдар қолданылды.

Оқулықтың бірінші бөлімі жарықтың түзусызықты таралуы тақырыбына арналады. Жарықтың түзусызықты таралуы – жарықтың таралуында кеңістікте түзусызықты қозғалуын сипаттайды. Бұл құбылыс жарықтың табиғаттағы басқа да құбылыстармен байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Электронды оқулықта, анимациялар мен симуляциялар арқылы оқушыларға жарықтың түзусызықты таралуы көрсетілді, оның шынайы өмірде қалай жүзеге асатыны түсіндірілді. Келесі бөлім жарықтың шағылуы мен шағылу заңдарына арналған. Жарықтың шағылуы кезінде жарық сәулесі бетке түскенде, ол бір бағытта бұрылады. Бұл құбылыс көзбен көрудің негізі болып табылады. Электронды оқулықта симуляциялар мен эксперименттер арқылы жарықтың әртүрлі беттерден шағылуы көрсетілді, шағылу заңдары мен принциптері оқушыларға түсіндірілді. Жазық айналар мен сфералық айналар тақырыптарында жазық айна мен сфералық айналардың көмегімен кескіннің қалай қалыптасатыны түсіндірілді. Электронды оқулықта жазық және сфералық айнада кескіндер салуды үйрету үшін интерактивті құралдар мен визуализациялар қолданылды. Жарықтың сынуы және жарықтың сыну заңы бөлімдері жарықтың әртүрлі ортада таралуының өзгерістерін зерттейді. Бұл бөлімде жарықтың сыну бұрыштары, жарықтың бір ортаны екінші ортаға өту кезіндегі мінез-құлқы түсіндірілді. Электронды оқулықта 3D модельдер мен анимациялар арқылы жарықтың сыну құбылысы зерттеліп, оқушыларға визуалды түрде көрсетілді. Толық ішкі шағылу тақырыбы өте маңызды, себебі бұл құбылыс қазіргі телекоммуникация саласында қолданылатын оптикалық талшықтарды түсінуде негіз болып табылады. Электронды оқулықта толық ішкі шағылу цифрлық құралдар арқылы көрсетіліп, оның қолданылуы түсіндірілді. Линзалар және линзаның

оптикалық күші туралы түсінік оқушыларға жарық сәулесінің линза арқылы қалай жиналатынын немесе таралатынын түсінуге мүмкіндік берді. Электронды оқулықта линзалардың әртүрлі түрлері мен олардың қасиеттері визуализация арқылы көрсетілді. Жұқа линзаның формуласы мен линза көмегімен кескін салу тақырыптары линзалармен жұмыс істегенде қолданылатын математикалық әдістер мен практикалық есептерді қамтиды. Электронды оқулықта линзаға қатысты есептерді шешу үшін арнайы тапсырмалар мен тренажерлер ұсынылды. Көздің оптикалық жүйе ретінде қарастырылуы, адамның көру процесін түсінуге мүмкіндік берді. Бұл бөлімде көздің қалай жұмыс істейтіні және көрудің түрлі аномалиялары, мысалы, миопия мен гиперметропия, түсіндірілді. Электронды оқулықта көздің оптикалық жүйесі туралы маңызды мәліметтер мен олардың цифрлық моделін беру мақсатында жұмыс жасалды. Ақырында, көру кемшіліктері мен оларды түзету тәсілдері, сондай-ақ оптикалық аспаптар туралы бөлімдер оптика саласындағы заманауи құралдар мен олардың жұмыс істеу принциптерін қарастырады. Осы тақырыптарды цифрлық құралдар арқылы зерттеу, оптикалық аспаптардың жұмысын интерактивті түрде көрсету оқушылардың қызығушылығын арттырды. Электронды оқулықта осы аспектілер толық қамтылып, оқушыларға қызықты әрі тиімді оқу процесін ұсынды. Жалпы алғанда, жарық құбылыстары тарауын цифрлық білім беру ортасын қолдана отырып оқыту әдістемесі оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыра отырып, жарықтың түрлі құбылыстарын терең түсінуге мүмкіндік берді. Электронды оқулықта теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, цифрлық құралдардың көмегімен білім беру процесі оңтайландырылды.

Электронды оқулықта осы білім беру процесін оңтайландыруға үлкен көмегі тигізетін құралдар қолданылды. Оқушыларға тек теориялық білім ғана емес, практикалық тапсырмалар, есептер, зертханалық жұмыстар және видеосабақтар арқылы білім беріледі.

Жарықтың түзусызықты таралуы жарықтың кеңістіктегі таралуын сипаттайды. Бұл құбылыс оқушыларға жарықтың әртүрлі ортадағы таралуын түсінуге мүмкіндік береді. Электронды оқулықта анимациялар мен симуляциялар арқылы жарықтың түзусызықты таралуы көрсетілді, оның шынайы өмірде қалай жүзеге асатыны түсіндірілді. Осы бөлімге байланысты зертханалық жұмыс ретінде оқушыларға виртуалды ортада жарықтың таралуын бақылау ұсынылады, және осы тәжірибені **Phet** платформасында жүзеге асыруға болады. Мысал ретінде бір зертханалық жұмысты алайық;

Жарықтың түзусызықты таралуы бойынша зертханалық жұмыс

Мақсаты: Жарықтың түзусызықты таралуын зерттеу және оның қасиеттерін түсіну.

Құралдар мен жабдықтар:

- **PHET симуляциясы:** Геометриялық оптика
- **Компьютер немесе планшет:** Интернетке қосылған құрылғы

Жұмыс барысы:







1. **PHET симуляциясын ашу:**
   - Геометриялық оптика симуляциясын ашыңыз.
2. **Жарық көзін орналастыру:**
   - Симуляцияда жарық көзін таңдаңыз және оны жұмыс алаңына орналастырыңыз.
3. **Жарық сәулелерін бақылау:**
   - Жарық көзінен шығатын түзусызықты сәулелерді бақылаңыз.
   - Сәулелердің таралу бағытын және олардың біркелкі таралуын тексеріңіз.
4. **Кедергілерді қосу:**
   - Жұмыс алаңына әртүрлі мөлдір емес кедергілерді орналастырыңыз.
   - Кедергілердің жарық сәулелерінің таралуына әсерін бақылаңыз.
5. **Нәтижелерді талдау:**
   - Кедергілердің жарықтың түзусызықты таралуына қалай әсер ететінін талдаңыз.
   - Жарықтың түзусызықты таралуы мен кедергілердің өзара әрекеттесуін түсіндіріңіз.

Нәтижелерді талқылау:

Жарықтың түзусызықты таралуы оның біркелкі және түзу сызық бойынша қозғалуын білдіреді. Кедергілер жарықтың таралу бағытын өзгертіп, көлеңкелер мен жарық дақтарын қалыптастырады. Бұл тәжірибе жарықтың түзусызықты таралуын және кедергілердің оның таралуына әсерін түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, электронды оқулықты пайдаланудың тиімділігін анықтау мақсатында мектеп мұғалімдерінен сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелеріне назар салсақ.

Кесте 1 – Электронды оқулықты пайдаланудың тиімділігін анықтау

Қ/с	**Сұрақтар тізімі**	**Жауабы**
1	Сіз физика пәні бойынша цифрлық білім беру платформаларын қолданасыз ба?	
2	Цифрлық құралдарды сабақ барысында қолдану сіздің тәжірибеңізге қандай әсер етеді?	
3	Оқушылардың практикалық дағдыларын цифрлық ортада дамытуға қандай әдістерді қолданасыз?	
4	Қандай цифрлық құралдар мен ресурстарды ең тиімді деп санайсыз?	
5	Цифрлық білім беру ортасында оқушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруде қандай қиындықтар кездеседі?	
6	Цифрлық білім беру ортасы арқылы жүргізілген сабақтардың нәтижелілігін қалай бағалайсыз?	

Жарық құбылыстарын цифрлық білім беру ортасында оқыту тиімді әдістердің бірі болып табылады. Цифрлық технологиялар физикалық құбылыстарды терең меңгеруге, практикалық дағдыларды дамытуға және оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуіне ықпал етеді. Электронды оқулықтар, виртуалды зертханалар мен мультимедиалық оқыту құралдары оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білімін тереңдетеді. Бұл әдістеме білім беру сапасын арттырумен қатар, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға да оң әсерін тигізеді.

Қорытынды

Жарықтың түзусызықты таралуы оның табиғаты мен қасиеттерін түсінуде маңызды рөл атқарады. PHET симуляциясы арқылы жүргізілген зертханалық жұмыс оқушыларға жарықтың таралуын визуалды түрде бақылауға және оның қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Жарықтың шағылуы кезінде жарық сәулесі бетке түскенде, ол бір бағытта бұрылады. Бұл құбылыс оқушылардың көзбен көру қабілетін түсінуге көмектеседі. Жарықтың шағылу заңдарын түсіндіруде физикалық модельдер мен графикалық құралдар пайдаланылады. Электронды оқулықта симуляциялар мен эксперименттер арқылы жарықтың әртүрлі беттерден шағылуын көрсете отырып, шағылу заңдары мен принциптері оқушыларға жақсы түсіндірілді.

Жазық айналар мен сфералық айналардағы кескіндердің қалыптасуы – жарықтың шағылу құбылысын оқып үйренудің негізі болып табылады. Электронды оқулықта жазық және сфералық айнада кескіндер салуды үйрету үшін интерактивті құралдар мен визуализациялар қолданылды. Оқушыларға осы тақырып бойынша практикалық

тапсырмалар, есептер мен тест тапсырмалары ұсынылды, олар арқылы әртүрлі айна түрлерінде жарықтың шағылуын зерттеу мүмкіндігі болды.

Жарықтың бір ортадан екінші ортаға өту кезіндегі өзгерістерді сипаттайтын сыну құбылысы маңызды. Электронды оқулықта жарықтың сыну бұрышы мен орталар арасындағы қатынасты түсіндіру үшін виртуалды құралдар мен анимациялар қолданылды. **PHET** зертханалық жұмыстары мен видеосабақтар арқылы жарықтың сынуы туралы нақты мысалдар келтіріліп, бұл оқушыларға осы тақырыпты жақсы меңгеруге мүмкіндік берді.

Толық ішкі шағылу оптикалық талшықтардың жұмыс істеу принципін түсіндіруге көмектеседі. Электронды оқулықта бұл құбылысқа арналған симуляциялар мен визуализациялар ұсынылды. Оқушыларға оптикалық талшықтарды қолдану арқылы жарықтың таралуын көрсету мүмкіндігі берілді. Линзалар арқылы жарықтың фокустық нүктесіне дейін жиналуын түсіндіру оқушылар үшін маңызды. Электронды оқулықта линзалардың түрлері мен олардың қасиеттері анимациялар арқылы көрсетілді. Сондай-ақ, жұқа линза формулалары мен кескін салу әдістері бойынша практикалық тапсырмалар мен есептер енгізілді.

Көздің құрылымы мен жарықты қабылдауы оқушыларға көру процесін жақсы түсінуге мүмкіндік берді. Бұл тақырыпта оқушыларға көздің қалай жұмыс істейтіні және көрудің аномалиялары түсіндірілді. Сондай-ақ, көру кемшіліктерін түзету үшін қолданылатын оптикалық құралдар туралы түсінік берілді.

Миопия, гиперметропия және астигматизм сияқты көру кемшіліктерін түсіндіру маңызды болды. Электронды оқулықта көру аномалиялары туралы анимациялар мен графиктер ұсынылып, оларды түзету үшін қажетті құралдар мен әдістер қарастырылды.

Оптикалық аспаптар, мысалы, телескоптар мен микроскоптар, олардың жұмыс істеу принциптері мен қолдану салалары да оқушыларға ұсынылды. Әрбір аспаптың жұмысы интерактивті түрде көрсетіліп, практикалық тапсырмалар мен есептер арқылы оқушылар осы аспаптардың қалай жұмыс істейтінін зерттей алды.

Электронды оқулықта жарық құбылыстарын түсіндіруде теория мен практиканың ұштасуы жүзеге асырылды. Жарықтың әртүрлі құбылыстарын түсіну үшін оқушыларға **PHET** платформасы арқылы зертханалық жұмыстар, тест тапсырмалары, есептер және видеосабақтар ұсынылды. Цифрлық құралдар мен интерактивті тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімін тереңдетуге мүмкіндік берді.

Электронды оқулықтың дизайнында әр тақырып бойынша түсініктер мен тапсырмалар нақты бейнелермен және анимациялармен толықтырылған, бұл оқушыларға білімді тиімді әрі қызықты түрде меңгеруге көмектесті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіманапов С.Ж., Мұсабеков Ж.М. Физика курсы**.** – Алматы: Мектеп, 2018.
2. Биялинов Б.Ф. Оптика негіздері**.** – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2017.
3. Құдайбергенов Қ. Физиканы оқыту әдістемесі**.** – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
4. PHET Interactive Simulations. University of Colorado Boulder. https://phet.colorado.ed Назарбаев Зияткерлік мектептері. Цифрлық білім беру ресурстары**.** – www.nis.edu.kz Mayer R.E. Multimedia Learning**.** – Cambridge University Press, 2009.
5. Алимова Г. Жарық құбылыстары және олардың қолданылуы**.** – Алматы: Рауан, 2020.
6. Қарсыбекова Н. Қазіргі білім беру технологиялары**.** – Астана: Фолиант, 2016.
7. Жұмағұлов Қ. Виртуалды зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру**.** – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
8. Физикадан цифрлық ресурстар. ҚР БҒМ, http://www.edupage.kz
9. OECD. The Future of Education and Skills: Education 2030**.** – OECD Publishing, 2018.
10. Jonassen D.H. Learning to Solve Problems with Technology**.** – Prentice Hall, 2002.
11. Сейдахметова А., Нұрғалиева Ш. Физиканы оқытудағы сандық технологиялар**. –** Абай атындағы ҚазҰПУ баспасы, 2022.

УДК 517.95

ПОСТРОЕНИЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ И СИСТЕМ, К КОТОРЫМ ПРИВОДЯТСЯ ЛИНЕЙНЫЕ ПЕРИОДИЧЕСКИЕ СИСТЕМЫ ВТОРОГО ПОРЯДКА С СОБСТВЕННЫМИ ЗНАЧЕНИЯМИ ПОСТОЯННЫХ КРАТНОСТЕЙ

Сактапбергенова Г.К.
Магистрант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актобе, Республика Казахстан
gulmira.011228@gmail.com

На основе элементов матрицы исходной системы строятся системы с постоянными коэффициентами, к которым приводятся периодическая система в случаях простых и кратных собственных значений с постоянными кратностями.

Доказывается теоремы приводимости периодической матрицы к жордановой форме и приводимости заданной системы к канонической системе, а также, две теоремы приводимости канонических систем к системам с постоянными коэффициентами.

Ключевые слова: *периодическая система, приводимость, жорданова форма, собственные значение, постоянная кратность, преобразование.*

Тұрақты еселі өзіндік мәнді периодты жүйе келтірілетін тұрақты коэффициенті жүйелер және оларға келтіретін түрлендірулер берілген жүйенің элементтері арқылы құрылады.

Периодты матрицаның жордандық түрге тұрақты матрица арқылы келтірілетіндігі, берілген жүйенің канондық түрге келтірімділігі және оның тұрақты коэффициентті жүйелерге келтірілетіндігі туралы теоремалар дәлелденген.

Кілт сөздер: *периодты жүйе, келтірімділік, жордан формасы, меншікті мәндер, тұрақты еселік, түрлендіру.*

Based on the elements of the matrix of the original system, systems with constant coefficients are constructed, to which the periodic system is reduced in cases of simple and multiple eigenvalues with constant multiplicities.

Theorems are proved on the reducibility of a periodic matrix to Jordan form and the reducibility of the given system to a canonical system, as well as two theorems on the reducibility of canonical systems to systems with constant coefficients.

Key words: *periodic system, reducibility, Jordan form, eigenvalue, constant multiplicity, transformation.*

1. Введение и постановка задачи

Известно что, основы теории приводимости линейных периодических систем заложены трудами Ляпунова-Флоке и развиты в [1], которые красиво и методично изложены в [2]. Понятие постоянной кратности собственных значений переменной матрицы заимствовано из [3] по приведению систем уравнений с частными производным к каноническому виду. В [4-6] исследованы некоторые вопросы приводимости, в основном, многопериодических линейных систем с оператором дифференцирования по направлению главной диагонали пространства независимых переменных. В данной заметке приводимость периодических систем сочетается с приводимостью их к жордановой канонической форме при условии *постоянных кратностей* собственных значений. Благодаря этому подходу можно использовать методы численного анализа в теории приводимости, связанные с нахождением собственных значений, их средних значений и решений алгебраических линейных систем по определению преобразований приводимости и вида приведённых систем.

В работе рассматривается система второго порядка

$$\frac{dx_1}{d\tau} = p_{11}(\tau)x_1 + p_{12}(\tau)x_2, \quad \frac{dx_2}{d\tau} = p_{21}(\tau)x_1 + p_{22}(\tau)x_2 \tag{1.1}$$

с непрерывными θ-периодическими коэффициентами

$$p_{jk}(\tau+\theta) = p_{jk}(\tau) \in C^{(0)}(R), \qquad (j,k=1,2), \tag{1.2}$$

где $C^{(0)}(R)$ – пространство непрерывных функций $\tau \in R = (-\infty,+\infty)$, $\theta = const > 0$.

Пусть матрица коэффициентов

$$P(\tau) = \left\lfloor p_{jk}(\tau) \right\rfloor \tag{1.3}$$

имеет непересекающиеся два собственных значения $\lambda_1(\tau)$ и $\lambda_2(\tau)$, которые являются корнями квадратичного уравнения

$$h(\lambda) = \det\left[P(\tau) - \lambda E\right] \equiv (p_{11}-\lambda)(p_{22}-\lambda) - p_{12}p_{21} = 0 \tag{1.4}$$

из множества комплекснозначных функций $\lambda_j(\tau) = \alpha_j(\tau) + i\beta_j(\tau)$, где E – единичная матрица второго порядка, $\alpha_j(\tau)$ и $\beta_j(\tau)$ действительнозначные функции, i – мнимая единица, $j = 1,2$. Тогда выполняются одно из условий

$$\lambda(\tau) = \lambda_1(\tau) = \lambda_2(\tau), \ \tau \in R, \tag{1.4$_1$}$$

либо

$$\lambda_1(\tau) \neq \lambda_2(\tau), \ \tau \in R, \tag{1.4$_2$}$$

В этом случае говорят, что уравнение (1.4) имеет *корни с постоянными кратностями*, причём в случае (1.4$_1$) $\lambda(\tau)$ имеет кратность $k = 2$, а в случае (1.4$_2$) имеем корни $\lambda_j(\tau)$ кратности $k_j = 1$ при $\tau \in R, \quad j = 1,2$. Система (1.1) будем называть системой с собственными значениями постоянных кратностей.

Общеизвестно [1,2], что система (1.1) - (1.2) удовлетворяет теореме существования и единственности решения и она линейным θ–периодическим преобразованием

$$x_j = \sum_{k=1}^{2} q_{jk}(\tau) y_k, \qquad j = 1,2, \quad \det Q(\tau) = \det\left[q_{jk}(\tau)\right] \neq 0, \quad q_{jk}(\tau+\theta) = q_{jk}(\tau) \in C^{(1)}(R) \tag{1.5}$$

приводится к системе с постоянными коэффициентами

$$\frac{dy_j}{d\tau} = \sum_{k=1}^{2} c_{jk} y_k, \qquad j = 1,2 \tag{1.6}$$

,

причём при известных фундаментальных решениях $(x_{11}(\tau), x_{21}(\tau)), \quad (x_{12}(\tau), x_{22}(\tau))$ можно определить $c_{jk} = x_{jk}(\theta), \quad (j,k=1,2)$, где c_{jk} – постоянные при фиксированных $j,k = 1,2$, $C^{(1)}(R)$ – класс непрерывно дифференцируемых функций при $\tau \in R$.

Но, к сожалению, нет метода, с помощью которого определить периодические коэффициенты $\{q_{jk}(\tau)\}$ преобразования (1.5) и постоянных коэффициентов $\{c_{jk}\}$ системы (1.6), основанного на элементах матрицы $P(\tau)$ прямым образом. Итак, встаёт вопрос о разработке метода приводимости такого характера для простейших случаев.

Известно [3], что корни характеристического уравнения (1.4) со свойствами (1.4$_1$) – (1.4$_2$), на основе теоремы о неявных функциях, обладает ещё свойствами

$$\lambda_j(\tau+\theta)=\lambda_j(\tau)\in C^{(0)}(R) \tag{1.7}$$

и система (1.1) приводима одному из жордановых канонических видов:

$$\frac{dz_1}{d\tau}=\lambda_1(\tau)z_1,\quad \frac{dz_2}{d\tau}=\lambda_2(\tau)z_2, \tag{1.1$_1$}$$

$$\frac{dz_1}{d\tau}=\lambda(t)z_1,\quad \frac{dz_2}{d\tau}=\varepsilon z_1+\lambda(t)z_2 \tag{1.1$_2$}$$

с помощью θ – периодического преобразования вида

$$x_{jk}=\sum_{k=1}^{2}r_{jk}(\tau)z_k,\qquad j=1,2,\quad \det\left[r_{jk}(\tau)\right]\neq 0,\quad r_{jk}(\tau+\theta)=r_{jk}(\tau)\in C^{(0)}(R), \tag{1.8}$$

где $\lambda(\tau)$, $\lambda_1(\tau)$ и $\lambda_2(\tau)$ – собственные значения матрицы $P(\tau)$ с постоянными кратностями.

Системы вида (1.1$_1$) и (1.1$_2$) назовём простейшими случаями системы (1.1) при известном преобразовании (1.8).

2. Приведение линейных периодических систем к жордановой форме. С этой целью изучим вопрос о корнях уравнения (1.4), записав его в виде

$$\begin{gathered}\lambda^2+b(\tau)\lambda+c(\tau)=0,\\ b(\tau)=-\left[p_{11}(\tau)+p_{22}(\tau)\right],\quad c(\tau)=p_{11}(\tau)p_{22}(\tau)-p_{12}(\tau)p_{21}(\tau),\\ b(\tau+\theta)=b(\tau)\in C^{(0)}(R),\quad c(\tau+\theta)=c(\tau)\in C^{(0)}(R).\end{gathered} \tag{2.1}$$

Корни уравнения (1.4), следовательно, (2.1) зависит от значений дискриминанта

$$\Delta(\tau)=\left[p_{11}(\tau)-p_{22}(\tau)\right]^2+4p_{12}(\tau)p_{21}(\tau). \tag{2.2}$$

Уравнение (2.1), следовательно, (1.4) имеет а) два действительных корня $\lambda_1(\tau)$ и $\lambda_2(\tau)$ вида

$$\lambda_{1,2}(\tau)=-\left(b(\tau)\pm\sqrt{\Delta(\tau)}\right)/2=-0{,}5\left[b(\tau)\pm\sqrt{\Delta(\tau)}\right]_{\text{при}}\ \Delta(\tau)>0,\qquad \tau\in R \tag{2.2'}$$

с простой кратностью $k_{1,2}=1$,

б) единственный корень $\lambda(\tau)=\lambda_1(\tau)=\lambda_2(\tau)$

$$\lambda(\tau)=\left[p_{11}(\tau)+p_{22}(\tau)\right]/2\ _{\text{при}}\ \Delta(\tau)=0,\qquad \tau\in R \tag{2.2''}$$

с кратностью $k=2$ и

в) взаимно сопряженные комплексные корни

$$\lambda_{1,2}(\tau)=-\left(b(\tau)\pm i\sqrt{|\Delta(\tau)|}\right)/2\ _{\text{при}}\ \Delta(\tau)<0,\qquad \tau\in R \tag{2.2'''}$$

с кратностью $k_{1,2}=1$.

Так как при условиях (2.2')-(2.2''') система (1.1) приобретает один из видов (1.1$_1$) и (1.1$_2$), то они определяют простейшие случаи системы (1.1).

Теперь систему (1.1) запишем в жордановой канонической форме в зависимости от условий (2.2') – (2.2''').

Очевидно, что в данном случае любые собственные значение $\lambda(\tau)$ матрицы $P(\tau)$ характеризуется соотношениями

$$\lambda(\tau+\theta)=\lambda(\tau)\in C^{(0)}(R),$$
$$\int_0^{\tau}\lambda(\sigma)d\sigma=\psi(\tau)\in C^{(1)}(R),\quad \lambda(\tau)=\nu+\mu(\tau),\quad \nu=\frac{1}{\theta}\int_0^{\theta}\lambda(\sigma)d\sigma,\quad \mu(\tau)=\lambda(\tau)-\nu,$$
$$\mu(\tau+\theta)=\mu(\tau)\in C(R),\quad \int_0^{\tau}\mu(\sigma)d\sigma=\varphi(\tau),\quad \varphi(\tau+\theta)=\varphi(\tau)\in C^{(1)}(R). \tag{2.3}$$

Положив $x(\tau)=(x_1(\tau),x_2(\tau))$ систему (1.1) со свойством (1.2) запишем векторно-матричной форме

$$\frac{dx}{d\tau}=P(\tau)x,\quad P(\tau+\theta)=P(\tau)\in C(R). \tag{2.4}$$

Теорема (Ж.А. Сартабанов) 2.1. *В случае постоянных кратностей собственных значений, матрица* $P(\tau)$ *приводима к жордановой форме с постоянной матрицей подобия* A*:*

$$A^{-1}P(\tau)A=J(\tau),\quad A=const,\quad \det A\neq 0, \tag{2.5}$$

где $J(\tau)$*– жорданова форма матрицы* $P(\tau)$.

Доказательство. Сначала докажем для случая, когда кратность равна $k=1$, то есть, для случая простых собственных значений $\lambda_{1,2}(\tau)$ матрицы $P(\tau)$.

Положив $A=\lfloor a_{jk}\rfloor$, где $J(\tau)=diag[\lambda_1(\tau),\lambda_2(\tau)]$, из (2.5) имеем уравнение

$$\begin{pmatrix}p_{11}(\tau) & p_{12}(\tau)\\ p_{21}(\tau) & p_{22}(\tau)\end{pmatrix}\begin{pmatrix}a_{11} & a_{12}\\ a_{21} & a_{22}\end{pmatrix}=\begin{pmatrix}a_{11} & a_{12}\\ a_{21} & a_{22}\end{pmatrix}\begin{pmatrix}\lambda_1(\tau) & 0\\ 0 & \lambda_2(\tau)\end{pmatrix} \tag{2.5'}$$

которое записав в скалярной форме получаем алгебраические системы с определителями коэффициентов

$$h(\lambda_{1,2})=(p_{11}-\lambda_{1,2})(p_{22}-\lambda_{1,2})-p_{12}p_{21}=0.$$

Из полученных систем почленным умножением соответственно имеем:

$$(p_{11}-\lambda_1)(p_{22}-\lambda_1)\cdot a_{11}a_{21}=p_{12}p_{21}a_{11}a_{21},\quad (p_{11}-\lambda_2)(p_{22}-\lambda_2)\cdot a_{12}a_{22}=p_{12}p_{21}a_{12}a_{22}$$

Следовательно,

$$h(\lambda_1)\cdot a_{11}a_{21}=0,\quad h(\lambda_2)\cdot a_{12}a_{22}=0.$$

Так как $h(\lambda_j)=0$, то отсюда следуют, что $a_{11}a_{21}=c_1\neq 0$ и $a_{12}a_{22}=c_2\neq 0$ – могут быть произвольными, в частности, постоянными, с сохранением условия $\det A=a_{11}a_{22}-a_{12}a_{21}\neq 0$.

Теорема в случае $J=diag[\lambda_1,\lambda_2]$ доказана. Аналогично доказывается для случая кратности $k=2$. Чтобы матрица A не зависела от $\varepsilon\neq 0$ достаточно положить

$$a_{12}a_{21}+a_{11}a_{22}=0,\quad \det A=a_{11}a_{22}-a_{12}a_{21}\neq 0.$$

Теорема 2.2. *Система (1.1) с коэффициентами (1.2), следовательно, система (2.4) приводима неособенным преобразованием*

$$x=Az \tag{2.6}$$

с постоянной матрицей подобия A*, обладающей свойством (2.5), к системе*

$$\frac{dz}{d\tau}=J(\tau)z \tag{2.7}$$

с матрицей $J(\tau)$ *жордановой формы матрицы* $P(\tau)$.

Доказательство. Подставим (2.6) в (2.4) и умножим слева на A^{-1}. Тогда согласно (2.6) получим (2.7). Эту теорему можно назвать теоремой приводимости системы к канонической форме $\triangleright$.

3.Приводимость периодических систем в канонической форме. Теперь имеем возможности доказать теоремы о приводимости систем (2.4), которые являются частными случаями системы (2.7), в связи с кратностью собственных значений.

Теорема 3.1. *В случае кратности* $k=1$ *собственных значений* $\lambda=\lambda_{1,2}(\tau)$ *система (1.1) с коэффициентами (1.2) приводима к системе с постоянными коэффициентами*

$$\frac{dy}{d\tau}=diag[\nu_1,\nu_2]y, \tag{3.1}$$

на основе линейного неособенного преобразования

$$x=Adiag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y, \tag{3.2}$$

A*-постоянная матрица удовлетворяющая условию (2.5), где* ν_j *- среднее значение* $\lambda_j(\tau)$, $\varphi_j(\tau)=\int_0^\tau \mu_j(\sigma)d\sigma$, $\mu_j(\tau)=\lambda_j(\tau)-\nu_j$, $j=1,2$.

Доказательство. Действительно, дифференцируя (3.2) имеем

$$\frac{dx}{d\tau}=Adiag\left[\mu_1(\tau)e^{\varphi_1(\tau)},\mu_2(\tau)e^{\varphi_2(\tau)}\right]y+Adiag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]\frac{dy}{d\tau}. \tag{3.2'}$$

Подставив (3.2) и (3.2') в (2.4) получим

$$Adiag\left[\mu_1(\tau)e^{\varphi_1(\tau)},\mu_2(\tau)e^{\varphi_2(\tau)}\right]y+Adiag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]\frac{dy}{d\tau}=P(\tau)Adiag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y.$$

Отсюда умножив слева на A^{-1} на основе теоремы 2.1 имеем

$$diag\left[\mu_1(\tau)e^{\varphi_1(\tau)},\mu_2(\tau)e^{\varphi_2(\tau)}\right]y+diag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]\frac{dy}{d\tau}=A^{-1}P(\tau)A\cdot diag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y\equiv$$

$$\equiv diag[\lambda_1(\tau),\lambda_2(\tau)]diag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y$$

$$\equiv diag[\nu_1+\mu_1(\tau),\nu_2+\mu_2(\tau)]diag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y\equiv$$

$$\equiv diag[\mu_1(\tau),\mu_2(\tau)]diag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y+diag[\nu_1,\nu_2]diag\left[e^{\varphi_1(\tau)},e^{\varphi_2(\tau)}\right]y.$$

Далее, приводив подобные члены и умножив слева на $\left[e^{-\varphi_1(\tau)},e^{-\varphi_2(\tau)}\right]$ имеем уравнение (3.1). Таким образом, в случае кратности $k=1$, теорема 3.1 доказана.

Теорема 3.2. *В случае кратности* $k=2$ *собственного значения* $\lambda=\lambda(\tau)$ *система (1.1)-(1.2), следовательно, система (2.4) приводима преобразованием*

$$x=Ae^{\varphi(\tau)}y \tag{3.3}$$

к системе

$$\frac{dy}{d\tau}=Ny,\quad N=\begin{pmatrix}\nu & 0\\ \varepsilon & \nu\end{pmatrix}, \tag{3.4}$$

где $\lambda,\nu,\mu,\varphi,A$ *имеют прежние смысли в соответствии с условиями (2.3) и (2.5).*

Доказательство. Дифференцируя (3.3) имеем

$$\frac{dx}{d\tau}=\mu(\tau)Ae^{\varphi(\tau)}y+Ae^{\varphi(\tau)}\frac{dy}{d\tau}. \tag{3.3'}$$

Подставив (3.3) и (3.3') в (2.4) получим

$$\mu(\tau)Ae^{\varphi(\tau)}y+Ae^{\varphi(\tau)}\frac{dy}{d\tau}=P(\tau)Ae^{\varphi(\tau)}y,$$

отсюда умножением на A^{-1} слева и сократив на $e^{\varphi(\tau)}$, на основе теоремы 2.1 получим

$$\mu(t)y + \frac{dy}{d\tau} = A^{-1}P(\tau)A\cdot y \equiv \begin{pmatrix} \nu+\mu(\tau) & 0 \\ \varepsilon & \nu+\mu(\tau) \end{pmatrix} y = \begin{pmatrix} \nu & 0 \\ \varepsilon & \nu \end{pmatrix} y + \mu(\tau)y = Ny + \mu(\tau)y.$$

Отсюда приведением подобных членов, имеем систему (3.4)$^{\triangleright}$.

В заключение, отметим, что применённой здесь метод можно обобщить на случаи постоянных кратностей для систем любой размерности. Этот метод применим также в случае систем с оператором дифференцированию по направлениям постоянных векторов, определённых на цилиндрических поверхностях.

Также выражаю глубокую благодарность научному руководителю Ж.А. Сартабанову за постановку задачи и за идейно ценные указания по подготовке статьи.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Еругин Н.П. Приводимые системы. Труды Матем. ин-та АН СССР, 13(1946г.). – Стр. 3-96.

2. Демидович Б.П. Лекции по математической теории устойчивости. М.: Наука, 1967г., -472с.

3. Петровский И.Г. Лекции об уравнениях с частными производными. М.: Гос. изд-во технико-теоретической литературы, 1953г., -360с.

4. Сартабанов Ж.А. О приводимости линейных систем дифференциальных уравнений с многопериодическими коэффициентами // Известия АН КазССР. Серия физико-математическая, 1990. - №1. - С. 52-56.

5. Сартабанов Ж.А. Приводимость в малом линейных систем с квазипериодическими коэффициентами // Известия НАН РК. Сер.физ-мат., 1996. -№5. -С.49-56.

6. Сартабанов Ж.А., Кульжумиева А.А. Приводимость линейных многопериодических уравнений с оператором дифференцирования по диагонали //Математический журнал. – Алматы: ИММ, 2018. - №1 (67). - С.139-150 (ККСОН).

ӘОЖ 371.315.5

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКА САБАҒЫНАН АЛҒАН БІЛІМДЕРІН ПРАКТИКАМЕН ҰШТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сарыбаева Ә.Х.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор(доцент),
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
alya.sarybayeva@ayu.edu.kz

Серікқызы А.
Докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы
aksholpan.85@mail.ru

Мақала білім алушылардың физика пәнінен функционалдық сауаттылықтарын дамытуға бағытталған. Физика пәнінен функционалдық сауаттылық тапсырмаларын құрастыру жолдары көрсетілген. Әрбір тапсырмаға бағалау критерийлері мен дескрипторлар қойылған. Білім алушылардың физика пәнінен білім сапаларын арттыруға мысалдар келтірілген. Бәсекеге қабілетті, дамыған елдер қатарына қосылу үшін болашақ азаматтардың практикалық дағдыларын дамыту мақсатында жасалынып жатқан жолдар талданған.
Кілт сөздер: *функционалдық сауаттылық, білім алушы,бағалау критерийлері.*

Статья направлена на развитие функциональной грамотности учеников по физике. Показаны способы составления заданий по функциональной грамотности по физике. Каждое задание содержит критерии оценки и дескрипторы. Приведены примеры повышения качества знаний учеников по физике. Проанализированы пути, разрабатываемые с целью развития практических навыков будущих граждан для вхождения в число конкурентоспособных, развитых стран.
Ключевые слова:*функциональная грамотность, ученик, критерии оценки.*

The article is aimed at developing the functional literacy of pupils in physics. The methods of composing tasks on functional literacy in physics are shown. Each assignment contains evaluation criteria and descriptors. Examples of improving the quality of pupils' knowledge in physics are given. The author analyzes the ways that are being developed in order to develop the practical skills of future citizens to join the ranks of competitive, developed countries.
Key words: *functional literacy, pupil, evaluation criteria.*

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында қарқынды өзгерістерге толы XXI ғасырда әлемде орын алып отырған түрлі қауіп-қатерлер мен жылдам дамып жатқан технологияларды меңгеруге қажетті білім мен дағдыны, ұлттық құндылықтарды айқындайтын кепілдемелер бекітілді. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай пәндік тақырыптар мен бөлімдер қайта қаралып, алған білімдерін практикамен ұштастыруға, ұлттық тәрбиені басты назарда ұстауға, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруға бағытталды. Әлемдік деңгейге сай даму үшін білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық теория мен практиканы ұштастыру мәселе болып отыр [1].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығында атап көрсетілгендей, физика – табиғат туралы ғылым

болғандықтан, білім алушылардың физика пәнінен алған білімдерін, табиғатта болып жатқан құбылыстар мен процестердің туу себептерін, түрлі техникалар мен қондырғылардың жұмыс істеу принциптерін ұғынуға, модельдер құрастыруға және болжамдар ұсынуға бағыттап, тереңдетілген білім бере білуіміз маңызды [2].

Қазіргі таңдағы жылдам дамып жатқан әлем кеңістігіне білім алушы бойлау үшін оның мектеп қабырғасынан алған білімін шынайы тұрмыста қажеттілігіне қарай қолдана алатын дағдысы болуы тиіс, яғни функционалдық сауаттылығы дамуы тиіс. Бұл білім алушының қоғам өміріне тікелей енуіне әсер етеді, өмір бойы білім алуына дағдыландырады. Ендеше, білім беру жүйесінің білім алушыларға қоятын талабы – функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Функционалдық сауаттылық әр адамның өмірге бейімделуі мен дамуына негіз болады. Функционалдық сауаттылық әр түрлі ақпараттарды алу, оқу, түсіну, талдау, саралау, сын тұрғысынан бағалау қасиетіне ие болуға баулиды [3].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Халықаралық ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, әлем елдеріндегі білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен алған білімдерін практикада қолдана білу деңгейін бағалайтын тестілеуді 3 жылда бір рет ұйымдастырып өткізеді.

PISA зерттеуінің негізгі бағыттары оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану сауаттылығы болса, 2018 жылы функционалдық сауаттылықтың жаңа компоненті жаһандық құзыреттілік, 2022 жылы креативті ойлау компоненті, 2025 жылы цифрлық әлемде оқыту компоненті енгізіледі [4].

PISA-2025 зерттеуі аясында жаратылыстану пәндерінен алған білім нәтижесі үш құзыреттілікпен қарастырылады:

- Құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру;
- Ғылыми зерттеу үшін жобаларды құру және бағалау, ғылыми деректер мен дәлелдерді сыни тұрғыдан түсіндіру;
- Шешім қабылдау және әрекет ету үшін ғылыми ақпаратты зерттеу, бағалау және пайдалану.

Контексттік мәтіндер

- жеке,
- жергілікті/ұлттық,
- жаһандық

болып қарастырылады.

Білім пәндік, процедуралық, эпистемиялық болып бөлінсе, жаратылыстану ғылымдары бойынша өзіндік ұстаным

- Ғылыми көзқарастар мен зерттеу тәсілдерін құрметтеу;
- Жаратылыстану ғылымы бойынша өзіндік ұстанымның эмоционалды тұстары;
- Экологияны ойлау, қамқорлық және әрекет ету қабілеті [5].

7 сынып бағдарламасына сәйкес алған білімдерін қолдана отырып, білім алушылар құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру арқылы ғылыми көзқарастар мен зерттеу тәсілдерін құрметтеуді үйренеді.

Физика пәнінен «Қысым» тақырыбын оқыған 7 «Ә» сыныбының білім алушыларынан пән мұғалімі күнделікті тұрмыста қысымды қай жерлерде кездестіргендерін сұрады.

1 тапсырма

Жалғас велосипедінің дөңгелектеріне ауа толтырып жатқанда, насоспен қысым түсірген сайын ауа барлық бағытқа бірдей таралатынын байқағанын айтып, бұл құбылысты физикадан өткен Паскаль заңымен байланыстыруға тырысты.

a) Паскаль заңы бойынша, Жалғастың велосипед насосындағы ауа қалай қозғалады?

b) Осы заңды ескере отырып, неге көлік дөңгелектерін тым қатты үрлеуге болмайды?

c) Осы құбылысты сипаттау үшін қандай тәжірибе жасауға болады?

2 тапсырма

Кәусар суға сүңгігенді ұнататынын, теңізде 2 метр тереңдікке түскенде құлағына қысымның артқанын сезетінін және 5 метрге түскенде бұл қысым одан да күшейетінін айтты.

a) Су тереңдеген сайын қысымның артуын Паскаль заңы арқылы түсіндіріңіз.

b) Егер Меруерт 10 метр тереңдікке түссе, қысым қалай өзгереді?

c) Бұл құбылысты зерттеу үшін қандай тәжірибе жасауға болады?

3 тапсырма

Айдана әкесі көлігінің тежегіш сұйықтығын ауыстырып жатқанда, одан гидравликалық жүйенің қалай жұмыс істейтінін сұрағанына тоқталды. Әкесі тежегіш педалі басылғанда, сұйықтықтың барлық бағытта бірдей таралатынын түсіндіргенін атап өтті.

a) Көлік тежегіштерінің жұмыс істеу принципін Паскаль заңы арқылы түсіндіріңіз.

b) Егер тежегіш сұйықтығы жеткіліксіз болса, көліктің тоқтауына қалай әсер етеді?

c) Гидравликалық жүйенің жұмысын модельдеу үшін қандай тәжірибе жасауға болады?

4 тапсырма. Ғаламат ағасына автосервиске барғанда, көлікті көтеру үшін қолданылатын гидравликалық прессін көрген. Ол жұмысшылардан пресс қалай жұмыс істейтінін сұрағанда, жұмысшылар оған Паскаль заңына негізделгенін айтқан.

a) Гидравликалық пресс қалай жұмыс істейді және оны Паскаль заңы арқылы түсіндіріңіз.

b) Егер кіші поршеньге 50 Н күш түсірілсе, ал үлкен поршень 10 есе үлкен болса, үлкен поршеньде қандай күш пайда болады?

c) Осындай жүйенің артықшылығы қандай?

Кесте 1 – Бағалау критерийі

Бағалау критерийі	**Дескриптор**	**Қалыптастырушы бағалау**
Паскаль заңын ғылыми тұрғыдан түсіндіреді	Паскаль заңын көлік шиналары арқылы түсіндіреді	3
	Су астындағы қысымның арту себептерін талдайды	3
	Гидравликалық тежегіш жүйесі мен гидравликалық прессті бағалайды	4
	Барлығы	10 ұпай

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің тиімділігіне көз жеткізу мақсатында Жұмабек Ташенов атындағы №23 IT-мектеп-лицейінің 15 жастан 3 ай асқан және 16 жастан 2 ай асқан мектеп білім алушылары таңдалынып алынды: тәжірибелік (23 білім алушы) және бақылаушы (24 білім алушы). Барлығы сынаққа 47 білім алушы қатысты. Бақылау тобына физикалық заңдылықтарды және құбылыстарды шынайы меңгеру үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер мен цифрлық оқыту құралдары қолданылды. Ал тәжірибелік топқа функционалдық сауаттылыққа бағдарланған тапсырмалар бойынша тапсырмалар құрастырылды. Бұл топтар үшін пәннің оқытылу мазмұны бірдей және арнайы күнтізбелік тақырыптық жоспарға сай болды. Білім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау барлық білім алушылар үшін бірдей тапсырмалармен алынды.

Педагогикалық тәжірибелік жұмысымыздың барысында білім алушылардың физика пәнінен функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында жасалынған әдістемелік жүйе негізінде оқытудың тиімділігіне бақылау жүргізілді. Тәжірибелік топ білім алушыларынан функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудың деңгейі анықталды.

Кесте 2 – Білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері

Деңгейлері	**Тәжірибеге дейін**		**Тәжірибеден кейін**	
	Бақылау тобы	**Тәжірибелік топ**	**Бақылау тобы**	**Тәжірибелік топ**
Төмен	7	3	6	1
Орта	13	14	14	15
Жоғары	4	6	4	7




Диаграмма 1 – Білім алушылардың тәжірибеге дейінгі білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері




Диаграмма 2 – Білім алушылардың тәжірибеден кейінгі білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Физика пәнінен білім алушылардың білім сапасының жоғарылағанын білім көрсеткіштері арқылы байқауға болады. Тәжірибелік топтарда жүргізілген білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау тапсырмаларының тиімділігін байқауға болады. Білім сапасын арттырудағы жүргізілген жұмыстар біздің әдістемелік жүйеміздің тиімділігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, физика пәнінен күнделікті қысқа мерзімді сабақ жоспарына функционалдық сауаттылық тапсырмасын беріп отырсақ, білім жүйесіндегі жалаңдықты жойып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыра аламыз. Білім алушылардың жаратылыстану пәндерінен алған білімдері табиғатта болып жатқан құбылыстарды тануына көмектеседі. Білім алушылардың физика пәнінен алған білімдері ғылым мен технология саласына қатысты мәселелерді дәлел келтіре отырып талдауға, жаратылыстану құзыреттілігін арттыруға ұмтылдырады. Білім алушылар физика ғылымының идеялары мен тұжырымдамаларына сүйене отырып, жаңа болжамдар жасау үшін пәндік, процедуралық, эпистемиялық білімдерін қолдана алады. Өзекті мәселелерді айқындай алады, білім алушылар күрделі эксперименттік жұмыстардың, зерттеу жұмыстарының бәсекелес жобаларын бағалар, өз таңдауларын негіздей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

3. Programme for International Student Assessment (PISA). – URL: https://www.oecd.org/pisa/

4. PISA 2018 Assessment and Analytical Framework. – URL: https://www.oecd.org/en/publications/pisa-2018-assessment-and-analytical-framework_b25efab8-en.html

5.PISA 2025 жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамасы. - https://pisa-framework.oecd.org/science-2025/kaz_rus/

6. Абдуллаева О.А., Ляпцев А.В. Физические системы - Москва: Просвещение - 2020, 20 с

ӘОЖ 920.925

КҮН ПАНЕЛЬДЕРІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУ

Сатыбалдина У.Н., Сатыхан А.Е., Серикбай А.Т.
Студенттер, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
sakdidar288@gmail.com

Мамбаева А.Ш.
PhD, аға оқытушы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
altyn71-71@mail.ru

Біз бұл мақалада күн панельдерінің тиімділігін бақылау әдістерін қарастырып отырмыз. Яғни, күн энергиясын пайдалану тиімділігін арттыру барысында панельдердің жұмысының тұрақты бақылануы мен әрі талдануын қарастырамыз. Мақала негізінде күн панельдерінің нәтижелілігіне әсер ететін негізгі факторлар, соның ішінде күн сәулесінің қарқынды алуынуы мен ауа райының тұрақты жылынуы, ауаның ластану деңгейі мен панельдердің орналасу орны қарастырылады. Сондай – ақ, қазіргі уақытта тиімділікті бағалаудың заманауи әдістері, интерактивті жүйелер және ақпаратты өңдеу технологияларын талқылауға мүмкіндік жасайды. Бұл мақаланың зерттеу барысында күн энергиясын тиімді пайдалануға әсер ететін факторлар мен әсерін азайтуға бағытталған жүйелі құрылым. Күн панельдерінің физикалық тиімділігін бақылау – бұл күн энергиясын тиімді пайдалануға жасалатын ықпалы мақсатында күн панельдерінің жұмыс нәтижелерін бағалау процесі.

Кілт сөздер: *күн панелі, тиімділік, ластану, факторлар, әдістер, энергия.*

В этой статье мы рассмотрим методы контроля эффективности солнечных батарей. То есть в процессе повышения эффективности использования солнечной энергии мы учитываем регулярный мониторинг и дальнейший анализ работы панелей. На основе статьи рассмотрены основные факторы, влияющие на эффективность солнечных батарей, в том числе интенсивный солнечный свет и постоянное потепление погоды, уровень загрязнения воздуха и расположение панелей. Также это дает возможность обсудить современные методы оценки эффективности, интерактивные системы и технологии компьютерной обработки. Данная статья представляет собой систематическую структуру, направленную на снижение факторов и эффектов, влияющих на эффективное использование солнечной энергии в ходе исследования. Мониторинг физической эффективности солнечных панелей — это процесс оценки производительности солнечных панелей с целью влияния на эффективное использование солнечной энергии.

Ключевые слова: *солнечная панель, эффективность, загрязнение, факторы, методы, энергия.*

In this article, we consider methods of monitoring the efficiency of solar panels. That is, in the process of increasing the efficiency of solar energy use, we consider regular monitoring and further analysis of the panels. Based on the article, the main factors affecting the efficiency of solar panels are considered, including the intensity of sunlight and constant warming of the weather, the level of air pollution and the location of the panels. It also provides an opportunity to discuss modern methods of efficiency assessment, interactive systems and computer processing technologies. This article is a systematic structure aimed at reducing the factors and effects affecting the effective use of solar energy during the research. Monitoring the physical efficiency of solar panels is the process of evaluating the performance of solar panels in order to influence the efficient use of solar energy.

Key words: *solar panel, efficiency, pollution, factors, methods, energy.*

Күн панельдерінің тиімділігін сандық модельдеу — бұл оларды одан әрі жетілдіру үшін қажетті математикалық және физикалық әдістермен талдау жасау. Күн панельдері жарық энергиясын электр энергиясына түрлендіру үшін фотоэлектрлік эффектіні қолданады. Бұл эффект кремний сияқты полупроводник материалдарында пайда болады, ол фотондар әсерінен қозған электрондарды босатып, оларды электрлік өріс арқылы қозғалуына мүмкіндік береді. Күн панеліндегі жарық сәулесі электрондардың қозғалуына себепші болып, токтың пайда болуына әкеледі. Электр энергиясы тұрақты ток түрінде өндіріледі, бірақ тұрмыстық жүйелер үшін инвертор арқылы ауыспалы токқа түрлендіріледі.Күн панельдерінің тиімділігі бірқатар факторларға тәуелді. Бірінші фактор — жарықтың түсу интенсивтілігі мен бұрышы. Күн сәулесінің мөлшері мен бағыты панельдің энергия өндіру қабілетіне тікелей әсер етеді. Панельдің орнатылу бұрышы да маңызды, себебі ол күн сәулесінің максималды қабылдауын қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар, температура да тиімділікке әсер етеді. Жоғары температура кезінде жартылай өткізгіштердің электрлік қасиеттері төмендейді, бұл энергия түрлендіруді нашарлатады[1]

Панельдің материалдық құрамы да маңызды рөл атқарады. Кремний негізіндегі панельдер ең көп таралған болса да, басқа материалдар да қолданылады. Фоторезистивтік және органикалық материалдар қазіргі уақытта күн панельдерінің тиімділігін арттыру мақсатында зерттеліп жатыр.



Сурет 1 – Күн панельдері

Қазіргі таңда панельдердің өндірісі күннен-күнге тиімдірек және арзан бола түсуде. Күн панельдерінің жұмыс істеу процесінде әртүрлі шығындар да байқалады, мысалы, жарықтың шағылуы немесе панельдердің ластануы, бұл олардың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Бұл мәселелерді шешу үшін арнайы жабындар мен қорғаныс қабаттары қолданылып жатыр. Сондай-ақ, күн панельдерін орнату кезінде олардың бетіндегі шаң мен лас элементтерді тазалау өте маңызды. Күн панельдері де ұзақ мерзімді эксплуатация кезінде өзінің тиімділігін жоғалтуы мүмкін, бұл да тиімділікті есептеуде ескерілетін фактор.[3]

Біздің күн панелінің физикалық тиімділігі оның күн сәулесін электр энергиясына айналдыру қабілеті болып табылады. Және бұл тиімділікгі бірнеше негізгі факторлар дәлелдейді. Біріншіден, ол жерде күн радиациясының қарқындылығы жоғары бола бастаған сайын, панельдің өндіретін энергиясы да жоғары болады. Екіншіден, температураның көтерілуі осы панельдің тиімділігін төмендетеді,себебі жартылай өткізгіш материалдардың электрлік қасиеттері өзгереді де, кернеу азая бастайды. Үшіншіден, көлеңкелену және шаңның жиналуы панельдің күн сәулесін қабылдауын тежеп, және оның жұмыс өнімділігін айтарлықтай төмендетеді. Сонымен қатар, осы күн панельдерінің тиімділігі қолданылатын материал мен өндіріс технологиясына да байланысты болып отырады.

Тағы да байқай кететін факт күн панельдерінің тиімділігі жоғары бірнеше түрі бар, олардың ішінде ең тиімдісі – ол монокристалды кремний панельдері. Бұл панельдер жоғары

тазалықтағы кремнийден жасалғандықтан, олардың тиімділік пайызы 20-22% деңгейінді құрайды. Олар күннің сәулесін жақсы сіңіріп, және төмен температураларда да тұрақты жұмыс атқарады. Бірақта өндірісі күрделі болғандықтан,оның бағасы қымбат болып келеді. Ал поликристалды панельдер арзанырақ болып келеді, бірақ олардың тиімділік пайызы 15-18% деңгей аралығында. Ал келесі аморфты кремний панельдері ең арзан түрі болғанымен, тиімділік пайызы 10-12% ғана құрайды. Сондықтан осы панельдер арасында жоғары өнімділік пен ұзақ мерзімділік тұрғысынан монокристалды панельдер ең тиімді болып саналады. [2]

Бізге белгілі жағдай, аэрозольдар, шаң және кірлер панельдердің жұмыс бетіне түсіп, олардың бізге деген тиімділігін төмендетеді. Панельдің беті неғұрлым таза болса, күн батареялары соғұрлым көп фотондарды сіңіреді. Біз 1-кестеде күн батареяларының беттерін шаңнан тазартуға дейін және одан кейінгі параметрлерін өлшеу бойынша көрсеттік[4]

Кесте 1 – Күн батареяларының бетін шаңнан тазартқанға дейін және одан кейінгі параметрлерін өлшеу

Тазалаудан алдын					**Тазалаудан кейін**				
Күн	**t, сағ**	**U, В**	**I, А**	**Pmax, Вт**	**t, сағ**	**U, В**	**I, А**	**Pmax, Вт**	**Қуатты арттыру, %**
11.02.25	12:00	19.10	3.13	54.10	14:00	29.30	3.33	56.50	3.2
14.02.25	12:00	20.60	3.60	59.33	14:00	20.70	3.76	62.27	5
17.02.25	12:0	19.70	0.19	2.99	14:00	19.82	0.27	4.28	43

Кесте деректерінен көріп және бақылаған соң, аккумулятор бетінің шаңдануының ұзақ кезеңіне байланысты өндірілетін қуат шаңнан тазартылғаннан кейін 4-тен 43%-ға дейін артады.

Қортындылай келе, біздің бақылаумызда панельдерінің физикалық тиімділігі олардың күн сәулесін қаншалықты тиімді түрлендіре алатынымен анықталады және бұл процесс көптеген факторларға тәуелді. Ең маңызды факторымыз – ол күн радиациясының деңгейі, ауа температурасы, көлеңкелену, панельдің бетіне жиналған шаң мен ластану, сондай-ақ қолданылатын материалдың сапасы. Жоғары тиімділікке жету үшін панельдерді дұрыс орналастыру, жүйелі түрде тазалау және қоршаған орта жағдайларын ескере отырып орнату маңыздылығы.

Күн панельдерінің әртүрлі түрлері бар, олардың ішінде монокристалды панельдер ең жоғары тиімділікке ие, бірақ өндірісі қымбат. Поликристалды панельдер арзанырақ болғанымен, олардың тиімділігі төмендеу. Аморфты кремний панельдері бағасы жағынан тиімді, бірақ энергияны түрлендіру коэффициенті әлдеқайда төмен. Сондықтан белгілі бір жағдайға байланысты ең тиімді панель түрін таңдау маңызды.

Жалпы, күн энергиясы – болашақтың негізгі жаңартылатын энергия көздерінің бірі. Күн панельдерінің тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды дамыту, материал сапасын жақсарту және сандық модельдеу әдістерін қолдану қажет. Бұл күн энергетикасын одан әрі жетілдіруге және оны кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Luque, A., & Hegedus, S. (2011). Handbook of Photovoltaic Science and Engineering. Wiley.

2. Gueymard, C. A. (2004). The Sun’s Total and Spectral Irradiance for Solar Energy Applications and Solar Radiation Models. Solar Energy, 76(4), 423-453.

3. Андреев В. М., Грилихес В. А., & Румянцев В. Д. (1989). Фотоэлектрическое преобразование концентрированного солнечного излучения. Л.: Наука.

4. Юмаев Н. Р., & Юсуфбеков Н. Ш. (2018). «Исследование влияния погодных условий на параметры работы солнечных батарей в естественных условиях эксплуатации.»

ӘОЖ (372.851)

ФИЗИКАДАН ЖОБАЛАУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Сейлхан А.А.
Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
seilhanakniet@gmail.com

Сарыбаева Ә.Х.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор(доцент), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
aliya.sarybayeva@ayu.edu.kz

Бұл мақалада физика пәні бойынша жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұны мен құралдары қарастырылады. Зерттеу жұмыстары оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, олардың ғылыми-ізденіс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Физика сабақтарында жобалау әдісін пайдалану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануына ықпал етеді. Сондай-ақ, мақалада зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізгі кезеңдері, қажетті құралдар мен әдістер талданады. Мақалада оқушылардың жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы физикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесінің орындылығы мен тиімділігіне негізделген және оны анықтау үшін сауалнама жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында жобалау-зерттеу жұмыстарын оқыту және оқушыларды жобалау-зерттеу жұмыстарына қосу әдістемесі жасалды, оның нәтижесі 63 оқушыға жүргізілшен сауалнама арқылы расталды.

Кілт сөздер: *физика, жобалау, зерттеу, әдіс, құралдар, білім*

В данной статье рассматриваются содержание и средства организации проектно-исследовательских работ по физике. Исследовательская работа позволяет развивать творческие способности учащихся, формировать у них научно-исследовательские навыки. Использование метода проектирования на уроках физики повышает интерес обучающихся к предмету и способствует их практическому применению теоретических знаний. Также в статье анализируются основные этапы проведения исследовательской работы, необходимые инструменты и методы. В статье обоснована целесообразность и эффективность методики формирования физических понятий путем организации проектно-исследовательской работы учащихся, а для ее определения была проведена анкетная работа. В ходе исследования разработана методика обучения проектно-исследовательской работе и включения учащихся в проектно-исследовательскую работу, результаты которой подтверждены анкетированием 63 учащихся.

Ключевые слова*: физика, дизайн, исследования, метод, инструменты, знания*

This article discusses the content and means of organizing design and research work on the subject of physics. Research work allows you to develop the creative abilities of students, form their scientific and search skills. The use of the design method in physics lessons increases students ' interest in the subject and contributes to the practical application of their theoretical knowledge. The article also analyzes the main stages of conducting research work, the necessary tools and methods. The article is based on the feasibility and effectiveness of the methodology for the formation of physical concepts through the organization of students ' design and research work, and survey work was carried out to determine it. In the course of the study, a methodology for teaching design and research works and including students in design and research works was developed, the results of which were confirmed by a survey of 63 students.

Key words: *physics, design, research, method, tools, education*

Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың инновациялық әдістерін енгізу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, жаратылыстану ғылымдарын, соның ішінде физиканы оқытуда оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістерді қолдану өзекті. Жобалау-зерттеу жұмыстары – оқушылардың өз бетімен ізденуін, ғылыми негізде зерттеу жүргізуін, тәжірибелік есептерді шешуін қамтамасыз ететін тиімді тәсілдердің бірі. Бұл мақалада физикадан жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұны, әдістері мен құралдары қарастырылады.

Жобалау-зерттеу әдісі - оқушылардың өзіндік зерттеулер жүргізуіне, физикалық құбылыстарды талдауға, гипотезалар ұсынуға және эксперименттік нәтижелерді интерпретациялауға бағытталған. Бұл үдерісте сандық зертханалық құрылғылар, виртуалды симуляциялар, Arduino және басқа да микроконтроллерлер, сондай-ақ компьютерлік модельдеу бағдарламалары кеңінен қолданылады [1].

Физикадан жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда тиімді әдістемелер мен құралдарды дұрыс таңдау маңызды рөл атқарады. Олар оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық ізденіске ынталандырады. Осы мақалада физика пәнінен жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұны, оның негізгі кезеңдері және қолданылатын құралдары қарастырылады. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми зерттеушілік дағдыларын дамытуда тиімді әдістер мен технологиялар ұсынылады. Физикадан жобалау-зерттеу жұмыстарының маңызы ерекше. Физика пәні күрделі ғылыми ұғымдарды қамтитындықтан, оны меңгеру үшін оқушылардың қызығушылығын арттыру қажет. Жобалау-зерттеу жұмыстары осы мақсатқа жетуге көмектеседі. Бұл әдіс оқушылардың:

- ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға;
- өз бетімен шешім қабылдауына;
- эксперименттік жұмыстар жүргізуіне;
- шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

(Физика бойынша жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бірнеше негізгі кезеңнен тұрады:

Жобалау-зерттеу жұмыстарының негізгі кезеңдері

1. Тақырыпты таңдау – оқушының қызығушылығына сай өзекті тақырыпты анықтау.
2. Мақсат пен міндеттерді белгілеу – зерттеудің негізгі мақсатын айқындау.
3. Әдістемелік дайындық – қажетті материалдар мен құралдарды дайындау.
4. Эксперимент жүргізу – гипотезаны тексеру үшін тәжірибелер өткізу.
5. Нәтижелерді талдау – алынған мәліметтерді өңдеу, салыстыру, қорытынды жасау.
6. Қорытынды мен ұсыныстар жасау – зерттеу нәтижелерін қорытындылау және оларды практикада қолдану жолдарын ұсыну [2].

Физикадан зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстарын орындау үшін түрлі құралдар мен әдістер қолданылады. Оларға мыналар жатады:

- Физикалық құралдар: өлшеу құрылғылары (амперметр, вольтметр, термометр, динамометр), оптикалық құралдар (линзалар, айна), механикалық құрылғылар (серіппелер, маятниктер).
- Бағдарламалық қамтамасыз ету: компьютерлік модельдеу бағдарламалары (PhET, Algodoo, LabVIEW), деректерді талдау бағдарламалары (Excel, Origin).
- Эксперименттік әдістер: бақылау, салыстыру, өлшеу, математикалық талдау.
- Жобалау әдістері: шығармашылық тапсырмалар, ғылыми жобалар, инновациялық технологияларды қолдану [3].

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жаратылыстану пәндерін оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық технологияларды пайдалану маңызды. Физика пәнінде оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдану дағдыларын дамыту үшін жобалау-зерттеу жұмыстарының маңызы зор. Бұл тұрғыда Arduino платформасы оқушыларға физикалық құбылыстарды зерттеу, түрлі құрылғыларды құрастыру және автоматтандыру жүйелерін меңгеру үшін кең мүмкіндік береді [4].

Arduino – бұл ашық кодты, бағдарламаланатын микроконтроллер платформасы, ол физикалық құбылыстарды зерттеуге, автоматтандыруға және модельдеуге мүмкіндік береді. Физикада оны эксперименттік деректерді жинау, өлшеулер жүргізу және ақпаратты талдау үшін қолданады.

Arduino платформасының физика сабақтарында қолдану мүмкіндіктері.

Arduino – ашық бастапқы кодты аппараттық-бағдарламалық платформа, ол микроконтроллерлерді пайдаланып, әртүрлі құрылғыларды бағдарламалауға мүмкіндік береді. Бұл платформа физикалық құбылыстарды зерттеуге арналған датчиктермен, сервомоторлармен, жарықдиодтармен және басқа да элементтермен жабдықталуы мүмкін.

Arduino-ның физикалық эксперименттерде қолдану ерекшеліктері:

Қолжетімділік – бағасы арзан және қолдану оңай

Автоматтандырылған өлшеулер – датчиктер арқылы нақты деректер жинау

Жоғары дәлдік – деректерді цифрлық түрде өңдеу[5].

Кесте 1 – Физикада қолданылатын Arduino сенсорлары мен модульдері

Сенсор/Модуль	**Қолданылуы**
HC-SR04 (ультрадыбыстық сенсор)	Қашықтықты өлшеу, қозғалысты зерттеу
MPU6050 (гироскоп және акселерометр)	Дененің қозғалысын, үдеуін зерттеу
DHT11/DHT22 (температура және ылғалдылық сенсоры)	Жылу құбылыстарын зерттеу
LDR (жарық сенсоры)	Жарық интенсивтілігін өлшеу
Фоторезистор	Оптикалық тәжірибелер жасау
Газ сенсорлары (MQ-2, MQ-135)	Қоршаған ортадағы газ құрамын зерттеу

Мектеп оқушыларынан физика сабақтарында жобалау зерттеу іс әрекетін ұйымдастырудың тиімділігі мен қазіргі жағдайын анықтауға арналған сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Түркістан қаласындағы мектерден 9 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Сауалнамаға 63 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде негізгі мектепте физика сабақтарында жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды бағалауға болатын нәтижелер алынды ("Оқушылардың жобалау-зерттеу іс-әрекетіне дайындығы" сауалнамасы). Сауалнама сұрақтарының мазмұны 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Сауалнама сұрақтарының мазмұны

№	**Сұрақтар тізімі**	**Балл**
1	Сіз жобалау-зерттеу дегеніміз не екенін білесізбе?	Иә жоқ
2	Сізде физика сабағынан жобалау-зерттеу жұмысымен айналысу қажеттілігі туындады ма?	Иә жоқ
3	Жобаның мақсатын қоя аласыз ба?	Иә жоқ
4	Топтық жұмысты ұйымдастыра аласыз ба?	Иә жоқ
5	Сіздің ойыңызша, физикалық жобалық іс-шаралар конкурстар мен олимпиадаларда жетістіктер мен жеңістерге қол жеткізуге ықпал ете алады ма?	Иә жоқ
6	Сіздің ойыңызша, физика пәнінен жобалау-зерттеу қызметі өзін-өзі жетілдіруге түрткі бола алады ма?	Иә жоқ
Егер оқушы: *6 сұрақтың 5-не «иә» деп жауап берсе жобалау жұмыстарына қызығушылығы жоғары* *6 сұрақтың 4-не «иә» деп жауап берсе жобалау жұмыстарына қызығушылығы орташа* *6 сұрақтың 3-не «иә» деп жауап берсе жобалау жұмыстарына қызығушылығы төмен*		

Оқушылар сауалнама сұрақтарына «иә» немесе «жоқ» нұсқаларын таңдау арқылы жауап берді.

Зерттеу әдістерін пайдалана отырып, олар арқылы жасалған нәтижелерге талдау жасалынды. Тақырып бойынша берілген сауалнамада жауаптар тексерілді және қорытынды жасалынды.

Мектептегі физика сабағында оқушылардың жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру оқу және танымдық дағдыларды қалыптастыруға ықпал ете отырып оқуда тиімді тәсілдердің бірі бола алады. Бұл оқушыларға физикалық күрделі заңдылықтарды түсіндіріп қана қоймай оны тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік берді.

Оқушылардың жобалау-зерттеу жұмыстарына дайындығын анықтауға жүргізілген сауалнама нәтижелері төмендегі суретте көрсетілген.

Сауалнама мазмұны оқушылардың жобалау-зерттеу іс-әрекетіне дайындығын анықтауға бағытталды. 1-сұраққа сәйкес сауалнамаға қатысқан оқушылардың 68.3% жобалау зерттеу іс әрекеті туралы «жоғары деңгейде» түсінік қалыптастырғанын көрсетті, ал қалған 31% оқушы «төмен» деңгейде екенін көрсетті. Физика сабағынан жобалау-зерттеу жұмысымен айналысуға оқушылардың 57% қызығушылықтары «жоғары» жеңшейде екендігін, ал 42% оқушы «орта» деңгейде екендігін көрсетті. 65% оқушылар физикалық жобалық іс-шаралар конкурстар мен олимпиадаларда жетістіктер мен жеңістерге қол жеткізуге ықпал ете алаатындығын көрсетсе, қалған 35% оқушылар «жоқ» деп жауап берді. Физика пәнінен жобалау-зерттеу қызметі өзін-өзі жетілдіруге түрткі бола алатындығына 71% оқушылар «иә» деп жауап беріп жобалау зерттеу іс әрекетімен айналысуға қызығушылықтары «жоғары» деңгейде екендігін көрсетті.

Мектеп физика курсында оқушылардың жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру бойынша зерттеу әдістері мен сауалнама нәтижелері физика пәнінен оқушыларға жобала- зерттеу іс- әрекетін ұйымдастырудың тиімді екендігін көрсетті.



Сурет 1 – Сауалнама сұрақтарының нәтижесі

Қорытынды

Физикадан жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру – оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін, зерттеушілік дағдыларын дамытады және олардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануына мүмкіндік береді. Жобалау әдісі арқылы оқушылар ғылыми ізденіс жүргізуге, өз бетінше зерттеу жұмыстарын орындауға дағдыланады. Болашақта бұл әдісті кеңінен қолдану арқылы физика пәнін оқыту сапасын арттыруға болады.

Физикадан жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру – оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін, шығармашылық ойлауын және практикалық дағдыларын дамытудағы маңызды әдістемелік тәсіл. Мұндай жұмыстар оқушылардың теориялық білімдерін тереңдетіп қана қоймай, оларды тәжірибелік тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді.

Жобалау-зерттеу жұмыстарының тиімділігі қолданылатын құралдар мен әдістердің дұрыс таңдалуына байланысты. Цифрлық білім беру ортасын, интерактивті зертханалар мен симуляцияларды пайдалану оқушылардың ғылыми тәжірибелерге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, оқушылардың зерттеу нәтижелерін талдап, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Физика сабақтарында жобалау-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру болашақта оқушылардың ғылыми бағытта ойлауына, инновациялық шешімдер таба білуіне және өз бетімен ізденуіне жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұртазина Б.Қ., Жүнісова М.Ш. Физика сабақтарында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2021.

2. Тұрсынбаева А.М. Жобалау технологиясын физика сабақтарында қолдану әдістері. – Астана: Фолиант, 2022.

3. Искаков М.Н. Физикадан оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы: Білім, 2023.

4. Мұхтарова Г.К. Цифрлық білім беру ортасында физикалық эксперименттерді ұйымдастыру. – Алматы: Білім, 2023.

5. Гусев В.А. Исследовательская деятельность школьников на уроках физики. – Москва: Наука, 2020.

ӘОЖ 373.51

«АЛҒАШҚЫ ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЛ» ТАРАУЫН ЖОБАЛАР ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сейтбек Ж.Е.
Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
wow.seitbek.zhuldyz@gmail.com

Еркишева Ж.С.
PhD, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы
zhazira.erkisheva@ayu.edu.kz

Мақалада «Алғашқы функция және интеграл» тарауын жобалар әдісін қолданып оқыту жолдары талқыланады. Мақаланың мақсаты – интегралды оқыту процесін тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру, теориялық білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдануға үйрету. Мақалада айналу денесінің көлемін және қисықтармен шектелген фигура ауданын табуға арналған бірнеше жоба келтірілді. Зерттеулер нәтижесінде жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың «Алғашқы функция және интеграл» тарауындағы теориялық білімдерін тәжірибелік есептерде қолдануға мүмкіндік беретіні анықталды. Оқушылардың өмірлік мәселелерді шешуге математиканы қолдану қабілеттері мен пәнге қызығушылығының артқаны байқалды. Алынған мәліметтер жобалық оқыту әдісінің тиімділігін және оны басқа тақырыптарда да қолдануға болатынын көрсетеді.

Кілт сөздер: *жоба, интеграл, жоғары сынып, оқыту әдістемесі.*

Статья обсуждает способы обучения разделу «Первообразная функция и интеграл» с использованием проектного метода. Цель статьи — повысить математическую грамотность учащихся через эффективную организацию процесса изучения интегралов, а также научить их применять теоретические знания в реальной жизни. В статье представлены несколько проектов, предназначенных для нахождения объема тел вращения и площади фигур, ограниченных кривыми. Результаты исследований показали, что использование проектного метода обучения позволяет учащимся применять теоретические знания по разделу «Первообразная функция и интеграл» в решении практических задач. Было замечено повышение способности учащихся применять математику для решения жизненных проблем, а также их интереса к предмету. Полученные данные свидетельствуют об эффективности проектного метода обучения и о возможности его применения и в других темах.

Ключевые слова: *проект, интеграл, старшие классы, методика обучения.*

The article discusses methods of teaching the topic "Antiderivative and Integral" using the project-based approach. The aim of the article is to enhance students' mathematical literacy by effectively organizing the process of learning integrals and teaching them to apply theoretical knowledge in real-life situations. The article presents several projects designed to find the volume of solids of revolution and the area of figures bounded by curves. Research results showed that using the project-based learning method enables students to apply theoretical knowledge of the "Antiderivative and Integral" topic to solve practical problems. An increase in students' ability to use mathematics to solve real-life issues, as well as their interest in the subject, was observed. The obtained data demonstrate the effectiveness of the project-based learning method and its applicability to other topics as well.

Key words: *project, integral, high school, teaching methodology.*

Жоғары сыныптарда «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға, басқа пәндерді игеруге, білім алуды жалғастыруға қажетті математикалық білімді оқушылардың меңгеруі болып табылады [1].

Оқушылар 11-сыныпта «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінде алғашқы функция және интеграл ұғымдарымен алғашқы тарауларда танысады. Интеграл ұғымы математикалық анализдің ең қызықты тақырыптарының бірі. Интегралдың қолданыс аясы өте кең, өйткені қоршаған ортаның, ғылым мен техниканың көптеген салаларындағы математикалық модельдер дифференциалдық және интегралдық теңдеулермен өрнектеледі. Осындай процестерді болашақта зерттей алу үшін оқушылар интеграл тарауын меңгеру керек, сонымен қатар бұл оқушының математикалық қисынды ойлау қабілетін дамытады [2, 10 б.].

Білім берудегі оқу үдерісінде оқушының жеке дағдыларын қалыптастыра отырып дамуға мүмкіндік беру көзделеді. Қазіргі білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі оқушылардың шығармашылық қызметін дамыту және білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана алуға үйрету болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда қолданылатын әдістердің бірі – жобалар әдісі. Математиканы оқытудағы жобалар әдісі оқушылардың өз бетімен ізденуін талап ету арқылы, оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігін және математикаға қызығушылығын арттыратын жаңа әдістердің бірі. Жобалар әдісімен оқыту процесінде мұғалімнің рөлі – оқушыларға мәселені шешуде жол көрсететін бағыттаушы.

Интегралдың практикадағы қолданыс аясы ауқымды болғандықтан, оқытуда дәстүрлі әдіс арқылы оқытумен қатар, жобалар әдісін қолдану да тиімді болып келеді. Себебі, жобалар әдісімен оқыту арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, алған білімдерін нақты өмірде қолдану дағдысы қалыптасады. Жоба жұмысын жасауда оқушылар өз бетінше зерттеу жұмысын жасау арқылы танымдық белсенділігін арттырады.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде бақылау, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бақылау әдісі зерттеу барысында оқушылардың оқу материалдарын қабылдау ерекшеліктерін, тапсырмаларды орындау барысындағы белсенділігін және топтық жұмыс кезіндегі әрекеттерін бақылау үшін қолданылды. Мысалы, оқушылардың «алғашқы функция» тақырыбын қаншалықты түсінетінін және интегралды қолданбалы есептерде пайдалану қабілетін байқау үшін олардың практикалық жұмыстары бақыланды. Салыстырмалы талдау әдісі оқушылардың есептерді шешудегі нәтижелерін талдау және жобалар әдісі енгізілгеннен кейінгі өзгерістерді анықтау үшін қолданылды. Әртүрлі сыныптарда тапсырылған жобалар мен есептердің нәтижелері салыстырылды.

Жоғары сынып оқушыларына «алғашқы фукнция және интеграл» тақырыбын жобалар әдісін қолданып оқытуда заман талабына сай құралдар қолданылды. Интеграл тақырыбын визуализациялау, графиктерді салу және есептердің шешу жолдарын көрсетуде тиімділікті арттыру мақсатымен интерактивті тақта пайдаланылды. Математикалық графиктерді құру және интегралдың визуализациясын қамтамасыз ету үшін GeoGebra, Wolfram|Alpha бағдарламалары қолданылды. Осы арқылы оқушылар интегралдық аймақтарды графиктер арқылы көрнекі түрде зерттеді және олардың мағынасын түсінді.

Бұл зерттеу әдістері мен құралдары оқушылардың «Алғашқы функция және интеграл» тақырыбына қатысты білімін тереңдетіп, олардың есептерді шығармашылықпен шешу қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Жобалар әдісі арқылы оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығы мен белсенділігі айтарлықтай жақсарғаны байқалды.

Нәтижелер және талқылау

Жобалар әдісі — бұл мақсат қою дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін және мұғалімнің тиісті жетекшілігімен оқушыларға қойылған мақсаттарға жетудің оңтайлы жолдарын табуға мүмкіндік беретін дидактикалық құрал [3, 16 б.].

Математикадағы жобалық қызметтің негізгі бағыты — оқушылардың өздері құрастырған қызықты есептерді шешу. Сонымен қатар, жобалық оқытуды жүзеге асыру кезінде мұғалімнің алдында келесі міндеттер тұрады:

- жақсы жобаларды әзірлеуге ықпал ететін қолайлы жағдайларды таңдау;
- тапсырмаларды оқу мүмкіндіктері ретінде құрылымдау;
- пәнаралық жобаларды әзірлеу мақсатында бірлесіп жұмыс істеу;
- оқу процесін басқару;
- қажет болған жағдайда технологияларды пайдалану;
- бағалаудың сенімді әдісін табу [4, 335 б.].

Жобалар әдісімен оқыту барысында жобалау бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар:

1. Жобаның мәселесі. Жобаның мәселесінің өзекті болуы маңызды.
2. Жобаның ойластырылуы. Оқушылар өздерінің қызығушылығы мен елестетулеріне байланысты жалпы жобаның идеясын ойластырады.
3. Жобаның мақсаты. Жобаның мақсаты — нақты неге қол жеткізгіміз келетінін анықтау. Бұл нақты нәтижеге жету жолын көрсететін бағыт.
4. Жобаның міндеттері. Бұл мақсатқа жету үшін орындау керек нақты іс-әрекеттер.
5. Жұмыстың мазмұны.
6. Жобаны дайындау. Бұл кезеңде нені және қалай жасау керектігі толығымен жоба мақсатына және қандай ұйымдастыру шаралары жоспарланғанына байланысты.
7. Жобаның мәтін түріндегі қорытынды нұсқасы. Жоба бойынша барлық материалдарды жинақтап, бірізді құрылымда баяндау қажет. Бұл кезеңде жобаны рефераттық нұсқада жазу ұсынылады.
8. Таныстырылым. Жобаны таныстырып, оның нәтижелерін көрсету керек.
9. Рефлексия. Жоба аяқталғаннан кейін оны талдап, не сәтті болғанын, не жетпей қалғанын бағалау қажет [5, 26 б.].

Кесте 1 – Жобалық әдісті пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	**Кемшіліктері**
Жобалық әдіс оқушыларға математикалық білімдерін тәжірибеде қолдануға, күнделікті өмірдегі шынайы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.	Жобаларды дайындау және орындау мұғалімнің де, оқушылардың да қосымша уақытын талап етеді, бұл оқу жоспары аясында қиындық тудыруы мүмкін.
Жобаларды орындау топпен жұмыс істеу, аналитикалық ойлау, креативтілік, өзін-өзі реттеу және дербестік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.	Жобаларды бағалау күрделі және субъективті болуы мүмкін, әсіресе бағалау критерийлері алдын ала анықталмаған немесе екіұшты болған жағдайда.
Жобалар оқушылар үшін мотивациясы жоғары болуы мүмкін, себебі олар өз жұмыстарының мақсаты мен нәтижесін көреді, бұл математикаға деген қызығушылықты арттыруы мүмкін.	Жобалар аясында топтағы міндеттердің тең бөлінбеуінен туындайтын мәселелер туындауы мүмкін, бұл қақтығыстарға алып келуі мүмкін.
Жобалық әдіс математиканы басқа білім салаларымен байланыстыруға мүмкіндік береді, бұл математикалық ұғымдарды тереңірек түсінуге ықпал етеді.	Кейбір жобалар белгілі бір оқушылар үшін тым күрделі болуы мүмкін, бұл сенімсіздік немесе үмітсіздік сезімін тудыруы мүмкін.

Ескерту – кесте 1 [6] негізінде құрастырылған.

«Алғашқы функция және интеграл» тарауын жобалар әдісімен оқытуда қолданбалы есептерге құрастырылған жобалармен жұмыс жасау оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, интегралдың практикада қолданылуымен танысады. Осыған байланысты келесідей бірнеше жоба ұсынылды.

№1 Жоба тақырыбы: Интеграл арқылы айналу денесінің көлемін есептеу.

Жоба мақсаты: оқушылардың математикадан осы уақытқа дейінгі игерілген білімдерін пайдалана отырып, айналу денесінің көлемін есептеу арқылы өмірде кездесетін есептерді шешу.


Пәні, сыныбы: алгебра, 11 сынып (11 сыныпқа арналған Алгебра және анализ бастамалары оқулығы, Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә.).

Жоба тапсырмасы: Оқушылардың алдына (1-сурет) айналу денесі болып саналатын гиперболоид пішінді шыны ыдыс беріледі. Осы ыдыстың сыйымдылығын табу; дәл осы секілді айналу денелеріне мысалдар келтіру.

Жоба барысында оқушыдан күтілетін әрекет: Жобаны іске асыруда оқушыларға фукнцияның өзі дайын күйінде берілмейді. Жобалық іс әрекет болғаннан кейін, оқушылар берілген шыны ыдыстың өлшемдерін өлшеу және шыны ыдыстың сырт пішініне талдау жасау арқылы функция құрып алу керек (мысалы, $y = \frac{5}{x}$ гиперболасын абцисса осімен айналдырғанда пайда болған дененің $x = 2$ нүктесінен $x = 7$ нүктесіне дейінгі аралығындағы бөлігі). Одан кейінгі әрекет – функцияның графигін салып (мәселен, 2-суретте көрсетілгендей), қажетті осьпен айналдыра отырып, шыққан дененің көлемін интеграл арқылы табу.



Сурет 1 – Шыны ыдыс



Сурет 2 – Шыны ыдысты айналу денесі ретінде көрнекілеу мысалы

№2 Жоба тақырыбы: Интеграл фигура ауданын есептеу.

Жоба мақсаты: оқушылардың математикадан осы уақытқа дейінгі игерілген білімдерін пайдалана отырып, қисықсызықты трапеция ауданын есептеу арқылы өмірде кездесетін есептерді шешу.


Пәні, сыныбы: алгебра, 11 сынып (11 сыныпқа арналған Алгебра және анализ бастамалары оқулығы, Әбілқасымова А.Е., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә.).

Жоба тапсырмасы: Оқушыларға (сурет 3) қисықсызықты трапеция пішіндес терезе көрсетіледі. Осы терезенің ауданын есептеу; дәл осы секілді өмірден мысалдар келтіру.

Жоба барысында оқушыдан күтілетін әрекет: Оқушылар берілген терезенің өлшемдері мен пішініне қарай функция құру қажет (мысалы, терезенің жоғарғы жағы тармақтары төмен қараған парабола болады, ал төменгі бөлігін түзу сызықтармен шектейміз). Келесі қадамда функцияның графигін салып (мәселен, сурет 4), интегралды есептеу арқылы терезенің ауданын табады.



Сурет 3 – Қисықсызықты трапеция пішіндес терезе



Сурет 4 – Терезені функциялармен шектелген фигура ретіндегі мысалы

Қорытынды

Жобалар әдісі бойынша өткізілген «Алғашқы функция және интеграл» тарауы бойынша өтілген сабақтар ең алдымен абстрактілі болған математикадағы интеграл тақырыбының өмірде қолданылуын көзбен көріп, тапсырмаларды орындағаннан кейін, математиканың соның ішінде интегралдың маңыздылығын сезінеді, оқушылардың математикаға қызығушылығын арттырады.

Жобалар әдісі оқушылардың бірлескен жұмысын талап ететіндіктен, оқушының коммуникациялық, көшбасшылық және бірлесе жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Жобаны іске асыру барысында оқушылардан шығармашылық қадам күтіледі, ал бұл оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады.

Жобалар әдісін күнделікті сабақ барысында қолданып отыру тиімсіз болып келеді, себебі жобалық жұмысты іске асыру көп уақытты қажет етеді. Жобалар әдісімен оқытуда белгілі бір ресурстардың болуы талап етіледі, мәселен, компьютерлер, бағдарламалар, зертханалық жабдықтар және т.б. Оқушылардың жобаларын бағалау күрделі болады, себебі ол тек соңғы нәтижені ғана емес, сонымен қатар жоба бойынша жұмыс процесін де бағалауды талап етеді.

Сонымен, «Алғашқы функция және интеграл» тарауын жобалар әдісімен оқыту арқылы оқушыларға оқу үдерісінде белсенді қатысуына, өздерінің дағдыларын дамытуына, алған білімдерін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Алгебра және анализ бастамалары" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген.
2. Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р.Н. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныпқа арналған оқулық, 2 бөлімді. – Алматы : Атамұра, 2020. – 192 б.
3. Бычков А.В. Метод проектов в современной школе. Второе издание, дополненное / А.В. Бычков. — М. : АБВ-ИЗДАТ, 2018. — 100 б.
4. Курц А.В. Использование метода проектов на уроках математики как способ повышения учебной мотивации учащихся // Исследователь/Researcher / Науки об образовании. – 2023. – Б. 334-336.
5. Смирнова С.В. Основы проектной и исследовательской деятельности учащихся : учебное пособие. – Москва; Берлин : Директ – Медиа, 2021. – 144 б.
6. Гасанбекова А. В. Опыт использование метода проектов на уроках математики // Научные высказывания. 2024. №4 (51). – Б. 35-38.

УДК 37.013.78

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ВОЗМОЖНОСТИ И ВЫЗОВЫ ДЛЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Серикбаева Г.Т.
Магистрант, Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, Республика Казахстан
gainiko1996@gmail.com

В данной статье рассматривается концепция инклюзивного образования, его значение для современного общества, а также возможности и вызовы, которые оно приносит. Мы исследуем важность создания доступной образовательной среды и поддерживающих систем для всех учащихся, независимо от их физических или умственных особенностей.
Ключевые слова: *Инклюзивное образование; возможности; вызовы; доступность; образовательная среда*

Бұл бапта инклюзивті білім беру тұжырымдамасы, оның қазіргі қоғам үшін маңызы, сондай-ақ ол әкелетін мүмкіндіктер мен сын-қатерлер қаралады. Біз физикалық немесе ақыл-ой ерекшеліктеріне қарамастан, барлық оқушылар үшін қолжетімді білім беру ортасын және қолдау жүйесін құрудың маңыздылығын зерттейміз.
Кілт сөздер: *Инклюзивті білім беру; мүмкіндіктер; шақырулар; қол жетімділік; білім беру ортасы*

This article discusses the concept of inclusive education, its significance for modern society, as well as the possibilities and challenges that it brings. We will study the importance of creating an accessible educational environment and supporting systems for all students, regardless of their physical or mental characteristics.
Key words: *Inclusive education; possibilities; calls; accessibility; Educational environment*

Инклюзивное образование в Казахстане представляет собой важный и актуальный аспект современного образовательного процесса, который направлен на обеспечение равного доступа к обучению для всех детей, включая тех, кто имеет особенности в развитии. В последние десятилетия в стране наблюдается значительный прогресс в области инклюзии, что связано с изменениями в законодательстве, а также с растущим осознанием важности создания образовательной среды, способствующей интеграции всех детей, независимо от их физических, умственных или эмоциональных особенностей. Однако, несмотря на позитивные изменения, система инклюзивного образования в Казахстане сталкивается с рядом серьезных вызовов, которые требуют неотложного внимания и комплексного подхода к их решению.

Инклюзивное образование в Казахстане имеет свои исторические корни, уходящие в 90-е годы, когда началось движение в сторону интеграции детей с ограниченными возможностями в общеобразовательные учреждения. Первоначальные шаги были предприняты в рамках сотрудничества с международными организациями, такими как ЮНЕСКО и Фонд Сорос — Казахстан, которые стали поддерживать инициативы, направленные на развитие инклюзивного образования [2]. Основными целями этих усилий было обеспечение равного доступа к образовательным услугам и развитие социальной справедливости.

С начала 2000-х годов в страны СНГ, включая Казахстан, начали внедряться современные подходы к обучению детей с особыми образовательными потребностями. Однако массовое внедрение инклюзивного образования стало возможным только с 2011 года, когда были разработаны соответствующие законодательные и программные документы [1]. В настоящее время в Казахстане функционируют 1286 школ,

предоставляющих инклюзивное образование для более чем 15 700 детей, что подчеркивает стремление общества к интеграции этих детей в общий образовательный процесс [4].

Исторически инклюзия в образовании была поддержана рядом ключевых реформ, инициированных государством. Законодательные изменения, принимаемые в последние десятилетия, подчеркивают значимость создания условий для интеграции детей с особыми образовательными потребностями в общество. В частности, согласно государственной программе на 2020-2025 годы, к 2025 году планируется обеспечить инклюзией 100% школ и 70% колледжей и вузов Казахстана [3]. Данная стратегия акцентирует важность системы образования как инструмента социальной модернизации страны.

Инклюзивное образование имеет свои особенности и вызовы. С одной стороны, оно создает возможности для людей с ограниченными возможностями получить качественное образование, что способствует их социальной адаптации и интеграции в общество. С другой стороны, существует ряд проблем, таких как недостаток нормативных документов, которые регулируют вопросы инклюзии, и нехватка подготовки кадров, способных эффективно работать с детьми с особыми потребностями [5].

Ол өз кезегінде Текелі сияқты бұрын тау-кен өнеркәсібінің орталығы болған туристік-рекреациялық маңызы бар шағын моноқаланың демалыс аймақтарын мәден ландшафттытарын жобалап оларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Garden planner 3.8.33 ландшафттық дизайн бағдарламасын пайдпаланып арқылы эстетикалық тартымды сәйкестендіру және зерттеу, оның барлық аспектілерін элеуметтік және экологиялық тұрғыдан қозғау – мұның бәрі қалалық және ауылдық жерлерде мүмкін.

Жасыл желектер мен абаттандыру қалалық жылжымайтын мүлік болғандықтан оларды есепке алу және бақылау көгалдандырылған аумақтарды басқару мәселесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ақпараттық қоғамның талаптары сәйкес қазіргі кезеңде жоғарыда аталған мәселелерді оңтайлы шешу үшін қала аумағын ландшафтық жоспарлауда қолжетімді Garden planner 3.8.33 ландшафттық дизайн бағдарламасын кеңінен қолданылады.

Garden planner 3.8.33 ландшафттық дизайн бағдарламасын қалалық көгалдандыру салаларында кеңінен пайдаланылатын маңызды бағдарламалық өнім болып табылады [1].

Garden planner 3.8.33 ландшафттық дизайн бағдарламасын таңдаудағы негізгі өлшемдерге құны (тегін бағдарламалық қамтамасыз ету), игерудің қарапайымдылығы, нарықтағы танымалдылық бағдарламалық қамтамасыз ету, қалада дайындалған мамандардың болуы, басқа ГАЖ-мен құрамдасу мүмкіндігі немесе бір бағдарламадан екіншісіне ауысу мүмкіндігі жатады [2].

Материалдар мен әдістер

Жобалау нысаны ретінде Текелі қаласындағы пішіні эллипс тәрізді ауданы 0,582 га болатын гүлзар, субұрқағы бар демалыс саябағының аумағы алынды. 2023-20024 жылдар аралығында жүргізілген зерделеу жұмыстары жасалған талдаулар орталық демалыс саябағындағы гүлзарда мәдени өсімдіктер болғанымен олардың эстетикалық тартымдылығы бүгінгі талаптарға сәйкес келмейтінін және шағын сәулет нысандарының толық болмауы анықтауға мүмкіндік берді.

Сондықтан зерделеудің мақсаты Garden planner 3.8.33, Realtime Landscaping Architect ландшафттық дизайн бағдарламаларын қолданып, қаланың мәдени- демалыс бағындағы, Текелі шипажай аумағындағы емделуші серуендейтін терренкурдағы жаяу жүргіншілер жолы мен гүлзарларды жобалау болып табылады. Жетісу Алатауының Мыңшұңқыр (2829м), Ақтөбе (2732м) Суықтөбе (2755 м), Жаманкөл (3469м) тауларының аралығындағы Қаратал өзені аңғарының таулы далалы және орнманды ландшафттарың ерекшеліктеріне сәйкес жобаланған аумақта ландшафт нысандарын орналастыру болды. Зерттеу мақсатына жету үшін ғарыштық түсірілімдер мен ірі масштабты пландарды талдау, жинақтау, бағалау, компьютерлік үлгілеу әдістері қолданылды.

Сондықтан ғимараттарды, сәндік элементтерді және демалыс бақтарында егілетін мәдени өсімдіктерді қамтитын деректер қорындағы ақпараттар кез-келген гүлзарларды, бақтарды, субұрқақтарды, терренкурдағы жаяу жүргіншілер жолдарының бойындағы нысандарды жобалауға болады.

Қолданушы қолда бар ресурстардың көмегімен көше бойындағы жасыл желектерді, қоршауларды, жаяу жүргіншілер жолдарын немесе басқа элементтерді салуға арналған кіріктірілген редакторының болуы аталған бағдарламалық өнімнің тиімділігін арттырып, қолдану аясын кеңейтеді.

Garden Planner және Realtime Landscaping Architect бағдарламаларында басқа бағдарламалық өнімдерде бар төменде көрсетілген жобалау әс-әрекеттерін асыру мүмкіндік береді:


- ландшафт дизайнын жасауға қатысты кез-келген идеяны жүзеге асыру мүмкіндігі;
- бақшаны ғана емес, демалыс аймағын, террекурлар мен гүлжардарды, субұрқақтарды жобалауды ұйымдастыру;
- гүлзарлар мен бақтарды мәдени және декоративті өсімдіктермен безендіру.

Утилитаның интерфейсі ойластырылған болып саналады, сондықтан кез-келген қолданушы оны анықтай алмайды. Барлық функциялар дүниежүзінің көптеген халықтарының тілдеріне ауыстыру тетіктері, сонымен қатар түсінікті ландшафттық дизайн белгішелері бар. Көптеген дайын нысандар ұсынылады, олардың көмегімен үй аумағының түпнұсқа дизайнын жасау қиын болмайды.

Текелі қаласындағы зерттелетін мәдени-демалыс бағы мен шипажай аумағындағы террекурлардағы жаяу жүргіншілер жолдарының бойындағы гүлді-сәндік композициялардың ландшафттық шешімі өте алуан түрлілігімен ерекшеленеді [3].

Табиғи орта кейбір жағдайларда мәдени-сәулет нысандары сәтті толықтырылып эстетикалық тұрғыдан Қаратал,Шыжы өзендері аңғарларының табиғи ландшафтарымен түбегейлі үйлесіп, қала тұрғындарының демалысын, таза ауада жаяу серуендеу арқылы рекреанттардың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді[4].

Ландшафттық дизайн бағдарламасын пайдаланып жобалау бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезектегі міндет күн энергиясын оңтайлы пайдалануды ескере отырып, аумақты функционалды зоналарға бөлу және жолдар мен алаңдарды орналастыру арқылы қала аумағындағы телімдер арасындағы байланыстың ыңғайлылығын қамтамасыз ету болды (Сурет 1).



Сурет 1 – Текелі қаласындағы демалыс бағыдағы гүлзарлары

Функционалдық зоналар қабаттасып, бірінен екіншісіне тегіс ұласып кетуі немесе жасыл желектер мен, гүлзарлармен, жолдармен, көгалдармен бөлінуі мүмкін, ал жолдар мен композицияларды бір бөлікке байланыстыруы керек.

Текелі қаласының сәулет-жоспарлау шешімі тұтастай алғанда жолдардың орналасуына байланысты, олар аумақты функционалдық зоналарға бөледі, демалыс

орындары мен бақтың сипатын жасайды. Тығыз орналасқан жол желісі ландшафттық композицияға ұсақтылық береді, сондықтан көгал кеңістігінің тұтастығын мүмкіндігінше сақтау керек, бірақ сонымен бірге бүкіл аумақтағы жаяу серуендеу жолдарын, гүлзарлар мен субұрқақтарды жоспарлауға мүмкіндік беретін жүйені құру қажет [5].



Ескерту: 1- балалардың демалыс аймағы; 2-демалыс аймағы.

Сурет 2 – Текелі қаласының мәдени-демалыс бағын функционалдық зоналарға бөлу сызбаларының үш нұсқасы

Текелі қаласының функционалдық зоналау сызбасының барлық нұсқаларында автомобильдер қоюға арналған телімдер маңында кіру және шығу аймағы болуы тиіс. Оның қарама-қарсы жағында демалыс аймағымен шектесетін балалардың демалыс аймағы, сонымен қатар жаяу серуендеу, тамақтандыру орындары орналастырылады.

Ландшафттық жоспарлау барысында Текелі қаласының мәдени-демалыс бағын функционалдық аймақта бөлу сызбасының бірінде оның аумағында ландшафтық стильдегі раушан гүлдері өсірілетін гүлзар орналасқан балалардың демалыс аймағы бар (Сурет 2).

Текелі қаласындағы зерттелетін нысанның кіру аймақтарында гүл композицияларының тұрақты нұсқаларының басым болуы келіп демалушыларды өзінің эстетикалық тартымдылығымен қызықтыратынын атап өткен жөн [5]. Гүлзарларға арналған өсімдіктердің негізгі түрлері олардың экологиялық және биологиялық қасиеттерінің демалыс аймағының орналасуына сәйкестігін ескере отырып таңдалады [6].

Гүлзарлар кіреберіс аймақтар мен алаңдарды екпіндейтін қаланы және әртүрлі ландшафттық-рекреациялық аумақтарды жеке-жеке безендірудегі гүлді безендірудің рөлін ескеру қажет [7].

Үлкен аумақта бір сұрыпты өсімдіктерді пайдалану демалыс ерекшелігін – гүл бақшасы мен көгалдары бар ландшафт композициясының элементін жасауға мүмкіндік береді. Өрмелеп өсетін флорибунда раушандарын (Fomosta) өсіру тік көгалдандыру кезінде жалпы композицияға тамаша қосымша болады және архитектуралық пішінді –қолдана отырып, бақтың тік құрылымын жасайды, ол өз кезегінде кіру және шығу аймағын ажыратады[8; 9]. Биіктігі 2,5-3,0м және ені 1,0 м-ге дейін өрмелейтін раушан жоғары және бүйірге бағытталған үлкен сәндік масса түзеді, кез-келген тік құрылымды көгалдарды түзеді (Сурет 2).



Сурет 3 – Ландшафттық жоспарлау барысында Текелі қаласының мәдени-демалыс аймақтарында өсірлетін флорибунда раушан сорттары

Ландшафттық композициядағы жүзім өсімдіктері қоршаған ортаға өзіндік ерекшелік пен тартымдылық береді. Оларды шағын архитектуралық формалармен, мысалы, перголамен және жабық бақша әткеншектерімен бірге қолдану маңызды. Барлық клематис күтімнің қарапайымдылығымен ерекшеленеді; мол гүлдену үшін ескі өсінділерді алып тастау керек, өйткені гүлдену ағымдағы жылдың жаңа өсінділерінде жүреді.

Кампсис-бұл тез өсіп келе жатқан жүзім бұтасы, ол көптеген өсінділер түзеді, сондықтан өсімдікті шектеулі аумаққа отырғызған жөн, мысалы, плитка төсемі арасындағы аралықта[10].

Әр елдің ландшафт өнеріне деген көзқарасы түбегейлі ерекшеленеді, сондықтан біреу үшін көгалдағы сұлулық, ал біреуге құм мен қиыршық тасты шөптер жоқ жер ұнайды. Тас көгалдарды жобалау кезінде табиғи материалдардың барлық түрлерін пайдалану қажет. Композициядағы барлық тастар әр түрлі мөлшерде, асимметриялы түрде орналасуы керек. Ұсақ тастар (құм, қиыршық тас, қиыршық тас) суды бейнелейді, үлкендері жердің баламасы болып табылады. Жүргізілген зерделеу жұмыстары барысында Текелі қаласының орталық саябағы мен шипажайдың терренкурдағы жаяу жүргіншілер жолы мен гүлзарларды жобалаудың төменде көрснетілген бірнеше әдістері бар екенін анықтауға мүмкіндік берді:

1. Зерделенетін аумақтарда жартас бағын ландшафттық жоспарлау барысында өлшемі әр түрлі тастарды ретсіз немесе сақиналармен орналастырады, тас көпірлер жасауға болады. Тастардың көмегімен жобаланатын телімде құрғақ ағын немесе жер бедерінің ақауларын жасыруға болады [11].

2. Сәндік немесе тек жасыл түсті жапырақты өсімдіктер бар гүлзарларды ландшафтық жоспарлау. Өсімдіктерден композицияда әдемі жақтам және төмен өсетін өсімдіктерге артықшылық беру керек. Керемет үйлесетін эстетикалық тартымды ұсақ және аласа мәңгі жасыл өсімдіктерге басымдық беру қажет[6; 7].

Демалыс бақтарында ерекше тартымдылығымен ерекшеленетін, демалушыларды қызықтыратын қызықты телімдер жасау үшін субұрқақты, гүлзарларды қамтитын бірнеше декаративті элементтер енгізген тиімді.

Ландшафт атмосферасы судың болуынан жанданып өзгереді, ал ыстық күндерде судан салқындық пайда болады. Композицияларларды жасау кезінде ұстануға болатын негізгі қағида үйлесімділік, табиғи ландшафтты, оның табиғилығын, жақсырақ табиғи және табиғи материалдарды қолдану болып табылады.

Қорытындылар

Көрнекі және эстетикалық түрлі-түсті ландшафттық композициялар демалушының жағымды эмоционалды жағдайының өлшемдері болып табылады. Өсімдіктердің экологиялық қалауын сақтау, жарыққа, ылғалға, топырақтың құнарлылығына қатысты экологиялық топтарды есепке алу қажет, әртүрлі экологиялық топтардың өсімдіктерін бірге отырғызу ұсынылмайды [7]. Кәсіби дамыған демалыс бағы адамның психоэмоционалды тепе-теңдігін қалпына келтіруге ықпал етеді [9].

Біздің алдымызға қойылған міндет өсімдіктерді, шағын архитектуралық формаларды, мүмкіндігінше функционалды түрде тартылған аумағы бар бақша жолдарын пайдалану және тапсырыс берушіге эскиздік жобалардың бірнеше нұсқаларын ұсыну арқылы «жалаңаш» аймаққа эстетикалық тартымдылық беру, біз орындалды деп санаймыз.

2023-2024 жылдары Текелі қаласы аумағын көгалдандыру бағытында жүргізілген зерделеу жұмыстары Garden Planner утилитасы кез-келген пайдаланушыға бақшаны немесе ландшафт дизайнын тегін жобалауға мүмкіндік беретін мүмкіндіктерге бай және қуатты жүйе екннін көрсетті. Оған оның жеңіл интерфейсінің, нысандар мен модельдердің кең кітапханасын болуы жаңадан бастаушылардың ауланың, гүлзарлардың, саябақтарды жобалауды жылдам меңгеріп, тиімді пайдалану мүмкіндіктері әсер етеді.

Сондықтан ғимараттарды, сәндік элементтерді және егілетін өсімдіктерді қамтитын деректер қорындағы ақпараттар кез-келген гүлзарларды, бақтарды жобалауға болады.

Қолданушы қолда бар ресурстардың көмегімен көше бойындағы жасыл желектерді, қоршауларды, жаяу жүргіншілер жолдарын немесе басқа элементтерді салуға арналған кіріктірілген редакторының болуы аталған бағдарламалық өнімнің тиімділігін арттырып, қолдану аясын кеңейтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Leila Mahmoudi Farahani, Cecily Maller, Kath Phelan Private Gardens as Urban Greenspaces: Can They Compensate for Poor Greenspace Access in Lower Socioeconomic Neighbourhoods?//Landscape online - 2018. V. 59. P. 1-18. https://www.landscapeonline.org/index.php/lo/article/view/LO.201859/16.

2. Демиденкова Л. А., Тихонова Е. Н., Хазова Е. П. Разработка концепции озеленения в современных тенденциях с внедрением элементов естественной природной среды в урбанизированную структуру на примере коттеджного поселка «Березка» Рамонского района Воронежской области // Лесотехнический журнал. - 2015. -№ 1. -С. 18-25

3. Келина А. В., Слепченко Н. А., Клемешова К. В. Анализ цветочного оформления олимпийского сочи // Садоводство и виноградарство.-2016. -№2. -С. 41-48. https://elibrary.ru/download/elibrary_25837651_58831155.pdf.

4 Приходько Г. Ю. Ландшафтное проектирование садовых и парковых объектов в условиях мегаполиса // Плодоводство и виноградарство Юга России. -2013. -№ 20 (2). С. 123-132.

5 Ковешников А.И., Новикова Н.Е. Колористика древесных насаждений в ландшафтном проектировании // Вестник аграрной науки. -2017. -№ 3. -С. 82-88. https://e.lanbook.com/journal/issue/302027.

6. Демиденкова Л. А., Тихонова Е. Н., Хазова Е. П. Разработка концепции озеленения в современных тенденциях с внедрением элементов естественной природной среды в урбанизированную структуру на примере коттеджного поселка «Березка» Рамонского района Воронежской области // Лесотехнический журнал. -2015. -№ 1. -С. 18-25. https://e.lanbook.com/journal/issue/29643.

7. Храпач В. В., Беликова Н. А. Рекомендации по благоустройству и реконструкции зеленых насаждений рекреационной зоны в Кисловодске // Природообустройство. -2017. -№ 5. -С. 108-114. https://elibrary.ru/download/elibrary_30646553_50400521.pdf].

8. Михайлов Е.С. Ландшафтно-архитектурный анализ улиц на примере туристического маршрута "красная линия" в Екатеринбурге // Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского государственного аграрного университета. -2015. -№ 109. -С. 813-823.

9. Приходько Г. Ю. Ландшафтное проектирование садовых и парковых объектов в условиях мегаполиса // Плодоводство и виноградарство Юга России. -2013. -№ 20 (2). -С. 123-132.

10. Ступакова О.М., Аксянова Т.Ю. Композиции из многолетних травянистых, древесных хвойных и лиственных растений в озеленении городов // Хвойные бореальной зоны. -2013. Т. 31. -№ 5-6. -С. 41-44.

11. Филипчук О. Д. Экологические принципы землепользования при формировании ландшафта крупного оздоровительного комплекса // Таврический вестник аграрной науки. -2016. -№ 3 (7). -С. 155-160.

ӘОЖ 37.015.2

ЗЕЙІН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ЖӘНЕ ГИПЕРАКТИВТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Төкентай А.Ж.
Магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
sun712070@mail.ru

Бұл мақалада зейін жетіспеушілігі және гиперактивтілігі бар (ЗЖГ) балаларға биологияны оқытуда ойын технологиясын қолданудың маңызы қарастырылады. ЗЖГ-сы бар оқушылардың оқу үдерісіндегі қиындықтары талданып, олардың білім алудағы ерекшеліктері сипатталады. Ойын технологиясының оқу материалын меңгерудегі артықшылықтары көрсетіліп, олардың мотивация мен танымдық белсенділікті арттырудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, биология сабақтарында қолдануға болатын ойын технологияларының мысалдары ұсынылады.

Кілт сөздер: *биология, ЗЖГ, оқыту әдістері, ойын технологиялары, инклюзивті білім беру.*

В данной статье рассматривается значение использования игровых технологий в обучении биологии детей с дефицитом внимания и гиперактивностью (СДВГ). Анализируются трудности, с которыми сталкиваются учащиеся с СДВГ в учебном процессе, и описываются их особенности восприятия учебного материала. Освещаются преимущества игровых технологий, способствующих повышению мотивации и когнитивной активности. Также приводятся примеры игровых технологий, применимых на уроках биологии.

Ключевые слова: *биология, СДВГ, методы обучения, игровые технологии, инклюзивное образование.*

This article discusses the importance of using game technologies in teaching biology to children with Attention Deficit Hyperactivity Disorder (ADHD). The learning difficulties faced by students with ADHD are analyzed, and their perception of educational material is described. The advantages of game technologies in increasing motivation and cognitive engagement are highlighted. Additionally, examples of game-based approaches applicable in biology lessons are provided.

Key words*: biology, ADHD, teaching methods, game technologies, inclusive education.*

Қазіргі кезде СДВГ (зейін жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы) бар балаларды оқыту – күрделі, бірақ маңызды міндет. Мұндай балалар зейінді шоғырландыруда, ақпаратты қабылдауда және ұзақ уақыт бойы бір типті тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болады. Ойын технологиялары – олардың оқу процесіне қызығушылығын арттыратын тиімді тәсілдердің бірі. Соңғы зерттеулерге сәйкес Қазақстан бойынша нақты статистикалық мәліметтер шектеулі. Дегенмен, кейбір зерттеулерге сәйкес, мектеп жасындағы балалардың шамамен 7–28%-ында СДВГ белгілері болуы мүмкін.

Ойын технологиялары – оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдану әдістері. Олар пәнге қызығушылықты арттыруға, белсенді қатысуға және материалды жақсырақ меңгеруге ықпал етеді [1]. Бұл әдістер СДВГ бар балалар үшін өте маңызды, өйткені олар оқыту құрылымын жақсартады, стрессті азайтады және оқуды интерактивті етеді.

Зерттеудің мақсаты – ойын әдістерінің СДВГ бар балаларға биологияны тиімді меңгеруге қалай көмектесетінін көрсету. Гипотеза бойынша ойын технологиялары СДВГ бар балалардың зейінін шоғырландыруға және оқу мотивациясын арттыруға көмектеседі [2]. Дәл осы гипотеза бойынша келесі әдістердің тиімділігін дәлелдеу үшін мына әдістер іріктеп алынды. Биология сабақтарына ойын элементтерін қосу:

- *Карточкалық ойындар* ("Мен кіммін?" – оқушылар сипаттама бойынша биологиялық объектіні табады)

- Р*өлдік ойындар* ("Экожүйені құтқару" – оқушылар экологиялық мәселелерді шешеді)
- *Интерактивті платформалар* (Kahoot, Quizlet т. б) арқылы тестілер мен викториналар өткізу
- *Бәсекеге негізделген тапсырмалар* (топтық ойындар, жарыстар)

Эксперимент **2-тоқсанда** 7-сынып оқушыларының екі параллель сыныбында (7А және 7Ә) жүргізілді. Зерттеу барысында **7А сыныбында** оқыту дәстүрлі әдістер арқылы жүзеге асырылды, ал **7 Ә сыныбында** ойын технологиялары қолданылды. Бұл әдіс оқыту тиімділігін салыстыру және ойын технологияларының білім сапасына әсерін анықтау мақсатында жүргізілді.

Карточкалық ойындар – білім алушылардың белсенділігін арттыратын тиімді әдістердің бірі [3]. Олар оқушылардың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл әдіс аясында келесі тәсілдер қолданылады:

1. "Мен кіммін?" – Оқушылар сипаттама бойынша биологиялық объектіні анықтайды.
2. "Қасиеттерді сәйкестендір" – Объектілер мен олардың сипаттамаларын жұптау.
3. "Жасуша құрылымдары" – Органоид атауы мен оның қызметін сәйкестендіру.
4. "Жануарлар тізбегі" – Берілген ағзаларды қоректік тізбекке орналастыру.
5. "Дұрыс-бұрыс" – Карточкадағы биологиялық фактінің дұрыстығын анықтау.

Осы әдістерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, ал меңгерілген білім тұрақты әрі жүйелі болады.

Рөлдік ойындар – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын, пәндік материалды терең түсінуге көмектесетін белсенді оқыту әдісі [4]. Бұл тәсіл білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастырып, оларды нақты өмірлік жағдайларға бейімдейді.

1. "Экожүйені құтқару" – Оқушылар экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.
2. "Ғылыми конференция" – Оқушылар әртүрлі ғалымдардың рөлінде зерттеулерді қорғайды.
3. "Жасуша ішіндегі саяхат" – Әр оқушы белгілі бір органоидтың рөлін сомдап, оның қызметін түсіндіреді.
4. "Генетикалық кеңес" – Оқушылар дәрігер, науқас және зерттеуші рөлдерін орындап, генетикалық ауруларды талқылайды.
5. "Эволюция дауы" – Оқушылар әртүрлі эволюциялық теорияларды қорғап, пікірталас жүргізеді.

Интерактивті платформалар – оқыту процесін қызықты әрі тиімді ететін цифрлық құралдар [5]. Олар оқушылардың белсенділігін арттырып, білімді практика жүзінде бекітуге мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Интерактивті платформалар және оларды пайдалану әдістері

№	Платформа атауы	Пайдалану әдісі
1.	Kahoot!	Викториналар, тесттер, сауалнамалар өткізу. Оқушылар смартфон арқылы жауап береді.
2.	Quizlet	Флэш-карталар арқылы терминдер мен анықтамаларды жаттау.
3.	Mentimeter	Оқушылардың ойын білу үшін интерактивті сауалнамалар жасау.
4.	Socrative	Жылдам тест, пікір сұрау және білім деңгейін бағалау.
5.	Plickers	Қағаз карточкалар арқылы тест өткізу, смартфонмен жауап сканерлеу.
6.	Google Forms	Тесттер, сауалнамалар және зерттеу сұрақтарын дайындау.
7.	Nearpod	Интерактивті сабақтар, презентациялар және викториналар өткізу.
8.	Blooket	Оқушылар арасында жарыстар ұйымдастырып, сұрақтарға жауап беру.
9.	Wordwall	Сәйкестендіру, пазл, тест секілді ойын тапсырмаларын құру.
10.	Gimkit	Ойын форматында тест жасау, дұрыс жауап берген сайын ойыншылар ұпай жинайды
11.	Edpuzzle	Бейнематериалдарға сұрақтар қосу арқылы сабақ өткізу.
12.	Padlet	Оқушылар бір тақырыпқа қатысты идеяларын ортақ онлайн-тақтаға жазады.
13.	Classcraft	Сабақтарды RPG-ойынға айналдыру, тапсырмаларды орындау арқылы ұпай жинау
14.	Quizizz	Тесттер мен викториналар өткізу, оқушылар өз қарқынымен жұмыс істейді.

№	Платформа атауы	Пайдалану әдісі
15.	LearningApps	Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар жасау.
16.	Mozaik3D	Биологиядағы процестерді 3D-анимациямен көрсету.
17.	ThingLink	Интерактивті суреттер мен карталар жасау, түсіндіру қосу.
18.	BookWidgets	Тесттер, викториналар және жаттығулар дайындау.
19.	H5P	Интерактивті контент (бейне, презентация, тест) жасау.
20.	Flipgrid	Оқушылардың бейнежауаптары арқылы пікір білдіру.

Зерттеу барысында СДВГ бар балалардың сабақтағы белсенділігі, зейін қою деңгейі және оқуға қызығушылығы бақыланды. Ойын технологияларын қолданғанға дейінгі және кейінгі оқу үлгерімі салыстырылды [7]. Оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер арасында сауалнама жүргізіліп, келесі сұрақтарға жауап ізделді: балалар ойын әдістерін қалай қабылдайды, биологияға қызығушылық артты ма, ата-аналар мен мұғалімдер бұл әдістердің тиімділігін қалай бағалайды? [8]. Сонымен қатар, ойын технологияларын қолданғанға дейінгі және кейінгі бақылау тестілері мен оқушылардың белсенділігі салыстырылды [9]. Зерттеу нәтижесінде келесі мәліметтер алынды ол төмендегі кестеде.

Кесте 2 – Зерттеу нәтижесінде келесі мәліметтері

Көрсеткіш	Дәстүрлі әдіс (%)	Ойын технологиясы (%)	Айырмашылық (%)
Сабаққа белсенді қатысу	58%	87%	+29%
Оқу үлгерімі (орташа балл)	72%	80%	+8%
Зейін қою уақыты (минут)	11 мин	23 мин	+12 мин
Қызығушылық деңгейі (сауалнама негізінде)	53%	82%	+29%

Кесте сипаттамасы бойныша келесідей өзгерістерді байқаймыз:

❖ **Сабаққа белсенді қатысу деңгейі** ойын технологиялары қолданылған сыныпта **29%-ға жоғары** болды.

❖ **Оқу үлгерімі** дәстүрлі әдіспен оқытылған сыныпта **72%**, ал ойын технологиялары қолданылған сыныпта **80%-ға жетті**.

❖ **Оқушылардың зейін қою уақыты** дәстүрлі әдісте **11 минут**, ал ойын технологияларын қолданғанда **23 минутқа дейін артты**.

❖ **Сауалнама нәтижелері** бойынша пәнге қызығушылық ойын әдістері қолданылған жағдайда **29%-ға жоғары болды**.

Нәтижелер көрсеткендей, ойын технологиялары пәнге қызығушылықты арттырды, оқушылар сабаққа белсенді қатыса бастады, көбірек сұрақ қойды және пікір білдірді [10]. Сонымен қатар, СДВГ бар балалардың сабаққа зейіні жақсарды, ойын элементтері оларды ұзақ уақыт бойы оқу процесіне тартуға көмектесті [11]. Бұл әдіс барлық оқушыларға пайдалы болды, тек СДВГ бар балалар емес, жалпы барлық оқушылардың белсенділігі артты [12].

Ойын технологиялары биологияны қызықты әрі тиімді оқуға мүмкіндік береді. Әсіресе, СДВГ бар балалар үшін бұл әдіс пайдалы, себебі ол зейінді шоғырландыруға және мотивацияны арттыруға көмектеседі. Бұл тәсілді басқа пәндерге де бейімдеп қолдануға болады. Ойын әдістерін одан әрі дамыту білім беру сапасын жақсартуға және әртүрлі қажеттіліктері бар балалар үшін қолайлы оқу ортасын құруға ықпал етеді [13].

Зерттеу нәтижелері ойын технологияларының оқу процесіне оң әсерін көрсетті. Бұл әдісті қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, олардың сабаққа белсенді қатысуын жақсартты. Оқушылар көбірек сұрақ қойып, пікір білдіріп, оқу материалын тереңірек түсіне бастады.

Әсіресе, зейін жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы (СДВГ) бар оқушылар үшін ойын технологияларының маңызы зор болды. Ойын элементтері оларды ұзақ уақыт

бойы оқу процесіне тартып, зейінін тұрақтандыруға және мотивациясын арттыруға көмектесті. Сонымен қатар, бұл әдістің жалпы барлық оқушылар үшін тиімді екені анықталды – сыныптағы белсенділік, ынтымақтастық және оқу үлгерімі артты.

Ойын технологияларын биология пәнінде ғана емес, басқа да пәндерде қолдану білім беру сапасын жақсартып, әртүрлі қажеттіліктері бар оқушылар үшін ыңғайлы және тиімді оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, мұғалімдерге ойын әдістерін дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіру, оқу бағдарламаларына интерактивті элементтерді енгізу, сондай-ақ, оқу процесін жеке ерекшеліктерге бейімдеу ұсынылады.

Ойын технологияларын одан әрі дамыту мен жетілдіру – заманауи білім берудің басты бағыттарының бірі болып табылады

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Выготский Л.С. Баланың даму психологиясы. – М.: Педагогика, 2004.
2. Смирнов С.Д. Ойын қызметінің психолого-педагогикалық аспектілері. – СПб.: Питер, 2018.
3. Федорова Е. А. Интерактивті оқыту технологиялары. – М.: Академия, 2020.
4. Anderson, J. R., & Bavelier, D. (2013). Learning and Memory: How Games Enhance Cognitive Skills. Psychological Science, 24(10), 2007-2015.
5. Gee, J. P. (2007). What Video Games Have to Teach Us About Learning and Literacy. New York: Palgrave Macmillan.
6. Mayer, R. E. (2014). Computer Games for Learning: An Evidence-Based Approach. Cambridge: MIT Press.
7. Brown, S. (2021). Play: How It Shapes the Brain, Opens the Imagination, and Invigorates the Soul. Penguin Books.
8. Johnson, S. (2022). The Science of Learning Through Play. Harvard Education Press.
9. Williams, R. (2023). Gamification in Education: Modern Strategies for Student Engagement. Routledge.
10. Peterson, J. (2024). Cognitive Benefits of Interactive Learning in ADHD Students. Cambridge University Press.
11. Шаповалов А.Б. Психофизиологические особенности детей с синдромом дефицита внимания. – Санкт-Петербург: Наука, 2022. – 310 с.
12. Barkley R.A. Attention-Deficit Hyperactivity Disorder: A Handbook for Diagnosis and Treatment. – New York: The Guilford Press, 2022. – 480 p.
13. Brown T.E. A New Understanding of ADHD in Children and Adults. – New York: Routledge, 2021. – 340 p.
14. DuPaul G.J., Stoner G. ADHD in the Schools: Assessment and Intervention Strategies. – New York: The Guilford Press, 2022. – 280 p.
15. Kutscher M.L. Kids in the Syndrome Mix of ADHD, LD, Autism Spectrum, Anxiety, Tourette's, and More! – London: Jessica Kingsley Publishers, 2021. – 320 p.
16. Zentall S.S. ADHD and Education: Foundations, Characteristics, Methods. – New York: Pearson, 2022. – 350 p.
17. Федоров В.Н. Роль родителей в коррекции СДВГ. // Семья и школа. – 2021. – №2(10). – С. 33-41.
18. Румянцева Е.Н. Психолого-педагогические методы работы с детьми с синдромом дефицита внимания. – Москва: Педагогическое общество России, 2022. – 250 с.
19. Гусева Н.И. Методы коррекции синдрома дефицита внимания у младших школьников. – Екатеринбург: Наука, 2022. – 220 с.
20. Яковлев С.Ю. Коррекционные программы для гиперактивных детей в образовательном процессе. // Вопросы дефектологии. – 2021. – №5(12). – С. 70-79.
21. Козлов П.Л., Воронин А.Н. Коррекционные программы для детей с СДВГ. // Практическая психология. – 2021. – №6(25). – С. 40-48.

ӘОЖ 342.9.07

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Тулеутемирова А.А.*
Магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
alina_makhanova@mail.ru

Асенова Н.С.
Педагогика ғылымының кандидаты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

Бұл мақалада ұлттық құндылықтардың бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру құралы ретінде алатын орны мен маңызы қарастырылады. Мақалада ұлттық құндылықтардың мәні, олардың балалардың моральдық және рухани дамуына әсері талданады. Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу жолдары, отбасымен, мектеппен және қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмыстың маңызы көрсетіледі. Ұлттық әдебиет, өнер, ұлттық ойындар мен шығармашылық жұмыстардың оқушылардың тұлғалық дамуындағы ролі анықталады. Мақала ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, балаларды жақсы азамат етіп тәрбиелеудің маңызды аспектілерін ашады.

Кілт сөздер: *ұлттық құндылықтар, адамгершілік тәрбие, бастауыш сынып, оқыту әдістері, тәрбиелік құралдар.*

В данной статье рассматривается место и значение национальных ценностей как средства нравственного воспитания младших школьников. В статье анализируется сущность национальных ценностей, их влияние на нравственное и духовное развитие детей. Демонстрируются пути нравственного воспитания младших школьников через национальные ценности, важность совместной работы с семьей, школой и общественными организациями. Определяется роль национальной литературы, искусства, национальных игр и творческих работ в личностном развитии учащихся. Статья раскрывает важные аспекты воспитания детей хорошими гражданами на основе национальных ценностей.

Ключевые слова: *национальные ценности, нравственное воспитание, начальный класс, методы обучения, воспитательные средства.*

This article examines the place and importance of national values as a means of moral education of younger schoolchildren. The article analyzes the essence of national values, their impact on the moral and spiritual development of children. The ways of moral education of younger schoolchildren through national values, the importance of working together with family, school and public organizations are demonstrated. The role of national literature, art, national games and creative works in the personal development of students is determined. The article reveals important aspects of raising children as good citizens based on national values.

Key words: *national values, moral education, elementary school, teaching methods, educational tools.*

Кіріспе

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың мәдениеті мен дәстүрлерінде қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан, қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды құндылықтар жүйесі. Олар адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуында, оның ой-санасы мен рухани дүниесінің дамуына зор ықпал етеді. Ұлттық құндылықтар мен адамгершілік

тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты және олар бір-бірін толықтырып отырады. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды пайдалану – олардың адамгершілік нормаларды игеріп, қоғамдық өмірге белсенді қатысатын тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

Оқушылардың адамгершілік-рухани тәрбиелеу мәні мемлекеттік нормативтік құжаттарда көрсетілген, бұл жерде білім берудің басты міндеті «ұлттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін жағдайлар туғызу» болып табылады [1].

Ғалымдар соңғы жылдары құндылықтарды тәрбиелеу аясында өткізілген зерттеулер санының ұлғайғандығын атап өтуде, бұл аталмыш салаға қызығушылықтың өскендігін және құндылықтарды тәрбиелеу маңыздылығы саналы сезілетіндігін көрсетеді [2].

Ұлттық құндылықтарды адамгершілік тәрбие құралы ретінде пайдалану

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарды адамгершілік тәрбие құралы ретінде қолданудың бірнеше жолы бар.

1. Әдебиет және өнер арқылы тәрбие беру

Қазақ әдебиеті мен өнері ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Мысалы, Абай Құнанбайұлының шығармалары, халық ертегілері, мақал-мәтелдер мен батырлық жырлар балаларға жақсы мен жаманды, шындық пен жалғандықты, адалдық пен әділеттілікті үйретеді. Осы шығармалар арқылы бала тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді.

2. Отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы

Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде отбасының рөлі ерекше. Баланың алғаш рет қоғаммен танысуы, оның ұлттық құндылықтарды меңгеруі көбінесе отбасында қалыптасады. Мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы арқылы оқушылар ұлттық құндылықтарды үйреніп, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйренеді. Бұл тұрғыда мектепте өткізілетін ұлттық салт-дәстүрлерге арналған мерекелер, сабақтар, көріністер мен ойындар үлкен маңызға ие.

3. Қоғамдық іс-шаралар мен жобалар

Оқушылардың ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінуі үшін түрлі қоғамдық іс-шаралар ұйымдастыру маңызды. Мысалы, «Ұлттық тағамдар», «Күй күмбірі» секілді жобалар арқылы балалар өз халқының салт-дәстүрлерін үйреніп, табиғатқа деген қамқорлықты, ұлтқа деген құрметті сезіне алады. Бұл шаралар оқушыларға рухани байлық, патриотизм, ұлтжандылық пен адамгершілікке тәрбиелейді.

4. Ұлттық ойындар мен шығармашылық жұмыстар

Ұлттық ойындар балаларға үлкен сабақ береді. Олар арқылы балалар сабырлылықты, ынтымақтастықты, әділдік пен жеңіске деген ұмтылысты үйренеді. Шығармашылық жұмыстар мен ұлттық қолөнер өнеріне қызығушылық та баланың адамгершілік тұлғасын дамытуға ықпал етеді. Балалар өздерінің ұлттық өнеріне деген қызығушылықтары арқылы өз халқының бай мәдениетімен танысып, ұлт тарихын әрі салт-дәстүрлерін тереңірек ұғына алады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында бірнеше әдістер қолданылды:

1. Әдебиетке шолу. Бұл әдіс арқылы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік тәрбиесінің мәні мен маңызы туралы ғылыми еңбектер, мақалалар мен кітаптар қарастырылды. Әдебиетке шолу жасау арқылы біз ұлттық құндылықтардың бастауыш сынып оқушыларына арналған адамгершілік тәрбие беруде қандай рөл атқаратынын анықтадық.

2. Сауалнама. Бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушыларға қатысты сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнама оқушылардың ұлттық құндылықтарды қалай түсінетіндігі және оларды күнделікті өмірде қаншалықты қолданатыны туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

3. Тәжірибелік зерттеу. Бастауыш сыныпта ұлттық құндылықтарды адамгершілік тәрбие құралы ретінде қолданудың тиімділігін зерттеу үшін бірнеше сабақтар мен тәрбие сағаттары өткізілді. Осы сабақтар барысында оқушыларға ұлттық құндылықтар негізінде адамгершілік нормаларын қалыптастыруға бағытталған арнайы тапсырмалар ұсынылды.

4. Мазмұндық талдау. Ұлттық құндылықтар мен адамгершілік тәрбие туралы ғылыми еңбектерді талдай отырып, біз ұлттық құндылықтардың оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттеріне әсерін зерттедік.

Негізгі әдебиеттерде жеке тұлғаның адамгершілігін зерттеуге байланысты бірыңғай тәсіл айқындалған жоқ. Бірақ адамгершілікке ғылыми көзқарастардың әртүрлігі адамның жаһандық өмірі мәселесіне қызығушылық туралы айтуға болады. Ғалымдар осы ұғымның түрлі жағдайларын қозғайды: эмоционалды сезімдер (В.И. Ксенофонтов), адамның шығармашылық дамуына бағытталған шындықты үнемі іздеу (В.С.Соловьев, өнермен байланыс ретінде (В.Д. Диденко), эстетикалық және адамгершілік бірлігі (А.И. Фортова), Н.А. Бердяев, П.А. Флоренский) [3].

Сол себепті тұлғаның жан-жағына шығып қарастыратын болсақ, онда жалпы қоғамның мәдени, әлеуметтік құбылысы ретінде пайда болғанын көреміз. Солайша, рухани жаһандық – бұл үнемі өзгерісте болатын жағдайлардың алдында оның тәуелсіздігі жүзеге асырылатын ішкі әлемді құру қабілеті.

Негізгі адамгершілік тәрбиенің нәтижесі екендігі зерттелген. Мысалы В.А.Сластенин адамгершілікті «адамның дербес мінез-құлқын реттейтін мейірімділік, адалдық, туралық, әділдік, еңбекқорлық, тәртіптілік, ұжымшылдық сияқты сапалар мен қасиеттерді біріктіретін жеке мінездеме» ретінде көрсетеді [4].

Нәтиже

Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама мен тәжірибелік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұлттық құндылықтар бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбие алуында маңызды рөл атқарады. Оқушылардың көпшілігі ұлттық дәстүрлер мен салттарды жақсы біледі, бірақ оларды күнделікті өмірде қолдануда кейбір қиындықтар кездеседі. Бұл балаларға ұлттық құндылықтар мен адамгершілік нормаларын нақты түрде үйретуді талап етеді.

Сауалнама нәтижесі бойынша мқғалімдер оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы әркез хабар болуының жеткілікті деңгейін атайды. Ұстаздардың тек 10%-ы ғана сабақта ұлттық құндылықтар ұғымдарын толық түсінбейтін айқындады. Педагогтердің 70%-ы болса, білім алушылардың көбі ұлттық құндылықтар ұғымдарының мәнін толық түсінетіндігін атады. Екіншіден мұғалімдер өз оқушыларының ұлттық құндылықтарға деген жеке көзқарасы туралы айтты. Қстаздар қауымының 80%-ы болса, білім алушылардың басым көпшілігі ұлттық құндылықтарға қатысты тек қана жағымды эмоциялар көрсететініне пікір білдірді. Сонымен қоса, сауалнамаға қатысқан ұстаздардың бірнеше пайызы сыныпта ұлттық құндылықтарға бейтарап қарамайтын оқушылар, яғни 10%-ы бар деп есептейді.

Барша педагогтар қауымы болашақ ұрпақтың адамгершілік тәрбиенің дағдарысын 100%-ы, бастауыш сынып балалардың ұлттық құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігін 95%-ы атап өтті.

Мұғалімдер ұлттық құндылықтарды жетілдірудің педагогикалық шарттарына ең алдымен оқушылар үшін жеке мағынаны, мектеп пен отбасының қоғамдастығын жатқызады. Скрақтарға қатысқан ұстаздардың басым бөлігі білім алушыларда оқу ортасының шарттары, дәстүрлер негізінде тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бағдарламасы, сабақтан тыс уақыттағы іс-шаралар, өзін-өзі тәрбиелеу, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі, ұжымда тәрбиелеу қажет екенін атап өтеді. Мұғалімдер өз нұсқаларын айта кетті: мектептегі тәрбие тұжырымдамасы және мұғалімнің үлгісі және басқа мектептермен ынтымақтастық. Барлық бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру үшін мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қажеттілігін айқындап өтті.

Сондай-ақ, ұлттық құндылықтардың адамгершілік тәрбие құралы ретінде қолданылуы оқушылардың тұлғалық дамуында оң нәтиже береді. Балалар ұлттық әдебиет пен өнер арқылы өз халқының мәдениетін, тарихын жақсырақ түсініп, оларды өз өмірінде қолдануға ұмтылады. Ұлттық ойындар мен дәстүрлер балаларға адалдық, әділдік, қонақжайлылық, бірлік және басқа да адамгершілік қасиеттерді үйретеді [6].

Ұлттық құндылықтардың адамгершілік тәрбиеге әсері 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Ұлттық құндылықтардың адамгершілік тәрбиеге әсері

Ұлттық құндылықтар баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар оқушыларға өз халқының тарихы мен мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы терең білім береді. Әсіресе, ұлттық құндылықтардың рухани жақтары – патриотизм, адалдық, шыншылдық, ынтымақ пен бірлік, үлкендерге құрмет көрсету сияқты қасиеттер баланың жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді [8].

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушылардың адами тәрбиенің мазмұнында ұлттық құндылықтар шешуші рөл атқарады, олардың шарықтау негізі ретінде рухани-адамгершілік сенімдердің қалыптасуын негіз етеді. Ұлттық құндылықтар білім алушыларға рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар негізінде өзіне, отбасына, адамдарға, өмір мен еңбекке, қоршаған ортаға, елге, жалпы әлемге саналы түрде қарым-қатынас орнатуға негіз етеді [9].

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты оқушыларда ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық негіздерін анықтау болды.

Зерттеу қорытындылары негізінде біз бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың келесі педагогикалық негіздерін айқындадық: пәнді-кеңістіктік, технологиялық, құнды-мағыналы және әлеуметті байланысты.

Негізгі талаптарды тұжырымдау бойынша бастауыш сынып ұстаздардың жұмысына, бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі. Осыдан кейінгі зерттеулердің келешегі - бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру шарттарының әрқайсысын мұқият зерттеп, қалыптастыру болмақ [10].

Ұлттық құндылықтарды жоғары бағалау, оларды құрметтеу және өз ұлтының мәдениетіне деген сүйіспеншілік тек оқу процесімен ғана шектелмей, оқушылардың күнделікті өміріндегі іс-әрекеттеріне де әсер етуі тиіс.

Ұлттық құндылықтар бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады. Олар арқылы балалар өз халқының бай мәдениетін, тарихын, дәстүрлерін біле отырып, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Ұлттық құндылықтар мектепте, отбасында және қоғамдық өмірде біртұтас жүйе ретінде қолданылса, балаларымыздың рухани байлығы мен адамгершілік қасиеттері артып, болашақта қоғамға пайдалы азаматтар болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы. – Кіру режимі URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319 [Қаралған күні: 31.04.2023].

2. Elçi E., Uzunboylu H**.** The development of a universal and cultural values scale for values education //South African Journal of Education. – 2020. – Т. 40. – №. 1. – С. 1-8. - Access mode: URL: https://dx.doi.org/10.15700/saje.v40ns1a1850 [Date of access: 18.04.2023].

3. Старовойтова Е.Н. Обозначение проблемного поля практического внедрения понятий о базовых ценностях «Концепции духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России» //Система ценностей современного общества. – 2014. – №. 38. – С. 66-69.

4. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов, Е.Н. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений //М.: Издательский центр «Академия. – 2002. – Т. 576. – С. 321

5. Сәрсенбаев Т**.** Ұлттық тәрбиенің негіздері// Алматы: Раритет-2016.

6. Құдиярова Ж.М. Ұлттық құндылықтар және тәрбие// Алматы: Білім-2015

7. Нұрмұхамбетова Қ. Қазақ ұлттық тәрбиесі: тарихы мен қазіргі жағдайы// Астана: Фолиант-2017

8. Шаханов Т. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру жолдары// Алматы: Мектеп-2013

9. Мухаметжанова А.О., Тлеуберлинова Э.Б. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары// https://doi.org/10.48371/ PEDS.2024.72.1.035// 13.02.2024

ӘОЖ 330.322:69:332.1

КӨЛІК ЖОЛДАРЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Тұрсын А.Р.*, *докторант,*
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
** asilxan.janadilov@mail.ru*

Тулеметова А.С.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

Бұл зерттеу көлік инфрақұрылымының аймақтың инвестициялық тартымдылығына тигізетін әсерін талдауға арналған. Көлік жолдары экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде қарастырылып, олардың аймаққа инвесторларды тартудағы рөлі зерттеледі. Зерттеу барысында статистикалық деректер мен салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижелер көлік желілерінің сапасы мен қолжетімділігі инвестициялық ағымдардың көлеміне және аймақтың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Мақала аймақтық даму саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынады.

***Кілт сөздер**: Көлік инфрақұрылымы, инвестициялық тартымдылық, аймақтық даму.*

Данное исследование призвано проанализировать влияние транспортной инфраструктуры на инвестиционную привлекательность региона. Транспортные пути считаются ключевым фактором экономического развития, и изучается их роль в привлечении инвесторов в регион. В исследовании использовались статистические данные и методы сравнительного анализа. Результаты показали, что качество и доступность транспортных сетей напрямую влияют на объем инвестиционных потоков и конкурентоспособность региона. В статье даны рекомендации по совершенствованию политики регионального развития.

***Ключевые слова**: Транспортная инфраструктура, инвестиционная привлекательность, региональное развитие.*

This study is designed to analyze the impact of transport infrastructure on the investment attractiveness of the region. Transport roads are considered as a key factor in economic development, and their role in attracting investors to the region is studied. The study used statistical data and comparative analysis methods. The results showed that the quality and accessibility of transport networks directly affect the volume of investment flows and the competitiveness of the region. The article provides recommendations for improving regional development policy.

***Key words**: Transport infrastructure, investment attractiveness, regional development.*

Кіріспе

Түркістан облысы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан, тарихи және экономикалық әлеуеті жоғары аймақ ретінде ерекшеленеді. 2018 жылы облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілгеннен кейін, аймақта құрылыс саласы қарқынды дамуға бет алды. Облыстың жаңа әкімшілік мәртебесі, халық санының өсуі және туристік әлеуеті құрылысқа деген сұранысты арттырды. Дегенмен, осы мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін инвестиция тарту қажеттілігі туындайды. Қазіргі таңда құрылыс саласына капиталдың жеткіліксіздігі, инфрақұрылымның әлсіздігі және бюрократиялық кедергілер дамуды тежейтін негізгі факторлар болып отыр.


Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістердің үйлесімі қолданылды. Бұл тәсіл көлік инфрақұрылымының аймақтық инвестициялық тартымдылыққа әсерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Сандық әдістер статистикалық деректерді өңдеуге және математикалық

модельдер құруға негізделсе, сапалық әдістер аймақтық контекстті тереңірек түсінуге және сандық нәтижелерді интерпретациялауға көмектесті. Осы екі әдістің интеграциясы зерттеу нәтижелерінің сенімділігін және олардың практикалық қолданысын арттыруға бағытталды. Зерттеудің негізгі мақсаты – көлік инфрақұрылымының даму деңгейі мен инвестициялық ағымдар арасындағы байланысты анықтау болғандықтан, әдіснаманың әрбір құрамдас бөлігі осы мақсатқа жету үшін мұқият таңдалды. Бұл бөлімде қолданылған әдістер, деректерді жинау процесі, талдау құралдары және зерттеу дизайны егжей-тегжейлі сипатталады.

Деректерді жинау процесі. Инвестициялық жобалардың статистикасы да зерттеудің маңызды бөлігі болды. Бұл деректер аймақтарға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ), мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражат және жеке сектордан түскен капитал ағымдары туралы толық ақпаратты қамтыды. Деректерді жинау процесі Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігінің ресми мәліметтеріне, Инвестициялар және даму министрлігінің есептеріне, сондай-ақ облыстық әкімдіктердің жарияланған статистикасына негізделді. Мысалы, 2023 жылғы статистика бойынша Алматы облысына тартылған ТШИ көлемі 1,2 миллиард АҚШ долларын құраса, Маңғыстау облысында бұл көрсеткіш 450 миллион доллар шамасында болды. Бұл айырмашылықтар көлік инфрақұрылымының әсерін зерттеуге негіз болды.

Салыстырмалы талдау әдісі. Әртүрлі аймақтардағы көлік желілерінің жағдайын салыстыру мақсатында компаративтік талдау жүргізілді. Бұл әдіс зерттеуге қатысатын аймақтардың көлік инфрақұрылымының даму деңгейі мен инвестициялық тартымдылығы арасындағы айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу үлгісі ретінде Қазақстанның шығыс (Шығыс Қазақстан облысы), батыс (Атырау, Маңғыстау облыстары), солтүстік (Солтүстік Қазақстан облысы) және оңтүстік (Алматы, Түркістан облыстары) аймақтары таңдалды.



Сурет 1 – Аймақтар бойынша инвестиция және логистикалық индекс

Салыстырмалы талдау барысында бірнеше негізгі индикаторлар қолданылды: жолдардың тығыздығы (1 шаршы километрге шаққандағы километр), теміржол желілерінің жалпы ұзындығы, порттар мен әуежайлардың саны, көлік инфрақұрылымына салынған инвестициялардың көлемі және логистикалық қолжетімділік индексі. Мысалы, Алматы облысында жолдардың тығыздығы 0,45 км/км² құраса, Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 0,28 км/км² шамасында болды. Осы индикаторлар аймақтардың көлік жүйесінің даму деңгейін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Салыстыру процесі тек Қазақстанмен шектелмей, халықаралық тәжірибе де ескерілді. Сингапур (жол тығыздығы 11 км/км²) және Нидерланд (4,8 км/км²) сияқты елдердің деректері эталон ретінде пайдаланылды. Бұл салыстыру Қазақстандағы көлік инфрақұрылымының әлеуетін және оның инвестициялық тартымдылыққа әсерін халықаралық деңгейде бағалауға көмектесті.

